

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарина
Arkalyk Pedagogical Institute named after I.Altynsarin



«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИДЕЯЛАРЫ МЕН АҒARTYШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
20 қазан 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»

20 октября 2021 года

«THE PEDAGOGICAL IDEAS AND EDUCATIONAL
ACTIVITY OF IBRAY ALTYN SARIN»

MATERIALS

of the international scientific-practical conference
October 20, 2021

Арқалық / Аркалык / Arkalyk

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарина

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Arkalyk Pedagogical Institute named after Y.Altynsarin

**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИДЕЯЛАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
20 қазан 2021 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
20 октября 2021 года**

**«THE PEDAGOGICAL IDEAS AND EDUCATIONAL
ACTIVITY OF IBRAY ALTYN SARIN»
MATERIALS
of the international scientific-practical conference
October 20, 2021**

ӘОЖ 37.015.31
КБЖ 74.03

Бас редактор/ Главный редактор: профессор, г.ғ.д. С.Б. Қуанышбаев

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:
Н.М. Темирбеков – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, т.ғ.к. оқу және ғылыми жұмыстары жөніндегі проректор.

Редакция алқасы/ Редакционная коллегия:

Г.С. Конкина – ф.ғ.к., АрқПИ профессоры, тарих және өнер факультетінің деканы
А.К. Қалиев – ф.ғ.к., АрқПИ профессоры, педагогика және филология факультетінің деканы
Ә.Ескермесұлы – PhD докторы, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы

Басылымға жауаптылар/Ответственные за выпуск:

А.А. Муханбетжанова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, аға оқытушы, магистр
Г.Х. Ахметова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, аға оқытушы, магистр
Э.А. Ақылбекова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, аға оқытушы, магистр
Т.О. Каратаева – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, аға оқытушы, магистр

Ы15 «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі»: тақырындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының қорытыңдасы бойынша материалдар жинағы. / 20 қазан 2021/ Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты – Арқалық: АрқПИ, 2021. – 306 бет/ Сборник материалов международной научно-практической конференции на тему: «Педагогические идеи и просветительская деятельность Ибрая Алтынсарина» / 20 октября 2021/ Аркалыкский педагогический институт имени И.Алтынсарина – Аркалык: АрқПИ, 2021 – 306 стр.

ISBN 978-601-7947-91-0

«Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі»: тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілген.

В сборник вошли материалы международной научно-практической конференции на тему «Педагогические идеи и просветительская деятельность Ибрая Алтынсарина».

ISBN 978-601-7947-91-0

ӘОЖ 37.015.31
КБЖ 74.03

©Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, 2021

**Басқарма Төрағасы – Ректор, г.ғ.д., С.Б. Қуанышбаевтың
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ**

*Құрметті әріптестер, білім алушылар және
конференцияға қатысушы қонақтар!*

Ұлттың ұлы ұстазы, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы-этнограф, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Білімнің биік туы Ыбырай Алтынсарин – 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Тобыл қаласының маңында дүниеге келген. Жастайынан әкесінен айырылып атасының тәрбиесін көріп өскен, Алтынсарин атамыз білімге құштар, еңбекқор, Ұлт ұстазы атанады.

Әлейхан Бөкейханның «Қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген ұранын іске асырып, ұлтқа толық қызмет еткен тұлғаларымыздың қатарында Ыбырай Алтынсариннің есімі расымен ерекше орын алады.

1972 жылы 12 сәуірде құрылған институтымызға 1977 жылы қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің есімі берілген. Бүгінде киелі Торғай топырағында, білімнің айнасы болған Ы.Алтынсарин атамыздың есімі берілген біздің алтын ордамызда жетістіктерде аз емес, сондай-ақ қаншама мақтан тұтарлықтай түлектеріміз түлеп ұшып, өз істерінің білікті маманы атанып отыр.

Сондай-ақ, институтымыздағы кеңес заманында ашылған педагогикалық мұражайлардың алғашқы үштігіне кіретін және еліміздегі тұңғыш Ы.Алтынсарин атамыздың есіміне берілген мұражай бар екендігін мақтанышпен айта аламыз.

Бүгінгі таңда біздегі міндет Ыбырай атамыздың ұлт үшін жаққан отын сөндірмеу. Осы мақсатқа сәйкес, қазіргі таңда институтымызда профессор-оқытушылар құрамы білімнің биігі, ізгілігі Ыбырай атамыздың еңбектерін тереңірек зерттей отырып, өз еңбектерін жазуда. Сондай-ақ, бүгінгі күні Ыбырай атамыздың 180 жылдығына арналып көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. Ұйымдастырылып отырған конференцияның мақсаты да осы болмақ.

Бүгінгі конференцияға Ыбырай мұрасын, оның шығармашылық қызметін, бала оқыту мен тәрбиелеудегі әдістерін зерттеуге арналған республиканың түкпір-түкпірінен, шет елдерден бірнеше ғылыми мақалалар келіп түсті. Бұл дегеніміз – Ыбырай атамыздың есімі халықаралық деңгейде толық қамытылып отыр деген сөз.

Сондықтан сіздерге Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатарлас келген Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы тұлғаның мол мұрасын жаңаша қырынан тану және оны Тәуелсіздік мұраты тұрғысынан зерделеудегі ізгі қадамдарыңызға сәттілік тілеймін!

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

Председатель правления – Ректор, д.г.н. С.Б. Куанышбаев

Уважаемые коллеги, студенты и гости конференции!

Добро пожаловать на международную научно-практическую конференцию, посвященную 180-летию великого учителя нации, выдающегося казахского педагога-просветителя, писателя-этнографа, общественного деятеля Ибрая Алтынсарина!

Как известно, Ибрай Алтынсарин родился 20 октября 1841 года недалеко от города Тобол Костанайской области. Рано лишившись отца, он воспитывался в семье деда, известного бия Балгожи. С самого детства проявлял сильную тягу к знаниям и самообразованию. Благодаря своим знаниям и трудолюбию он стал гордостью всего казахского народа. И поэтому его называют – *Учитель Нации*.

Имя Ибрая Алтынсарина занимает особое место среди общественных деятелей, самоотверженно служивших народу. В 1977 году его имя было присвоено нашему институту, который основан 12 апреля 1972 года. Наш ВУЗ, находящийся на священной Тургайской земле имеет множество достижений и много образцовых выпускников, которые стали квалифицированными профессионалами.

Мы также с гордостью можем сказать, что в нашем институте есть музей имени И.Алтынсарина, который входит в тройку лучших педагогических музеев.

Сегодня наша задача – продолжить великий путь педагога. В соответствии с этой целью сегодня профессорско-преподавательский состав нашего института пишет собственные труды, углубленно изучает произведения Ибрая Алтынсарина. Кроме того проводится множество мероприятий, посвященных 180-летию великого просветителя.

На сегодняшнюю конференцию поступил ряд научных статей со всей страны и из-за рубежа, посвященных изучению наследия Ибрая, его творческой деятельности, методам обучения и воспитания детей. Это означает, что имя И.Алтынсарина известно на международном уровне. Поэтому желаю удачи участникам конференции, посвящённой 180-летию Ибрая Алтынсарина, которое совпадает с 30-летием Независимости страны.

Успехов всем, дорогие коллеги, в изучении богатого наследия Учителя Нации с точки зрения идеала Независимости!

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қара Әсел Бейсенбайқызы
Ғалымжанова Зәуре Тойшыбекқызы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация. В статье подчеркивается важность педагогического наследия И. Алтынсарина. Раскрыта его биография, показан вклад в сферу образования. Высоко оценивается его работа для казахстанских школ. В статье поставлены вопросы о работе по продвижению его произведений, которые и сегодня дают направление для молодого поколения. Так же в статье произведен анализ переводов и учебных работ выдающегося педагога.

Ключевые слова: Педагогического наследия. биография, произведений, анализ переводов

Summary. The article emphasizes the importance of the pedagogical heritage of I. Altynsarin. His biography is revealed, his contribution to the field of education is shown. His work for Kazakhstani schools is highly appreciated. The article raises questions about the work to promote his works, which even today provide direction for the younger generation. The article also analyzes the translations and educational works of an outstanding teacher.

Key words: pedagogical heritage, Kazakhstani schools, questions, works, outstanding teacher

Бұл күнде барлық ұлттық мектептері үшін Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасының маңыздылығы жоғары. Ағартушы еңбектерінің қай кезде болсын мәні мен мазмұны жойылмақ емес, халықтық, гуманистік идеяларының өміршең екенін дәлелдеудің тіпті қажеті жоқ. Жазған туындыларында әрбір өмір иесінің адами қасиеттерін қалыптастыруда еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің орын ерекше екенін зерделеген. Кемеңгер ұстаздың афоризмге айналған сөздері, педагогикалық мұрасы ұлттық тәлім-тәрбиеде айрықша орын алады. Халқымыздың ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін қайта жаңарту кезеңінде ұлт ұстазының еңбегін кең мағынада насихаттау ол әрбір ғалымның, мұғалімнің борышы болуы қажет.

Қазақтың аса көрнекті педагог – ағартушысы Ыбырай Алтынсарин Қостанайда танымал Балғожа бидің отбасында тәрбиеленді, тоғыз жасында Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектепке оқуға түсті, онда ол шекаралық комиссияда жұмыс істеген әйгілі шығыс зерттеушісі В.Григорьевтен оқыды. Зерттеушінің үйінде бола жүріп жеке кітапханасынан, әдебиеттен, тарихтан, басқа да ғылым салаларынан кітап оқып өзін-өзі дамытты. Әлем әдебиетіндегі ірі классиктер В.Шекспир, И.Гете, Д.Байрон, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, А.Фирдауси, А.Навоилардың шығармаларымен танысып, өздігінен саралай бастады.

Мектепті үздік бітіріп, 1857-1859 жылдары атасы Балқожа бидің пәсірі болады, ол 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш қызметіне орналасады. Одан кейін өз қалауымен Торғай қаласында бастауыш мектепке мұғалім болуды таңдайды. Сол шақтан Ыбырайдың ағартушылық – педагогикалық қызметі басталады. Ол уақыттарда алыс ауылдық мекендерде мектеп ашу ісі қаражаттың болмауынан, мектеп үйі мен оқу құралдары жетіспеуінен тым ауыр болатын. Сондай-ақ, атқарылған мұндай шаралар облыстық басқармаға да, жергілікті әкімшілікке де ұнамайтын. Кездескен қайшылықтардың ешқайсысы педагог талаптарын қайтармады және ағартушылық идеямен шабыттанған қайраткер мақсатты орындауға үлкен құлшынысты болды. Сөйтіп мектеп ашуға қаражат жинай бастады. Ел болып көптен күткен мектеп 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды. Қазақ даласына білімнің шамшырағын жаққан ұстаздың әр сабағы қызықты, тартымды және түсінікті болатын. Әдетте діни мектептерде оқыған балалар бір жылдың ішінде молдалардан хатты эзер таныған болса, Алтынсарин оқытқан шәкірттер небары үш айда хат танып шыққан. [1]

Ағартушының 1879 жылы жарық көрген «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбегінде тіл үйретудің нақтылай әдістемесі қарастырылған. Балаларға үйрететін сөзді таңдау, оның айтылу ырғағын айқын естіртіп, тілін жаттықтыру, жаттығу-дағдыландыру жұмыстарын жүргізу, оған пәндік және аудармашылық әдістемелерді қолдану, ана тілін оқуда жеке сөздерді оқи білуге, өз мәнерімен айтуға үйрету, әрбір сөздің мағынасын терең түсіндіру, әрбір оқушының сөздік қорын молайту тәсілдерін қолдану ағартушының әдістемелік тұрғыдан ізденістерінің жеміс болатын.

Ыбырай Алтынсариннің есімі аудармашылықпен де танымал. Халықты сауаттандыру, оның санасын ояту, рухани өмірін дамыту мақсатында жазылған хрестоматияда орыс тіліндегі оқулықтардан алынған үлгілер бар. Осындай тынбай жасалған еңбектің нәтижесінде орыс мәдениетін қазақ даласына енгізіп, жетекші орыс жазушылары мен ұлы ойшылдарының, ағартушылар мен педагогтардың еңбектерімен таныстыра бастады.

Осы кезеңде аударма саласы да дами бастады. Аудармадағы басты мақсат – балаларды өзге тілде жазылған шығармамен таныстыру. Мұндай қызметтің өзі әртүрлі деңгейде жүзеге асқан. Атап айтқанда, өткен ғасырларда, елдің мәдени ахуалы әр сатыда тұрған кезде, аударманың «тура шығу мөлшері аудармашының негізгі мақсаты және мәтіннің өзіндік ерекшелігі мен аударманың қандай оқушыға арналғанына байланысты болған». Негізінде, XIX ғасырда көптеген аудармашылар шығарманың ашық, тартымдылығына көп көңіл бөлген. Мұндай қағиданы Ыбырай Алтынсарин де ұстанған. Қазақ мектебіндегі оқушылардың білім деңгейінің орыстармен салыстырмалы түрде қарағанда төмендеу екенін жасырып жаба алмады, соның нәтижесінде ғана алдымен қазақ оқушылары үшін үлкен тәрбиелік күші бар, қысқа да мағыналы туындыларды пайдалы деп санап, әрі әрбір аударма туындысының түсінікті, қарапайым түрде шығуына терең мән берген. Бұл туралы хрестоматияның кіріспесінде ол былай деп жазды: «Кітапқа енгізілетін әңгімелердің басым көпшілігі қазақтар рухында болуын көздедім. Сондықтан да ол үшін әңгімелерді таңдап алу аз қиындық келтірген жоқ. Әрбір жеке шығарма туралы жан – жақты ойлап қорытынды жасау қажет болды». [2]

Ыбырай Алтынсарин әр шығарманы аударған кезде, ең алдымен, оның тәрбиелік мәніне ерекше назар аударды. Л.Н.Толстой мен И.И.Паульсонның шығармаларын аударғанда осы біржақты талапқа келіп, шығарманың жалпы мәнін байқай алмады, өйткені тәрбие мәселесін көтеру жағынан бағалы болатын: олар оқушыны әділеттілікке, қарапайымдылыққа, тапқырлыққа баулуды көздеді. Сондықтан бұл әңгімелердің осындай қасиеттерін жоғары бағалап, оларды қазақ тіліне шеберлікпен аударған. Л.Н.Толстойдың шығыс аңыздары мен ертегілері негізінде жазған әңгімелерін де ықыласпен аударған. Бұл шығармалар қазақ оқушылары үшін аса күрделі емес екенін атап өтті. [3]

Өмірдегі таусылмайтын байлық – білім екенін айта отырып, білімге жету үшін адам үнемі оқып, тынымсыз жұмыс істеуі керектігін түсіндірді. Ол бала мен ессіз адамды тыңдай отырып, жастарға кімнен үлгі алу керектігін, ал кімнен үлгі алмайтынын көрсетті. Ағартушы ең қиын жағдайда жұмыс істеді, көптеген бөгеттерге тап болды. Өтірік арыз, "жаптым жала, жақтым күйенің" қанша түрі түсті. Әйтсе де күрестен шаршамады. Бұл оның үлкен болашағына деген сенімі еді. Егер ол өзі армандаған армандарын орындай алмаса, онда болашақ жастар орындайды деп сенді, білді. Елді қараңғылықтан жарыққа шығаратын жастар деген қорытындыға келді. Өзін қоршаған қарыңғылықты, надандарды шеней келіп:

«Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті – ау алысқа – ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай.
«Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды,
«Өнер жігіт көркі» - деп,
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды» - деді.

Қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббатқа, достыққа, еңбекке, батылдыққа, тапқырлыққа, өз халқына деген сүйіспеншілікке, қысқасы, адамның абыройын ақтай алатын адам болуға шақырды және бұл міндеттерді жастайынан жастарды дұрыс тәрбиелеген жағдайда ғана жүзеге асыруға болатынын жақсы түсінді. Сондықтан Ыбырай өзінің оқытушылық, жазушылық, аударма жұмыстарын осыған бағындырды.

Балаға кішкентайынан дұрыс тәрбие беру барлық дүниежүзілік педагог – ғалымдардың ертеден бері келе жатқан айрықша көтерген, үлкен көңіл аударған мәселелердің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елінен, қазақ даласынан оларға үн қосушы алғашқы қазақ педагог Ыбырай Алтынсарин болды. Бұл мәселе бойынша ол көптеген мұғалімдермен, әсіресе бұрынғы жүйенің ұлы орыс ғалымдарымен – педагогтарымен, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Бунаковтармен ынтымақтасқан, пікірлес болған.

«Қазақ хрестоматиясы» жастарды дұрыс тәрбиелеу, олардың дүниетанымын кеңейту үшін өз уақытында ғана емес, қазірдің өзінде үлкен маңызға ие. Сол себептен де, талай жылдар бойы, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып отыр. Бұл кітапқа енген әңгімелер еңбекқорлық, оқу, өнерге деген ұмтылыс, Отанға деген сүйіспеншілік, талапшылдық, анықтық, жанқиярлық, кішіпейілділік, махаббат, мейірімділік, адамгершілік, жинақылық және басқалар сияқты мәселелерді қамтиды. Олар жалқаулыққа, қиянатқа, надандыққа, сотқарлықты қарсы қойып, жастарға мұндай әдеттерден аулақ болуға жол көрсетеді. Мысалы: Хрестоматия оқулығына енген өлеңдер, әңгімелер балалардың жасына, санасына сәйкес келетінін және педагогика ғылымы мұғалімдерден талап ететін әдіс мәселесін міндетті түрде ескеретінін, сонымен қатар жоғарыда аталған тақырыптар бойынша оқу, еңбек, мейірімділік, талап әңгімелері саналы түрде таңдалып алынғандығын байқауға болады.

Кітап беті оқуға шақырудан және оның әлеуметтік мәнін түсіндіруден басталады, сонымен қатар негізгі тақырыптардың бірі – еңбек. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде тіпті ең кішкентай жәндіктердің өзі де өмірдің пайдасы үшін тынымсыз жұмыс істейтінін көрсетеді және оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, жатпа», - дейді.

Кей-кезде болмашы нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмей, «аз жұмыстарды қиынсыну» бойкүйездікке салынушылық секілді өмірде көп кездеседі. Бұл жақсылықтың белгісі емес. Сондықтан да балаларды кішкентайынан жалқаулыққа қарсы тұрғызып, еңбекке тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударған. Жас ұрпақты еңбекке бағыттауды үгіттеген басқа да әңгімелері көп. [4]

"Атымтай жомарт" әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Атымтай ешнәрсеге мұқтаж емес, еңбектен қол үзбейтін адам. Бұл ертегі ежелгі араб елінің әңгімесі, бірақ ел аузында ертегі жыр болып кеткен. Ыбырай осы халықтың аузында жүрген ертегіні балаларға арнап, әңгіме ретінде ұсынды. Әңгіменің идеясы, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай Атымтайдың сөзінен – ақ байқауға болады. «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмінің тәттілігі өзгеше болады екен» - деп Атымтай бір сөзінде айтқан.

Ыбырай Алтынсариннің тәрбие жөнінде ең негізгі тақырыптарының бірі – талап. Адам баласы талап етіп талпынбаса ешбір ісі алға баспаған еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы өмірден алынған. Адам баласының жастық шағы жігер, қайратқа толы. Бойындағы жасырын талантты, өнерді жарыққа шығаратын кез де осы. Ол үшін әрине талаптану керек. Бастаған әр нәрсені жігермен жаса, өзіңнің не нәрсеге ыңғайың, қабілетін бар, қолыңнан келетін істерді жақсы біл, қай жолдың соңына түссен, әрі қоғамға, әрі өзіңе пайда келтіресің, талаптан да таңдап ал дейді. Кей кезде жап – жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі жігердің, талаптың жоқтығын болуы да мүмкін. Сол себепті өз жігер, талабыңмен өрге шық деп айтады.

Ы.Алтынсариннің аудармалары қазақ жазба әдебиеті әлі қалыптаспаған далалық өмірге келді және осы әдебиеттің тууы мен идеялық нығаюына жан – жақтан әсер етті. Ол орыс әдебиетінің шығармашылығымен айналысудың арқасында идеялық сабақтар алды, аудармаларда өзінің жазушылық шеберлігін жетілдірді, осылайша қазақ жазба әдебиетінің дамуына үлкен әсер етті, яғни Ыбырай Алтынсариннің аудармаларынан біз орыс әдебиетінің қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына үлкен үлес қосқанын көре аламыз.

Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбайұлының орыс әдебиетімен жалпы шығармашылық өзара әрекеттестігі арқылы, көркем аудармалар арқылы қазақ және орыс әдебиеттерінің арасында ежелден келе жатқан дәстүрлі әдеби байланыс бар екенін көреміз. Бұл қиын кезеңдерде қалыптасқан халықтар арасындағы тарихи достық сабақтарының бірі ретінде қарастырылуы керек және дербес зерттеуді қажет етеді, өйткені орыс әдебиеті Октябрь төңкерісінен кейін қазақ әдебиетіне әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге оның дамуына жақсы ықпал етті. Сондықтан біз осы екі әдебиеттің арасында әлі толық зерттелмеген әдеби байланыстардың жүз жылдық тарихы бар екенін білеміз.

Оның шығармалары таза қазақ тілінде жазылды. Шығармаларының идеясының тереңдігі, тілінің қарапайымдылығы, өмір құбылыстарын реалистік жолдармен суреттеу жағынан шығармалары көпшілік халыққа түсінікті болды. Жазушының кедей баласының жеке бас артықшылығын, өмірге төзімді, икемділігін оқушыларға өте шеберлікпен жеткізген «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі қазақтың жазба әдебиетінде демократиялық идеялы алғашқы шығарма болды. Өз шығармаларында ол ауыл тұрмысының артта қалып жатқанын, қара түнек жүдеулігін елдің санасына жеткізуге тырысты. Алтынсарин әңгімелерінде білім беруді ұлттық сана мен мәдениеттің сақталуымен, дәстүрлі ұлттық салт-дәстүрлермен байланыстырды. Қазақ халқы басқа халықтардан кем түспеуге ұмтылды, оларды дәріптеді, өз халқының прогресс жолы ілімде жатқанын білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеялардың тәрбиелік рөлі бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Сол себепті біз Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасын жас ұрпаққа насихаттауымыз керек. Ол үшін бастауыш мектептердегі сыныптан тыс жұмыстарға Ыбырай Алтынсариннің туындыларын енгізіп, ұғындыра білуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сәрсенбаев Ә. Сәулелі жұлдыз іздеген адам Алматы 2001ж.
- 2 Махмова Ж. Тұрсынғалиева Т. Тіл дамыту жұмыстары, Қазақстан мектебі №7, 2019 ж.
- 3 Кенжебаев Б. Алтынсарин, Әдебиет белестері Алматы, 1996 ж.
- 4 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы Алматы, 2003ж.

I СЕКЦИЯ

Ы.Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық қызметінің рухани құндылықтарының негіздері (гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар)/

Основы духовных ценностей просветительско-педагогической деятельности И.Алтынсарина (общественно-гуманитарные и социальные науки)

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Абдуллина Ардақ Амирхановна

аға оқытушы, магистр, АрқПИИ доценті

Ауезова Шынар Сериковна

аға оқытушы, магистр

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық қаласы, Қазақстан

Аннотация. В статье излагаются лингвистические особенности произведений Ибрая Алтынсарина. На примерах произведений И.Алтынсарина в статье показаны выразительные средства языка: метафора, сравнение, метонимия, изложен язык произведений Ибрая как письменный стиль.

Ключевые слова. Произведения Ибрая, художественный характер, язык произведения, стиль писателя.

Abstract. The article describes the linguistic features of the works of Ibray Altynsarin. Specific examples show the types of metaphor, metonymy, identity, etc. The language of Ibray's works, the style of writing are words.

Keywords. Ibray's work, literature character, language of the work, style of the writer.

Қазақ халқының данышпан перзенттерінің бірі – тұңғыш ағартушы, педагог жазушы Ыбырай Алтынсариннің биыл туғанына 180 жыл толды.

Ғұмырын туған халқының өсіп-өркендеуі жолына арнаған Ұлы ұстаздың ізденіске, күреске толы өмір жолы мен шығармашылық қызметі, әдеби мұрасы кім-кімді де қызықтырады сөзсіз. Білім шырағын жаққан ұстаз жазушының артына қалдырған мол мұрасы арнайы зерттеудің қазыналы өзегі болып келеді, бола да бермек.

Ыбырай еңбектері «кітаби» тілмен емес, қазақтың таза ана тілінде жазылғандығымен құнды екенін, әрі оның шығармалары шын мәнінде көркем әдебиет болып табылатынын баса айтқан жөн. Осы ретте Ыбырай Алтынсарин көркем әдебиеттің авторы дегенде, біз оның шығармаларының несімен көркем екендігін дәлелдеуге тиіспіз.

Көркем әдебиет өзінің айтайын деген ойын образ арқылы береді. Оның негізгі құралы көркем сөз, сол арқылы адам бейнесін жасап, өмірдің, өмір құбылысының қилы қырын жан-жақты алып суреттейді. Көркем әдебиеттің басты құралы сөз болғандықтан да әрбір жазушы ұлттық тілдің сөздік қорын жете пайдаланып, оны шебер, келістіріп қолдануға тырысады, соның нәтижесінде ғана көркем суреттеулер жасай алады.

Ыбырай шығармалары — адамдар образы арқылы оқушыларының эстетикалық сезіміне әсер ететін, әдемілікті түсінуге, мінез-құлықтарын жақсартуға көмектесетін, таптардың арасындағы қайшылықтарды көрсетіп, шындықтың бетін айқындайтын құрал.

Ыбырай шығармалары тақырыбының әр қилылығымен құнды. Ол өз еңбектерінде өмірді дұрыс түсіну үшін бұрынғылардай құдайға жалбарыну емес, оқу-өнерге шақырды, оның кейіпкерлері — періште не әулие-әнбиелер емес, өмірдегі кездесіп жүрген Асан, Үсен, Қыпшақ Сейітқұл сияқты адамдар. Қысқасы, Ыбырай күнделікті өмір керек етіп отырған мәселелерді еңбектерінің негізгі желісі етіп құрды.

Ыбырайдың отырықшылық тұрмыстың артықшылық жақтарына әбден көзі жеткен. Екіншілік кәсібін жақтаған, соны қолдаған. Сондықтан да ол қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына үйрететінін жазды. «Қыпшақ Сейітқұл», «Ағаш үй мен киіз үй» деген әңгімелерін тап осы мақсатта жазған деп түсінеміз [1,276.].

Бұл әңгімелер арқылы қазақ тұрмысындағы кейбір өзгеріс жаңалықтардың пайда болуын көреміз.

Ыбырай еңбектің маңызын түсіндіру мақсатында көптеген шығармалар жазған. Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Байлық» деген әңгімелердің жалпы идеясы еңбектің қадір-қасиетін түсіндіруге арналған.

Оның:

Араз бол кедей болсан, ұрлықпенен,

Кете бар кессе басың шындықпенен!

Қорек тап бейнеттен де Тәңірің жәрдем,

Телмірме бір адамға мұндықпенен - деуінің, өзінде қанша мағына жатыр. Адамды еңбекке, шындыққа, адалдыққа, кісі еңбегін қанамай, өз еңбегімен күн көруге, кісі алдында тіленіп, кішіреймеуге, патриотизмге шақырады. Бұл өлеңнің мәні халық аузындағы «Еңбек етсен, ерінбей, тояды қарын тіленбей» деген мақалмен үндес жатыр.

Жазушы баланы мейірімді болуға, кішіпейіл болуға баулитын, адамгершілігі жоғары болуға шақыратын талай туындылар берді. Мысалы, «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімелері жатады.

Ол басня - мысал өлеңдерінің түрін қазақ жазба әдебиетіне енгізді. Мысал - өлеңді ол қазақтың он бір буынды қара өлеңінің түріне бағындырды. «Қарға мен түлкі» атты мысал өлең И.А. Крыловтан аударған т. б. арқылы ирония мен улы сарказмге жол ашты. Ол — кезінде салтқа айналған: зорлық, екі жүзділік, менмендік, жалақорлық, алдаумен күн көргендердің бет пердесін ашып, әр түрлі аң, құстарға балап көрсету, сөйтіп, олардың іс-әрекетін өлтіре

сынау.

Ашығып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...
Еш нәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға
Басын салып құйрығын бұлғаңдатып,
Екі көзін қарғаға қылмаңдатып,
«Қарға тақсыр, көз жасын көріңіз»,— деп,
Жыламсырап сөйлейді жылмаңдатып.
Масаттанып бұл қарға сілкінеді,
Ішін тартып мұртынан бір күледі,
«Арып-ашып алыстан келген шығар,

Көңілі тыңып кетсінші, шіркін»,— деді [1,89б.].

Бұл жерде менмендігі күшті, мақтаншақ қарға айлакер, екі жүзді сұм түлкіге жем болады. Мақтанамын деп аузындағы жемінен айырылады. Қанша мақтанғанымен түлкіге керегі — оның әні емес, аузындағы ірімшігі. Екеуі де бірін-бірі алдап күн көріп жүрген үстем тап өкілдері. Ыбырайдың бұл мысал өлеңінде өте тамаша суреттілік, шынайы образ жатыр. Мақтаншақ қарғаның, өзінің әліне қарамай, «миығынан күлуі», айласы адамнан асқан түлкінің сол қарғаның алдындағы алдамшы әрекеттері. Оның қимыл әрекетінің күштілігі бұлғаңдаған, қылмаңдаған, жылмаңдаған деген етістіктерде жатқан сияқты. Бұл сөздер алдамшы түлкінің іс-әрекетіне дәл келген.

Қазақ әдебиетіне Ыбырай қосқан тағы бір ерекшелік — табиғат лирикасы. Оған дейінгі әдебиетте табиғаттың кейбір құбылыстары сөз арасында ғана айтылса, Ыбырай бұл тақырыпқа арнайы тоқтаған. Оның әсіресе «Жаз», «Өзен» өлеңдері табиғаттың сұлу көріністеріне арналған. Үлкенге де, кішіге де, жалаңаш - жалпы кедей бейшаралар мен ауқатты адамдарға да қуаныш, ерекше шаттық әкелетін жаздың, көктемнің суреті, күннің нұрына бөленіп құлпырған жердің беті, қуанышқа бөленіп, ойдан-қырға секірген жас балалар, жаздың жадыраған тамаша көрінісінен ләззат алған адамзат, жан-жәндік, айуандар, көш жөнелтіп кейін қалған қыз-келіншектердің әзілі — жалпы жаз шыққандағы қазақ елінің көк орай шалғындарға қоныс аударып, сапырылысып жатқан өмірдің тамаша көрінісін өте нанымды, көз алдыңнан өтіп жатқан кинолентадағыдай суреттейді. Мысалы:

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жамғыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өстірер жердің шөбін нұрдың буы!

немесе

Жүгірер киік, құлап тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға...
Алыстан мұнарланған сағымдары

Шақырып тұрар күліп кел деп мыңда!
Көл бұзылып, көк шығып қойнын ашса,
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна... [1,656.]

Сол сияқты «Өзен» өлеңі де табиғаттың сұлу көрінісіне, оның баға жетпес асқақтығына арналған. Жаздыгүнгі таулардан сарқырап аққан өзен, айналасында тілсіз тұрған тоғайлар, өзеннен рақат тапқан жануарлар, жер бетін көк орай шалғындарға бөлеген су мен күннің күші, өзенде шарқ ұрып ойнаған балықтар — бұлардың бәрі адамзат, жан-жануарлар ләззат алатын көріністерді көрсеткен. Бір-екі мысал:

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Он мың мал айдап өтсең лай қалмайды,
Тасына су бармаған сай қалмайды,
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шығып шөп бітпеген жай қалмайды [2,656.]

Мұнда жаздағы таудан аққан өзеннің дыбысы, су жайылған жердің тамаша суреті қисынды сөздің күшімен адам көзіне елестетіліп отыр. Осы табиғат көріністерінің бәрін Ыбырай қазақтың күнделікті өмірінде қолданылып жүрген үйреншікті қарапайым сөздерімен оқырмандарының алдына жайып салған. Бұл екі өлеңіндегі тақырып та, негізгі нысана да табиғат. Автор осы табиғат көріністері арқылы өмір шындығын, ел тіршілігінің тынысын, өзінің, нәзік сезімталдығын білдіреді. Өз халқын сүйе білген Ыбырай сол халқының жаздыгүнгі жадыраған өмірінен сұлулық рақатын табады.

Ыбырай шығармаларының ықшам, түсінікті болуын, оқушыларының, қиналмай оқу жағын қатты ескерген. Сондықтан да оның әңгімелері мен өлеңдері көлемі шағын, аз сөзбен көп мағына беретін болып келеді.

Ыбырайдың негізгі нысанасы — халқын сауаттандыру, жас өспірімдерді оқу, өнер-білімге шақыру. Сондықтан да оның шығармаларының негізгі арқауы - ғылымның пайдасын насихаттау. Ұранды «Сөз басы» Кел, балалар, оқылық!, «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңдері осы мақсатта туған.

Ыбырайдың жазушылық шеберлігі — қарапайым сөздермен өз ойын оқушыларына бейнелі, айқын, мәнерлі етіп жеткізуінде. Оның шығармаларында асыра теңеу, шектен шыққан әсірелеулер, қою боямалылық кездеспейді. Ыбырай шығармаларындағы көркемдік тәсілдері мен суреттеулер өмір шындығына сәйкес келетін, жұртшылыққа үйреншікті құбылыстардан алынған. Сондықтан да оның шығармаларының тілі оқырмандарына түсінікті, мазмұны көңілге қонымды, жасаған образдары авторлық негізгі ойды оқырмандарына бұлжытпай жеткізіп, оларды толғантады, ой-сезіміне әсер етеді.

Қазақ тілінде көркем аударманың туу тарихына көз жіберсек, алдымен көрінетін дүниенің бірі — Ыбырай Алтынсаринның аудармалары.

Қажым Жұмалиев те Ыбырай аудармаларының оның қолтумаларынан

айырғысыз, оның барлық жерде түп нұсқаны бұлжытпай, сол күйі аударуды принцип етіп қоймағанын, кейде тақырыбын, кейде сюжетін, кейде баяндау әдісін өзгертіп, қайткен күнде де қазақ балаларына түсінікті баяндауды мақсат еткенін ескерткен. Ыбырай аудармалары оның көздеген нысанасына орай, өз туындыларының негізгі идеясымен іргелес жатады.

Ыбырай кейде түп нұсқадағы өзіне керексіз жерді тастап кетіп отырады екен. Ол жөнінде Ә.Сатыбалдиев: «Кейде ол бір шығарманың өзіне ұнаған белгілі бір жерін алады да, басқасын тастап та жүре береді. Мәселен, Толстойдың «Петр и мужик» деген әңгімесінің аудармасы сондай... Міне, осы әңгіменің негізіне сүйене отырып, Алтынсарин бір әңгіме жазған. Оның аты — «Малды пайдаға жарату». Мұны аударма десе де немесе Толстойға еліктеп өзінше жазылған әңгіме десе де болады»,— дейді.

Алайда Ыбырай тәрбиелік мәні бар шығармаларды ғана іріктеп аударды. Бұлардың бірқатары өзінің төл туындыларымен тақырыптас еңбекті сүю, адамгершілік, адалдық, достық, кішіпейілділік т. б. Л.Н.Толстой, И.И.Паульсон т. б. орыс жазушыларын аударды. Ыбырай ол шығарманың сюжетін алады да, өз ана тілінде баяндап береді. Айталық, «Пустынник и медведь» мысалын «Жаман жолдас» деген атпен қара сөзбен берген. Ыбырайдың аудармалары қазақ қаламгерлерінің төл туындысы дәрежесіне дейін жеткен, ол — аударманың үздік үлгісін жасады. Ә.Сатыбалдиев Абай мен Ыбырай орыс жазушыларының еңбектерін аудару арқылы өз творчествосын дамыту, сөйтіп, көркем сөзбен халқына қызмет етуді мақсат қылды дей келіп, «Олардың аудармаларындағы үлкен ерекшелік сол — олар аударманы тек аудару үшін ғана емес, өздерінің көкейкесті армандарын, бойын кернеп, жүрегін тулатқан сөздерін орыс данышпандарының сөздерімен, солардың шеберлігін пайдалана отырып жеткізу үшін аударды. Олардың творчествосында аудармалық еңбек пен өздері жазған еңбектерінің бір-бірінен айырғысыз болып кеткен себебі де сондықтан»,— деп тұжырымдайды[3,147б.]. Аудармаларына Ыбырайдың рухы әбден сіңгені соншалық оларды басқа тілдің материалы екен деген ешқандай күдік тумайды. Мысалы, К.Д.Ушинскийдің оқулықтарында Беранженің «Урок» атты өлеңі басылған. Мұны Ыбырай жақсы біледі. Аталған өлеңге форма, идея жағынан оның «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінің, ұқсастық жағы байқалады.

Беранжеде:

Дружно, дети! Все зараз,
Буки-аз, буки-аз.
Счастье в грамоте для вас!

Ыбырайда:

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

Алайда бұл өлеңдер рухы жағынан үндес болғанмен, аударма ретінде танудың өзі қиын-ақ. Аударма деуге тілдік тұрғыдан да қисын жоқ, өлеңнен орыс тілінің рухы байқалмайды. Демек, Ыбырай аударды деудің өзі шартты [4,78б.].

Ыбырай шығармалары мағынасы, көркемдігі, тілі жағынан жатық, қазақы. Сондықтан болса керек, оның аудармасы мен қолтумаларының ішіндегі көркемдеу тәсілдері мен сөз қолданыстарында айырма байқалмайды.

Тілдік тәсілдердің бәрін де қисынын келтіріп жұмсады, оның ішінде ол күнделікті жиі қолданылып жүрген қарапайым сөздер арқылы шындықты дәл көрсететін айқын да бейнелі, адамдардың ой-сезіміне әсер ететін образдарды жасады. Ыбырай Алтынсариннің қазақ тілін дамытудағы рөлі оның ағартушылық қызметімен тікелей байланысты. Ыбырайдың әдеби шығармалары, әсіресе прозалық туындылары оқу кітабы ретінде арнайы жазылған. Бұл тұста Ыбырайға екі түрлі жүкті тұңғыш рет арқалауға тура келді: бірі – қазақ әдебиетінде бұрын жоқ проза жанрын бастау, яғни қазақ әдеби тілінде бұрын болмаған шағын әңгімелер стилін жасады, екіншісі – өз өлеңдері мен қазақтың ауызша тараған мол көркем әдеби үлгілерін оқушы жастарға ұсыну.

Ыбырай – қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның негізін салушы, демек көркем проза стилін бастаушы. Оның ішінде мектеп оқушыларына арнаған әңгімелер жанры болғандықтан, олардың көлемі шағын, тілі мейлінше түсінікті болуды көздеген.

Ыбырай шығармалары тілінің лексика-фразеологиялық құрамы қазақ әдеби тілінің байлығынан алынған. Грамматикалық құрылысында да Ыбырай кітаби тілге тән тұлға-тәсілдерді қолданбайды. Тіпті ол сол кезде қазақтың жазба әдеби тілі ішінара пайдаланған кітаби орфографиялық дәстүрді де қабылдамай, қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын ескеріп, қазақша жазу принципін ұстады. Оған Ыбырайдың қазақ жазуы үшін орыс графикасын ұсынуы себепкер болды.

Ыбырай Алтынсарин өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапка сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Қазіргі өркениетті қазақ халқы не бәрі 48 жасында өмірден өткен Ыбырай атамyzды ұлы ұстаз, педагог, ғалым, ірі қоғам қайраткері деп бағалап құрмет тұтады.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин келешек ұрпағына өлеңдері мен әңгімелері оқырманына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, әркімге де үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі мол әдеби мұрасын қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Ғылым, 1994
2. Ы. Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: - Алматы: Ғылым, 1979
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Ғылым, 1994
4. Сыдықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. - Алматы, 1969

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Абдуллина Ардақ Әмірханқызы

магистр, АрқПИ доценті

Абильдина Айгул Нағашыбаевна

оқытушы, магистр

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В статье для любителей литературы представлен сборник работ национальным учителем А.Байтурсиновым. Были проанализированы стихи А.Байтурсинова, его литературно – научные исследования и стихотворение «Ер Сайын» и «23 жоктау».

Ключевые слова. Народный учитель, литература, сочинение, стихи, статья, вечные сокровища.

Annotation. The collection of works submitted by the folk teacher Ahmet Baitursynov to amateurs of literature is systematically presented in the article. Ahmet Baitursynov's poetry, literary research and poem «Er Sain» and «23 zhoktau» were analyzed. These works by Ahmet Baitursynov will remain as an eternal treasure for students and lovers of general literacy.

Keywords. Folk teacher, literature lovers, essays, poems, articles, eternal treasure.

Қай халықтың болса да өзінің бастауы - ауыз әдебиетінен басталатыны анық. Халқымыздың ауыз әдебиетіне тән көркемдік ерекшеліктері мен жиналу заңдылықтары бар. Аталмыш әдеби мұраларымызды жинақтауда біз, Ахмет Байтұрсыновтың қосқан қомақты еңбегіне ерекше тоқталуымыз қажет.

Ахмет Байтұрсыновтың 1998 жылы тойланған 125 мерейтойында тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының ар – орданы», - деп жоғары бағалаған еді. Осынау тарихи тұлғаның ғылыми, көсемсөздік, ақындық мұрасы бүгінгі күні толықтай оқырман қолына тиді.

Бұл саладағы Ахметтің басты еңбегі – «Әдебиет танытқыш» та бар. Аталмыш еңбек туралы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеті, тілін танытып, дамытудағы өлшеусіз еңбегі туралы жазған Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рымғали Нұрғалиев былай дейді:

«... Ғылым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шын-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл ашықтығы, тіл дәлдігі, көрнекілігі, оның тараулары, көрнектеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кемітпеу, әсерлеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу – сияқты ұғымдарды тұңғыш еңгізіп, осы сөздерді

термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген Ахмет Байтұрсынұлы екенін айту – тарихи әділет...» Осылайша ғылымдағы, әдебиеттанудағы тарихи шындық – тарихи әділеттігін тапты.

Қазақ әдебиетінің теориялық негізін қалаған «Әдебиет танытқыш» кітабындағы көптеген термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға Ахаң атаған кезеңнен бері қолданыста бар. Бұл ғылыми еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тақырыптардың бар екенін Рымғали Нұрғалиев жоғарыдағы еңбегінде арнайы еске салады.

Ахаң кезінде еліміздің болашағын ойлап, былай деп тебірене жазған екен: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстай барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендейтін уақытымыз жетті...» Ахаңның бұл данышпандық оны бүгінгідей ел егемендігі кезеңінде де мәнін жоймай тұр. Қайта, тілге, әдебиетке деген ойы дабылды шағына жеткендей.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалар жинағының бірінші томдығына өлеңдері, әдеби-ғылыми зерттеулері топтастырылған. Ақын, аудармашының ең басты әдеби туындылары: «Қырық мысал» мен «Маса», «Қазақтың бас ақыны», «Әдебиет танытқыш» кірген. Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлының елу жылдығында: «... «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің ... қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер –білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтын істер болатын» - деп бағалағанды. «Әдебиет танытқыш» алдымен сөз өнері жүйелі талданады. Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлы туралы тебіренді Ахаң... Шығармалар жинағының екінші томдығы – «Оқу құралы» кітабынан тұрады. «Ахмет Байтұрсынұлы бұл оқулықты тіл маманы Телжан Шонановпен бірлесіп жазған. Кезінде араб әріпінен басылған кітап, тұңғыш рет қазақ әріпімен басылып отыр.

А.Байтұрсыновтың Телжан Шонановпен ынтымақта жазған «Оқу құралы» жастарға үйретері көп, меңзері мол танымдық мақалалардан құрылған. Мысалы: «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай – құланнан», «екпей егін шықпас, үйренбей білім жүкпас»... Берілген мақалдар балалардың ұғымына жеңіл, тез жатталады[1,117]. Үшінші кітапта «Тіл – құрал» оқулығынан тұрады. Оқулықты шығарушылардың алғы сөзі берілген. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі туралы тілші – ғалым Рабиға Сыздықованың көлемді ғылыми еңбегі осы кітаптан орын тепкен. «Тіл – құрал» оқулықтарына жан – жақты шолу жасалады.

Методика мәселелері төңірегінде қазақ мұғалімдері үшін «Баяншы» сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытқан – «Тіл жұмсар» кітаптары берілген. Жалқылау, жалқылаулы – жалпылау, дыбыстарды жіктеу туралы әдістер әңгіме болады.

Теоретик Ахмет Байтұрсынұлы таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, оқулықтар да жазған ғалым ғой. Бұл кітапта осы сөзіміздің айғағындай оның ғылыми еңбегі «Тіл – құралмен» жан – жақты танысуына оқушыларымыздың толық мүмкіндігі бар.

А.Байтұрсынұлының шығармалар жинағының төртінші томы филология ғылымдарының докторы А.Ісімақованың «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әліпбиінің атасы һәм кемңгер көсемсөзші» алғысөзімен ашылып, ғалымның әліппелері мен мақалалары берілген. Әліппелер айдарымен: қазақша алифба «Оқу құралы», жаңа құрал «Әліп – би», сауатсыз үлкендер үшін «Сауат ашқыш» топтасқан.

А.Байтұрсынұлы балалардың ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер жазған, қазақ тілінің грамматикасын жасаған ғалым, ұлт баспасөзінің негізін қалаушы. Кітапқа сол жылдары өзекті мәселелерді көтерген мақалалары топтастырылған. Қазақ ұлтының ұлағатты ұстазы Ахаңның ғибратты еңбегі тілді дамытуда әлі де тындырары көп болмақ. Бес томдық шығармалар жинағының соңғы томы – бесінші кітапқа А.Байтұрсынұлының жинақтаған «Ер Сайын» жыры мен «23 жоқтау», мақалалары топтастырылған. Кітап жинақты құрастырушы ғалым Айгүл Ісімақованың «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ар – ожданы» аталатын алғы сөзімен ашылған.

«Ер Сайын» жыры әйгілі орыс ғалымы, Шоқанның досы Г.Н.Потанинге тарту ретінде ұсынылған. Қазақ тарихының төрт жүз жырын қамтитын «23 жоқтау» жырларына көркем тіл мен мұнды зар әуені жымдасқан. Ел тарихын, ерлердің азаматтық өнегелі істері жырланған. Қаз дауысты Қазыбекті, Абылай хан дүниеден өткенде айтылған жоқтау, басқа да халықтық көркем сөз қорын толтыратын жоқтаулар топтастырылған. Бесінші кітапқа Ахмет Байтұрсыновтың: «Еленбей келген еңбектері», «Жаңа табылған туындылары» кірген.

Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы. Халқымыздың біртуар перзенті, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылардың бірі – Ахаңнан мол әдеби, ғылыми мұра қалған. Солардың дені сараланып, сұрыпталып осынау көп томдық жинаққа кірген. Мәскеудегі Шығыс халықтарының кіндік баспасынан 1926 жылы шыққан. Жинақ Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханұлының құрастырып, 23 жоқтауды жинақтауымен шыққан. Жинақты Шәңгерей Бөкеевтің «Сыршы» атты жоқтау өлеңімен ашады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Бастырушыдан» деп аталатын кіріспесөзінде былай деп атап өтеді, «тіл көсемдері» тілді безеп, жолға, жөнге салып, жүйесін айырып өстіреді: « ... Ел аузындағы тіл дегенімізде, мені үлгі - өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, жұмбақтарды, өлеңдерді, ертегілерді, тағы осындайларды...»

Жоқтаулар жинағы Мамайдың шешесі Қараүлектің «Мамай батыр» жырымен ашылады.

Қарадан туып хан болдың,
Ерлігің мен билігің,
Он сан атты ноғайға,
Көрсек күнде таң болдың,
Жаяуларға жол болдың,
Аттыларға тіл болдың.
Өлдің, Мамай, күл болдың.
Күл ұшырған жел болдың
Иманың болсын жолдасың!...[2,77]

Жинақтаушы берген түсінікте: Мамай – Едіге бидің нәсілінен, он алтыншы ғасырда өмір сүрген ноғайлының батыры, - деп таныстырылған. Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Қамқаның жоқтауы берілген.

Сусыны қанар қазақтың,
Ағар бұлақ суалды.
Сіз осылай болды деп,
Естіген қалмақ қуанды...[2,114]

Кеңгірбай биге, Кенесары – Наурызбай батырларға, Әбдіғапарға арналған жоқтауларда тіл байлғы көрінеді, салт – дәстүр, ел тарихына қатысты әңгіме болады. Абайдың баласы Әбдірахманды жоқтаған өлеңі де жинаққа кірген. Төлебайды жамағатының жоқтауында:

Жылама деп айтады,
Өсиеті молданың.
Бұрын – соңды ажалдан,
Қалары жоқ бәнденің.
Қосқанынша құдайым,
Қош – аман бол, алғаным!
Ризалықпен күйелік
Құданың басқа салғанын.
Нұрға толып қабірің,
Жолдас болсын иманың.
Кәдірің өтіп күн сайын,

Көзімнің жасын тыймадым! – деп тербенді қазалы жанның жамағаты[2,124]. Төлебайға қатысты жоқтауларды шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, одан Байтұрсын, оның ұлы Ахмет. Қошқарбайдан Қожырбай, одан Шолақ, одан Қарпық ақын туады. Бұл – жоқтауларды жинақтаушылардың түсінігі. 23 жоқтау Әбдіғапар Жанбосынұлына арналған жоқтау. Әбдіғапар 1916 жылғы Торғайдағы халық көтерілісін басқарушылардың бірі. Торғай елі оны хан сайлаған. Ұзын Қыпшақ Әбдіғапар 1920 жылы дүние салады. Жоқтаулар тілі көркем, ырғақты келуімен қатар ел тарихы, билер, батырлар тарихына құрылған. Жоқтаулар жинағы ел тарихының төрт жүз жылын қамтып тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетші ретінде халық әдебиеті үлгілерін зерттеп, кітап етіп бастырған да ғалым. Ол 1923 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан халық жыры «Ер Сайынды» жеке кітап етіп шығарып, әйгілі орыс ғалымы Шоқан Уалихановтың досы Григорий

Николаевич Потаниннің туғанына 80 жас толуына орайтарту етіп сыйлаған. Г.Н.Потанинге Ахмет Байтұрсынұлы жазған арнау өлеңі былай басталады:

Атақты Сібір ұлы қарт Потанин!
Ер сүйсе сендей сүсің Ел – Отанын.
Қазақсың, қалмақсын деп алалау жоқ,
Отаның тең көресің барша жанын.
Қазаққа Потаниннің аты ардақты,
Ямыштың біліп отыр қанша шалын?!. [3,97]

Мәскеу, 1923. «Ер Сайын».

Жыршылар аузынан алып, өңдеп өткеруші – Байтұрсынұлы Ахмет. «Ер Сайын» бұрынғы халық аузында сақталған жырларша былайша басталады:

Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,..
Бес намазын қоймаған,
Бір құдайды ойлаған.
Қара басы хан болған,
Байлығы жұртқа аң болған.
Малы Алашқа таң болған,
Бозмұнай атты бай болған,..

Қатыны қартаяды, байда бала болмайды. Құлдарынан қорлық көреді. Бозмұнай бай бір Аллаға жалбарынады, мінажат жасайды. Әкесі жетпістен асқанда, анасы елуге келгенде Алла тағала қолдап олар ұлды болатын болады.

Ұлдың дүниеге келуінің де көп қиындықтары да жырда келісті жырланады. Қобыланды Ер Сайынға:

Алла ашсың жолыңды,
Ұзын қылсың қолыңды.
Танып жүргін, ие балам.

Оның менен солыңды!- дегендей ақ батасын береді[3,144]. Сайынның ел қамқоры болып өсуіне ақ жол тілейді. «Ер Сайын» жырын өңдеп, саралап, кітап етіп бастырып Ахмет Байтұрсынұлының «Қазаққа Потаниннің аты ардақты», - деп тапсыруы бізді ризашылық пен мақтаныш сезіміне бөлентіп отыр. Орыс ғалымы, жиһангер, фольклоршы, түркі, моңғол халықтары тарихын зерттеуші, қаламгер Потанин Омбыдағы кадет корпусында Шоқан Уалихановпен бірге оқыған, айнымас досы. Қазақтың ауыз әдебиеті, салт – дәстүрін зерттеген ғалым, саяхатшы. Батыс Моңғолия, Тува елдерінде ғылыми зерттеу жұмыстарында болған. «Қазақтың соңғы Ханзадасының киіз үйінде», «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз әңгімелері және ертегілері» еңбегі оның түркі, моңғол ғылымына қосқан үлкен үлесі. Хакім Абай, оның інісі Халиулла Өскенбаев туралы да жазған. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы болса Григорий Николаевич Потанинге (1835 – 1920ж.ж.) өлең арнаған.

Біз едік қадірі жоқ ұл әкеге,
Көп жатқан мешел болып көлеңкеде,
Өл бітіп, жаңа ғана аяқ басып,
Іліндік біз де жетіп мерекеге.

Тойыңа шашу алып шаттанамыз,
Білдіріп жүрек лебін Герекеңе...

«Алдына Алаш тарту ұсынған Григорий Николаевичті» «А.Б.» қазақы құрметпен «Гереке» деп сыйлайды, құрметтейді[3,158]. Қазақтың жыр жауһарларының бірі «Ер Сайынды» Алаш атынан ұсынады. «Орамал тон болмаса да жолға жарар» деп тарту өлеңін арнайды. Қыр баласы - Әлихан Бөкейханов болса жырға соңғы сөз жазады. Қыр баласы екі ерт «Григорий Николаевич Потанин» атты ғалымның өмір жолынан мол дерек берген естелігін жазған. Әлихан Бөкейханов болса сол естеліктерін: «Қазақты туғанындай жақсы көрді. «Бейшарасың» деп қазаққа қорған болды. Өз ғұмырында қылған жұмысы, жүріп тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей», - деген сөздермен қорытындылайды.

Демек, қазақтың қос арысының кереметтей тарту сыйына, арнау сөздеріне ие болған Г.Н.Потанинмен біз де мақтанамыз, оның Алаш тарихына қосқан еңбегін құрмет тұтамыз, Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтың орыс ғалымына деген ыстық ықыластарына қайран қаламыз.

Ахмет Байтұрсынұлы ақын, көсемсөзші, ғалым, қоғам қайраткері ретінде көп еңбек еткен, осы салада мол мұра қалдырған, туған халқы үшін қалтқысыз еңбек еткен жан. Кезінде қазақ жастарының рухани көсемі танылған данышпан ойшыл.

Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ауыз әдебиетінде қалдырған - бұл еңбектері студент жастарға, жалпы әдебиет сүйер қауымға айырықша, мәңгілік қазына, әрі мәдени мұра болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер. - Алматы: Жалын, 1991. - 469б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 319 б.
3. Байтұрсынов А. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш. 6 том: Ер Сайын. 23 жоқтау, мақалалар. - 2006. - 228б.

АГРЕССИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Акылбекова Эльмира Акылбековна

аға оқытушы

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық, Қазақстан

Анатация. При гневе агрессивного ребенка необходимо попытаться изменить агрессивное состояние в позитивную сторону, создавая удобное общение с ними по возможности. Агрессия следует рассматривать эффективные пути для позитивного общения с детьми в конфликте. Эмпатия

через создание с детьми психологических условий, развитие доверительных качеств личности, сам психолог должен быть примером.

Ключевые слова: Воспитание, Сказка. Семья. Агрессия. Жанр.

Annotation. An aggressive child should be able to change their aggressive position with the best approach when working with them. Effective way of dealing with aggression is finding ways of effective communication with children. Empathy, the psychologist himself should be an example of the development of their own qualities.

Keywords: Education, Skazka. Family. Aggression. Genre.

Психология ғылымында психикалық құбылыстарының ішіндегі көп зерттелінген құбылыс эмоциялық құбылыс болып табылады. Дегенмен эмоцияның жан-жақты қырларының ерекшеліктерін әрбір жеке адам түрліше өткізетін болғандықтан психологтар арасында бұл мәселе үнемі шешімі шексіз болып қала береді.

Эмоциялық тұрақсыздықтың бір көрінісі – агрессивтілік адамның жеке тұлғалық қасиет ретінде де, эмоциялық жан күйзелісі ретінде де зерттелінеді. Сондықтан бұл мәселені зерттеу бірнеше бағыттан тұрады.

Психоаналитикалық бағыт – бұл тұжырымның негізін қалаушы З.Фрейд.

Ұзақ жүздеген жылдар бойы, оның теориясы қызу да қатаң тартысқа айналған. Фрейд еңбегінің арқасында агрессия және агрессивтілік моральдық тақырыптың ой тартысы, ғылыми сараптаманың негізгі объектісіне айналды. Фрейдтің бастапқы жұмыстарының тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті бұл тікелей болмаса жанама «эростың» ағыны, өмір инстинкті, өмірдің сақталып – мықтылануына бағытталған энергия көзі. Агрессия бұл тұрақты емес, алайда қашып құтыла алмайтын өмірдің бір бөлігі.

Бері келе заманға сай көптеген оқулықтарда көрсетілгендей агрессияның деректемесінің тәртібін психоаналитикалық анықтамада - «Танатос» деп көрсетеді. Танатос - өлім мен талқандалуға деген инстинкті қызығушылық, ұмтылыс. Фрейдтің ұғымы бойынша танатос бұл өлімге ұмтылыс, танатостың энергиясы жарық өмірдің аяқталып, талқандалуына бағытталған [1,586].

Үлкен қарама – қайшылықтың бір бағыты өмірдің сақталуы мен талқандалуы, ал басқа механизмдер қызмет етуі танатос энергиясының мақсаты, бағытталуы, өзінен бой алып, өзіме бағыттау. Фрейдтің тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті эрос пен танатостың арасындағы өзара қарым-қатынасы мен тартыс күшінің нәтижесі. Осылай танатос жанама себепкер болу арқылы агрессия сыртқа шығарылып, өзге біреуге бағытталады.

Агрессия, өзгеге бағытталу: Инстинк пен әлеуметтік норманың бір-біріне қайшылығы, қимылдың шектелуінен ішкі жағдайдың туу салдарынан агрессияның, яғни зорлықтың пайда болуы. Адам зорлықты өзіне, өзгеге және қоршаған сыртқы ортаға қатысты жасайды. Өмірге құштарлық және өлімге ұмтылуы, осы қарама-қайшылықтың түсінігі махаббат пен өшпенділіктің бірдей теңдігін көрсетеді. Өлімге ұмтылу зорлық-зомбылықты әкелсе, ал

махаббат агрессивтілікті (сексуалдық) тудырады. Фрейдтің агрессияны табиғи қайнар деп қарастыруы пессимистілік. Бұл әрекет тек туа бітіп қоймай, танатостың энергиясы іштен шықпай қалуы индивидтің өзін-өзі талқандалуына әкеліп соқтырады. Агрессияның сыртқа эмоция арқылы көрінуі, талқандаушы энергияның азайып, жеңілдеуін ыңғайлы тәсілмен сыртқа шығарылуы көңілге үміт ұялатады. Осылай әрдайым шығарылуы агрессивті мінез-құлықты, қызбалылықты, кекшілдікті, сарказм мен өсекке жақындылықты бойына сіңдіруі мүмкін [2,986].

Этиологиялық көзқарас: К.Лоренц агрессия – бұл ұзақ эволюциялық даму деп қарастырады. Лоренцтың ойы бойынша агрессия – бұл біткен инстинк, өмір сүру үшін күресу, бүкіл адамдарға және жануарларға тән қасиет. Адам бұл өзінің әрекеті табиғатқа тиесілі екенін түсінуі қажет. Агрессияны зерттей келе ол оны жануарлармен ортақ табиғи заңдылық деп қарастырады.

Агрессия генетикалы фонды жақсартуға көмектеседі, яғни күшті энергиясы мол индивидтер өзінің ұрпағын сақтап қала алады. Күшті жануарлар өз ұрпағын сақтап қалуға күші жетеді. Агрессивтілік бірлесе жасалған функцияның бірі. Осы мезетте жиналған энергияның саны, өнбойынан агрессияның сыртқы шығуына әкеледі. Басқа тіршілік иелеріне карағанда адамдарда бір-біріне деген зорлық-зомбылығы көбірек. К.Лоренцтің ойы бойынша бүкіл тіршілік иелерінде туа біткен инстинкті тартыстан басқа, ол өзінің ұмтылысын үстем ұстайтын мүмкіндікке ие және бұл мүмкіндік өзінің құрбанына қиянат әкелетін әрекетке тиесілі. К.Лоренц осылай тұжырымдай келе агрессияны құтыла алмайтын туа біткен күш деп қарастырады. Сондай ақ оның айтуы бойынша агрессияны жеңілдетіп, кейбір әрекеттерді бақылауға алуға болады. Оның жорамалы бойынша адам әртүрлі әрекеттер жасау арқылы, біреуге қиянат келтірмейтін жағдайлар, агрессия энергиясының қауіпті деңгейге дейін жинақталуын жеңілдетеді [3,606].

Лоренцтің тұжырымы бойынша – достық жылы қарым-қатынас махаббат ашық агрессияның ушығуын жауып жеңілдетуі мүмкін.

Аңшылық гипотеза: Адри - Голливуд сценарисі «эуеской архиолог», бірнеше кітаптар жазған. Адридің тұжырымдауы бойынша, іріктеп алу нәтижесінде аңшылықтың жаңа түрі пайда болуы: «Біз аштықта болмас үшін – шабуылдадық. Біз қауыпке лайықты қарсы тұрмасақ онда біз тіршілік етуді тоқтатар едік. Біз аңшылыққа анатомиялық және физиологиялық жағынан икемделгіміз». Бұл табиғи аңшылық адамзат агрессиясының негізін құрайды. Адридің тұжырымдауы бойынша осы аңшылық инстинкт адам миының дамуы – қару-жарактың шығуы, адамды бір-біріне шабуылдайтын тіршілік иесін құрайды [4,1066].

Э.Фроммның агрессияға көзқарасы: Агрессия – бұл өлімге, қайғыға ұмтылыс. Э.Фромм зорлықтың бірнеше формасын көрсетеді: ойын арқылы зорлық, біреуден кек алу үшін, сеніміне жай түскендей болған кезде, біреу-біреуді өз билігіне жүгіндіруі, оны қорғансыз объектіге айналдыру, оған ойына келгенін жасау, балағаттап, қорлау негізгі мақсат-қайғыруға мәжбүр ету. Адам өзі жаңа нәрсені біліп, шығара алмаған кезде, ол өз күшін

талқандауға жұмсайды. Яғни адам, дегені болмаған кезде зорлыққа, агрессияға жол береді. Адам бойындағы қайырымдылыққа, махаббатқа, сенімге көңілі қалған жағдайда, талқандауға кіріседі. Көңілі қалу өмірді жек көруге әкеліп соқтырады. Зорлық-зомбылық бір индивитке және топқа қатысты болуы мүмкін. Зорлық-зомбылық талқандауға бағытталса, ал өмірді қорғауға бағытталған – агрессия бұл басқаша түсінік. Реактивті зорлық-зомбылық өзінің бостандығын, мәртебесін қорғауға бағытталған, мұның негізгі мақсаты құрып – қалыптастыру болып саналады.

Сөйтіп Э.Фроммның белгілеуінше фрустрациялық қажеттілік пен құмарлық көпшілік арасында әдеттегі құбылыс, агрессия мен зорлық әрдайым көрініп отырады деп атап көрсетті.

Фромм зорлық пен агрессия проблемасын адамның әлеуметтік мінез-құлқы сұрағымен байланыстырды. Көпшілік топ өз индивитінің нақты ерекшеліктерін, сондай-ақ зорлыққа қатынасын мақсатты бағыттап қалыптастырады.

К.Ю.Юнгтің агрессияға көзқарасы: агрессия, зорлық-зомбылық санадағы санасыз адам психикасындағы қимыл әрекет деп түсіндіреді. Индивидтің дау-дамайы оның қорлықтан құтылмайтын түнек бөлігі, рухани талқандалуы, жеңуі, жаңаруы [5,1096].

Ал С.Розенцвейг – фрустрацияны шақыратын үш себебін бөліп көрсетті:

1. Мақсатқа жетуге қажетті нәрселер болмауы болмаса қажетін қанағаттандырудан айрылу «ішкі айрылу» және «сыртқы айрылу» болып бөлінеді. «Сыртқы айрылу» - фрустратор адамның өзіне байланысты емес; «ішкі айрылу» - фрустратор адамның өзіне байланысты.

2. Затты болмаса қандайда бір объектіні жоғалту, ертеректегі қанағаттың қажеттілігі.

3. Дау-дамай бір уақыттағы бір-біріне үйлеспейтін жағдай, тұрақсыз күй немесе қатынас.

Агрессия фрустрациялы жағдайдан шығудың бір жолы болып қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекмуратова Г.Т. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктері психологиялық тұрғыда зерттеу. Этнопсихология және этнопедагогика, конференциядағы материалдар тезисі. -А.2005 ж.
2. К.Бютнер. Жить с агрессивными детьми., 1996г.
3. С.Колосова «Агрессия и агрессивность» газета «Школьный психолог». 2000г. №26, 27, 28.
4. Н.Елікбаев, Қ.Рахметов Социализм және ұлттық психология., - 1978ж
5. Сафонова Т.Я. Цимбал Е.И. и др. Жестокое обращение с детьми. - М., 1993.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАСТАУЫНДАҒЫ ТҮЛҒАҒА ОБЪЕКТИВТІ КӨЗҚАРАС КЕРЕК

Нұрдәулет Ақыш

жазушы, ф.ғ.д.,

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері*

Аннотация. В данной статье проанализированы произведения И.Алтынсарина, посвященные детской литературе.

Ключевые слова: личность, взгляд, объектив, духовный, литература.

Summary. This article analyzes the works of I.Altynsarin devoted to childrens literature.

Keywords: personality, vision, objective, spiritual, literature.

Өзім әдебиетке «Ыбырай Алтынсарин қазақ жазба әдебиетінің бастау көзінде тұрған тұлға» деген тұжырымға қалытқысыз сеніп келдім. Оны дәлелдейтін нақты шығармашылық фактілер жеткілікті екен. Ыбырайдың құрастыруымен «Қазақ хрестоматиясының» алғаш рет кітап болып басылып шығуы – 1879 жыл. Ал оған енген көркем дүниелердің алдын ала даярланып, кейбіреулері тіпті бірнеше жыл бұрын жазылғаны да хронология қуалап отырған адамға жақсы белгілі. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринды қазақ жазба әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының негізін қалаушы деп батыл түрде айтуға болады.

Басып шығару барысында осы «Қазақ хрестоматиясының» құрылымы туралы автор «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде былай деп жазыпты:

«Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруды ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінеді:

1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары.

2. Әртүрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4. «Қазақтың мақал мәтелдері» (1, 81). Әрине, әлі жазбаша әдебиетіміз өмірге келе қоймаған, қазақ авторларының кітап шығару тәжірибесі болмаған уақытта, оның үстіне әдебиет теориясы туралы ғылыми түсінік мүлде жоқ кезеңде автордың кітаптағы шығармаларын бұлайша қарапайым әдіспен жіктеп көрсетуі түсінікті жағдай. Енді бұл хрестоматияға енген прозалық туындыларды жанрлық талаптар тұрғысынан алып қараған кезде, ғылыми қалыптасқан жүйе бойынша басқаша жіктеп қарастырғанымыз қисынды болмақ.

Хрестоматияға кіретін әр алуан көркем туындыларды тандап, іріктеу барысында Ы.Алтынсарин ең алдымен олардың тәрбиелік-тағылымдық және танымдық қырларына баса көңіл аударғаны байқалады. Оларды тек жалаң жазушылық интуициямен ғана емес, интеллектуал педагог, ағартушы

қаламгер ретінде сараптай білгендігі көрінеді. Өзінің төл прозалық туындыларына да сондай жоғары талаптар қойғаны да даусыз.

Сондықтан да көрнекті ағартушы, жазушымызды тек прозашы деп жалпылай бағалаумен шектеліп қалмай, ол кісінің жазғандарын жанр бойынша жүйелеп көрсететін уақыт келді деп білеміз. Бірінші, мысалдар мен ертегілері... «Тышқанның өсиеті», «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Жан-жануарлардың дауласқаны» және т.б. Тіпті бұлардың кейбірінің сюжеттік қаңқасы кәдімгі қазақ ертегілерінің ішіндегі жан-жануарлар туралы ертегілерді еске салады.

Екінші топтағылар – аудармалары мен сюжеттік өзегі басқа ұлттардың өмірлерінен алынған шығармалар. Оларға жататындар - «Талаптың пайдасы», «Алтын шеттеуік», «Мейірімді бала», «Силинші деген ханым», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Үнді», «Асыл шөп», «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Ақымақ дос», «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ», «Жамандыққа жақсылық», «Тәкаппаршылық», «Сақып», «Данышпан қазы», «Үш ұры» және т.б. Бұл әңгімелердің мазмұны басқа ұлттардың өмірінен, атап айтқанда, соның ішінде орыс, ағылшын, араб, қытай, тіпті өзімізбен көршілес өзбек халықтарының өмірінен алынғандығы көрініп тұрады. Өйткені оларда, ең алдымен сол ұлттардан шыққан нақты тұлғалардың есімдері аталып отырса, екіншіден, белгілі бір ұлтқа тән тұрмыстық штрихтардың қолданылғандығын байқаймыз.

Үшінші топтағы дүниелер – таза қазақ топырағында туған автордың өзінің төл шығармалары. Бұлардың ішінде «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Сәтемір хан», «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Полкан деген ит», «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Оқудағы балалардың үйлеріне жазған хаттары», «Таза бұлақ», «Әдеп», «Зеректік», «Жомарт», «Салақтық», «Сараңдық пен жинақылық» тәрізді туындыларын атап өткен жөн.

Бұл аттары аталған туындылары Ы.Алтынсаринның атақты хрестоматиясына «Уақ әңгімелер, балалар турасында», «Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер» деген ортақ тақырыптармен жарияланған екен. Яғни, автор жіктеу барысында шығармалардың жанрларына қарап емес, оқырмандардың жас ерекшелігіне орай жүйелеген. Сонымен бірге хрестоматияның сол алғашқы нұсқасына «Қарлығаш», «Тазша бала», «Алтын айдар» тәрізді ертегілері енбей қалғаны айтылып жүр. Оған, әрине, белгілі бір себептер әсер еткені сөзсіз. Сонымен бірге бұл аталаған ертегілер Ыбырайдың өзінің төл туындылары емес, халық аузынан жиналып алынған дүниелер деп тұжырымдауға негіз бар.

Ұлы бабамыз туралы зерттеу еңбектерімен танысқаным да – сол мектепте жүрген жылдары. Сонда қолыма Ә.Дербісәлиннің бір жасыл тысты кітабы түсіп, қайталап оқи бергенім есімде. Толық түсінбесем де, Ыбырай әлеміне біртіндеп енуіме мұрындық болған да – сол еңбек. Шығармаларына қалай жіктеу жұмыстары жүргізілгені де қызықтыратын.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұсынуымен 1994 жылы «Ғылым» баспасынан Ы.Алтынсаринның таңдамалы

шығармалары жарық көрген болатын. Оның соңында берілген «Түсініктерінде»:

«Осы тұста бір ескерте кетер жай: бұл тарауда автордың біз өзі жазған шығармаларымен қатар, сондай-ақ, хрестоматия иесінің ел аузынан жинап, алғаш рет өзі хатқа түсіре отырып, ұстартқан, сондықтан, өзі авторы секілді қабылданып кеткен, арғы түбі халықтық прозаның қатарына жататын ауыз әдебиеті нұсқаларын да Ыбырай Алтынсаринның өз туындылары ретінде беріп отырмыз» (2,275) делінген. Бұл осыдан 22 жыл бұрын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылған пайымдау.

Енді бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың биігінен қарай отырып, мүмкіндігінше объективті тұжырымға жүгінген дұрыс сияқты көрінеді. Ыбырай өзі жинастырған, сөйтіп өзі кітабына енгізген шығармаларды сол қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілері деп санасақ қайтер еді? Ондай басы ашық дүниелерді Ыбырайға зорлап телігеннен не ұтпақпыз не деген ой келеді. Өйткені осы күнге дейін ауыз әдебиетінің толып жатқан басқа үлгілері жинастырылды ғой. Бірақ олардың авторлығын сол жинаған адамдарға телу тәжірибесі етек ала қоймағанын ескерсек, осындай тоқтамға келгеніміз дұрыс сияқты.

Осы уақытқа шейін Ы.Алтынсаринның прозалық шығармалары жанрлық жағынан толық жіктеліп болды деп айта алмасақ керек. Мысал үшін алғанда, көптеген зерттеушілер «Қыпшақ Сейітқұл» шығармасын таза көркем әңгіме түрінде қарастырып келеді. Мысалы, Академик Қажым Жұмалиев «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесіндегі отырықшыландыру мәселесі Алтынсариннің негізгі нысанасы – ағартушылық мәселесіне де дәл келді» (3,261) дейді. Әдебиеттің үлкен теоретик маманы осылай деп отырғаннан кейін басқа зерттеушілердің де осы ұстанымды негізге алғаны байқалады.

Бегежан Сүлейменов: «Мәселен, «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде еңбекші халықты кедейшілікке ұшыратып, орасан зор зиян келтірген барымтаны әшкерелей отырып, іс жүзінде ол феодалдық-патриархалдық қоғамның әдет-ғұрпына, соны жасаушыларға үкім шығарады» (4,48) деп, бұл шығарманың әңгіме екендігіне шәк келтірмейді.

Ал тарихшы Тілеш Шойынбаев өзінің «Халық мақтанышы» деген мақаласында осы туынды турасында: «Қазақ елдің отырықшылыққа айналдырумен қатар, оның егін кәсібімен шұғылдануға жағдай туатынын, шаруалар бірігіп күш қосса, олардың тұрмысының оңалатынын үгіттеп, «Қыпшақ Сейітқұл» деген көркем әңгіме жазды» (5,182) деп, оның көркем дүние екендігін одан арман тереңдете түседі.

Ал осы шығарманың мазмұнына зерделей үңілсек және онда аттары аталатын персонаждардың өмірде болған-болмағанына мән беріп сараптап қарай болсақ, жарлық тұрғыдан басқаша қорытындыға келеміз. Өмірде орын алған нақты оқиғаны қысқаша баяндап бергендіктен, әрі жазылу формасына қарап, бұл туындының жанрын «көркем очерк» деп таныған жөн деп білеміз. Бұлайша нақтылап жіктеп көрсетуден Ы.Алтынсарин шығармашылығы ортайып қала қоймас еді.

Төртіншіден, кейбір шығармаларды көсемсөз жанрындағы туындылар деп бөлек қарастырсақ дейміз. «Қыпшақ Сейітқұл», «Надандық», «Киіз үй мен ағаш үй» қазақ көркем көсемсөзінің бастауынан көрінеді деп айтуға болады.

Жазушының кей шығармаларының өзегіне айналған сюжеттер –өзі көзімен көріп, қуә болған және белгілі бір дәрежеде әсер еткен жағдаяттар. Айталық, «Полкан деген ит» әңгімесі «Біз оқып жүрген шағымызда, ұстазымыздың қорасында бір Полкан деген зор ит бар еді» (90-б. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.) деп басталса, келесі бір туындысының алғашқы жолдары «1876 жылда, мен судьялық орнымда тұрғанымда, екі ептеш адам бір бірімен ұрысып, арызға келді» (1,126) болып келеді. Осы айтылғандарға қарап бұл шығармалардың сюжеттік өзегі нақты оқиғаларға құрылғанын байқау қиын емес.

Жалпы Ы.Алтынсаринның прозадағы стилі халық ауыз әдебиетінің үлгісіне жақын болып келеді. Қазақтың жазба прозасында жазу стилі әлі қалыптаспаған кездегі алғашқы машықтардың үлгісін байқаймыз. Олай болуы заңды да. Автордың жазу мәнері ұзақ сонар баяндауға негізделмеген, көлденең жайттарға, артық суреттеулер мен психологиялық толғаныстарға көңіл бөліп жатпастан, бірден оқиғаның өзін қысқаша баяндап беруге бейім. Соның өзінде шығармашылық бет бағдары анық. Мәселен, кітаптың жарты бетінен сәл ғана асатын «Үнді» атты әңгімесінде жазушы бір үндінің ағаш басында ілулі тұрған етінің ұрланып кеткені жайында баяндайды. Шығарманың бірінші мақсаты – жас оқырманды байқампаздыққа, тұрмыстық зеректікке баулу.

Ұрлық болған жерді бір рет тексеріп шыққан үнді көшедегі адамдардан «- Аласа бойлы, қолында қысқантақ мылтығы бар, соңында тарақ күйрық кішкентай иті бар, бір қарт адамды көрдіңіз бе?» (1,132) деп сұрастырып отырып, ақыры ұрыны тауып алады.

Басқа шығармаларының да жазылу сипаты осы мәнзелдес.

Осы айтылған мысалдардың қай-қайсысы да Ы.Алтынсарин туралы көркем шығарма жазуымызға түрткі болғаны сөзсіз. Әрине, тек ол кісігі қатысты еңбектермен шектеліп қалмай, басқа мақалалар мен кітаптардан да жанама фактілер тауып жүрдім. Ыбыекен туралы романға кірріскенім – өзім әбден үлкейген шағымда. Енді шығарманың мазмұнын айтуды бұл жерде қажет дептаппай отырмын. Оқыған адамдар өздері бағалай жатар.

Бір сөзбен айтқанда, Ыбырай Алтынсарин – шын мәнінде қазақ жазба әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының бастауында тұрған ірі рухани тұлға. Және прозаны жай ғана жазып қоймай, оның эстетикалық болмысын жете түсіне отырып, көркемдікпен көмкеріп, келістіріп жаза білген талант иесі. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Көркем әдебиетті насихаттайтын сайты қазақтың ең үздік 100 әңгімесі атты ашық Жобасын жариялаған болатын. Соған мен өз тарапымнан Ы.Алтынсаринның «Бай баласы мен жарлы баласы» және «Таза бұлақ» атты екі әңгімесін енгізу жөнінде ұсыныс жасадым. Ұлы тұлғаның қаламынан туған асыл дүниелер алдағы уақытта да осылайша ұлықтана берер деген үміттемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Сөз басы/Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.)
2. Тілепов Ж. Түсініктер/Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.) 288 б.
3. Жұмалиев Қ. Ы.Алтынсарин – педагог, жазушы./ Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б. ,
4. Сүлейменов Б. Ыбырай Алтынсаринның өмір жолы және қызметі /Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б., 182-б.
5. Шойынбаев Т. Халық мақтанышы/Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

МҰҒАЛІМ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ!

Аскарова Лагыл Самаркановна

Ақмола облысы «Целиноград аудандық білім бөлімінің «Қажымұқан ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация. В докладе представлены выдержки из профессионального опыта учителя начальной школы, который хочет, чтобы ее ученики наслаждались каждым днем в школе и вдохновлялись возвращаясь домой, а также учитывается важность создания среды, способствующей успехам для каждого ученика.

Annotation. The report highlights the importance of creating an environment conducive to success for each student with excerpt from the professional experience an elementary school. Teacher who wants that students be happy and inspired to return home for each day they spend in school.

Мұғалім – мен үшін мамандықтан гөрі, өмір сүру қағидасына жақынырақ сияқты. Ал, шеберлік кездейсоқ кездесетін сәттілік емес, ол жылдар бойы ізденуден қалыптасқан еңбектің нәтижесі. Еңбегіңнің нәтижесін көргенде қиындықтар ұмытылып, өмірге қайта келгендей боласың. Мұғалім өз жұмысын жетік білуі, сондай-ақ өз мамандығын, өзі беретін пәндерді жақсы көрумен ғана шектелмей, балаларды шексіз сүюі керек деп есептеймін. Алдындағы оқушыларға сүйіспеншілігі болмаса, ол мұғалім қанша жерден мықты маман болғанмен, оқушыларын шабыттандыра алмайды, білім шыңына жетелей алмайды. Өзін-өзі жетілдіріп, үнемі алдына мақсат қойып, тың идеялар мен өзгерістерге құмар мұғалім әрқашан жаңа бір белестерді бағындырып отырады.

Міне, 21 жыл ұстаздық қызметте жүріп, «Ұстаз болу – жүректің батырлығы...» деп басталатын өлеңнің шын мәніндегі мән-мағынасын енді түсінгендеймін. Осы жылдар аралығында өзімнің ұстаздық жолды бастаған

уақытта жол сілтеген тәлімгеріме, әріптестеріме, әсіресе, оқушыларыма алғысым шексіз. Себебі, алғашқы күннен-ақ оқушыларыма жаңалық көрсетсем, таң қалдырсам, шабыттандырсам деген тілекпен бір күнім екінші күніме ұқсамай, өзіме қояр талабым көбейді. Сол арқылы жаңа әдістер үйрендім. Заманауи балаларды қызықтыру үшін жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, оларды тиімді пайдалана білу де керек. Әр сабақ үстінде өтілетін жаңа тақырыпты, оқушыларға жаңалық болатындай, қызықтырып жеткізуде педагогикалық шеберлік маңызды. Кейбір қиын тақырыптарды қызықты етіп меңгерте отырып, оқушыларды шығармашылыққа, дербестікке үйретумен қатар, топпен жұмыс жасай білу, сол арқылы бәсекеге қабілеттілікке баулу бастауыш сыныпта қалыптасады. Топпен жұмыста өз ойын, идеясын дәлелдей отырып, көшбасшылық қыры ашылады. Ауызша жұмыстар мен жазбаша жұмыстарды кезектестіре отырып, сергіту сәттерін ұтымды пайдалану, практикалық жұмыстарды қолдана отырып, салыстыру, талқылау, талдау, бағалау оң нәтижесін береді. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы болғандықтан, сабақта ойын, денсаулық сақтау технологияларына басымдық беремін.

Менің сабақта ұстанатын ұраным: «Әр оқушы үшін жетістікке ұмтылу жағдаятын туғызу». Бұлай дейтінім, әрбір оқушы өзінше талантты, өзінше дарынды. Тек сол талантты көре білу керек деп ойлаймын. Өмірлерінің бір бөлшегі өтетін мектепте барынша жайлылық туғызу сынып жетекшісі ретінде тікелей маған байлынысты. Сондықтан сол жайлылықты жасау үшін әр оқушымен ашық, әділ, шынайы болуға тырысамын. Сонда ғана олар маған еркін келіп, қарым-қатынас жасай алады. Мен өз оқушыларымның сабақта, сабақтан тыс әр уақытта еркін ойлы болғанына қуанып қана қоймай, олардың сол белсенділіктерін түрлі сайыстарда көрсетуіне жағдай жасаймын. Оқушыларым облыстық, республикалық деңгейлердегі шығармашылық байқауларға жүйелі түрде қатысып, жүлделі орындарды иеленуі соның айғағы. Бұл олардың өздерінің мүмкіндігіне сеніп, жеткен жетістіктерінен ләззат ала отырып, болашаққа нық қадам басуларына итермелейді.

Мен оқушыларымның мектепте өткізген әр күніне қуанып, үйлеріне шабыттанып қайтқанын қалаймын. Сонда ғана олардың ата-аналары үміттеніп өсіріп отырған ұл-қыздарының болашағына сеніммен қарайды. Бұл сенім мені қанаттандырады. «...Ұстаз болу – адамның асылдығы!...» деп ақын жырлаған сезім осындай болса керек-ті!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Сөз басы / Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.)

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Әбікен Жансая

БҚТ-41 тобының студенті

Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ

Ғылыми жетекші: Аuezова Ш.С, аға оқытушы, магистр

Арқалық қаласы

Аннотация: В статье рассмотрено применение лексики в произведениях Ибрая Алтынсарина. Устаревшие слова в произведениях Ибрая Алтынсарина, связанные с обычаями и традициями народа, были исследованы по их лексической значимости, изучены слова с диалектическими и фонетическими особенностями.

Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, лексика, лексические пласты, устаревшие слова, культура языка народности, диалект, фонетика.

Abstract: Ybray Altynsarin's article considers the lexical meaning of use of words. The obsolete words in the works of YbrayAltynsarin, connected with wstoms and traditions, were examined from the lexical point of view.

Along with this were the words in works with dialectical and phonetic features.

Key words: Ybray Altynsarin, lexical, lexical layers, obsolete words, cultyra of national language, dialect, phonetika.

Ыбырай шығармаларының лексикалық құрамын қарап отырсақ, сол бір шағатаизммен тіліміздің шұбарланған кезінің өзінде оның шет тіл элементтерін өте аз қолданғанын және оларды еш уақытта орынсыз жұмсамағанын көреміз.

Ыбырай қоғамдық тіршілік пен өмір құбылыстарын таразыға тартып, олардың жас буын білім, нәр алар деген, тәлім-тәрбие, ғибрат берерлік жайларын шеберлік көрігінен өткізіп, бейнелеген жазбаша көркем шығарма ұсынды дедік. Онда, негізінен, қазақ тұрмысы суреттелді. Сондықтан да біз Ыбырай шығармаларын, оның тіл өрнегін өткен өміріміздің куәсі ретінде қабылдаймыз. Оның сөз өрнегі сол тұстағы тұрмысты айқындай түседі. Сондықтан Ыбырай шығармаларын тарихи мұра ретінде бағалаймыз. Бұл ретте Ы.Алтынсариннің хрестоматиялық материалдарымен қатар, басқа да еңбек, мақалаларын ескердік.

Қазір кемелденген жазба әдебиетіміздің, атап айтқанда, педагогикалық мұралардың, публицистика, поэзия, проза жанрларының алғашқы үлгісі Ыбырай қаламынан туған еді. Олай болса, Ыбырай шығармаларының тілі – көне тұрмыс куәсі.

Ыбырай шығармаларында кездесетін көнерген сөздерді бірнеше салаға бөліп қарауға болады:

1. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты сөздер.

Шанаиш – ешкі терісінен істелген ас құятын ыдыс. Мысалы, Қыз тұрып *шанаиштан* бір уыс тұз алып, бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды.

Қазір бұл сөз ауыспалы мағынасында болмаса, тікелей өз мағынасында жұмсалмайды.

Жылу - сөзі бұрын жәрдем, көмек мағынасында жұмсалатын. Мысалы, Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй үшін *жылу* жиямыз деп, әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырға ұмытып далада қалдырыпсың деп, қатты ұрсып тұр екен. Бұл сөз де қазір қолданылмайды.

Барымта - жаулық, өшпенділік салдарынан екі рулы елдің бір-бірінен мал айдап әкетуі, дүние-мүлкін шауып алып, сіңіріп кетуі. Мысалы, Қыпшақ Сейтқұл отыз үйлі тобырымен жұрттың аттаныс, *барымтасы* бар уақытта, бұл отыз үйлі кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Тағы бір жерде: «... *барымтамен* мал алсам бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Осы сөздің екі рулы елдің жауласуымен бірге ұрлық-қарлық деген қосымша мағынасы да бар сияқты. Мысалы, *Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық барымтаны әдет еткен*. Соған қарағанда, аз да болса мағыналық айырмашылықтары бар осы екі түсінік сол XIX ғасырдың екінші жартысына тән лексика болуы керек.

Жамағат - «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» - халық, көпшілік деген мағынадағы ескі сөз екені айтылады. Ал Ыбырай оны туыс, жақын-жуық түсінігінде қолданған. Мысалы, ... *жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс*.

2. Мал шаруашылығына байланысты: Діни ұғым бойынша сиыр малының атасы - *Зеңгі баба*; *түйе атасы* - *Ойсыл қара*:

Қорлама кем адамды болсаң дана,

Қарыпты құдай сүйсе неді шара?!

Ер болған сиыр бағып Зеңгі баба,

Бір болды түйешіден Ойсыл қара.

Ыбырай шығармашылығында әдет-ғұрып ерекшеліктеріне, салт-санаға байланысты көнерген сөздер де бар. Бұл жерде айта кететін бір жайт - Ыбырай шығармаларындағы көнерген сөздерді зерттеуде «Қазақ хрестоматиясы» мен «Орынбор ведомствосы» қазақтарының қыз ұзатып, құда түсу әдеттерінен очерк» деген еңбектерін пайдаландық. Ыбырайдың соңғы аталған еңбегі - ескі әдет-ғұрыпты таныстыратын тарихи документ. Бұл еңбек негізінде орысша жазылған да, ұлттық ұғымды білдіретін кейбір терминдер ғана қазақша берілген. Төменде осы қызықты материалдан қазақтың әдет-ғұрпына байланысты сөздер келтіріп, Ыбырайдың орысша берген түсініктемесін сол күйінде бергенді жөн көрдік [1].

Жесір сөзінің сол кездегі мағынасы қазіргіден басқашарак. Бұрынғы кезде әйелі өлген еркек те жесір деп аталған. Тағы да бір қызығы, ол еркек жесірлігі үшін екінші үйленбекші әйелінің (қалындығының) шешесіне белгілі мөлшерде ақашалай айып төлейтін болған.

Ұйсынық - егер жесір еркек тұрмысқа шықпаған қызға құда түссе, туыстары оны кемсініп ұйсынық деп атаған.

Бәйбіше - алғашқы алған әйел.

Тоқал - бәйбішеден кейінгі әйел.

Қалың мал - күйеудің әке-шешесінің қалыңдықтың үйіне сыйлық ретінде беретін 47 ат.

Бас жақсы - күйеуден қалыңдыққа бас киім дайындауға беретін сыйлық (сол кездегі ақшамен 500,600 сом).

Ілу - құда түскеннен соң екі-үш жылдан кейін күйеудің қалыңдықтың туыстарына әкелетін бағалы сыйлығы.

Ұрын келу - күйеудің қалыңдықтың үйіне алғаш келуі.

Тәжім - күйеудің екі қолын төмен түсіріп, иіліп сәлем беруі.

Отағасы - құда түскендегі ең үлкен құда.

Екі тоғыз - тойға келген құдалар жақтан күйеу атынан ерттеулі атпен қоса екі рет тоғыз бөлектен әкелінетін сыйлық.

Тартыс - ұлттық ойын. Ойында күйеу мен қызды кездестіретін алдында екі жақтың адамдары бөлініп қызды тартысады. Күйеу жақтың адамдары жеңіп шығуы керек.

Қыз ашар - күйеудің қалыңдыққа ат, не жақсы шапан ретінде беретін сыйлығы.

Кемпір өлді - қалыңдықты күйеуге әкелердегі есіктің алдында көлденеңдеп өліп жатқан болып алатын ырым.

Ит ырылдар - қалыңдықты төсекке қарай жібермей, қабатын ит сияқты болып жатып күйеуден алынатын ырым.

Сәукеле - тойдан кейін бір жыл бойына киетін қалыңдықтың бас киімі.

Сүт ақы - қалыңдықтың анасына берілетін сыйлық (бір түйе)

Жанама жақсы - бұл да осы сыйлыққа қоса беріледі, тікелей көрсеткіші жоқ. Әркім өзінің халіне қарай.

Танысу - қалыңдықтың кетердегі туыстарымен қоштасуы (туыстары қызға халінің келгенінше сыйлық береді)

Сәлем - тұңғыш босаға аттаған келінді күйеудің туыстарымен таныстыру. Бұны бет ашар деп те атаған.

Май құю - бұл қыздың үйінде де, күйеудің үйінде де жасалатын ырым. Күйеуге не келінге отқа май құйғызып, от әулие, май әулие деп тұрған адамдардың бәрі сиынады екен.

Көне дәуірден мәлімет беретін Ыбырай еңбектерінің қатарында «Орынбор ведомствосы» (1870) деп аталатын тоғыз беттік мақала-очеркін деп атауымыз керек. Мысалы, *исхат* деген сөз, автордың түсіндіруі бойынша, адам өлгеннен кейін оның тірі кезіндегі жіберген қате-күнәларын молдаға сату әдет-ғұрпын білдіреді. Адам жай күндері өлсе, исхат күніне 30 қадақ астықпен өлшенеді де, ораза (бұрынғыша рамазан) айында өлсе, 35 қадақ астықпен төленеді. Сонда бұл исхат әрекеті адам өлгеннен кейінгі әдет бойынша (365 күнге созылса), өлген адамның артында қалған үйелменінің не туған-туысқандарының (астықтай 277 пұт 20 қадақ) молдаға төлейтін төлемі.

Ыбырайдың баяндауы бойынша, бұл іс-әрекет былай орындалады: «Өліктің бас жағына оның артында қалған баласы не туысқандарының бірі отырады, аяқ жағына қолына құран ұстаған молда отырады. Содан кейін өліктің туысы қолындағы беретін затын молдаға ұсынып: «Мен әкемнің не..

ораза уақытында, намаз кездерінде жіберген күнәларын көтересің бе?» - деп сұрайды, молда оған «... көтеремін», - деп жауап беріп, жаңағы ұсынған затты (астық, мал түрінде болуы да мүмкін) алады. Осылай өлік өлген күннен бастап, бұл әрекет 365 күнге созылады». Ыбырай бұған байланысты мынайдай ескерту жасайды: «Шариғат заңы бойынша, жоғарыдағы әдіспен өліктің денесі арқылы оның бағалы заттарын, киімдерін де береді. Әсіресе осы әрекет соңғы кезде Ордада етек алып келеді», - дейді. Соған қарағанда, осы әдет-ғұрыптың өзі сол кездің өзінде өзгеріп келе жатқанын Ыбырай ескертіп отырған сияқты.

Жаназа - өліктің молаға әкетердің алдында молдалардың бас қосып дұға оқуы деп түсіндірілген.

Бақан, піспек - әйел адамның басына қойылған ескерткіштің төбесіне, баланың ескерткішінің басына бесіктің белгісі салынатын болған.

Қара - өлген ер адамның артында қалған әйелінің, қызының ас өткенге дейінгі басына салып жүретін қара матадан жасалған бас киім. Бұл бас киімді тек өліктің асынан кейін ғана біреу шешіп алатын болған.

Дауыс - өліктің асы берілгенге дейін күнде таңертең ертемен әйелінің, қызының, туыстарының беттерін киіз үйдің керегесіне қаратып, қосылып жылап тұрып айтатын қайғылы өлеңдері.

Аза - жақын-жуықтарының көңіл айтуға келгенде жылқылай, түйелей әкелетін көмектері. Ол екі, үш кейде, жеті-он жылқы не түйеге жеткен.

Бата - көңіл айтуға келген адамдардың оқитын дұғасы.

Әдет-ғұрыпты, ескі салтты көрсететін көнерген сөздер «Қазақ хрестоматиясында» өте аз кездеседі. Оның себебі бұл кітаптың көбіне балалар оқитын оқу құралына ыңғайланып жазылғандығынан болу керек. Бұл еңбектегі салт ерекшелігін көрсететін сөздер мыналар ғана: *түлкі байлау, неке қию, сүндет, ысқат*. Мысалы, *Қазақшылық әдетте жасы үлкенге мұндай соғып алған түлкіні байлаушы еді, мынау бала бізге байламайды деп, заманындағы ханына арызға келісіпті. Молда жазу да танымайтын дадан сарт екен, балалардың қолына қағаз беріп, шимайлап оқытатын оқуы: - Неке қияр ат болыр, бала туса шат болыр - оған асыл зат болыр, ат қояры семіз ат, сүндет басы үш түйе, ысқат деген бес түйе*.

Ыбырай бұл сөздердің қай-қайсысын қолданса да, надан молданы келеке қылып, осындай жат істермен айналысып, халықты алдайтынын әшкерелеп отыр.

Әлеуметтік қоғам өміріне, әкімшілік, ел басқару істерімен байланысты сөздер:

Патса: Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патса болған.

Патсазада: Патсазада мұны көріп, мұңсыз кісі таптым деп патсаға хабар берді.

Хан: Бұл сөзбен мұны ханға алып келісті.

Ханым: ... хан ханымсыз болмас, ханым ханымсыз болмас, құс мойынсыз болмас, олай болса ханым сіздің мойыныңыз деп оған қаздың кеңірдегін кесіп алдына қойды.

Уәзір: Қызылбас патсасының Абдулла деген уәзірі бар еді.

Тақ: *Азған елдің хандары,
Тақ үстінде отырғандары-
Жарлыдан алып байларға
Сыйлар берсе керек-ті.*

Таж - Біреуі айтты: - мен ақ боз атқа мініп, алтын таж киіп, көкке ұшып жүр екенмін.

Жасауыл: Патса қуанып, жасауылдарын жберді, ол мұңсызды алып келіңіз деп.

Би: -Аа! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің, алдыңа келсе, әділдігіңді аяма, аймағың кетпес алдыңнан...

Қазы: Сен болысты күнә деп білсең кітабыңды көрсет, болмаса қазыға алып барып жазаландырамыз...

Қожам: Аю жылап айтты дейді: -Қожам мені баласындай күтіп, асыраушы еді, ол ауырған уақытта мені күткен кісі болмай, қожамның жазылуын күтіп зарықтым.

*Азған елдің қожасы,
Қыдырып келер есікке...*

Ұлық:

*Азған елдің хандары,
Ұлық тұтар басын-ай,
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын-ай.*

Мырза: Бір мырза орманнан бір аю баласын ұстап алып, үйіне алып келіп, сонша жақсы күтіп асырапты.

Төре: Жаздың бір әдемі күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштар мен гүл жапырақтарын көріп жүрді. .. ұялып, тақсыр, жұрмеңіз, мұның төресін оңдап бере алмай.

Соңғы екі мысалда, төре сөзі екі мағынада айтылып отыр. Біріншісі - феодалдық қоғам туғызған үстем тап мағынасында, екіншісі - билік, шешім деген мағынада жұмсалып тұр.

Ескі діни нанымға байланысты:

Құдай:

*Бір құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық.*

Ыбырай шығармаларында құдай сөзі әр түрлі сипаттағы сөздермен тіркескен күйінде кездесіп отырады. Сірә, бұл сол кезге дейін де, сол кез үшін де тұрақты тіркеске айналып кеткен болуы тиіс. *Жаратқан құдай, құдай рақымы, құдайдың құдіреті т.б.* Бірақ бұл қолданыстардың қай-қайсысын да Ыбырай өзін қоршаған ортаның ескі нанымына байланысты, жаратушы дүлей күш бар деген сеніміне әсер ету үшін жазған болса керек.

Сол сияқты:

*Істің болыр қайыры
Бастасаңыз алдалап,
Қорек тап бейнеттен де тәңірім жәрдем*

Телмірме бір адамға мұздықпенен, дегендегі Ыбырайдың алда, тәңірім, жәрдем сөздері құдай сөзімен синонимдік қатар түзеп қолданылып отырылады. Атауы басқа-басқа болғанмен, мағынасы бір әр түрлі тілден енген осы құдай, алла, тәңір сөздері сол Ыбырай заманында жарыса, актив қолданылған болу керек. Өйткені оның шығармаларынан жиі кездесіп отырады.

Ыбырайдың еңбектерінде мұсылман дініне тән *Пайғамбар, Қыдыр ата (әулие, болжағыш)* діни атақ мағынасын білдіретін *әзірет, қазірет* деген сөздер кездеседі. Бірақ бұлар өте аз қолданылған.

Бір мысал келтірелік. *Үсен айтты: - Жоқ, әкем: үйрек-қаз, адал құстар, мұқтаждықта құдай-тағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады, бірақ тірілей байлап-матап әуре ету обал,- деп үйретуші еді.*

Осы мысалдағыдай, оқу-өнерді уағыздап, Үсеннің әкесі сияқты көпті көрген, аз еңбегімен өмірдің ащы-тұщысын тани білген еңбек адамын үлгі тұтып, айналасындағыларға әрдайым қайырымды бол, қолыңнан келсе, пайда келтір деп ағынан жарылып отырған Ыбырайдың құдай сөзін пайдалануы халықты өзіне қаратып алу үшін керек болғанға ұқсайды. Алайда оның жалпы дінді уағыздаушыларға қарсы шығып, олардың қиянат істерін халыққа әшкерелегені әркімге аян. Сол үшін де Ыбырай қуғын көрген ғой.

Ыбырай молда сөзін екі түрлі мағынада қолданған. Біріншісі - оқыған, медреседе сабақ берген молда. Оны Ыбырай шын молда деп есептейді. Мысалы, *бір күндерде сол елге бір шын молда келіп, әлгі бала оқыған медресеге келіпті. Екіншісі - оқуы жоқ, тек басты айналдыратын, алыммен күн көретін, арамза молда. Мысалы, Сонда арамза молда жалма-жан бір балаға, келген молдаға есіттіріп, сабақ берді дейді: Е-е, ме-е демелік, өзге былыш не керек, он бес түйем, бір атым, жартысы сенікі, жартысы менікі.*

Ыбырай осы молдалардың қай-қайсысын да жек көрді. Олардың іс-әрекетіне ашықтан-ашық қарсы шығып, қара қауымды солардың жалған қылықтарынан сақтандырып отырды. Сол мақсатта ол мынадай діни сөздерді қолданды: *бақсы, қақтыру, жын-бәлекет, тұмар т.б.* мысалы,

*Бас ауырса бақсыларды
Алып келіп бақтырарсың,
Жазықсыз жануарды сойып,
Өкпеменен қақтырарсың,
Жын-бәлекет қашады деп,
Тұмар алып тақтырарсың,-*

деген Ыбырай, молдалардың көз бояушылық әрекетінен ешқандай нәтиже шықпайтындығын білдіріп бұл өлеңін былай аяқтайды:

*Білмес надан еткен істен
Ешбір қайыр табылмас.*

Ыбырай шығармаларын оқып отырсаңыз, *ораза, намаз иман, дуа, тауба, ұшбақ, хор, қызы, дозақ* сияқты көнерген сөздер кездеседі. Автор бұл сөздердің кейбіреуін халық аузында айтылып, түйреншікті болып кеткендіктен қолданса, кейбіреулерін қожа молдалардың іс-әрекетін әшкерелеу үшін, халықтың надандықтың шырмауында отырғанын көрсету

үшін қолданады. Мысалы, *Оразаның түбіне мақсатым жетер, Азған елдің түбіне тақсыр жетер.*

«Қазақ хрестоматиясының» «Сөз басы» деп аталатын бірінші бетіндегі өлеңінде Ыбырай:

Біз болмасақ сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды... дейді [1]. Бұл жолдағы оның айтып отырған бата сөзі діни бағыттағы тура мағынасы емес. Дінге қарсы күресіп, оқу-өнерді, ізгі мәдениетті ілгі тұтып, халықты соған жетелеп отырған Ыбырайдың ол сөздің тура мағынасын айтып отыруы мүмкін емес. Ол бұл жерде келешекке үміт артып, өзі үлгере алмай кеткен игі істерді болашақ жастар одан әрі жалғастырады деп сенім білдіремін деп бата сөзін келтірінді сағынада қолданып отыр.

Ыбырай шығармаларындағы жоғарыда келтірілген көне сөздер сол кез үшін көне болмай күнделікті тілде қолданылып жүрген актив лексикалар болуы да мүмкін. Бірақ қазіргі заман үшін тек өткен өмірді ғана елестетін, өткеннен хабар беретін сөздер қатарына жатады. Қай кез үшін қалай саналса да, бұл сөздерді автор белгілі бір мақсатпен қолданғанына көз жеткіземіз. Сондықтан да Ыбырай бұл сөздерге стильдік мән бере қолданған деп айтуымызға болады. Ол сол көне сөздер арқылы туындыларына көркемдік бояу, шынайы түр беріп, оқушыларының эстетикасына жан-жақты әсер-етіп, сезім дүниесін оятады. Кертартпалықтан, жаман іс-қылықтардан жирендіріп, жақсылыққа, болашаққа ұмтылуға итермелейді. Ыбырай шығармаларының негізгі идеясы да сол. Сондықтан оның сөз қолданыстары мен шығармаларының идеялық мазмұны бір-бірімен үндесіп, жымдасып жатыр дейміз.

Қазақ тіліндегі көнерген сөздерді зерттеуде Ыбырайдың «Орынбор ведомоствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлерінің очеркі» деген еңбегі аса көңіл аударарлық. Бұл еңбек орысша жазылғанымен ондағы нағыз керекті қазақ сөздерін қазақша беріп отырған. Ондағы *үйсынық, бас жақсы, екі тоғық, кемпір өлді, ит ырылдар, сүт ақы, жанаман жақсы, ұрын келу т.б.* ырым атаулары қазір көнеріп, кейбіреулері ұмыт болғанмен, бұл сөздер өткен ғасырдағы қазақ тілі лексикасының байлығын көрсетеді. Екінші жағынан, бұл сөздерді қазақша берудің өзіндік стильдік мән авторлық ерекшелігі, астын сызу бар. Бұл жерде оларды Ыбырай мәнерлеу тәсілі ретінде жұмсайды. Қалай болғанда да, ол осы көне сөздер арқылы өз заманының айқын көрінісін, ұлттық колоритін беріп отыр.

Қысқасы, Ыбырай шығармалары, тарихи тұрғыдан алғанда, өткен өмірден елес берер мұра. Мұндағы қолданылған кейбір сөздердің мағынасы да ол кезде басқашарак болғанын байқаймыз. Мысалы, ол кезде қыздың үйіне келген құдалардың ішіндегі ең үлкені, жолы үлкені *отағасы* деп аталған, қазіргіше *бас құда*. Бұның өзі сол уақыттағы қыздың үйінде де, күйеудің үйіне келгеннен кейін де отқа «май құю» әдетіне байланысты болса керек. Қазіргі уақытта бұл *отағасының* мағынасы біраз өзгерген. Осы кезде *отағасы* деп ауылдық жерлерде бір үйдің азаматын, ер адамын, айтып отырғанын байқауға болады.

Соған қарағанда, бұл - Ыбырай кезінде қолданылған, мағынасын аздап өзгерткен сөз болуы тиіс.

Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығы алуан салалы. Солардың бірі - әр жердегі, яғни бір облыс, аудан немесе бір ауыл-аймақ тұрғындарының өзара ауызекі сөйлеуінде ғана кездесетін, жалпы жұртшылыққа белгісіз сөздер, яғни жалпы халықтық лексикадан, әдеби тілдің нормасынан тыс элементтер. Міне, осындай жергілікті тілдік ерекшеліктер көркем әдебиет бетінде кездесе береді [3]

Бірден-бір қажет болған сөзді тауып жазу, тиісті грамматикалық форманы тауып, орнына қолдану айтайын деген ойдың дәл арқылы айқын болуын көздейді. Тегінде, жазушының шеберлігі де осыдан байқалады.

Қалам қайраткерлерінің лексикасын қарап отырсаңыз, сөз байлығынан неше түрлі тілдік элементтерді табассыз. Солардың бірі- жоғарыда айтқан, жалпы халыққа белгісіз, белгілі бір территориядағы адамдарға ғана белгілі сөздер. Оларды қолданудың сырына үңіле түссек, көбіне екі түрлі жағдайға байланысты екеін байқаймыз. Біріншіден, жазушының сөзге шебер болмауынан, тіл байлығының кедейлігінен, сөзді сұрыптау, саралау дегенді білмеуден, яғни білместіктен, екіншіден, әдейі қолданудың нәтижесінде кездестіреміз. Соңғы жағдай жазушының шеберлігін байқатады. Ыбырай Алтынсарин, негізінен, өмірін қазіргі Қостанай жерінде өткізген. Сондықтан да оның тілінде басқа жерлердегі емес, дәл сол маңайды мекендеген қазақтардың сөйлеу дәстүріне тән сөздерді ұштастырамыз. Алайда сол кез үшін Ыбырайдың тілінен солтүстік қазақтарының тіліне сөздердің табылуы да орынды. Өйткені кең-байтақ жерді ата қоныс қылған қазақтардың баспа материалдары жөнінен байланысы әсте мықты емес еді.

Ыбырай тілінде диалектілік ерекшеліктердің кездесуінің тағы бір заңдылық жағы бар. Жазушы сол диалектілік ерекшеліктерді қолдану арқылы жаңа ғана іргесі қалана бастаған қазақтың әдеби тілінің қорын кеңейтіп, стильдік мүмкіншіліктерін молайтуды мақсат еткен болса керек. Әйтпесе, Ыбырай- тілдің таза болуын, сөздің жатық, түсінікті болуын ізгі мақсат еткен жазушы.

Сонда Ыбырай тілінде диалектизмдерді не себептен кездестіреміз? Оларды қолданудағы жазушының көздеген мақсаты қандай?

Егер жазушы немесе ақын диалектизмдерді авторлық көрсетуде, сол кейіпкерді даралай түсу үшін қолданған болса, ол - жергілікті сөзді орынды қолдану болмақ. Алайда персонажға үйіп-төгіп жергілікті тұрғындар тіліне тән сөздерді сөйлете беру де болмайды. Өйткені жазушы ондай сөзді белгілі шамадан тыс қолдана беру арқылы шығармаға эстетикалық, бейнелік жағынан нұқсан келтіреді, сөйлеудегі натурализмге әкеліп соқтырады.

Ыбырай тілін мұқият байқап қарастырсақ, диалектизмдерді авторлық ремаркасынан да, баяндауларынан да, кейіпкерлер сөзінен де байқаймыз.

Ыбырай тілінде жалпы халықтық сипат алмаған, әдеби тілдің нормасына жатпайтын лексикалық құбылыстар, фонетикалық ерекшеліктер, грамматикалық тұлғалардағы айырмашылықтар да кездеседі. Сондықтан оларды жеке-жеке сөз еткенді дұрыс деп таптық.

Әдетте көркем сөз шеберлері диалектілік сөзді кейіпкердің аузына сол жергілікті тұрағына қарай, әдейі салады. Ондағы мақсат - кейіпкер сөзін бұлжытпай беру, әрқайсысын даралау. Ыбырайда да солай қолданылған сияқты. Мысалы, *баланың аузынан - Әй, ата, бекер сөйлейсің, осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдиға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді?*- деген сөз шығуы, яғни үлкен деудің орнына *әйдік* деу орынды болған. Осыған тағы бір мысал: ... осы күнде екі *әйдік* тас *жұртым* бар. Міне, мұнда екінші диалектизм- *жұрт*. Мұның мағынасы- *үй*. Ал - *Аласа бойлы қолында қысқан тақ мылтығы бар, соңында тарақ құйрық кішкентай иті бар, бір қарт адам көрдіңіз бе?* Деген диалогта да *қысқан тақ* деген диалектілік элемент кездеседі. Тағы бір мысал: *«Сіз жазасыз, ата, Қасенге қорасан шықты деп»...* Мұндағы *қорасан* сөзінің ауру ұғымында қолданылуы қазір өте сирек кездеседі, архаизмдік сипат алды.

Ыбырайдың сөз байлығын саралау үстінде Қазақстанның солтүстік, шығысындағы қазақтар тіліне тән диалектілер кездеседі және олардың көпшілігі автордың баяндауында ұшырайды. Алдымен қазіргі оқырмандарға түсініксіз сөздерді келтірейік.

Шақат - бетінде соры шығып жатқан сүрлеу жер. *Күн сәскеге шейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір қатаң шақаттау жерге түсіп көрінбей кетті.*

Мәзір: Жиренше, өзі де ақылды, данышпан кісі, ойлап отырып бұл сөздерге түсінді және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағыңды бер деп сұрағанына ұялды.

Түсіндірме сөздікте *мәзір* - қолдағы нақты бар нәрсе деген ұғымды беретін сөз делінген. Біздіңше, бұл «Барым - әзір, жоғым - жай» деген мәтелден тараған. Сондықтан қазірде де қолданылып жүргеніндей *бар мәзір емес, Барым әзір*. Ал *мәзір* деген сөз жаңсақ тараған ұғымға ие болып кеткен болса керек.

Мық - уақ шеге. *Етікшілер істеген мығын ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне шейін кемдік көрмей өтіпті-міс.* Бұны диалектизмге жатқызудың өзі қиын. Бірақ бұл сөзді осы мағынада солтүстік, шығыс Қазақстан қазақтары қолданады.

Қандел: Біраз қарап тұрсақ та, кішкентай қанделдің ойнақтағанына, тістегеніне полкан ашуланып қозғалмады.

Ыбырайдың жерлестері иттің ең кішкене түрін *қандал* деген болса керек. Немесе олардың ауызекі сөйлеуінде *қандел* деуі мүмкін. Бірақ бұл атау бүгінде *қанден* делініп өзгерді.

Мазар: Кенжебайдың ақ боз үйі

Артымызда тұрып қалды-ау

Далада жаңғыз қалған мазардай...

Әбзел: Сөйтіп, қармағы әбзелімен даяр болған соң, үсен суға барып, Асанның жиган шегірткесін жемге шанышып, қармағын суға салды. Бұл сөз, жалпы алғанда, тілімізде, ер-тұрман, құрал-сайман мағынасында қолданылады. Бірақ Ыбырай (қармақтың құралдары) деген мағынада жұмсаған. Алайда қазір бұл аталған ұғымда қолданылмайды. Ыбырайдың оны кәсіби сөз ретінде қолдануы орынды болған.

Кейбір сөз диалектілік элемент болғанмен, белгілі бір ойды бейнелі беруде көңілге қонымды көрініп, қисыны көрініп тұрады. Әдейі көз тоқтатқанда болмаса, әдеби тілден жігі білінбей тұрады. *Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жыңылдаған мал.* Бұл арада *жыңылдаған* деген сөз арқылы көз алдымызға жың-жың етіп шулаған көрініс келеді. Демек, Ыбырай бұндай сөзді қолдану арқылы стильдік мүмкіншілігімізді жетілдіруне болатынын байқатады. Мысалы, *Бітегене тұрған соң, үй төбесінде маңыраған лақтардың даусы шықты. Бітегене* сөзі аз, азғана деген мағынада қолданылады. Бұл, негізінен, қарапайым сөйлеу тілінің элементі болуы керек.

Ыбырай қазіргі әдеби тілдегі *надан* сөзін *дадан* түрінде жиі қолданған. Мысалы,

*Біз надан боп өстірдік
Иектегі сақалды,
Надандықтың белгісі-
Еш ақылға жарымас.*

Дадан сөзі «Хрестоматияның» 52, 97-беттерінде де ұшырасады, ал *надандық* кездеспейді. Ыбырайдың замандасы Абайда *дадандық* деген сөз кездеспейді, тек *надандық* сөзі ғана бар.

Ә. Байжолов Қостанай облысында (Тобыл бойында) тұратын қазақтар тілінде *н/д* дыбыстарының өз ара алмасатынын айта келіп, *адайы- анайы, дадан- надан* сөздерін мысалға келтіреді [1].

Белгілі диалектологтардың бірі Ж.Досқараев «Зайсан, Тарбағатай аудандары тұрғындарының тілінде кейбір сөздерде *н* орнына *д* дыбысы қолданылатынын айтып, оған *жазғытұрым өзеннің ардасы суға молаяды* дегендегі *ардасы* мен әдеби тілдегі *арна* сөзін мысалға келтіреді де, *н* орнына *д* дыбысының қолданылуы шығыс говорының ерте кезде қырғыз, алтай тілдерімен қарым-қатынасына байланысты болса керек», - деген тұжырым жасайды. Біздің ойымызша, Ыбырай қолданған осы бір тілдік ерекшеліктің төркіні де соған барып саятын сияқты.

Жалпы халық тілінің нормасынан тыс, окшауланып естілетін дыбыстық элементтер ретінде фонетикалық ерекшеліктер кездеседі.

Жазушының тіліндегі фонетикалық ерекшелік - дыбыстардың алмасуы, ауысуы, кейбіреулерінің орынсыз қосылуы, дауыстылардың жуан-жіңішке болып құбылуы реттерінде ұшырайды. Тілімізде *ә* мен *е* дыбыстарының алмасуы (мысалы, *кәкпір-кекпір*), *әбдірә-әбдіре*, *зәмбіл-зембіл*) кездеседі. *Кәсіп-кесіп: Бөтен кесібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінге айналады.*

Сондай-ақ Ыбырай шығармаларының тілінен *а* мен *е* дыбыстарының алмасуы байқалады.

Шаттауық-шеттеуік: Сыртын алтындаған шеттеуіктерге қызығып, соны маған бер деп қоймады.

Ыбырай *у* мен *ұ* дыбыстарының орнына *ы-ны* қолданған:

Сандуғаш- сандығаш, бұлбұл- былбыл:

Сандығаш, былбылдарды көріп едім,

*Жүзіңді бір көруге келіп едім,
Даусыңды бір шығаршы, шаттанайын,
Сырттан асық болғаннан өліп едім [2].*

Әдеби тілдегі кейбір сөз ішіндегі *ң* дыбысы жергілікті халық тілінде *з, з* дыбыстарына (мысалы, *маңыз-мағыз*) ауыса береді. Бұндай факт Ыбырайдың сөз қолданыстарында да бар.

Төңірек- төгірек: Төңіректегі халық жиылып, бұлардың дауын есітіп, бәрі де ...

Мұндағы *і* мен *е* алмасуын біз ерекшелік деп танымаймыз, өйткені Ыбырай *ы, і*-ні жазбай тастап кетіп отырған. Ал мына арада *і*-ні *е*-мен (әдейі) ауыстырған.

Ыбырай шығармаларында кездесетін кейбір сөзді әдеби тілдегі сөздермен салыстырғанда, төмендегі дыбыстардың алмасуын байқаймыз.

С/Т (ыстық-ыссық, саяз-таяз): ыссықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен,-деді. Үсен, Үсен! Мынау таяз жердегі балықтарды қарашы!

П/Б (пайда-байда, пәрменінше-бәрменінше): байдасын халқына үйретті дейді. Мақтау сөзге семіріп, судай тасып, Бәрменінше «қарқ» етті аузын ашып...

Ш/С (шүкір-сүкір, қош-қос): Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер, Шуылдап сүкір етер мұның бәрі! Жан-жәндік рахат тауып тұру үшін, ұшақтан қос иісті желдер есер.

Д/Т (таға-даға): Манағы дағаны соларға үш тиынға сатты.

Қ/П (қақпан-қапқан): ...қапқан тарс етіп тышқанды жанжып тастады.

Ыбырайдың сөз қолдану ерекшелігінен дыбыстардың қосағымен алмасуын да байқаймыз. Мысалы, *жамғыр, тамға, беркіту, өстіру т.б.*

Ыбырай шығармаларының тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді сөз еткенде, негізінен, олардың метатезалық құбылысқа құрылғанын айтар едік.

Қазақтың халықтық тілін жете меңгерген Ыбырай оның сөздік қорын, жалпы лексикалық байлығын өз шығармаларында орынды пайдаланған. Ыбырай қарапайым сөйлеу тілінің элементтерін эстетикалық әсері күшті, көркемдік сапасы жоғары поэтикалық тілге, әсерлеп, бейнелеп сөйлеу дәрежесіне көтерген.

Өткен ғасырдағы қазақ тілінің күйін, оның құрамын білу үшін бізге Ыбырай шығармаларының сөздік құрамын талдап білудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. –Алматы: Білім, 2007. – 112б.
2. Алтынсарин Ы. Кел балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168б.
3. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1999. – 118 б.

ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАРҒА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ОЛАРҒА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Булшекбаева Асем Исаевна

Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

Сураншиева Мейрамгул Кадыровна

Философия докторы (PhD), аға оқытушы

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қаласы

Каримова Разия Елеупановна

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

"Қиын өмірлік жағдай – бұл адамның қоршаған ортамен әлеуметтік байланысын және қалыпты өмір сүру жағдайларын объективті түрде бұзатын және субъективті түрде "күрделі" деп қабылдайтын жағдай, нәтижесінде ол өз проблемасын шешу үшін әлеуметтік қызметтердің қолдауы мен көмегін қажет етуі мүмкін". Проблемалық өмірлік жағдай әрдайым оған қандай да бір жолмен бейімделу қажеттілігімен байланысты – бұл жағдайдың кейінгі тұрақтануымен өмірлік қиындықты сәтті немесе сәтсіз жеңуден тұрады [1].

Көптеген авторлар қиын өмірлік немесе сыни жағдайды өздерінің мотивтерін, құндылықтары мен ұмтылыстарын жүзеге асырудың мүмкін емес деп түсіндіреді. Психологиялық зерттеулер аясында әртүрлі өмірлік дағдарыстар адамдардың қиындықтарды жеңе білу қабілеті аясында зерттелген басқа үш ұғыммен байланысты. Бұл стресс, күйзеліс және жанжал. Осы құбылыстардың әрқайсысын зерттеу мәселесі бойынша Ф.Е. Василюктің 1984 жылы жазған көптеген арнайы еңбектері бар, олар туралы теориялық идеялар салыстырмалы түрде аз дамыған.

Р.Лазарус өз зерттеу теориясында адам психикасына әсер ететін жағдайлардың өзі ғана емес, сонымен қатар оны жеңудің жолдары да маңызды деп көрсеткен.

Ф.Е. Василюк, мінез-құлық белгілерінің өзгеруі жағдайдың адамға және оның дағдарысына қаншалықты әсер еткенін бағалауға мүмкіндік береді деп адам бойында өзгеруі мүмкін келесі мінез-құлық белгілерін ажыратады:

- агрессивті және аутоагрессивті мінез-құлық; адамның өз жасына сәйкес келмейтін мінез-құлықты көрсету арқылы көрінетін регрессия; тұрақты мінез-құлық үлгілерін мағынасыз қайталау үрдісімен сипатталатын стереотип; апатия т.б;

Ғылыми әдебиеттерде қиын өмірлік жағдай әлеуметтік тұрақсыздық жағдайы ретінде сипатталады, оны дағдарыс, стрессогендік, бұрылыс, экстремалды, белгісіз және сыни деп анықтайды.

Әлеуметтік педагогиканың ғылым болып қалыптасуына ерекше үлес қосқан ғалым Л.В. Мардахаев отбасы, бала тәрбиесінің рөлін, әлеуметтік

тәрбие мен әлеуметтік педагогикалық қолдау мен түзету жұмыстарының ерекшеліктерін зерттеп, Ресей мен Еуропа жоғары оқу орындарының өзара іс-қимыл мәселелерін шешудегі "өмірлік қиын жағдайда қалған баламен және отбасымен жұмыс бойынша әлеуметтік педагогика мамандарын даярлауды жетілдіру" бағытында TEMPUS бірлескен бағдарламасын дайындауға үлкен еңбегі тиген. Ол қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларының тәрбие процесінде ата-ананың мінез-құлқының тоғыз түрін анықтап көрсетеді [2].

Қиын өмірлік жағдайдың маңызды бір ерекшелігі - бұл жағдай адамның әдеттегі өмір сүру қалпын бұзады, сондықтанда қиын жағдайдың сыртқы және ішкі аспектілерін мазмұнды белгілеріне қарай ескере отырып бағалау және жағдайды өзгерту мүмкіндігін анықтау қажеттілігін қояды.

"Қиын өмірлік жағдай" термині әлеуметтанулық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде жиі қолданылатын ұғымдардың қатарына жатқызылуда. Қиын өмірлік жағдайды зерттеген ғалымдардың анықтамаларына төменде кестеде тоқталып кетсек:

Қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар:

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- үйсіз, қараусыз қалған және қаңғыбас балалар;
- мүгедек балалар;
- ерекше қажеттіліктері бар балалар (психикалық және физикалық дамуында кемшіліктері бар);
- қарулы және ұлтаралық жанжалдардың, экологиялық, техногендік апаттардың, дүлей зілзалалардың құрбан болған балалар (оның ішінде мәжбүрлі қоныс аударушылар мен босқын балалар);
- төтенше жағдайларда қалған балалар;
- зорлық құрбандары болған балалар;
- тәрбиелеу колонияларында бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан балалар;
- девиантты (қалыптыдан ауытқитын) мінез-құлықты балаларға арналған арнайы тәрбие мекемелеріндегі балалар;
- тұрмысы төмен отбасыларда тұратын балалар;
- өмір сүру жағдайлары объективті түрде бұзылған және бұл жағдайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар [3].

Зерттеушілер қазіргі заманғы адам кезігетін *әртүрлі өмірлік жағдайларды анықтайды:*

Адамның қоршаған ортамен қарым-қатынас жүйесі теңгерімсіздікпен немесе ұмтылыстар, құндылықтар, мақсаттар мен оларды жүзеге асыру мүмкіндіктері немесе жеке қасиеттер арасындағы сәйкессіздікпен сипатталатын кезде қиын жағдай туралы айтуға болады. Осылайша, қиын жағдайлардың түсінікті санатына адамның өмірлік, күнделікті жағдайлары мен оның қызметіне байланысты жағдайлар кіреді. Олардың ішінде бірнеше топты бөлуге болады:

- *қиын өмірлік жағдайлар* (ауруға шалдығу, мүгедектік немесе өлім қаупі);

- қандай да бір дүниені орындауға байланысты қиын жағдайлар (қарсы әрекет ету, кедергілер, қиыншылықтар, сәтсіздіктер);

әлеуметтік қарым-қатынасқа байланысты қиын жағдайлар (қоғамдық мінез-құлық, сын-пікір жағдайлары, қақтығыстар, қысым және т.б.)[4].

Балалардағы қиын өмірлік жағдайларға тап болуының себептері:

«Қиын өмірлік жағдайдағы балалар» санатының пайда болуының негізгі себептерінің бірі-отбасылық проблемалар, атап айтқанда:

- отбасындағы нашақорлық немесе алкоголизм;

- төмен материалдық жағдай, кедейлік;

балаларға көрсетілетін қатыгездік, тұрмыстық зорлық-зомбылық [5].

Түрлі қақтығыстар мен отбасы бұзылуының себептері

Отбасында қабылданған өзара әрекеттесу мен мінез-құлық үлгілерінің болмауы; Өмірлік жағдайлардың өліммен үйлесуі, нәтижесінде отбасының бүкіл құрылымы мен өмір сүру жағдайларының өзгеруі. Мысалы, кенеттен қайтыс болу, отбасы мүшелерінің біреуінің мүгедектігі. Әр отбасылық жүйеде өзгерістерге әкелетін әлемдегі жағдаяттар. Мысалы, соғыс, экономикалық дағдарыс және т.б [6].

Балалардың қиын өмірлік жағдайға тап болуы:

1. Ата-ана қамқорлығынсыз қалуы;

Жетім балалардың саны елдегі әлеуметтік - экономикалық әл-ауқаттың төмендеуіне тікелей пропорционалды түрде артып келеді. Балалар бірнеше себептерге байланысты ата-анасының қамқорлығынсыз қалады. Көбінесе бұл ата-ана құқығынан айырылу.

Ата-ана құқығынан айыру себептері:

- ата-аналық міндеттерді орындамау не оларды теріс пайдалану;

- отбасындағы зорлық-зомбылықтың болуы;

- отбасында тәуелділік нашақорлықтың немесе алкоголизмнің болуы,

- ата-ананың өз баласының не жұбайының/зайыбының өміріне қауіп төндіруі немесе денсаулығына қарсы қылмыс жасауы;

2. Мүмкіндігі шектеулі балалар (дамуында ерекшеліктері бар: психикалық және / немесе физикалық)

Бала мүгедектігінің себептері генетикалық факторларға, ата-аналардың өмір салтына (нашақорлық, алкоголизм және ауытқудың басқа түрлері) байланысты болуы мүмкін және құрсақішілік дамудың бұзылуы; босану жарақаттары, сондай-ақ әр түрлі генезистегі жарақаттар.

3. Ұлтаралық (оның ішінде қарулы) жанжалдардың, экологиялық және техногендік апаттардың, зілзалалардың құрбандары болған балалар; босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылардың отбасыларынан шыққан балалар; төтенше жағдайларда қалған балалар.

Шын мәнінде, бұл балалар төтенше жағдайлардың құрбандары, яғни адамның қалыпты тәжірибесінен тыс жағдайлар. Балалардың қиын өмірлік жағдайы жиі басқа адамдар тарапынан – террористік актілер, шабуылдар, жергілікті соғыстар т.б. болуы да мүмкін.

Төтенше жағдайға тап болған балаларға жарақаттан кейінгі стресстің бұзылуын жеңуде психологтар мен әлеуметтік педагогтардың бірлескен білікті көмегі қажет.

4. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық.

Қатыгездікке ұшыраған бала ерте жастан бастап терең жарақатпен өмір сүреді. Бала, әдетте, жарақаттың себебін басқалардан жасырады, қатігездіктен болатын ауырсынуының көпке дейін ұмытылмауы мүмкін..

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмектесудегі басты рөлді қиын жағдайды ерте анықтау. Баланың депрессияға ұшырағанын, ренжігенін байқау үшін айналамыздағы балаларға мұқият болу керек.

5. Тәрбиелеу колонияларында бас бостандығынан айырылған, жазасын өтеп жүрген балалар және арнайы оқу-тәрбие мекемелеріндегі балалар [7];

Әдетте, мұндай балаларға мінез-құлықтан ауытқуға ұмтылу немесе девиантты мінез-құлық, яғни қоғамда қабылданған нормаларға сәйкес келмейтін мінез-құлық тән.

Біз отбасылық әл-ауқатқа әсер ететін маңызды факторларды бөліп көрсетеміз, соның салдарынан балаларда қиын өмірлік жағдай туындауы мүмкін.

Бірінші фактор-бұл отбасының материалдық жағдайы нашар болуы. Зерттеулер бойынша жағдайы жоқ отбасылар ұзақ уақыт бойы ең көп депрессияға ұшырайды. Мұның себептері еңбекке қабілетті адамдарға масылдық жүктеменің жоғары болуы, бала күтімі себебінен ата-аналардың бірінде жұмыстың болмауы, сондай-ақ жас мамандардың еңбекақысының төмен болуы болып табылады.

Әл - ауқатқа әсер ететін *екінші фактор*-еңбек нарығымен байланысты жоғалту. Балалы отбасылар экономикалық белсенділіктің жоғары дәрежесін көрсетеді, ал жұмыспен қамту көбінесе кедейлердің қатарына жатады. Кедейлік қаупінің жоғарылауы және отбасылық қиындықтар салдарынан ер адам экономикалық белсенді емес балалары бар толық отбасылар зардап шегеді.

Үшінші фактор-отбасылық жанжалдар,отбасындағы дисфункционалды психологиялық атмосфера келіспеушіліктер туындаған барлық отбасылар қауіп-қатер тобы, ал оларда тұратын балаларды қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар санатына жатқызу қате. Тек қиын жағдайдағы балалар, қиын қақтығыстар жағдайында, көптеген себептер бар, қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар деп санауға болады.

Төртінші фактор - отбасындағы маскүнемдік пен нашақорлық. Алкоголизм мен нашақорлық-бұл отбасылық қиындықтардың себептері болмаса, көбінесе онымен бірге жүретін проблемалар. Алкогольге немесе есірткіге тәуелді ата-аналардың ортасына түскен бала, әдетте, дамудың физикалық, психологиялық және әлеуметтік проблемаларына ие. Сонымен қатар, балалардың көпшілігі бұл тәуелділікті мұра етеді және психикалық, неврологиялық және соматикалық бұзылулардың қалыптасуында жоғары қауіп тобын құрайды. Бала көбінесе көшеде тәуелділіктен зардап шеккен ата-

аналардан қашады, бірақ ол жерде қолайсыз орта және көшедегі құрдастарының ықпалы болады.

Мінез-құлықтағы ауытқу деңгейлері:

- қылмыс алдындағы деңгей-бұл ұсақ құқық бұзушылықтар, алкоголь мен психоактивті заттарды қолдану, үйден кету;

- қылмыстық деңгей –девиантты мінез-құлықтың төтенше жағдайы-баланы қылмыстық құқық бұзушылыққа әкелуі мүмкін. Заңсыз іс-әрекетке бару.

Мінез-құлықтағы ауытқу себептері:

1. Әлеуметтік-педагогикалық қараусыздық, тәрбиенің ерекшелігі;

2. Отбасының шайқалуы, нәтижесінде бала терең психологиялық дағдарыс пен ыңғайсыздықты сезінеді;

3. Баланың жеке ерекшеліктері: дамуындағы ауытқулар, өсудің өтпелі кезеңдері;

4. Өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсету үшін жеткіліксіз мүмкіндік пен қараусыз қалу [13];

Балалардың осы санатына көмектесу үшін девиантты мінез-құлық көріністерінің алдын-алу өте маңызды. Мұнда басты рөл ата – аналар мен педагогтарға беріледі, өйткені олардың міндеті-балаларға мұқият болу. Қазіргі әлемде девиантты мінез – құлықтың жиі кездесетін түрлері тәуелділіктің әртүрлі формаларымен ұсынылған-алкоголь, темекі, есірткі, азарттық ойындар т.б.;

Жоғарыда айтылғандардың бәріне сүйене отырып, біз баланың қиын өмірлік жағдайын тудыратын көптеген факторлардың алдын-алу мен қиын өмірлік жағдайдағы жасөспірімдерді қоғамға қайта бейімдеп, дағдарыспен күресуге үйретуіміз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сағымбекова А. ««Қиын бала» мәселесі әлі де қиын», Тәрбие құралы, №3, 2004. - 278 б.
2. Уманов Г.А., Порфенов А.В. „Бала бақыты, А., 1978. - 305 б.
3. Батталханов Е. ««Қиын» оқушылармен жұмыс ерекшелігі», тәрбие құралы, №4, 2003. - 236 б.
4. Бушканец М.Г. Леухин Б.Д. 'Хрестоматия по педагогике' - Москва: Просвещение, 1976. -432 с.
5. Байтұрсынов А. «Оқужайжайы»1989.- 129 б.
6. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: Учебник. — М.: Гардарики, 2005. - 269 с.
7. Макаренко С. Профилактика полоролевых нарушений у подростков группы риска. // Социальная педагогика. – 2005. - №2.— 79-82 с.
8. Ахметжанова Н.«Қиын балалар қиғылығының қыры».Ұлағат №2. 2000 жыл.
9. Эфрусси П.П. Физиология подростка.–М.,1971. - 197 б.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ІЛІМДЕРІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Гайсина Айнур Еркебаевна

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация. Рассматривая сегодня обновленную программу образования, которая отвечает потребностям обучения будущего поколения, становится ясным, то, что внедренные И.Алтынсариним обновления и инновации в области образования, и сегодня является актуальным.

Ключовые слова: Обучение, использование ИКТ, моделирование, системы оценивания, образование.

Summary. Considering today an updated education program that meets the needs of the future generation, it becomes clear that the updates and innovations introduced by I. Altynsarin in the field of education are still relevant today.

Keyword: Training, ICT use, modeling, assessment systems, education.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі[1]. Осы орайда Ыбырай Алтынсаринның қосқан үлесі ерекше деуге тұрарлық. Сол кезден ұлы ағартушы-педагог мектептегі мұғалімнің роліне үлкен мән беріп, оның балаларға білім берудегі басты тұлға екенін дұрыс түсініп бағалады.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің жүйесін жетілдірудің жаңа кезеңіне қадам басты. Білім берудегі басты мақсат жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп – өркендеуі, әлемде өзіндік орнын алу сол мемлекеттің біліміне, білім сапасының жайына байланысты. Білімнің іргетасын қалайтын негіздері мен танымдық қызығушылығы, жеке-дара шығармашылық жұмысқа деген дағдылары қалыптасатын мектептің білім беру саласындағы рөлі зор. Соған байланысты оқу – тәрбие үрдісін жақсартып, оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдана отырып білімді терең игерудің жолдарын, әр пәннің ғылыми негіздерін

меңгерту мәселелерін, оқушының ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту сияқты ұтымды түрлеріне сүйенгеніміз жөн[2].

Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясына» енген шығармаларында шәкірттерге ой салатындай, еңбекке, әдептілікке, мейірімділікке, ата-ананы қадірлеуге, әдет-ғұрып, салт-сананы сіңіре білуге тәрбиелетіндей ауыз әдебиеті үлгілерін кіргізе отырып, оның тәрбиелік, білімдік-танымдық қасиеттеріне ерекше назар аударған. Ағартушының ойынша, оқушылар мектепте тек қана білім деректерінің жиынтығын қабылдап қоймай, белгілі көзқарасты қалыптастыру керек. Мектеп оқу балалардың қабілетін жетілдіруге тиіс деген тұжырымдамалары жаңартылған білім берудің маңыздылығы болып отыр[3].

Жан-жақты талант иесі Ы.Алтынсариннің есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Оқулықта орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған.

Бұл оқу құралы сол кезең үшінде және қазіргі талап тұрғысынанда терең негізгі лингвистикалық-әдістемелік еңбек болып табылады. Мұнда шет тілін жаңадан бастап үйренуге арналған оқу құралының сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешімін тапқан.

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі- мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады. Ы. Алтынсариннің тағы бір көңіл аударатын идеясы – ол мұғалімдер туралы. «Халық мектептері үшін керектісі оқытушы. Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушы дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», - деп жоғары бағалаған[4].

Бүгін де ұстаздарға орасан зор талап қойылады да еңбектеріне қарай олардың жұмысы бағаланады. Қазақстан Республикасының тұңғыш елбасы Н.Назарбаевтың «Ұстаздар күніне арнаған құттықтау хатында» ол келесі сөздерді жолдады: «Білім жүйесінің жаны да, жүрегі де, тірегі де – ұстаз. Сондықтан еліміздің ертеңгі келешегі сіздердің қолдарыңызда». Елбасымыздың келесі бір айтқанын жадымда әрқашан сақтап жүрмін: «Мұғалімдердің жағдайын ойлау - елдің ертеңін ойлау деген сөз. Көңілі көтеріңкі, арманы асқақ адамға ғана бала тәрбиесін сеніп тапсыруға болады. Сонда ғана рухы жоғары ұрпақ тәрбиеленіп шығады». Бұл сөздер ұлы ағартушының «Мектептің жүрегі-ұстаз» деген идеясын осы заманда да өзектілігін жоғалтпағанын дәлелдейді ғой, деп санаймын.

Ы.Алтынсариннің ұлы, дара жолын әліде жалғастырып келеміз. Білім беру саласындағы реформалар, әлбетте жаңалықтар, оны тәжірибеге енгізу, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін жылдар керек болады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың, білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, білімнің, ғылымның, өндірістің интеграциялануы, оқушыларды кәсіптік

бағдарлау т.б. ұстанымдар осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ы.Алтынсариннің шығармаларында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар, білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналу. «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәләуға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлеуі, шыдамдылық көрсетуі керек» деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты мәселесі. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезеңінде мәселелер өзінің өміршендігін танытып отыр.

Ұсыныпта ағартушы ұстаздың алғашқы оқулық құрастырудағы еңбегіне баса көңіл бөлініп, «Мейірімді бала» әңгімесі талданады, новелла туралы ұғым беріледі. Адамгершілік қасиеттің ішіндегі ең ғажабы мейірімділік екендігін, қазіргі кездегі мейірім тапшылығын түйсініп, саралай білуге үйренеді. VI-VIII сыныптарда педагог-жазушы екендігі, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаудағы сіңірген еңбегі, қазақ көркем прозасында шағын әңгіме жанрының шебері екендігі, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңіндегі өнер-білімге үгіттеу идеясы, «Залым төреге» өлеңіндегі ел билеушілерін сынға алуы, аударма сипатындағы «Мұңсыз адам» әңгімесінің пәлсапалық мәні (қанағат), этнографиялық очеркі туралы, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына деген көзқарасын, оны ерекше қастерлегенін тануына мүмкіндік берілген.

Осындай жүргізілген жұмыс нәтижесінен үзінді келтірсек, «Егер мен мұғалім болсам» шығармасында оқушы былай дейді: Менің еңбегімнің еш кетпесі үшін, менің емес-ау, менің ұстазымның еңбегімнің еш кетпесі үшін, өз шәкірттеріме, ең алдымен: «Өмірді сүй» дер едім. Өйткені ұстазым, ұстаздардың ұстазы Ыбырай ата да солай үйреткен. Өмірдің мәнісі де сонда. Шәкірттің көкірек көзін ашу-ең ұлы іс... Бұл-менің мақсатым да, міндетім де, арманым да болар. Әлбетте, менің ұстазымның да, барлық ұстаздардың да арманы солай...» Ы.Алтынсарин мұраларының өміршендігі, оның мұраларының бүгінгі күнмен өзектестігінде екенін, адам бар жерде оның тәрбиелік қызметінің болашақта да жалғасын табатынын дәлелдейді. Осылайша, Ы.Алтынсарин мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал, педагогикалық идеяларын ұстаздар арасында насихаттау, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту-бәріміздің де ортақ іс, қаситті борышымыз!

Сонымен, жоғарыда аталған зерттеулерді зерделе келе, Еліміздің 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделін қалыптастыра отырып, Қазақстан елінің білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипаттауға болады. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Мемлекет болашағының кепілі жастарда, білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Жоғарыда айтқан ой-пікірлері мен ұсыныстарын

бірінші кезекте жүзеге асыра отырып, Ыбырайтану ісін жүйелі түрде ғылыми ұйымдастырудың күні туды. Ағартушының гуманистік идеялары мен оларды жүзеге асырудағы атқарған ұланғайыр істері бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінің негізі болып табылады деген бірегей қорытынды жасай аламыз.

Зерттеулерге сүйене отырып, Ы.Алтынсариннің өзгелерден даралана биіктеп асқақтай түскен сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалық қасиеттерінің арқасында оның жұрт қалауына бөленген ақындық, жазушылық, ағартушылық, педагогтік, аудармашылық қаракеттерін айтпағанның өзінде, баспасөз ұйымдастыру, кітапхана ашу, қыздарға білім беру, оқулықтану, мектептану, мамандардың біліктілігін көтеру, кәсіби шеберлігін арттыру, теория мен практиканы ұштастыру, ұлттық терминологияны жасап қалыптастыру, тіл тазалығын сақтау, тұлғаны әлеуметтендіру және рухани дамыту, оқу мен тәрбие үрдісін үйлестіру мәселелері бойынша толғақты ой-пікірлерінің бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймаған өміршендігіне тәнті боласың. Сондай-ақ, оның идеяларының бүгінгі таңда аталған мәселелерді шешуде іргелі негіз болатындығына кәміл сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тұлғалар» Ы.Алтынсарин, «Қазақ энциклопедиясы», Алматы, 2007
2. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы», әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер, Алматы «Жазушы» 1991
3. Серікбай Оспанұлы, «Сөнбес шырақ» «Қарлығаш» баспасы, Қостанай, 2016
4. Бижанова Ғ.Қ. «Ыбырай танымының: кешегісі мен бүгінгісі», Арқалық, 2010
5. «Ұстаз» ғылыми – әдістемелік журнал №3(44) 2009
6. Н.Ә.Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012.
7. Ы.Алтынсарин «Таңдамалы шығармалары» Алматы, «Ғылым» 1994
8. www.akorda.kz>addresses_of_president>kazak
9. Болашаққабағдар: рухани жаңғыру. Толығырақ: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
10. Ахметова П.А., Шаумен Г.С. «Ыбырай тағлымы», Арқалық, 2008
11. Қазақстан кәсіпкер, Професионал Казахстана-2016 №4
12. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығы, «Біз Ыбырайды білеміз бе?» Қостанай, 2016
13. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
14. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
15. «Ұстаз» ғылыми – әдістемелік журнал №3(44) 2009

ҚАЗАҚТАРДЫҢ АҒARTУШЫЛЫҚ КЕҢІСТІГІНЕ ЕНУІДЕГІ Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ РӨЛІ

Даулбаева Сапура Буркитбековна

*Алматы қалаасы, Әуезов ауданы, № 141 жалпы білім беретін
мектептің
тарих пәнінің мұғалімі*

Жексембаева Айдана Кайратовна

И.Ф.Халипов атындағы №1 мектеп

Аннотация. В статье рассказывается о том, как на основе программы Рухани жаңғыру, на основе исторического подхода возрождается труд исторических личностей прошлого, значение которого для современности очень велико. В XIX веке, когда началось качественное образование, началась просветительская работа И. Алтынсарина, рассматривался вопрос о том, как вывести казахский народ, его культуру, систему образования на уровень прогресса тогдашней передовой России, Средней Азии.

Summary. The article is based on a program of spiritual revival, the revival of the creativity of historical figures of the past on the basis of historical principles, which is very important today. At present time, it was paying attention to a quality of education, Y.Altynsarin who carried out the literacy that was the beginning of educational work in the 19th century considered the problem of improving the level of development of its culture, the education system of Russia and Central Asia.

Еліміз ұстанған Рухани жаңғыру бағдарламасы қазіргі таңда қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, әлеуметтік ілгерілеу мен жастардың интеллектуалдық өрлеуіне ықпал жасауға септігін тигізіп келеді. Осыған орай, тарихилық ұстаным негізінде, өткеніміздегі тарихи тұлғалардың еңбегін қайта жаңғырту, оның қазіргі заман үшін маңыздылығын ашып беру сабақтасып отыратын үздіксіз үдеріс. Бүгінгі таңда сапалы білім беруді қолға алып отырған шақта, оқу-ағарту жұмыстарының бастамасы болған XIX ғасырда Ресейге, Еуропаға деген бетбұрыстардың сол дәуір үшін прогрессивті маңызы болғандығын зерделеу «өткеннен сабақ-болашаққа мақсат» ұстананымына келіп тоғысады.

Аккультурация процесі әдетте тұтас бір халықтың дүниеге деген көзқарасын қалыптастыратын данышпандар арқылы жүзеге асады. Данышпандар әдетте конгениалды болып келеді. Қазақ халқының мәңгілікке бет алған рухани қалпын қалыптастыруға өлшеусіз еңбек сіңірген Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрімдер де осы мәдениеттердің (қазақ-орыс-батыс) жақындасуына ықпал етті [1, 1916.].

Досжан Райханның баяндауынша халқымыздағы біліктілік пен білімдің өзіндік тарихи танымдық сабақтастығы бар: «Ежелгі қазақтардың табиғат өзгерістері жайлы түсініктері, дүниеге келуі мен дүниеден озуы жайындағы көзқарастары қалыптасып қалған өзіндік дүниетанымы болды. Алайда, оларда

бір сатыдан екінші сатыға өту, төменнен жоғарыға көтерілу сияқты прогресс идеясы, яғни, даму байқалмады. Мәселен, қазақ халқы тарихи даму кезінде Еуропа елдерінен (орыс халқын қоса алғанда) өмір сүру деңгейінен болсын, білім, ғылым, өнерде болсын, әлдеқайда артта қалды. Осыны түсінген ойшылдар, халық қамын ойлап даму идеясын ұсынады, әрі оны жандандыра түседі. Ал ертеректе сол идеяның болмауының себебі, қазақ халқы хандық билік кезінде, Ресей империясына қосылмай тұрып, жаппай орысша сауаттандырылмай тұрған кезде өз алдына бөлек ру, хандықтар болып өмір сүрді, табиғаттың қолайлығына байланысты көшпелі мал шаруашылығын таулы жерлерде және жазық далада игерді, содан келіп «әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» дегендей түсінік болды. Қазақтар ұзақ уақыт бойы өмір сүру үлгілерін өзгертпеді. Олар «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол» ұстанымын жақтады, яғни жаңадан ешнәрсе ойластырып қажет емес, ата-бабаларымыз өмір сүргендей өмір сүруіміз керек деп түсінді. Осы дәстүрлі өмір үлгісі ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Қазақтар, әрине көршілерінің өзбек, тәжік, татарлардың және т.б. қалай өмір сүріп жатқандарын көрді, алайда, көршілерінің өмір сүру үлгісі оларды қызықтырмады. Бірақ уақыт өте келе барлығы өзгерді. XVII-XVIII ғасырлар дүниежүзілік тарихқа империяның басып алуы, колониализм ғасыры ретінде кірді. Мұндай қиын жағдайда қазақтардың да басқа халықтар сияқты өз беттерінше өмір сүруі қиын болды, әсіресе, қазақ жері екі алып империя - Қытай, Ресей империяларының ортасында тұрды. Қазақтардың геосаяси жағдайының күрделілігі сол жағдайдан шығудың жолын іздеуге себеп болды» [2, 24-426б.]

XVIII ғасырда қазақтар көршілерімен ұзақ шайқастарды бастарынан кешіріп, өз еріктерімен Ресейге қосылу шешіміне келді. Олар Ресей империясымен келісім шарт құрып, қазақ мемлекеті Ресей құрамына келесі шарттарға сәйкес кіретінін айтты: 1. Ресей қазақтардың саяси жүйесін, яғни, хандықты бұзбауы керек; 2. Ресей қазақтардың ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан жерлерін тимеуі керек; 3. Қазақтарды әскерге алмау керек. Ресей империясы қазақтармен келісімге келгенде бұл шарттарды қабылдады. 1731 жылы 19 ақпанда патшайым Анна Ионновна Кіші жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы қол қойды. Алайда, XVIII ғасырдың 30-шы жылдары басталған Қазақстанның Ресейге қосылуы тек XIX ғасырдың орта шенінде аяқталды және күрделі, қарама-қайшылықты процесс болды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында жүргізілген Қазақстандағы әкімшілік-саяси реформалар Қазақ мемлекетін түбегейлі жойып, 1867-1868 жж. өлкені заңды түрде Ресей колониясы ретінде рәсімдеді [3, 112б.].

XIX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін шамамен жүз жылдай қазақтар Ресей тарапынан қатты қысым сезе қойған жоқ, олар өздерінің өмір сүру үлгілерін жалғастыра берді. Қазақ қоғамы Ресеймен экономикалық саудасаттық қарым-қатынаста болды, белсенді сауда, тауарлармен алмасып жатты, қазақтар өндірістік тауарлар сатып алып, мал және мал өнімдерін сатты.

Алайда, халық өзінің саяси жүйесін, дінін, өмір сүру үлгісін дүниеге көзқарасын және т.б. сақтап қалды.

Бірақ XIX ғасырдың басында Ресей саясаты Қазақстан мен басқа да көрші елдермен қарым-қатынаста өзгере бастады. Бұл уақытта Ресей империясы әлемдегі ең мықты мемлекеттердің бірі бола бастап, өз билігіне көп жерлерді тартуды міндет қылды. Сөйтіп патшалық Ресей бастапқыда берген сөзінде тұрмай, келісімді бұза бастады.

Қазақ даласында хандық билік жойылып, түгел Ресей бойынша биліктің бірінғай формасы орнатылды. Осының барлығы қазақ халқының үйреншікті өміріне және дүниетанымына теріс әсерін тигізді. Қазақтар өздерінің басты өмір сүру құралы болып табылатын және де мал шаруашылығын жүргізудің негізгі шарты болып келетін жайылымдарынан, шекараларынан айырыла бастады. Ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру үлгісі бұзыла бастап, қыстайтын, мал бағатын жер азая бастады. Ауылдар мен болыстарға бөліне бастаған қазақтар бір-бірімен байланысты жоғалта бастады, көші-қон аймақтары қысқара бастады. Үкімет қолдаған қоныс аударушылар өзен-көлдердің жағалауларын, яғни, ең жақсы жайылымдарды алды. Ал жергілікті тұрғындардың пікірлерін патшалық үкімет назарға да алмады.

Осындай қиын сәтте қазақ халқының алдында, сол қиын жағдайдан шығу, әрі қарай қалай өмір сүру мәселесі туындады. Қалыптасқан дәстүрлі жолмен өмір сүру мүмкін болмады, жоғарыда айтылғандай, қазақтардан ең жақсы жайылымдары мен қыстақтарын алып, қоныс аударушыларға берді.

Қазақ халқының тәуелсіздіктен айрылып, Ресейге бағынышты, кіріптар күн кешкен заманында әртүрлі жаңалықтар да ене бастады. Оқу, өнер-білім, т.б. мәдениетке қол созу прогресшілдердің әлеумет өміріндегі айрықша көңіл бөлген мәселелері болды. Олар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы тәрізді тұлғалар болатын. Бұлар ескілікке қарсы негізгі мәселенің бірі етіп даму, ағарту мәселесін қойды.

Бірақ әлеумет өміріндегі қайшылық, тартыстар тек ескішілдік пен жаңашылықтың маңында ғана емес, басқа да мәселелерде талас-тартыстар көп еді. Ең алдымен, сол ескі феодалдардың өз араларындағы ескіден келе жатқан ру тартысы, сауда капиталы өкілдерінің өзара бәсеке таласы, мұның үстіне тап осы кезде шыққан штат, болыстық, старшиндыққа таласу, жесір дауы, жер дауы тағы басқалар. Осылардың нәтижесінде қазақты басқа мәдениетті ел қатарына қалай жеткізу керек, қайткенде алауыздықтан құтылып, бір бүтін ел болады деген үлкен идеялар туындап жатты.

Адамның мінез-құлқы, өмірге көзқарасын айқындауға жоғарғы қайшылық, тартыстардың әрқайсысының өзінше мәні болды.

Жоғарыда айтылғандарға қоса бұл кез Ресейде бұрынғы халықшылдардың, онан кейін демократияшыл әртекті интеллигенттердің патша үкіметімен белдесіп, майданға шыққан кезі болатын. Ресейде болған бұл үлкен тартыстардың алыстағы жаңғырығы мен дүмпуі қанаттас отырған ұсақ ұлттарға да жетіп жатты. Осылардың бәрін қоса алып қарасақ, бұл кез әртүрлі тарихи жағдайлардың шиеленіскен кезі болды.

Осы сәтте қазақ ойшылдары әртүрлі әлеуметтік ірі мәселелерге тереңірек қарады. Қазақтың әлеуметтік өмірінде не болып жатыр, соны ғана бақылап қойған жоқ, көршілес елдерде, әсіресе, мәдениет, ой-пікір жағынан

озық алда отырған Ресейде және басқа халықтарда не болып жатыр, оған да көз тіге білді.

Бұл тәрізді үлкен қайшылықтар кейбір әлсіздерді батырып, жоқ етіп жіберсе, зор күш, ірі таланттарды жарыққа шығарып кетеді. Осылайша Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрімдер жалғыз қазақтың әлеумет өміріндегі қайшылықтарды ғана емес, XIX ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл Ресей өміріндегі зор қайшылықтардың нәтижесінде тарихи белесге шықты.

Орыс халқының мәдениетінің әсерімен қазақ мәдениетінің дамуында Ыбырай Алтынсарин де зор үлес атқарды. Ыбырай Алтынсаринге өз ұлтының мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне оның болашағына деген көзқарас құштарлығының қалыптасуына атасы Орта жүздің беделді билерінің бірі Балқожа Жаңбыршаұлының тікелей ықпалымен оқыған Орынбор қаласындағы (сол кездегі Торғай облысының әкімшілік орталығы) қазақ балалары үшін ашылған арнайы мектептің орны ерекше еді. Ол осы мектепті 1850-1857 жылдары оқи отырып, Орынбор әскери шекаралық комиссия төрағасы шығыстанушы ғалым, профессор В.В.Григорьев, профессор Н.И.Ильинскиймен таныс болды. Өз кезегінде олар орыс патша өкіметінің реакциялық саясатын қолдаушылары болса да, жас Ыбырайды дүниежүзілік әдебиет құндылықтарымен танысуына көмектесті, білімнің толығуына ықпал етті. Сол кездің өзінде профессор А.Ф.Эфиров «Орынбор қазақ мектебі өзінің тәрбиеленушілерінің бойында өздерінің ұлттық тіліне, халқына, орыс тіліне, оның халқына деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға тәрбиеледі. Ол қазақ халқының көрнекті педагог ағартушысы, тамаша азаматы Ыбырай Алтынсаринді тәрбиелеп шығарды», - деп жазған еді [4, 89б.].

Ы.Алтынсаринді қазақ халқын қалайда оның мәдениетін, оқу білім беру жүйесін сол кездегі алдыңғы қатарлы Ресей, Орта Азияның прогресті деңгейіне жеткізу мәселесі терең толғандырды. Осы мақсатта, яғни, қазақ халқының ағарту, мәдениеті саласының мәселелерін жан-жақты зерттеп білу бағытында өзінің білім деңгейін кеңейтіп, байыту үшін көп еңбектенді. Батыс-европалық классиктер - Шекспир, Гете, Байронның күрделі әдеби, ғылыми еңбектерімен танысты, орыс әдебиеті классиктері – Н.Г.Чернышевский, В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, А.И.Герцен, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, М.Е.Салтыков-Щедрин, И.А.Крылов, К.Д.Ушинский еңбектерін оқыды. Шығыстың ұлы ақындары – Фирдоуси, Низами, Джами, Саади, Навои т.б. шығармаларын зерттеді. Ы.Алтынсариннің ғылым мен білімге деген ынта-жігерін байқаған Орынбор облыстық басқарма бастығы В.В.Григорьев аудармашы-тілмаш ретінде қызметке қабылдай отырып, өзінің аса бай кітапхана қорымен пайдалануға рұхсат берген. Ы.Алтынсарин ағартушы-демократиялық дүниетанымының қалыптасуы мен жалпы қазақ халқы мәдениетіне деген прогресті көзқарасының дамуына сөз жоқ сол кезеңдегі Қазақстан тарихында болып жатқан сан алуан тарихи оқиғалар да әсер етті.

Қазақ халқы мәдениетінің алтын қорына Ы.Алтынсарин жасаған аударма-шығармашылық дүниелері енді. Ол өзінің қазақ-орыс мектептері оқушылары үшін дайындаған «Қырғыз хрестоматиясы» оқулығы үшін қазақ тіліне Крыловтың «Ворона и Лисица», «Пустынник и медведь», «Колосья»,

«Стрекоза и Муравей», «Добрая Лисица», Л.Н.Толстойдың әңгімелері – «Наблюдательность», «Китайская царевна Цилинши», «Визирь Абдул», «Царь и Рубашка», «Три вора», «Праведный судья», «Крестьянин и Стражник», «Петр I и мужик» «Садовник и сыновья», «Два товарища», «попала лисица в колодец», «Детский мир и хрестоматия» - кітабынан К.Д.Ушинскийдің – «Ворон и сорока», «Лиса и козел», «Индеец», «Паук, Муравей и Ласточка», «Собака Полкан», И.И.Паульсонның «Клочек ваты», «Золотые орехи», «Чувство жалости сильнее боли», «Наклонность», «Смышленная мышка», «Великодушная дочь», «Правосудие», В.И.Дальдың «Неряшливость», «Сострадавшая Наташа» т.б. еңбектері аударылып енгізілді. Сонымен бірге Ыбырай Алтынсарин қазақ тіліне А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, Н.А.Некрасовтың өлең жолдарын аударды. Қазақ оқырмандарын орыс мәдениетінің құнды шығармаларымен таныстыру үшін М.Е. Салтыков Щедриннің еңбектері аударылды [5, 101б.].

Орыс классиктерінің шығармаларын аударып, қазақ прозасы мен поэзиясын байытуға үлес қосты. Оның қазақ тіліне И.А.Крыловтың басняларын, Л.Н.Толстойдың әңгімелерін, К.Д.Ушинскийдің шығармаларын аударып енгізуінің тәрбиелік мәні болды, екі халықтың шығармашылық байланысын орнатты. 1880 жылы 7 маусымда Мәскеу қаласында орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкинге орнатылған ескерткіштің ашылу салтанаты кезінде сөйлеген сөзінде Ы.Алтынсарин: «Қырғыздар мен башкирлар орыс тілімен таныса отырып, бізге қымбатты Пушкин есімімен де таныс болды. Ол деген сөз Европалық Ресейдің шығыс аймағындағы мәселелерде ақынның бір мақсатының орындалғандығы» - деген еді [6, 201б.].

Ы.Алтынсарин Ресей мен Еуропаның озық мәдениетінен сусындауға шақырды. Бір қарағанда Ы.Алтынсарин білім беру, сауат ашу ісімен айналысқан сияқты, алайда, ол қазақ даласына мәдениеттің жаңа үлгілерін таратқан жаңалық жаршысы [7, 119б.]. Мысалы, қазақ даласында мектеп ашу арқылы малдың жайына бейімделіп кеткен еркін де асау қазақтарды отырықшылыққа үйретуі білімді сол кездегі дін сияқты құндылық ретінде мойындатуы, шешуші фактор білім ғана емес, сонымен қатар мәдениет екенін түсіне білу, Ы.Алтынсариннің білім мен мәдениеттің өзара әрекеттестігіне қозғау салған басты жаңалығы дер едік.

«Ы.Алтынсарин шығармашылығында білім мен дін, тіл мен өнер, «мәдениет» дейтін кең ұғымның басты компоненттері және олар бір-бірінен алшақ емес. Ы.Алтынсарин көзқарасында білім мен мәдениеттің бірлігі мен тұтастығы тұлғаның мәдениетке сәйкес дамуының кепілі ретінде көрінеді» [2, 47-48бб.].

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихына және ұлттық мектебінің қалыптасуына ұшан-теңіз жол салған бірден бір тұлға. Қазақтың елім деп еміренетін біртуар азаматтарының бірі ретінде халқының болашағы үшін, ұрпақтарының келешегі үшін жасаған еңбегі өлшеусіз болғандығын тарихтың өзі айғақтап берді. Елдің болашағы оқу мен білімде екендігін өз дәуірінде-ақ сезе біліп, ол іс мектеп ашумен ғана орындалатындығын көрегендікпен болжай алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Темірбеков О.Ж. Абай шығармашылығындағы «Айнығыш ер» образы // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей: Шәкәрім атындағы СМУ, 2006. – Б. 189-195.
2. Досжан Р.К. Мәдени байланыс және қазақ философиясындағы жаңа идеялар (Шоқан, Абай, Шәкәрім философияларының негізінде).-Филос. док (PhD) дисс. - ҚР, Астана, 2015.-146б.
3. Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның ХҮІІІ ғасырдағы қарым-қатынасы: Қақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде. - Алматы: Қазақ ССР-нің "Ғылым" баспасы, 1970.- 140 б.
4. Эфиров А.Ф. Ибрай Алтынсарин. - Алма-Ата, 1959. – 190 б.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. - Алматы: Ана тілі, 1991.- 120 б.
6. Сыдықов Ә.Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. - Алматы: Мектеп, 1969.- 156 б.
7. История Казахстана с древних времен до наших дней // В 5 т. - Алматы, 2010. – Т. 3. – 254 с..

АНАЛИЗ ПРОБЛЕМЫ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Даулетбаева Гульсим Байсултановна

Костанайский региональный университет им.А.Байтурсынова

Аннотация. Бұл мақала қазіргі білім беруде Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы мәселелеріне арналған. Автор болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығы мәселесін қарастырады. Мақалада болашақ мұғалімдерді дайындау мәселесінің зерттеулеріне талдау жасалынған, түлектердің педагогикалық қызметке дайындығының қалыптасу деңгейлері зерттелген.

Кілттік сөздер: студенттерді даярлау мәселесі, кәсіби қызметке дайындық, дайындықты қалыптастыру, кәсіби дайындық құрылымы.

Annotation. This article examines the issues of continuity of I. Altynsarin's pedagogical ideas in modern education. The author considers the problem of readiness for professional pedagogical activity. The article analyzes the study of the problem of training future teachers, examines the levels of formation of graduates' readiness for pedagogical activity.

Keywords: the problem of preparing students, readiness for professional activity, the formation of readiness, the structure of professional readiness.

Развитие образования в Казахстане имеет традицию преемственности с идеями просвещения Ибрая Алтынсарина. В своих трудах великий ученый и просветитель И.Алтынсарин раскрывает великое значение труда. Вопросы труда и трудового воспитания занимают центральное место в хрестоматийных материалах просветителя. Цель его жизни- воспитать учеников, уважающих и любящих труд. По его словам, «Труд – средство облагораживающее человека. Любовь человека к труду укрепляет его нравственность»[1]

И сегодня, идеи И.Алтынсарина не утратили свою актуальность в вопросах трудового воспитания учащихся, следовательно, и в вопросах профессиональной подготовки педагогов дополнительного образования.

Одной из проблем современного образования, является проблема готовности будущих педагогов к профессионально-педагогической деятельности. Готовность будущего педагога к техническому творчеству играет важную роль в системе общего образования. Современное образование нуждается в педагогах, обладающих профессиональными компетенциями на высоком уровне, способных адаптироваться к новым условиям.

Уже в процессе обучения в университете, нужно учитывать особенности структуры и закономерностей профессионального и личностного самоопределения. Поэтому важнейшей задачей является выявление профессиональных и личностных характеристик, влияющих на готовность будущих педагогов к профессионально-педагогической деятельности еще во время обучения в вузе[2].

Решение данной проблемы имеет большое значение, оно позволит повысить качество подготовки будущих педагогов профессионального и дополнительного образования.

Постоянный интерес ученых к формированию готовности наблюдается с начала ХХ века. В настоящее время, актуальной проблемой является проблема формирования готовности учителя к использованию дистанционных технологий обучения. Таким образом, сегодня существует потребность как в теоретическом обосновании данного вопроса, так и в разработке системы подготовки будущих учителей для развития технического творчества школьников с использованием дистанционных технологий обучения. Кроме того, вопрос использования ДОТ в образовательном процессе особенно актуален в условиях массового перехода всех типов и уровней учебных заведений на дистанционное обучение в связи с пандемией коронавируса в мире.

Задачи формирования готовности будущих педагогов к профессионально-педагогической деятельности в педагогической литературе рассматриваются на следующих уровнях: на уровне педагогики школы; на структурном уровне систем готовности и ее составляющих; на уровне подготовки студентов педагогических вузов к профессионально-педагогической деятельности; на теоретическом уровне формирования готовности будущего учителя к профессиональной деятельности.

Выделяют следующие компоненты формирования готовности учителя к использованию дистанционных технологий обучения в своей профессиональной деятельности: формирование ЗУН, формирование профессиональных и личностных качеств, формирование профессиональной направленности и отработка профессиональных действий.

Отдельные компоненты профессионального образования в некоторых исследованиях анализируются независимо от других компонентов. Например, В.В. Кузнецов рассматривает педагогическую культуру, а В.В. Ширяев выделяет особенности подготовки мастеров производственного обучения

педагогического направления. В работах О. С. Богинской, Н. П. Гаманенко рассматривается формирование профессиональной подготовки учителей профессионального обучения, а в работах Г. Н. Жукова мастеров производственного обучения.

Более близки к идеям просвещения исследования К.М. Дурай-Новаковой. Она рассматривает профессиональную подготовку будущих педагогов как систему, включающую в себя вместе со знаниями и умениями (опытом) и человеческие качества. Показателями готовности к профессионально-педагогической деятельности, на ее взгляд, являются: высокая потребность к педагогической деятельности и устойчивость профессиональных интересов; знание сущности педагогической профессии; совокупность ЗУН с личностными качествами, а также высокая ответственность за результат своей педагогической деятельности. [8]. На основе выявленных показателей готовности будущих педагогов профессионального и дополнительного образования выделены следующие компоненты структуры профессиональной подготовки: мотивационный, оценочный, эмоциональный, оперативно-эффективный, а также коррекционный.

Следует отметить, что вклад ученых и педагогов в изучение этого вопроса не уменьшился, и до сих пор не найдено решения в образовательной практике. До сих пор не существует целостной педагогической теории обучения, поскольку в основном рассматриваются отдельные аспекты процесса.

Современная система образования ставит новые требования перед педагогическими вузами по формированию готовности будущего учителя к профессионально-педагогической деятельности, в том числе и к использованию ими в своей деятельности ИКТ и дистанционных технологий обучения. Проблемы, возникающие в связи с этим при обучении будущих педагогов, находят отражение в исследованиях проекта «Формирование готовности будущих педагогов к развитию технического творчества школьников с использованием дистанционных образовательных технологий».

Список использованной литературы

1. Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительная деятельность И.Алтынсарина. – Алма-Ата : Учпедгиз, 1949. – 194 с.
2. Готовность будущих педагогов к профессиональной деятельности как психолого-педагогическая проблема / Н. Е. Стенякова // Вестник Пензенского государственного университета. – 2013. – № 4. – С. 15–17.
3. Жуков, Геннадий Николаевич. Ж 86 Формирование готовности студентов к профессионально-педагогической деятельности мастера производственного обучения: Теоретико-методологический аспект: монография / Г.Н. Жуков, Е.М. Дорожкин, П.Ф. Кубрушко. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2019. 227 с.
4. <https://didacts.ru/termin/gotovnost-k-pedagogicheskoi-deyatelnosti.html>
5. Педагогический словарь 2008 г.. Загвязинский В.И., Закирова А.Ф., Строкова Т.А. и др.
6. Сергеев Н.К. Педагогическая деятельность и педагогическое образование в инновационном обществе. / Монография / Н.К. Сергеев, В.В. Сериков – М. – 2013.
7. Дьяченко М.И. Психологические проблемы готовности к деятельности / М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович. – Минск: Изд-во БГУ, 1976. – 176 с.

8. Дурай-Новакова К.М. Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: дис. ... д-ра пед. наук / К. М. Дурай-Новакова. – М., 1983. – 356 с.
9. Добрачева А.Н. Формирование готовности к профессионально-педагогической деятельности будущих бакалавров профиля «технология»: диссертация ... кандидата Педагогических наук: 13.00.08 / ФГБОУ ВО «Воронежский государственный университет», 2018.- 167 с.

АБАЙ МҰРАЛАРЫ – ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Дүйсебекова Айсауле Есенгазиевна

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты ф.ғ.к.
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматриваются возможности воспитания у молодежи национального воспитания и национальных ценностей на основе литературного наследия Абая.

Ключевые слова: мир Абая, голос Абая, поэт, мыслитель, общественный деятель, национальная ценность, ум, наука, совесть, воспитательное влияние.

Resume. The article discusses the possibilities of educating young people of national education and national values on the basis of the literary heritage of Abai.

Біз философтың «ақыл ізгілігіне» үлкен мән беретіндігін түсінуіміз керек. Атап айтқанда, философ ең жетілдірілген ақыл-ой қасиеті ұзақ уақытқа есептелген халыққа, адамдарға және қалаларға қамқорлық жасау деп санайды. Одан кейін әр өнер түріне, әрбір үйге, жеке адамға күнделікті өмірде қолданылатын ақыл-ой қасиеттері жалғасады. Бақыт, адамның адамгершілік тұрғыдан кемелденуі, оған жетудің жолдары мен тәсілдері туралы мәселе ұлы ғалым әл-Фараби дәуіріндегі проблемалық мәселелердің бірі болды. Бүгінгі күні бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ. Муаллимус Соняның айтуы бойынша бақыт- адам инстинкті түрде ұмтылатын жетілудің бір түрі. Атап айтқанда, ол игіліктер арасында «бұл адам ең алдымен ұмтылатын ең ірі бақуат және ең мінсіз мақсат» деп жазады. Фарабидің пікірінше, адамның кемелденуі, оның ізгіліктерінің қалыптасуы бүкіл өмір бойы жалғасатын және өліммен тоқтайтын процесс. Философ адамгершілік қасиеттер санатына темперамент, батылдық, жомарттық және әділеттілікті жатқызады. Бірақ Фараби толық кемелденуге ақылға қонымды ізгілік болған кезде ғана қол жеткізуге болады деп санайды.

Сонымен, ойшыл әдептілік пен ойшылдық, адамгершілік пен парасаттылықтың байланысын атап көрсетеді, оны мойындамайтындарды сынайды. Осы ұғымдардың бірлігі мен олардың өзара байланыстылығынан шыға отырып, ол кемел адам мен ізгілікті қоғамның гуманистік мұраттарын түсіндіреді. Бақытқа жетелейтін шынайы адамгершілік кемелдік пен білімнің көрінісі - Фараби философиясының негізгі идеясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Усманова У.С. Вклад среднеазиатского ученого Абу Насра аль-Фараби в развитие мирной философской мысли. // Молодой ученый. № 3, 2018.

БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУШЫ ОРТА АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Темирханова Қымбат Шашубаевна

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В этой статье рассказывается проблемы формирование социальной активности детей через развивающую среду. С точки зрения педагогики, анализируются фундаментальные исследования ученых. А также рассматривается о роли воспитателя в социализации детей дошкольного возраста.

Annotation: This article describes the problems of formation of children's social activity through a developing environment. From the point of view of pedagogy, the fundamental research of scientists is analyzed. It also discusses the role of the educator in the socialization of preschool children.

Елімізде білім беруді дамыту тұжырымдамасында айқындалған негізгі мақсат - мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру жолымен балалардың білім алуына бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Осыған орай, балалардың бойында оқу қызметін меңгерту, белсенділігін қалыптастыру, дамытушы ортада баланы ынталандыру басты бағыт болып саналады. Білім берудің түрлі деңгейлеріне қарай жаңа әлеуметтік сұраныстарының пайда болуы шығармашылық қабілеті бар, саналы, әрі өз іс-әрекетін анықтайтын және осы мақсатқа жету үшін өзін басқара алатын белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етіп отыр. Бұл талаптарды орындау үшін мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үрдісінің, ең дұрыс бағыты белсенділікті іс-әрекеттік тұрғыдан дамыту болып табылады. Бұл төмендегідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: баланың қызығушылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту, оқу дағдысын игерту, мәдени мінез-құлқын, мақсат қою біліктілігін және шығармашылығын тәрбиелеу. Қоғамдағы өзгерістер адамдардың әлеуметтік белсенділігіне тікелей байланысты болып келеді. Әлеуметтік белсенділік адамның әлеуметтік позициялық көрінісі.

Әлеуметтік белсенділіктің өндірістік, қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық, тұрмыстық, т.б. түрлері бар. 1980 жылы баланың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру және дамыту мәселесі бойынша шет елде мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңі көптеген зерттеушілердің назарын аударды (Ш.А.Амонашвили, С.П.Баранов, Е.А.Ануфриев, Р.Г.Казакова, В.И.Логинова, В.С.Мухина және тағы басқалар). Мектепке дейінгі кезеңнен бастап әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру бойынша қажырлы еңбектеніп, мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуі керек. Осы кезеңнен бастап болашақ тұлға ретінде өзіне, адамдарға, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптаса бастайды. Әлеуметтік ережелер мен қағидаларды меңгере отырып бала дамиды. Әрине, әлеуметтену процесі баланың қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеті нәтижесінде жүзеге асады. Субъектінің әлеуметтік белсенділігінсіз оның танымы да, шығармашылығы да, іс-әрекеті де дамымайды. Сондықтан балалық шақтан бастап белсенділік әлеуметтік маңызды сипатқа ие болуы керек.

Біздің қоғамымызда адам жанын алаңдататын мәселелер көптеп кездесуде. Бүгінде бала тәрбиесі мен қазіргі өмір ағыны бір-бірімен қабыспай отыр. Олай дейтін себебіміз жастардың қоғамдық орындардың тәртіп ережелеріне бағынғысы келмеуі, қоғамдық мүлікке жанашырлықпен қарау, үлкендермен қарым-қатынаста сыпайлық, елгезектік сияқты мәдени-танымдық қасиеттерді танытпауы күнделікті өмір ағынында көрініс беруде.

Балабақшадағы жаңа келген балаларда бұларды қалыптастыру біршама қиындықтарды тудырып жатады, олар әлі де болса моральдық жағдайларды біржақты қабылдайды, оларға талдау жасауға қиналады, жасы өсе келе бұл жастағы балалардағы бағалаулар біршама бейімделіп, адамгершілік нормаларына қатысты ережелер негізделі бастайды.

Соңғы жылдары жарияланған еңбектерде «әлеуметтік белсенділік» деген термин жиі айтылып жүр. Біз осы терминнің мағынасын ашу үшін ең алдымен «белсенділік» ұғымына анықтама беріп кетсек, «Белсенділік» - деп жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері.

Әлеуметтік белсенділік – мәселелерді шешуге саналы түрде бағытталған іс-әрекет. Әлеуметтік белсенділік арқылы жеке адамның мәдени дәрежесіне, білім деңгейі мен икемділігіне, қоршаған ортамен қарым-қатынасына баға беруге болады. Әлеуметтік белсенділіктің төмендігі адамдардың қоғамдық ортақ іс-әрекеттерден тыс қалғандығын, білімсіздігін және жігерсіздігін көрсетеді. Қоғамдағы өзгерістер адамдардың әлеуметтік белсенділігіне тікелей байланысты болып келеді.

Баланың белсенділігі іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген, өмір барысында қарым-қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Кішкентай баланың өзі де пассивті емес түрде өмірдің жағдайларына бағынады. Ол өзінің талаптарын орындатқанда (үлкендерге) белсенді, ол қоршаған адамдарға қатысты өз түзетулерін енгізеді. Ол адамға деген (ұнату, ұнатпау) және заттарға деген (керек, керек

емес, жақсы көретін, жақсы көрмейтін) өзіндік жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Бұл қатынастар оның іс-әрекетінде жеке тұлғаның өзгешелігін жасай отырып пайда болады.

Педагогикалық-психологиялық зерттеулер ересек топ балаларының белсенділігін қалыптастырудың тиімді құралы дамытушы орта екендігін дәлелдеп отыр. Ж.Ж.Руссоның философиялық-педагогикалық көзқарастарында даму ортасы ерекше орын алады. Ол тәрбие үрдісі тиімді өту үшін, әр тұлғаға оның шындықтағы мүмкіншіліктері мен табиғи сұраныстарының арасында тепе-теңдік орнататындай ерекше даму ортасы құрастырылуы керектігін атап көрсетті. Бұл ортада тұлға әзір білімді алмайды, ол сол білімді өзі тауып, тірі табиғатты бақылай отыра өзінің тәжірибесінің негізінде үйренеді. Ж.Ж.Руссоның пікірінше, тұлға дамуының негізгі кайнар көзі білімнің көлемі емес, сол білім көлемін өздігінен еркін пайдалана білуінде. Осылайша «табиғи саналылықтың» тәрбиесінде дамыған тұлға өз қасиеттерінің ішкі әлем дүниесінің еркіндігін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтендіру мәселесін көтерген О.Нұсқабаевтың ойынша, іс-әрекет өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің негізгі саласы болып табылады. Өйткені кез келген адам, ең алдымен, еңбек үстінде өзінің өмір сүру ортасынында, өзін де өзгертеді деп көрсетеді. Бұдан заттық-дамытушы ортамен іс-әрекеті тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі шарты және қоғамның маңызды қызметі деп түсінуге болады. Мектепке дейінгі баланың әлеуметтенуі тұлғаның қажетті өмір тәжірибесін жинақтап, қоғамдағы тәртіп нормалары мен ережелерін игеруі.

Заттық-дамытушы орта - педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруда «әлеуметтік орта» білім беру саласындағы педагогикалық процеске белгілі бір талаптар қойылады.

Мектепке дейінгі ерте жас (1 жастан бастап 3 жасқа дейін): ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық жағдайын құруды көздейді; мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтауға, ересектердің тапсырмасын орындауға ықпал етеді; бейімделу үдерісіне ықпал етеді.

Мектепке дейінгі кіші жас (3 жастан бастап 5 жасқа дейін) балаларды айналасындағы әлеуметтік ортамен таныстыруды қарастырады, эмоционалдық дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ересек жас (5 жастан бастап 6 жасқа дейін): құрылымдық өзара іс-әрекет дағдыларын, даулы жағдайларды шешу тәсілдерін игеруді қарастырады; әлеуметтік ойын технологиясына құрылған; балалардың қамқорлық, ықылас, өзара көмек көрсетуге ынталандыратын ізгілік бағытындағы жағдайларды құруды қарастырады; басқа білім беру салалары арқылы әлеуметтік даму жағдайларын қарастырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру стандартта қойылатын талаптарға негізделіп жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруда заттық ортаның ықпалы аса маңызды болып келеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру мақсатын көздейтін «Әлеуметтік орта» білім беру саласында тәрбиешілерге де белгілі талаптар реті қойылады. Яғни тәрбиеші: даулы жағдайлардың оң шешілуі дағдыларын меңгерген; баланың қоршаған ортаны оң қабылдауын қалыптастыра алатын; ұтымды әлеуметтік қатынастар құруда еліктеу үшін үлгі бола алатын; бала пікірін құрметтеп, жол, эмпатия көрсететін; әр баланы құрдастарымен қатынас жасата білетін; эмоционалдық қолайсыздықты жеңудің нақты тәсілдерін білетін және үйрете алатын; қазақтың және басқа да халықтардың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын білетін және насихаттайтын болуы тиіс. Тәрбиешілерге қойылатын талаптардың жүзеге асырылуы балалардың тиімді әлеуметтенуі мен әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуының негізі болады.

Балаларының әлеуметтік белсенділігі олардың шынайы жағдайларды түсініп, бағалай білуінде, ересектермен, құрбы-құрдастарымен, өзінен кішілермен қарым-қатынаста өз іс-әрекетін саралай білуінде, өзін-өзі бағыттай отырып, әлеуметтік ортада белсенді тұлға болып қалыптасуына негіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Халитова И.Р., Сұраншиева М.Қ. Әлеуметтік педагогика. –Алматы.-2020
2. Кирабаева Ш. А. Формирование социально-ориентированного поведения младших школьников в учебно-воспитательном процессе. Автореф. дис.канд.пед.наук. –Алматы, 2003.
3. Мулько И.Ф. Социально-нравственное воспитание дошкольников 5-7 лет. –М.: 2004.
4. Жиенбаева С.Н., Кусбаева А.Н. Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым этикалық мәдени мінез-құлқын қалыптастыру. Мектепке дейінгі білім. №6. 2006.

II СЕКЦИЯ

**Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы
Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы
(Жаратылыстану-математикалық және техникалық ғылымдар)/
Преемственность педагогических идей И.Алтынсарина в условиях
обновленного содержания образования
(естественно-математические и технические науки)**

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ОРЫС ДОСТАРЫ

Абаева Айбану Абайқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Айдарова Г.К.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация. В данной статье рассматриваются мнения русских друзей просветителя И.Алтынсарина

Ключевые слова: просветитель, педагог, инспектор, ученый, письмо.

Summary. This article discusses the opinions of Russian friends of the educator I.Altynsarin

Keywords: enlightener, teacher, inspector, scientist, letter.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасының қалыптасып, дамуында орыс достарының ықпалы зор болды. Осыған орай педагогикалық тағылымы жөнінде профессор С.Қалиев «Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптері айқын аңғарылады. Ағартушы бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаған және өнегелі ұстаз-тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлген. Алтынсарин шығармаларын қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық-зорлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады....»- деп тұжырым жасаған. Орыс достарының арасында екі шығыстанушы ғұлама ғалым В.В.Григорьев пен Н.И.Ильминский орны ерекше болды.Өйткені алғаш білім нәрімен сусындауына көп көмегін тигізген ғалым В.В.Григорьев, ағартушы ориенталист-ғалым Н.И.Ильминский .

Ғалым Н.И.Ильминский былай деп жазады: «В.В.Григорьевтің жұмыс орнына келсем, онда қазақ мектебін алғашқы бітіргендердің бірі Ибраһим отыр екен.... Сонымен мен Алтынсаринмен В.В.Григорьевтің жұмыс кабинетінде кездестім». Міне, Алтынсарин мен Ильминский арасындағы достық пен ынтымақтастық осылай басталып, ағартушының орысша, европаша білім алып, ой-парасатының тереңдей түсуіне Н.И.Ильминскийдің тікелей жәрдемі де, белгілі дәрежеде ықпалы да болған. [2, 80 б]

Қазақ халқының барлық болмысын орыс достарының бірі ғалым Н.И.Ильминский қазақ халқымен жақын араласып, тілінде жақсы түсініп, аса жоғары баға берген. Ыбырайдың өзінің күнделікті қызметінен бос уақытында өнер-білім жолындағы түсінбеген мәселелер мен сұрақтарына ерінбей-жалықпай жауап беріп, оның ғылым-білімнің дамуына баулыған. Н.И.Ильминский ағартушы жайындағы мына пікірінде «Шындықты айтпауға болмайды,-дейді ол,-Алтынсарин менің көп сөзділігіме асқан төзімділік білдіруші еді. Аса сүйкімді жігіт Алтынсарин сөйтіп менің семьямның тұрақты да қадірлі қонағы болып сіңісіп кетті» деп өз ойын ашық көрсетіп, орыс тілін толық меңгеруіне отбасының көп жәрдемі болғанын және көркем шығармаларды дауыстап оқығанда, қате айтқан сөздерін түзеткенін атап көрсетеді. Ағартушының екінші ақылшы досы Василий Владимирович Катаринский. Оған дәлел ретінде мына хатта жазылған «Аса қадірлі Василий Владимирович» деп басталып «Сізге шын берілген бағынышты пендеңіз», не «шын қадірлейтін», «өзіңізге берілген қызметшіңіз!» -болып аяқталатын соңғы хатында жазылған. Ол хатта «Егер тәуір болсам тамыз айының аяғынан бастап облысты аралап қайтпақшымын. Ал егер сіз тамыз айының ортасына шейін, не 20-лары шамасында келсеңіз, онда біз Торғай, Ырғыз арқылы Орынборға дейін аралаған болар едік» -деп жазылған. Орыс досы В.В. Катаринскийдің ұсынысымен ағартушы Бөкей ордасындағы қазақ мектептерінің инспекторы болып Никандр Муравьевті тағайындап, Торғай халық училищелерінің айырықша инспекторы болып Н.И. Ильминский мен В.В. Катаринскийдің қолдауымен Ыбырай Алтынсаринді ресми бекіткен. Ағартушы 1879-1889 жылдар арасында Торғай халық училищелерінің инспекторы ретінде тындырған еңбегінің нәтижесінде орыс досы В.В. Катаринскийдің қолдауымен жүзеге асады оқу жүйесінің, педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуына, демократиялық сипат алуына ықпалын тигізеді.

Ағартушының Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында былай деген: «Балалар әлемі» маған өте ұнап кетті, өйткені, онда менің ауырмақ болып жүрген нәрселеріме жарамды мақалалар көп екен. Молдалардың оқытып жүрген татар, араб, парсы тілдеріндегі кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдың бәрінен адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халықтар сияқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек. Бар күшімді жинап мен «Балалар дүниесінен» бір мақаланы аударып көргелі отырмын. Тірі болсам оны сіздің шолып шығуыңызға жіберемін», - дейді [1.13 б].

Ағартушының осы хатынан балаларға арнап аударған бірнеше шығармалары мен оқу құралдары «Қазақ хресоматиясын» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазылып, қазақ-орыс мектептеріне тәлтіма оқулық ретінде ұсынылған. Хрестоматия оқу құралында қазақ халқының ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен мысал өлеңдерін аударып енгізілген. Хрестоматиясының екінші бөлімінде жаратылыстану, жағрапия, тарих, физика, сондай-ақ техника саласынан түсінік беруді көздейтінін айтқан. Оқу- тәрбие процесін ұйымдастыруда ағартушы Ушинский, Руссо, Каменский , Толстойдың гуманистік идеяларын басшылыққа алады.

Ағартушының аға тұтып сыйласқан орыс достарның бірі ғалым Алексей Александрович Бобровников. Жолдаған хаттарының бірінде «Аса қайырымды Алексей Александрович пен Наталья Моисеевна! ...Орынбор бекінісіне келгелі ... оқиын десем кітап жоқ, қазақ балаларын оқытайын десем мектеп салынбаған және оған ешбір қаражат та жоқ»-деп жазады [1, 68 б]. Осы хатының соңында «Өткен жылы Орынбордан кетерімде жол қаражатын алған жоқ едім, оны осы күнге дейін ала алмай отырмын» - деп Алексей Александровичтен осы мәселені шешуге жәрдемдесіп жіберуді сұраған.

Ыбырай Алтынсариннің 1861 жылдың 14 қыркүйегінде жазған «Құрметті Алексей Александрович!» деп басталатын хаты Қазан қаласында В.И.Ленин атындағы университет жанындағы Лобачевский атындағы ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы. Ол хатта қаңтар айынан бері еңбек ақы алғаным жоқ, осыны почта арқылы тез жіберудің амалын қараңызшы?.. аса сыйласатын Николай Иванович (Ильминский) маған хат жазып Қазан қаласына кел, университетке оқуға түс деп кеңес берген. Оқығым-ақ келеді, бірақ семья жағдайы да, жұмыс бабы да оған әзір ырық бере қоймас...Сізге шын берілген И. Алтынсарин» деп жазған. Бұл хатта А.А.Бобровников пен Ыбырай Алтынсарин арасындағы достығының тағы бір айғағы екені сөзсіз. Орынбор өлкесінің басқару орны Торғай бекінісінен қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат бергеннен кейін, Ыбырай Алтынсарин мектепке оқытушы боп тағайындалады. Осы жылдың шілде айында Торғайға келіп, мектеп ашуға бірден мүмкіндіктер бола қоймайды да, бекініс комендатурасында уақытша тілмаштық жұмыс атқара береді. Ыбырай қол қусырып қарап отырмай, өз үйіне бірнеше оқушы қабылдап, оларды оқыта бастайды. Оны орыс достарын Н.И.Ильминскийге хатында Ыбырай былай дейді: «Тәжірибе барлық ғылымның бастамасы ғой, кем-кемдеп өзіміз де үйреніп, балаларды да оқыта берейік, мүмкін сөйте келіп, мақсатымызға да жетерміз» - деп жазады. [3,30 б]

Торғайда бір кластық мектеп ашу ісін ұйымдастыруда әскери комендант Яков Петрович Яковлев ұлы педагогтың жергілікті халыққа деген ықыласын, әр қазақты қабылдап, өз тілінде сөйлесіп, шаруа-жайымен танысып, ақыл-кеңесін беретініне барынша разы болып, оның адамгершілік қасиеттерін үлгі тұтатын, реті келген жерде ол туралы, бір жақсы сөз айтпай қалмайтын. Ыбырай Алтынсариннің мектеп үйін салуына «ел аралап қаражат жинауына», оның игілікті талабын «бұқара халық қарсы алып, үй басына 15

тиыннан 1 сомға дейін орталарынан қаражат жинап беруіне», оның атқарған ресми әкімшілік жұмысы да азды-көпті әсерін тигізгені анық.

Ыбырай Алтынсарин мен орыс достары туралы өмірбаяндық, педагогикалық және творчестволық материалдарды сарапқа сала келгенде басты мәселелерге назар салайық. Қазақ-орыс достығының бастауындағы екі халықтың оқу-ағарту ісіндегі қарым-қатынасының алатын орны және Ыбырай Алтынсариннің педагогика саласындағы алып тұлғасының орыс достары арқылы даралана, тұлғалана түсуі.

Ыбырай Алтынсариннің осындай орыс достары арасында зор беделге ие болуы оның аса дарынды тұлға болғандығын көрсетеді.

Ы.Алтынсарин өз заманының ақыл-ойшылы, ірі қоғам қайраткері. Оның жарқын бейнесі мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксегенін біртуар асыл азаматты көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ламашев Ә. «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары»: Алматы, «Қазақстан» 1988ж
2. Ахметова П.А., Шаумен Г.С. «Ыбырай тағылымы», Арқалық 2008 ж.
3. Бижанова Ғ.Қ. «Ыбырай танымының: кешегісі мен бүгінгісі», Арқалық, 2010 ж.

МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДАҒЫ ТІРЕК ЕСЕПТЕРІ

Абдрахманова Мейрамкул Турганбаевна

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация. В этой статье рассматриваются решения опорных задач в школьном курсе геометрии. Отражает важные свойства геометрических фигур, демонстрирует различные методы решения геометрических задач.

Ключевые слова: треугольник, медиана, биссектриса, высота.

Annotation. This article discusses the solutions of support tasks in the school course of geometry. Reflects the important properties of geometric figures, demonstrates various methods for solving geometric tasks.

Keywords: triangle, median, bisector, height.

Мектеп курсындағы геометриялық есептердің оқушыларға шығару жолдарын, әдіс-тәсілдерін үйрету, оқушылардың логикалық ойлауына, кеңістіктік елестету қабілеттерін дамытуда маңызды орын алады. Геометрия курсының теориялық бөлімінде негізгі теремалары оқытылып, есептер шығару барысында осы теоремаларды қолданудағы оқушылардың білім, білік, дағдылары қалыптасады.

Геометриялық есептерді шығаруда, мектеп геометрия курсындағы негізгі теоремаларды жақсы біліп, түсіну, қолдану ерекше маңызды. Есептер шығару барысында көбірек қолданылатын теоремаларға сәйкес шығарылатын

есептер жиі кездеседі. Бұл есептерді шығару барысында қолданылған әдістерді басқа есептер шығару барысында да негізге алу қажеттігі туындайды. Осы есептер мектеп геометрия курсына тірек есептері деп аталады.

Мектеп курсынағы тірек есептерін шығару барысында үшбұрыштың медианасының қасиеттеріне тоқталып өтелік.

1. Үшбұрыштың медианасы осы үшбұрышты тең екі үшбұрышқа бөледі.

2. Үшбұрыштың медианалары бір нүктеде қиылысады және үшбұрыш төбесінен бастап осы нүктеге дейін 2:1 қатынасына бөледі.

Үшбұрыштың медианаларының қиылысу нүктесі, осы үшбұрыштың ауырлық центрі болады.


Енді осы медиананың қасиеттерін пайдаланып, есептер шығару мысалдарынан тоқталайық.

1-мысал. Үшбұрыштың екі қабырғасы белгілі, оның медианасының ұзындығын есептеп табу керек.

Шешуі. Берілген есепті қосымша салулар әдісі арқылы шешеміз.

Айталық ABC үшбұрышында, $AB=c$, $BC=a$, $AC=b$ екендігі белгілі болсын. AD медианасын m_a арқылы белгілесек, осы медиананың ұзындығын табуымыз керек.

AD сәулесінің созындысынан D нүктесінен кейін $DE=AD$ кесіндісін алып, E нүктесін B және C нүктелерімен қосамыз, сонда $ABEC$ төртбұрышы пайда болады. Пайда болған $ABEC$ төртбұрышының диагональдары қиылысу нүктесінде қақпа бөлінгендіктен, осы $ABEC$ төртбұрышының параллелограмм болатындығына көз жеткіземіз [1].



1-сурет. Үшбұрыш медианасын табу

Косинустар теоремасынан шығатын салдар бойынша:

$$AE^2 + BC^2 = 2(AC^2 + AB^2)$$

немесе

$$(2m_a)^2 + a^2 = 2(b^2 + c^2);$$

осыдан:

$$m_a = \frac{\sqrt{2(b^2 + c^2) - a^2}}{2};$$

3. Тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышынан гипотенузаға түсірілген медиана гипотенузаның жартысына тең болады.

1-мысалды басқаша қосымша салулар жүргізу арқылы шығаруға болар еді. Ол үшін ABC үшбұрышын қосымша салулар арқылы $ABEC$

параллелограммына дейін толықтырып, AD медианасын параллелограммның AE диагоналіне дейін созамыз. Бірақ есепті шығару барысында оқушылар бұл әдісті AD биссектрисса немесе биіктік болған кезде пайдалу арқылы қате жіберуі мүмкін.

Есеп шығару барысында ең бастысы косинустар теоремасынан шығатын салдар бойынша пайдаланылған қосымша салуларды еске сақтаған жөн. Бұл осы тірек есептерін шығару барысындағы маңызды роль атқарады.


Үшінші тұжырымдамадан тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасының ортасы осы үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің центрі болып табылатындығы шығады.

Сонымен қатар егер үшбұрыштың медианасы сол жүргізілген қабырғаның жартысына тең болса, онда ол тікбұрышты үшбұрыш болатындығы шығады.

Келесі мысалдарды шығару барысында үшбұрыштың биссектрисасының қасиеттері тоқталамыз.

2-мысал. Егер ABC үшбұрышының B төбесіндегі сыртқы бұрышы AC түзуін D нүктесінде қиятын болса, онда $DA \div DC = BA \div BC$ қатынасы орындалатындығын дәлелдеп көрсетіңіздер.

Шешуі.



2-сурет. Үшбұрыш биссектрисасын табу

Синустар теоремасы бойынша ABD және CBD үшбұрыштарынан келесі теңдіктерді аламыз:

$$\frac{BA}{\sin BDA} = \frac{DA}{\sin ABD};$$

$$\frac{BC}{\sin BDA} = \frac{DC}{\sin CBD};$$

$$\angle CBD = \angle DBE;$$

$$\sin \angle ABD = \sin \angle DBE = \sin \angle CBD.$$

$$\frac{BA}{DA} = \frac{\sin BDA}{\sin CBD} = \frac{BC}{DC};$$


$$\frac{DA}{DC} = \frac{BA}{BC}.$$

Келесі есепті шығару барысында оқушыларға үшбұрыштың биіктігі туралы анықтамалар мен формулаларды еске түсіріп, қайталай отырып, есептеп табады.

3-мысал. ABC сүйір бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындығы белгілі. Осы үшбұрыштың B төбесінен түсірілген биіктіктің ұзындығын есептеп табу керек.

Шешуі.

Есептің шарты бойынша ABC үшбұрышының қабырғаларының ұзындығы белгілі. Қабырғаларын келесідей белгілеп аламыз: $AB = c$, $BC = a$, $AC = b$. Үшбұрыштың B төбесінен түсірілген биіктікті келесідей белгілеп аламыз: h_b



3-сурет. Үшбұрыш биіктігін табу

Ең алдымен үшбұрыштың AH қабырғасын есептеп табайық:

$$AB^2 - AH^2 = BC^2 - (AC - AH)^2;$$

$$AH = \frac{b^2 + c^2 - a^2}{2b};$$

Сондықтан:

$$h_b = \sqrt{AB^2 - AH^2} = \sqrt{c^2 - \left(\frac{b^2 + c^2 - a^2}{2b} \right)^2};$$

Түрлендірулер жүргізу арқылы келесі түрдегі теңдікті аламыз:

$$h_b = \frac{\sqrt{(a+b+c)(a+b-c)(a+c-b)(b+c-a)}}{2b};$$

Бұл мысалды шығару барысында, үшбұрыштың сүйір бұрышты үшбұрыш екендігін ескеріп отырмыз. Есептеу барысында алынған формула кез келген үшбұрыш үшін орындалады [2].

Оқушыларға геометриялық есептерді шығаруға үйрету арқылы, олардың бойындағы оқу-танымдық қызметін ұйымдастырып, зерттеушілікке, іскерлікке, жауапкершілік пен тиянақтылыққа тәрбиелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гусев В.А., Гусаев В.А., Орлов В.В, Панчишина В.А. и др. Методика обучения геометрии.- М.: Академия, 2004.
2. Осипенко А.А., Стацевичуте Е.А. Опорные задачи планиметрии.- Иркутск, 2010.

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ

Оқытушы Абдрахманова Р.С.

Аға оқытушы, магистр Кауметова Д.Р.

Музыка және бейнелеу өнері кафедрасы

Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институты

Аннотация. Сегодня стремление создать эффективные критерий процесса модернизаций музыкального образования является особенно важным вопросом в интеграций методов музыкального образосания студентов и версий программ.

Annotation. Today, the desire to create an effective criterion for the process of modernization of music education is a particularly important issue in the integration of student musical education methods and program versions.

Оқыту дегеніміз – үлкен өнер.Өзіндік ерекшелігі мол, қыры мен сыры бар, нәзікте күрделі өнер деп айтуымызға болады. Әрине, мектепте бұл үрдіске мұғалім мен оқушы қатысады. Оқытудың нәтижесі оқушының білім сапасы мен даму дәрежесінен көрінеді.

Әрбір жаңа ұрпақ өткен ұрпақтардың тәжірибелерін үйренеді және де ғылымдағы, техникадағы, қоғамдық өмірдегі жаңа жолдарды іздестіреді. Оқытудың аса маңызды міндеттерінің бірі – жас ұрпақты біліммен қаруландыру.

Оқыту – оқушыға білім беру, дамыту, тәрбиелеу мақсатында жоспарланған іс-әрекет.

«Оқыту» ұғымы педагогика ғылымында кең және тар мағынада қарастырылған.Тар мағынада бастауыш сыныптардағы мұғалімнің іс-әрекеті, сол сияқты кез келген ғылым саласындағы маман оқытатын яғни орта және жоғары сыныптардағы пән мұғалімнің іс-әрекеті қолдалынады.

Осы тұрғыда, пән мұғалімінің «оқытуы» деген түсінік оқытудың бірнеше басқа сипатын береді. Кең мағынада қолдалынатын «оқыту» өзіне мұғалім қызметі – сабақ беруді, оқушы қызметі – білім алуды қамтиды. Яғни, мектептің алдына қойылған көптеген міндеттерді шешуге бағытталған оқушылардың мұғалімнің басшылығымен іс-әрекеті ретіндегі оқуы жатады. Мысалы, балалар мұғалімнің басқаруымен жұмысқа кіріседі: бірнеше музыкалық шығармаларды тыңдай отыра салыстырады, шығарманың сипатын ажыратады, жанр түрлерін ажырата біледі, кейбір оқушылар қателесіп жатып жолдастары дұрыстап түзетеді ал мұғалім түсіндіріп береді. Басты мәселе ешкімнің де іші пыспайды, яғни мұғалім де оқушы да алдарына мақсат қойып жұмыс істеуде көздеген мақсатқа жетеді оқытудың сапасын жақсы нәтижелерін көрсетеді. Негізгі оқыту функциясы оқушыларды нақты білім, іскерлік және дағдылар жүйесіне бағытталған.

Білім – адамзаттың жинақтаған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін ойлау операциясы – талдау, салыстыру, жинақтау, жіктеу арқылы терең ұғыну қажет. Ойлау операциясына сүйеніп өз білімін

шындыққа айналдырады. бұл оқушылардың іс-әрекетін дамыту, оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге жаңа білімді игеруге үйрету.

Іскерлік – алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекеттері іске асырылады, білімсіз іскерліктің болуы мүмкін емес. Ойналатын шығарманың сипатын ашып ойнау, яғни, тыңдаушыға жеткізу үшін музыка өнерінің сан қырлы теориялық ережелерінен хабардар болуы керек.

Дағды – бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтандыру. Мысалы, музыкалық шығарманың қиын фразаларын орындау ұзақ жаттығу нәтижесінде жүзеге асырылады. Білім, дағды мен іскерліктің өзара байланысы, оқушылардың таным қабілетінің дамуына мүмкіндік туғызады. Сонымен, оқытудың өзіне тән функциялары бар: оқытудың тәрбиелік, білім беру, оқытудың дамыту функциялары.

Оқытудың білім беру функциясы – оқушыларды білім байлығымен қаруландыру және білім алуына іскерлік дағдыны игертуге даярлау. Білімді толығымен игерту үшін төмендегідей талаптарды ескереміз:

- білім жүйелілігі, үйлесімділігі;
- білім толықтығы – ғылым негізіне сай оқушыларды қағида түсініктермен, заңдылықтарымен қаруландыру;
- білім ұғымдылығы – оқушылар өз бетінше іздене отырып, білімді меңгеру үшін олардың ойын дамыту;
- білім әрекеттілігі – жаңадан білім алуы үшін бұрынғы білімді шеберлікпен пайдалануға мүмкіндік жасау.

Келесі маңызды оқытудың қоғамдық қызметі – тәрбиелік функциясы. Оқыту барысында теориялық білім жүйесімен қамтамасыз ете отырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамытады. Сонымен қатар тәрбиенің мақсаты мен міндеттері және де амал-тәсілдері анықталады. Оқыту кезінде оқыту мен тәрбиенің байланысы біржақты қарастырылмайды керісінше бірлікте қолдалынады. Демек, тәрбиелей отырып оқыту, оқушылардың дүниетанымы мен сеніміне айналуын сипаттайды, мінез-құлықты игеруіне әсер етеді. Білім алушыға білім бере отырып оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып білім береміз. Оқушыларды өмірге, білім алуға тәрбиелейміз, ақыл-ойын, ой-өрісін дамытамыз, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырамыз. Сөйтіп, тәрбие дұрыс ұйымдастырылса, оқытуға қолайлы ықпал жасалады соның негізінде оқуға деген қызығушылығы арта түседі. К.Д. Ушинскийдің, И.Ф. Герbartтың, Ф.А. Дистербектің еңбектерінде оқытудың тәрбиелік функциясы жөніндегі идеясы кеңінен қарастырылған.

И.Ф. Герbart – адамгершілік тәрбиесінсіз, оқыту мақсатсыз құрал деп тұжырымдады.

Н.И. Пирогов пен К.Д. Ушинский педагогика тарихында оқыту сипатын оның ғылыми мазмұнына тәуелді деді.

К.Д. Ушинский педагогикалық теориясында оқыту және оқу тәрбиенің күдіретті құралы деп айтылған. Тәрбиелей отырып дамытып оқыту, яғни, адамның байқағыштығын, ойын, қиялын дамытып, оны әлеуметтік және еңбек іс-әрекетіне дайындау.

Оқушыларға мектепте теориялық білім беру тәрбие үрдісінде тығыз байланыста өткізіледі. Мәселен, алтыншы сыныптағы музыка сабағы «Қорқыт – музыка, тарих және әдебиет әлемінде» деген тақырыппен өткізілгенде, түркі тілдес халықтарға ортақ болған Қорқыт мұрасымен таныстыру, оның күйлерін тыңдату арқылы музыкалық білім беру, ал Қорқыт шығармаларын таныстыру барысында балаларға адамгершілік, патриоттық тәрбие беру көзделген.

Қазіргі кезеңдегі оқыту – өз дәуірінің талабы мен қажеттілігіне тұрарлық, қоғам мүддесін қорғай алатын, рухани және материалдық құндылықтарды жасай алуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда оқытудың тәрбиелік және білімдік функциялары бір-біріне жүзеге асырылмайды, олар күнделікті педагогтың іс-әрекетінде ұштасып отырады, өзара әрекетте болады.

Оқытуды жүзеге асыратын маңызды тағы бір функция – танымдық күштер мен оқушылардың қабілеттерінің, шығармашылық ойлау, жаңа білімдерге жету іскерліктерінің дамуы, сонымен, оқытудың үшінші қызметі – дамытушылық функция.

Психолог Л.С.Выготский мен С.Л. Рубинштейннің ұсынған тұжырымдамалары бойынша тұлға тәрбие мен оқыту кезінде жетіледі. Ал, даму тәрбие мен оқытудың соңынан пайда болады. Оқыту барысында тәрбиелеу мен білім беру тұлғаның сана-сезімі, ақыл-ойы, шығармашылық қабілетінің т.б., дамуына, қабілеттіліктерінің артуына әсер етеді. Даму қызметінің ерекшелігі өзінше жеке жүзеге асырылмайды, ол оқытудың білім беру мен тәрбиелеу қызметінің жалғасы. Сондықтан да дамудың қарқыны жан жақты да терең болуы, білім беру мен тәрбиенің қандай күйде болуына байланысты іске асырылады. Оқытудың негізі болып білім мен тәрбиелеу қызметі саналады, даму өзінше олардың қызметінің нәтижелі болуына ықпал жасайды.

Дамытушылық қызметке бала бойындағы халықтың көне мұраларына деген қызығушылығын арттыру, әдебиет, тарих пәндерінде алған мағлұматтарды байланыстырып ой қорытындысын жасай білу, музыканы тңдай отырып қиялдарын дамыту.

Дамытып оқыту – оқушылардың іс-әрекеттерін дамыту, ой-өрісін дамыту, өз бетімен жаңа білімді іздеп табуға оны еркін игеруге үйрету.

Білім беру мен оқытудың теориялық мәселелерін, оның формалары мен әдістерін педагогиканың бір бөлігі болып табылатын дидактика зерттейді.

Дидактика – ұғымы ежелгі грек тілінен алынған, оқыту немесе үйрету деген мағынаны білдіреді.

Дидактика – білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін педагогика ғылымдарының саласы. Ол оқыту теориясы деп те талады.

Дидактиканың зерттеу пәні – оқу мен оқытудың себептері, нәтижелері, барысы. Осыған орай дидактика жалпы және жеке болып бөлінеді. Жалпы дидактика оқыту заңдылықтарын, принциптерін қарастырады. Жеке дидактика жеке оқу пәнінің мазмұнын, барысын, әдістері мен түрлеріне қарап оқыту әдістемесі деп аталады. Мысалы, музыкалық білім беру әдістемесі тарихты оқыту әдістемесі.

Педагогиканың саласы ретінде дидактиканың шешетін мәселелері:

1. Оқытудың мақсаты мен міндеттері мәселелерін қарастырмастан бұрын дидактика оқытудың басқа мәселелерін шеше алмайды.

2. Дидактикалық принциптер мен заңдылықтар негізінде оқу үрдісі жүзеге асырылатындығы жөніндегі мәселелер. Мектепте оқытудың мазмұны және оны ұйымдастыру мәселесінде теория мен практиканың бастапқы күйін анықтау – дидактика шешетін ереже.

3. Не үшін оқыту керек? Оқушыларға техника, мәдениет ғылымның даму талабына сәйкес болатындай қандай білім беру қажет?

4. Қалай оқыту керек? Оқушылардың ой іс-әрекеті тәсілдерін, қажетті білім, іскерлік пен дағдыларды меңгеріп алуға қабілетті болу үшін оқу жұмысының тәсілдері қандай болу керек? Білімді меңгеру барысында оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру мен үйлесімді дамытуды және оның мотивтері мен мұқтаждықтарын, белгілі құндылықтар жүйесін жүзеге асыру үшін қалай оқыту керек? Қазіргі кезде оқу мазмұнын жаңарту жетілдіру, дамытып оқытуды жүзеге асыру керек.

5. Оқу жұмысының, ұымдық нысандары мен әдістерін жетілдіру мәселесі педагогикалық теория мен тәжірибенің назарын аударуда. Қазіргі таңдағы дидактик жете зерттейтін және оның мазмұнын құрып жасайтын негізгі мәселелер осылар.

Адамның миында сыртқы дүниені бейнелей алатын байланыстағы түсініктер жүйесі қалыптасқанда білім толық болады, оқу материалдарын нақты жеткізгенде оқушы санасындағы ғылыми білім жүйесі қамтамасыз етіледі.

Оқушылар аспапты меңгеру шеберліктерін дамытуды, нота сауатын саналы ұғып, оқу, концерттік репертуарды іріктеуде жүйелік принципті сақтаудың ролі зор. Музыка сабағын әдебиет, табиғаттану, тарих, бейнелеу өнері арқылы халқымыздың мәдениетінен мағлұматтар алады. Осы байланыстар арқылы танымдық көзқарастар дамып отырады. Сабақтың жүйелі өткізілуі мұғалімнің біліміне, музыкалық сауаттылығына іскерлігіне байланысты. Оқыту барысында барлық бағдарламалар, жоспарлар осы принциптерге сүйенеді.

Оқыту жүйесінде Я.А. Коменский көрнекілік принципін оқу материалдарын меңгеру материалы ретінде қарастырып, дидактиканың алтын ережесі деп атаған. Оқушылардың дүниетанымы негізінен көрнекілік арқылы жүзеге асырылады: олар заттардың өзін немесе бейнесін, көлемін тікелей көріп, байқап таниды. Бұл принципті соңғы ғылыми жетістіктерде дәлелдеді.

Дидактикалық көрнекілік – дыбыс бейнелерін әдебиет шығармаларының үзіндісін көркем оқудың магнитті таспасындағы жазуларды, шет тіліндегі жазуды еске түсіру үшін қолдалынатын құралдарды қарастырады. Аралас дауыс көзбен шолу құралдарына кинофильмдер мен бейнетаспалар жатады. Музыка сабағында көрнекілік принципін қолдану оқушылардың музыканы терең әрі саналы игеруінің басты құралы болып табылады.

Мектепте оқушыларды сыныптан және мектептен тыс уақытта нақты объектілермен (жануарлармен, өсімдіктермен, минералдармен, т.б) таныстыруға бағытталған (экскурсия, табиғатқа шығу, т.б. кездерде) көрнекіліктің түрлі түрлері қолданылады. Оның бір түрі болып нақты (мысалы: химиялық реакциялар, электр разряды құбылысы және т.б) болған тәжірибеде немесе эксперимент жүргізу барысында оқушыларды профессор мен құбылыстармен таныстыруда байқалатын эксперименталдық көрнекілік есептеледі. Нақты өмірді (фото, суреттер, көріністер, диафильмдер, диапозитивтер, мылқаулық кинофильмдер) бейнелеуде суреттік-динамикалық көрнекілік қолданылады.

Оқыту сапасын, тиімділігін жақсарту үшін оқушылардың білімдерінің берік болуы даусыз. Білім беріктілігі оқушының мұғалімге, оқу пәніне, жалпы оқуға деген қатынасына тәуелді; оқытудың ұйымдастырылуы, түрі, әдістері, уақыты арқылы қамтамасыз етіледі; қызықты әрі маңызды материалдар ұзақ әрі берік есте сақталады.

Ғылыми принцип – дүниені танып білуге, ғылымның күннен күнге өсуіне байланысты адам өмірінде оның қажет екендігіне көз жеткізеді. Ғылыми принцип оқытудың мазмұны мен іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Бұл принцип музыкалық білім жүйесінің құрылымында негіз ретінде қолдалынады. «Музыка» пәніндегі бұл принцип материал мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруын негіздеуде көрінеді.

Саналылық пен белсенділік принципіне негіз болатын заңдылықтар: тек өз ақылымен қабылдаған сапалы да саналы білімінің шынайы өзегі болады.

Сәкестік принципі – ғасырлар бойы жинақталған педагогикалық тәжірибеге негізделіп, оқушыларға жеке-дара қарауға талап етеді. Бұл оқушының бойындағы білім, білік, дағды деңгейіне сай ақпаратты ғана меңгере алады.

Философияның «Тәжірибе – танымның ішкі бұлағы» қағидасына негізделген теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі. Оның түбінде көптеген заңдылықтар жатыр: оқытудың сапасы мен тиімділігін тәжірибе ақиқаттың көрсеткіші; теория мен тәжірибе байланысы оқу мазмұнын, әдістеріне, түрлеріне тәуелді; оқушыларды мамандыққа бағдарлау сапасы жоғары болса, олар заманау өндіріске тез икемделеді. Оқу пәндерінде оқу шеберханаларындағы, тікелей өндірістегі, ауылшаруашылық жұмыстарына қатысты оқудың ұжымдық нысандарында көрініс табады.

Мектепте музыканы оқыту әдістемесі негізіне музыканы тыңдау, қабылдау барысында оқушылардың психологиясына, физиологиялық үрдістеріне өнердің кешенді әсер етіп, олардың бүкіл музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеті жатқызылады. Кез келген музыка сабағы өте қызықты өткізілу керек, қызық емес сабақ ішті пыстырады яғни музыка жоқ деген сөз.

Музыка сабағы өнер сабағы болғандықтан оның барлық компоненттерінің көркем болуы керек. Бұл тыңдалатын музыка мен айтылатын әнге ғана қатысты емес, орындалатын жаттығуларға да қатысты. Музыкалық дыбыс әдемі де көркем болуы керек. Олай орындау үшін еңбектену керек, материалмен техникалық жұмыстар жүргізіледі.

Қазіргі таңдағы дидактика басты міндеттер деңгейінде оқу пәндерін нақтылауды талап етеді. Бұл оқушылардың нақты даму жолдарын ашу негізінде оқыту үрдісінің тиімді педагогикалық басшылығына өте қажет.

Оқыту мазмұнында көрсетілген музыкалық білім жүйесінің дидактикалық өзгешелігі осы ұғымдардың әр қайсысының тікелей және жанама түрдегі өмірмен байланыстары жүйесінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004
2. Жәрдемалиева Р.Р. Жаңа программа жайында / Музыкальное образование в Казахстане. Алматы, 2004
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2004
4. Ұзақбаева С. Өміршең өнер өрісі: Оқушыларға музыкалық эстетикалық тәрбие беру. Алматы, 1988.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Абилхаиров Оразхан Есенбаевич

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

П.ғ.к., профессор Есиркепов Ж.М.

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

Түркістан қаласы

Аннотация. Креативность педагога – это способность и навыки, реализуемые в процессе обучения и позволяющие педагогу из имеющихся ресурсов содержания образования проявлять инициативу в жизни, способствуя поиску учеником нового, формировать со школьной скамьи принципы открытости к инновациям, востребованным у людей в XXI веке, совершенствовать их в дальнейшем.

Annotation. The creativity of a teacher is the ability and skills realized in the learning process and allowing the teacher to take the initiative in life from the available resources of the educational content, contributing to the student's search for new things, to form from the school bench the principles of openness to innovations demanded by people in the XXI century, and to improve them in the future.

Инновациялық оқыту жағдайында педагогтердің креативтілігін дамытуға бағытталған зерттеу жұмысы, білім беру ұйымдарының және оларды басқару жүйесінің қызмет атқаруын, дамуы мен өзін-өзі дамытуын түбегейлі өзгертуге және жетілдіруге бағытталған жаңашыл өзгерістер енгізу жүйесі.

Білім берудегі реформа – білім беру сапасын жақсарту және өзгеріс енгізу мақсатында білім беру жүйесін, оның мақсаттары мен мазмұнын, құрылымы мен жұмыс тетіктерін өзгертуге бағытталған іс-шаралар кешені ретінде қарастырады.

Білім беруді жаңғырту – білім беру қызметтерін жаңарту, олардың қолжетімділігі мен сапасын жақсарту, білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыру, білім беру саласын басқаруды жетілдіру мақсатында білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған ұзақ мерзімді, орта мерзімді және жедел шаралардың кешенді жүйесі [1].

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес педагог зерттеуші, жоба жетекшісі ретінде рөл атқарады және нәтижеге жетуге бағытталған тапсырмалар әзірлеп, оқушыларды оқу-тәрбие процесінде ересек пен оқушының бірлескен іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруды көздейді. Педагог оқушылармен бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруда оқушының өз бетінше әрекетіне және оған бақылау жүргізумен қатар, оның қоршаған ортаны танып білуі үшін өз деңгейінде зерттеу, эксперимент жүргізу, талқылау, топтама жинау, жобаларды жүзеге асыру секілді тиімді тәсілдерді қолдана отырып оқушыны әрі қарай дамытуға басымдылық береді. Білім беруде үш парадигма басым: дәстүрлі, рационалистік және феноменологиялық.

Дәстүрлі парадигма (Ж.Мажо, Л.Кро, Ж.Капель, Д.Равич, Ч.Финн және т.б.) - жүйелі академиялық білім беру моделі болашақ ұрпаққа өткен өркениеттің әмбебап элементтерін жеткізу тәсілі ретінде. Бұл, яғни адамның жеке дамуына, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтауға да ықпал ететін білімнің, білік және дағдылардың, идеалдар мен құндылықтардың әртүрлі екендігін білдіреді.

Рационалистік парадигма (П.Блум, Р.Ганье, Б. Скиннер және т. б.) білім алушылардың білім, білік және дағдыларды игеруін және қазіргі әлеуметтік жағдайларға тәжірибелік тұрғыдан бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ұйымын білдіреді.

Білім берудің феноменологиялық парадигмасы (А.Маслоу, А.Комбс, К.Роджерс және т.б.) білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың жеке сипатын, олардың мүдделері мен қажеттіліктеріне ұқыпты және құрметпен қарауды көздейді.

Қазіргі білім мазмұны келесі тәсілдерге негізделген:

1) Жүйелік-әрекеттік тәсілдеме. Жүйелік-әрекет тәсілі ұғымы кері байланыс болған жағдайда ғана нәтижеге қол жеткізуге болатындығын көрсетеді. Сапалы білім беру нәтижелерін қалыптастыру оқушыларды тәуелсіз оқу-танымдық іс-әрекетке жүйелі түрде қосқан кезде ғана мүмкін болады.

2) Интерактивті тәсілдеме оқу процесін ұйымдастыруды білдіреді, онда барлық оқушылар таным процесіне қатысады. Интерактивті ("Inter" – өзара, "act" – әрекет ету) өзара әрекеттесуді, сұхбат режимінде, біреумен диалог құруды білдіреді.

3) Тұлғалық-бағдарлы тәсілдеме. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл бүкіл білім беру жүйесінің ортасына өзінің мүмкіндіктерін барынша іске асыруға ұмтылатын, жаңа тәжірибені қабылдауға ашық, әртүрлі өмірлік жағдайларда тәуелсіз және жауапты таңдау жасай алатын оқушының тұтас, ерекше тұлғасын қояды. Ол әр оқушының ерекше мәнін және оның оқу траекториясының даралығын тануға негізделген.

4) Құзыреттілік тәсілдеме. Ақпараттық дәуірде дәл және терең білім түлектердің нақты өмірде кездесетін көптеген мәселелерін сәтті шешуге мүмкіндік бермейді.

Педагогтің креативтілігін дамыту мәселесі педагогтің оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін ерекше идеяларды табу, бар жағдайды жаңаша шығармашылықпен бейімдеу, оны ұсыну және практикада жүзеге асырумен байланысты.

Жалпы креативтілік мәселесін көптеген шетелдік ғалымдар әр қырынан зерттеген. Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі креативтілік мәселесіне тоқталсақ, оны зерттеген ғалымдарды қарастырсақ, бұл қатардағы жетекші ғалымдар Б.А.Оспанова, А.С.Швайковский, К.М.Нағымжанова, аталған ғалымдардың ғылыми еңбектері болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыру мәселесіне ғылыми зерттеу жұмыстарын арналған. Студенттердің креативтілігін қалыптастыруда инновациялық технологияларды пайдалануға Г.Қ.Нұрғалиева, болашақ шет тілі мамандарының акме-креативтілігін қалыптастыру бағытындағы зерттеуді И.И.Сагадуллаев зерттеген.

Креативтілік ұғымына қатысты ғалымдардың пікірлері негізінде креативтілік дегеніміз проблеманы шешуде жаңа қырын айқындау, жаңа өнімдер әзірлеу ықпал ететін қабілеттілік, ерекше ойлаудың жасампаздығы деп түйіндеуге болады, креативтілікті бастамашылдық, жасампаздық пен қабілеттіліктің өзара интеграциялануы [2].

Педагогтің креативтілігі оқыту процесінде жүзеге асырылатын және педагогтің білім беру мазмұнындағы бар ресурстардан оқушының бар нәрседен жананы іздеп табуына ықпал ете отырып, өмірде бастамашылдық білдіре алатын, адамдардан талап етілетін жаңашылдыққа ашық болу принциптерін мектеп қабырғасынан бастап қалыптастыруға, әрі одан әрі жетілдіруге мүмкіндік беретін қабілеттігі мен дағдысы деген ой тұжырымдадық.

Инновациялық оқыту жағдайында педагогтердің креативтілігін дамытудың іс-шаралары мен олардың сипаты: каллибрация, коучинг және коллаборация [3].

Каллибрация педагог тәжірибесіндегі қиындықтарын анықтау мен оны түзету бағытын таңдау жұмыстарын жоспарлау арқылы жүзеге асырылады. Каллибрация сөзінің этимологиясына назар аударатын болсақ, бұл межелену дегенді білдіреді. Демек, педагог тәжірибесіндегі креативтілікті дамытудағы негізгі проблеманы нақты қойып алуға ықпал ететін әдіс.

Инновациялық оқыту жағдайындағы кеңес беру педагогтердің креативтілігін дамытуда білім берудің жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыруда педагог креативтілігінің орны және оны тәжірибеге жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы педагогтер арасындағы әріптестік кеңес берумен байланысты. Бұл әріптестік педагогтердің педагогикалық қиындықтары туралы жетік білетіндіктен, оны жақсартуда да тиімді кеңес бере алатындығы туралы стратегияға сүйену негізінде жүзеге асады.

Коучинг – (ағылш. coaching) сөзбе-сөз аударғанда тәлім ету, дайындау, жаттықтыру дегенді білдіреді. Бұл – әріптестердің (коуч пен әріптесі) белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік процесі. Кең мағынада коучинг – бұл адамдар қызметінің тиімділігін арттыру, әлеуетін барынша ашу және тиімді іске асыру

мақсатында олардың дамуына ықпал ететін принциптер мен тәсілдер жүйесі. Коучинг барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялар алмасу, коучтің рефлексиялық диалогке педагогті тартуы арқылы екінші педагог өз қызметінің жекелеген салаларын жетілдіріп, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді.

Коллаборация сөзінің шығу тегі бірлесіп әрекет ету, ынтымақтасу дегенді білдіреді. Білім беру саласында коллаборация екі немесе оданда көп педагогтер арасындағы біліммен, жетістікке жету жолдарымен бөлісу тәжірибесі, бұл ең бастысы оқушының білімбі табысты меңгеруне жағымды ықпал етсе, екінші жағынан педагогтер арасында өзара әріптестік қарым-қатаныстың шығармашылық бағытты ұстанып, тиімді жүзеге асуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Нағымжанова К.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2010. - 345 б.
2. Сагадуллаев И.И. Формирование акме-креативных качеств у будущих учителей. – Алматы, 2015 ж. – 206 б.
3. Нұржанова С. А. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері: автореф... дис. пед. ғылым. канд. - Астана, 2010.

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абылқасым Мөлдір Бақбергенқызы

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., қауымд.проф м.а. Сартаева Ақмарал Алтынбековна
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Annotation: The creative use of digital, interactive, multimedia educational resources by a teacher at the University stage is manifested in the depth and versatility of the information he receives about the peculiarities of the development of his students, the level of formation of media education, the conceptual foundations of the content and organizational forms of the education system; he quickly changes his activities.

Keywords: Modularity, Parallelism, Profitability

Оқытушының жалпы қабілеттерінің деңгейінің көрсеткіші орта мектеп пен педагогикалық оқу орындағы сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі табыстылығы. Егер шеберлікті білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері меңгеру ең басты ереже болатын болса, онда педагогикалық оқу орындарында үздік оқығандар өз бетінше педагогикалық әрекетте табысты болады деген пікір туындайды. Бірақ тәжірибеде адам педагогикалық оқу орынында табысты оқыса да, педагогикалық әрекетте өздік жұмысты сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі төмен. Керісінше жағдайлар да жиі кездеседі: студент нашар оқиды, өздік жұмыста педагогикалық шеберлікті тез меңгереді де, теориялық білім қорын толықтырады. Демек, кәсіпті табысты меңгеру үшін арнаулы қабілеттер қажет.

Оқытушының университеттік сатысында сандық, интерактивтік, мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың деңгейі, сандық, интерактивтік, мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігінің білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері өз оқушыларының даму ерекшеліктері туралы алатын ақпаратының тереңдігі мен жан-жақтылығынан көрінеді; өз әрекетін жылдам ауыстырады.

Барлық педагогикалық қабілеттер екі жақты қарым-қатынасты талап етеді: оқушыға және педагогтің өзіне бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы әрекетін жасады. Олардың барлығы гностикалық элемент жинақтайды – оқушы психологиясын тану және шығармашылық біліктілігі - өз білімін арттыру мен өзін-өзі тәрбиелеу негізінде өз әрекетін қайта құра алу біліктілігі.

Арнайы қабілеттерге неғұрлым сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігіне кеңірек тоқталайық. Оларға жатқызуға болады:

- өз бетінше сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігінің оқу материалын таңдау, білім берудің тиімді құралдары мен әдістерін анықтау қабілеттілігі;
- бір оқу материалын сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігін түсінуі мен меңгеруі .

Икемділік. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың көп жағдайда дәріс, семинар түріндегі сабақтарға қатыспайды. әркім өзі таңдап алған мамандықты білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері қажетті деңгейде игеру үшін өзіне ғана керекті мөлшерде білім алады сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігін игереді.

Модулділік. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың негізіне модулдік принцип салынады. Студенттер игеретін әрбір пән немесе пәндер жүйесі білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері белгілі бір ғылым саласы туралы тұтас ұғым қалыптастырады. Ал, мұның өзі бір-біріне тәуелсіз оқу курстарынан жеке немесе топтық талаптарға жауап беретін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Параллелдік. Оқыту үрдісі университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі негізгі кәсіби қызметтің оқумен қатар жүруіне мүмкіндік береді, яғни, өндірістен қол үзбеуге жағдай жасайды.

Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың мен білім беретін мекеме арасындағы қашықтық білім беру жүйесінің сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері (байланыс жүйелері жұмысының сапалылығы жағдайында) тиімді білім беру үрдісіне кедергі болмайды.

Қамту. Бұл ерекшелікті кейде «көпшілікті қамту» деп атайды. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың жүйесінде оқытындар сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі саны шектеулі параметрге жатпайды. Олардың

көптеген оқу ақпараттары көздеріне білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері (электрондық кітапханалар, ақпарат базалары) ену мүмкіндіктері бар, сондай-ақ олар бір-бірімен және оқытушымен байланыс жүйелері немесе басқа да ақпараттық технологиялар сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі құралдары арқылы байланыса алады.

Рентабелдік. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың білім берудің бұл ерекшелігі оның экономикалық білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері тұрғыдан тиімділігімен айқындалады.

Жаңа ақпараттық технологиялар. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастыру сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі жаңа ақпараттық технологиялар (компьютерлер, аудио-бейнетехника, телекоммуникациялардың жүйелері мен құралдары т.б.) қолданылады.

Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың үрдісінде сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі келесі оқыту құралдары қолданылады:

- сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігінің баспалық шығарылымдар;
- сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігінің оқу-ақпараттық бейнематериалдар; электрондық кітапханалар;
- expertтік оқыту жүйелеріне негізделген сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі дидактикалық материалдар;
- геоинформациялық жүйелерге негізделген сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі дидактикалық материалдар - қашықтан жүргізілетін лабораториялық практикумдар;
- электрондық басылымдар;
- кәдімгі және мультимедиалық варианттардағы компьютерлік оқытушы жүйелер;
- сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану қажет оқу-ақпараттық аудиоматериалдар;
- алыстан қол жеткізілетін білімдер мен ақпараттар базалары;
- компьютерлік жүйелер.

Синхронды оқу жүйелері бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы оқу үрдісіне сандық интерактивтік мультимедиалық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі оқушы мен оқытушының бір мезгілде қатысуын қарастырады. Бұл жүйелерге:

- компьютерлік телеконференциялар;
- IRC;
- MUD;
- интерактивті теледидар;
- бейнеконференциялар;
- MOO жатқызылады.

Интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі оқытуда бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі мұндай жүйелерге баспалық материалдар негізіндегі, аудио және бейнетаспалардағы, электрондық почталардағы, W W W, FTR курстары жатады.

Асинхронды оқу жүйелері бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы оқушы мен оқытушының оқу үрдісіне бір мезгілде қатысуын талап етпейді. Оқушы сабақтың уақыты мен жоспарын өзі таңдайды. Қашықтан оқытуда, сондай-ақ, синхрондық жүйенің де, асинхрондық жүйенің де элементтерін пайдаланатын сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі аралас жүйелер де қолданылады.

Телеконференциялар – бұл екі немесе одан да көп қатысушылардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру үшін байланыстың электронды каналдарын пайдалану үрдісі. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың телеконференция үрдісінде бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы дыбыс, бейне немесе компьютерлік сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі ақпараттар жеткізіледі. Телеконференцияға жіберілетін хабарлар жаңа әлеуметтік даму білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері жағдайында оның барлық қатысушыларына бірдей жеткізіледі де, сол арқылы бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы бұл үрдісті дөңгелек стол айналасындағы сұхбат алмасуға ұқсатып отырады. Әрбір конференцияға тематиканың, этикеттің бұзылмауын қадағалап отыратын координатор басшылық етеді.

Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың телеконференция – аудиоконференция, бейнеконференция және компьютерлік конференция сияқты сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі түрлі технологияларға қатысты айтылатын жалпы термин.

Бейнеконференциялар – университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың бұл қажетті білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы тұжырымдамалық негіздері ақпараттық-бағдарламалық кешендермен қамтамасыз етілген екі немесе одан да көп нүктелер арасында бейнекөріністермен немесе дыбыстық ақпараттармен алмасу сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі әдісі.

Аудиоконференциялар – қатысушылар дауыстық коммуникацияға түсетін телеконференцияның бір түрі. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың аудиоконференцияларды жаңа әлеуметтік даму жағдайында бағдарламалық қорлар арқылы оқытудағы сандық, білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының тұжырымдамалық негіздері сонымен қатар аналогтық байланыс жүйелерінде ұйымдастыруға болады. Аудиоконференциялар біржақты бейнеқатынастарда, спутниктік телевидениеде, сондай-ақ селекторлық кеңестер ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

Компьютерлік конференцияларға – жүздеген және мыңдаған Internet жүйесін пайдаланушылар қатыса алады. Университеттік білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану медиақұзыреттілікті қалыптастырудың конференцияға қатысу технологиясы өте қарапайым – адресін теріп алсаңыз болды. Конференцияға қатысушылардың компьютері экранында оған қатысушы өзге мүшелердің пікірлері мен айтқан сөздері ккрініп тұрады. Хабарламалар мен пікірлер экранда жаңа әлеуметтік даму жағдайында сандық интерактивтік мультимедиялық білім беру қорларын шығармашылықпен қолдану құзыреттілігі өте тез пайда болғанымен телеконференцияларды синхронды құралдар қатарына толықтай қосуға болмайды. Бұл технология өте үлкен көлемді хабарландырулар тақтасын еске түсіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева. Ш.Т. Білім берудің қазіргі технологиялары / Ш.Т.Таубаева. Б.Т.Барсай. -Бастауыш мектеп. – Алматы, 1999.-№3.-Б.3-8.
2. Көшербаев Қ.Е. Қазақстан республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы / Қ.Е.Көшербаев, Ә.Қ.Ахметов, А.Е.Әбілқасымова, Х.М.Рахымбек.. –Алматы: «Білім», 1998.-Б.8-15.
3. Шәкілікова С., Білім берудегі компетенттілік тәсіл / С.Шәкілікова, Д. Қазақбаева, Ш. Кәрібаева, Қ. Жұмағұлова. - Қазақстан мектебі. 2004.-№4.Б.14-1

БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ДЕТЕРМИНАНТТАР

Булшекбаева Асем Исаевна

Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.

Қыяқбаева Ұлбосын Қозыбаевна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Каримова Разия Елеупановна

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қаласы

Жалпы, қылмыстық заңнама, Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі ресми криминалдық статистика отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық қылмыстарын толық көлемде талдау үшін жеткілікті негіздемелер бермейді. Алыс және таяу шет елдерінің оң тәжірибесін қолдана отырып, қазақ отбасының ұлттық ерекшеліктері туралы ұмытпау керек екенін ерекше айта кету керек.

Детерминация ұғымы (лат. т. *determinare* - анықтау) ғылыми әдебиетте анықтау, шарттау үдерісін білдіреді. Орыс тілінде детерминизм деп барлық заттардың, объектілердің, құбылыстар мен үдерістердің жалпы өзара байланысы, өзара әрекеттесуі түсініледі және заңтануда детерминизм себептілікке негізделген. Заңтанушы В.Н. Кудрявцевтің пікірінше, «себептілік - детерминацияның ішкі мазмұны, оның мәні» - деп көрсетеді [1].

Әлеуметтік іс-әрекет – бұл детерминанттар, іс-әрекеттің мақсаттары мен мотивтері оның нәтижесін анықтайтын функционалды жүйе. Демек, отбасылық зорлық-зомбылық әлеуметтік әрекеттің девиантты нысаны ретінде түсіндіріледі, алайда бұл құбылысты әлеуметтік әрекетке жатқызу қазіргі қоғамдағы барлық нәрсені анықтау қажеттілігін анықтайды және ақпараттық дәуірдің сын-қатерлеріне, балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты анықтайтын жүйеге жауап бере отырып, оның алдын-алудың тұжырымдамалық моделін құру үшін маңызды өзгерістерге ұшырайды.

Балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың детерминант жүйесі мынадай элементтердің жиынтығынан тұрады:

- 1) өркениеттік, діни, құндылық, мифологиялық және білім беру компоненттерінен тұратын әлеуметтік-мәдени детерминанттар;
- 2) әлеуметтік-экономикалық детерминанттар;
- 3) Әлеуметтік-психологиялық детерминанттар;
- 4) құқықтық детерминанттар;
- 5) ақпараттық-коммуникативтік детерминанттар.

Балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың детерминанттарының тұжырымдамалық жаңа жүйесін сипаттау арқылы ғылым талдау және синтез әдістерін қолдану қажет болады.

Біздің ойымызша, қоғамның постиндустриалды (ақпараттық) түріне көшу балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты қолданудың салдарын күшейтіп қанақой май, осы әлеуметтік мәселені макроәлеуметтік деңгейге көтерді. Сонымен қатар, балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық детерминанттарының мәнін өзгертті,

Балаларға қатыгездікті қолданудың салдары ғана емес, сонымен бірге оның себептері де өзгерді және үлкен қоғамдық қауіпке ие болды, яғни, деструктивті әлеуметтік құбылыстың алдын-алу әдістері мен әдістерін түбегейлі қайта қарауды қажет етеді.

Балаларға отбасылық зорлық көрсету, бұл бүкіл әлемдегі мәселе болып табылады. Осы проблеманы шешу тетіктері, зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін өзектендіру қоғамның даму деңгейіне, осы құбылыстың маңызды әлеуметтік проблема ретінде хабардар болу дәрежесіне, құқықтық сананың даму дәрежесіне, азаматтық белсенділік пен жауапкершілікке және өңірлік ерекшеліктермен айқындалатын басқа да көптеген факторларға тікелей тәуелді

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, Еуропада физикалық зорлық-зомбылық салдарынан 14 жасқа дейінгі төрт бала күн сайын қайтыс болады, бұл ретте ТМД елдерінде көрсеткіш Еуропалық Одақ елдеріне қарағанда үш есе жоғары. ЮНИСЕФ жүргізген сауалнамаға сәйкес Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі балалардың 60% - ы ата-аналары немесе оларды алмастыратын адамдар тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Осыған қарамастан, 1962 жылы алғаш рет сипатталған «ұрып-соғылған балалар синдромы» медициналық қоғамдастықтың жаһандық проблемасы ретінде балаларға қатысты отбасылық зорлық-зомбылық әшкерелейді [2].

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен немқұрайдылықтың алдын алу жөніндегі халықаралық қоғам 58 елдің заңнамасында балаларға қатысты зорлық-зомбылық анықтамаларына салыстырмалы талдау жүргізіп, айтарлықтай ұқсастықтар тапты.

Деректерді жалпылау арқылы ДДҰ-ның балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу жөніндегі кеңесінде: "балаға қатыгездік немесе жамандық жасау – бұл физикалық және/немесе эмоционалды теріс пайдаланудың барлық түрлері, жыныстық зорлық-зомбылық, қамқорлықтың болмауы, немқұрайдылық, сауда немесе қанаудың басқа түрлері, баланың денсаулығына, оның өмір сүруіне, дамуына немесе қадір-қасиетіне нақты зиян келтіру мәселелері» жайында әрбір мемлекеттіктің жауапкершілігін арттыру қажеттігін тұжырымдайды. Көптеген заманауи ғалымдардың пікірі бойынша, осы тұжырымдаманы жеделдету бүкіл әлемде тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің тиімділігіне жауап беруге үлкен қадам жасады.

Қоғамның белгілі бір мәдени түрінің ерекшеліктерімен, діни сенім жүйесінен туындаған жағдайлар мен алғышарттармен, қоғамның білім деңгейімен, моральдық нормалардың қолданыстағы жүйесімен және олардың негізінде мифтер мен стереотиптер жүйесімен тұжырымдалған өркениеттік детерминанттарды ескеру қажет.

В.В. Силкиннің ғылыми көзқарасы қазіргі қоғамдағы отбасылық қарым-қатынаста зорлық-зомбылық қолдану мәселесі бойынша қалыптасқан стереотиптер жүйесімен расталады. Яғни, бұл күнделікті әлеуметтік өмірдің қалыпты және тіпті еріксіз "серігі" ретінде зорлық-зомбылыққа төзімділік стереотипі. Бұл күнделікті тұрмыста таралған, "балалардың өздері зорлық-зомбылықты тудырады және оған лайық", жақсы қоргеннен «ұрып – соғып, тәрбиелеп» жатырмыз дегенді білдіреді.

Бұл бала тәрбиесіндегі үлкен қателік. Ата-ананың беделі немесе көбінесе деструктивті әлеуметтік стереотиптерді дамыту негізінде қолдау көрсетілетін отбасы басшысының беделі ата-ана билігінің заңдылығын нығайтуға ғана емес, сонымен қатар көбінесе отбасының жойылуына әкеледі [3].

Мемлекет алдында тұрған маңызды міндет-бүгінде қоғам санасында отбасылық-адамгершілік құндылықтардың басымдығы атмосферасын насихаттау және нығайту, сондай-ақ отбасылық өмір салтының беделін қолдау.

XXI ғасырдағы қазақ отбасының негізгі міндеті – қоғамдық, топтық және жеке қажеттілікті қанағаттандыру. Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік ұясы болғандықтан, отбасы бірнеше маңызды талаптарды орындауды мойнына алады. Сондай-ақ, отбасының әрбір мүшелерінің ортақ мүддесін басты міндет етіп алсада, қоғамда күнделікті келеңсіз жайттар көбейіп барады.

Осылайша, психикалық, психологиялық, сондай-ақ гендерлік, Виктимологиялық және жеке ерікті аспектілерді қамтитын детерминанттардың әлеуметтік-психологиялық блогы деструктивті, зорлық-зомбылық компонентімен отбасылық қатынастар моделінің маңызды элементі болып табылады. Осыған байланысты криминогендік және виктимизация сияқты психологиялық ауытқулардың пайда болуының алдын алу әдістерін әзірлеу, зорлық-зомбылық құрбандары мен агрессорлардың өздерін психологиялық бейімдеу мен оңалтудың тиімді жүйесін құру балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағдарламасының өте маңызды элементі болып табылады.

Осыған орай, отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық нысандары әр түрлі болуы мүмкін екенін айтуға болады:

- күш көрсету зорлық-зомбылығы;
- психикалық (психоэмоциялық) зорлық-зомбылық;
- жыныстық зорлық-зомбылық;
- экономикалық (қаржылық) қысым көрсету.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың қарқынды өсуіне бет алу латенттілікке (табиғи және жасанды) көмектеседі, оларға мынадай факторларды жатқызуға болады: зорлық-зомбылық құрбандарының құқық қорғау органдарына деген сенімсіздігіне байланысты, туысқандар мен таныстар біліп қойса ұят деп санауына, зорлықшы жазаланса, кейін оның тарапынан кек алуынан қорқуына байланысты жүгінуге ниетсіздігі. Жәбірленушінің денсаулығы үшін залал салдарлары шамамен мынадай түрде болып келеді:

1 Психикалық денсаулық: депрессия, қорқу сезімі, алаңдаушылық, өзін-өзі төмен бағалау, жыныстық бұзылу, тамақтанудағы қиындық, ұйқының бұзылуы, зақымнан кейінгі стресс, өз-өзіне қол жұмсау.

2 Дене денсаулығы: өлім, еңбекке ішінара немесе толық жарамсыздылық, жарақат алу, бас аурулары, астма, алкогольді немесе есірткіні пайдалану, денсаулыққа едәуір зиян келтіретін мінез-құлық (темекі шегу, сақтау құралдарын қолданбай жыныстық байланыстарға түсу).

3 Репродуктивті денсаулық: жоспарланбаған жүктілік, гинекологиялық қиындықтар, жынысты жолмен берілетін аурулар, түсіктер, салмағы төмен балалардың тууы, жамбас жанындағы қабыну процестері, ана өлімі, ана аурулары.

Эмоционалдық әсер ету көріністері сөзбен қорлау, күш қолдану, денеге зақым келтірумен қорқыту, ұрып-соғу, балаларды ұрлау болуы мүмкін. Кейбір деректер бойынша, соңғы онжылдықта психикалық бұзылулармен зардап шегетін әйелдер саны өскен [4].

Отбасы ішіндегі күш көрсету зорлық-зомбылығы ұрып-соғу, шапалақ беру, тұншықтыру, шашынан тарту, тебу, улы заттармен уландыру, тамақ бермеу, байлап қою, шымшу, күйдіру, кескіш заттарды немесе қаруды қолдануда байқалуы мүмкін. Қауіпті сипаттағы күш көрсету зорлық-зомбылығының көріністері Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде тыйым салынған қылмыстық әрекет сипатына ие. Атап айтқанда, зорлық-зомбылықтың аталмыш түрі кісі өлтіруде, өзін-өзі өлтіруге итермелеуде, денсаулыққа келтірген зақым ауырлығының түрлі дәрежесінде, ұрып-соғуда, азаптауда, түсік жасатуға мәжбүрлеуде байқалуы мүмкін [4].

Бүгінгі таңда орын алып отырған зорлық-зомбылықтың мынадай түрлері жыныстық зорлық-зомбылық болып табылады, олар: жыныстық қарым-қатынасқа мәжбүрлеу, серіктесіне тек қана жыныстық құмарлық объектісі ретінде қарау; түсік жасауға мәжбүрлеу; репродуктивті функциясын бақылауда ұстау және т.с.с. [5].

Басқа кез келген қылмыстық әрекет сияқты, отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық қоғамдық қауіпті әрекетпен (әрекет және әрекетсіздік нысанында) себептік байланыста болатын түрлі қоғамдық қауіпті салдардың болуымен сипатталады, сол уақытта әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық күйзелістік жай-күйге алып келетін фактор болып табылады, ол психикалық үдерістердің жүруіне байланысты өзгерістерге, эмоционалдық ауытқуларға, қызметтің мотивациялық құрылымының өзгеруіне, сөйлеу және қозғалыс жүріс-тұрысының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Жанды жаралайтын ахуалдың ұзақ уақыттық ықпалы физиологиялық өзгерістермен қатар, жеке өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін. Әсіресе түрлі ықпалдарға балалар психикасы сезімтал болып келеді. Зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәсі болған балада үрейлілік, түрлі қорқыныштар, тұйықтық немесе аса қозғыштық, ұйқының бұзылуы, аллергия, нейродермиттер, тұтығу дамуы мүмкін. Бұдан басқа, нақ осындай отбасылардың ішінде бала өзін-өзі ұстаудың, жүріс-тұрыстың үлгілерін, әке мен ананың рөлін, өмір сүру салтын игереді және көбінесе, ұл балалар үлкейген кезінде зорлықшыл, ал қыз балалар – агрессивті ер адамдардың құрбандары болады.

Психикалық жарақаттың ең көп тараған симптомдары: ашуланғыштық, әлсіздік (жеңіл азғындықпен үйлесе отырып, қозғыштық, эмоциялардың тұрақсыздығы, көңіл-күйінің төмендеуі, оның жиі ауысуы) болып табылады. Мұндай хал-жағдайды жеңудің мүмкін еместігі, мәдениет пен дінде өзін-өзі өлтіруге қатаң тыйымға қарамастан, өзін өзі өлтіру әрекеттеріне алып келуі мүмкін. Бұл секілді жанкетік әрекеттерге өмір мәнінің жоғалуы, кінәлілік сезімі (әдетте, жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйел туралы «өзі кінәлі - арандатты» деген сөз тарайды), өзіне және айналасындағыларға сенбеуі әкелуі мүмкін.

Қазіргі ақпараттық қоғам адам өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған технологиялардың тұрақты дамуына жағдай жасайды. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен ақпараттың рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Көптеген ғылыми еңбектер мен зерттеулер бұқаралық ақпарат құралдары мен интернеттің қоғамдық сананы қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетеді. Ақпараттың қол жетімділігінің артуы, барлық адамдарға ыңғайлы және оңай қол жетімді ақпарат тарату арналарының, ақпараттық технологиялардың пайда болуы сияқты артықшылықтармен қатар, қазіргі заманғы қоғам бірқатар елеулі қауіп-қатерлерге ие. Осындай маңызды қауіптердің бірі-ақпараттық зорлық-зомбылық.

Бала біздің қоғамның ең аз қорғалған субъектісі ретінде көптеген көздерден ақпараттық зорлық-зомбылықтың құрбаны бола алады. Алайда, бұл зорлық-зомбылықтың салдары балаға отбасының зорлық-зомбылық көзін уақытында жоюға және жоюға уақыты болмаған жағдайда ғана түзетілмейтін зиян келтіреді. Егер балаға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық ақпараттық зорлық-зомбылықпен бірге жүрсе, зиянды әсерлер экспоненциалды түрде артады. Демек, отбасындағы балаға ақпарат құралдарының әсері:

Бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернетте агрессия әрекеттерін көрсету. Зорлық-зомбылықты қолдануды негіздейтін және мадақтайтын телешоуларды, фильмдерді, бейне роликтерді, блогтарды, компьютерлік ойындарды көру зорлық-зомбылықтың симулярлары болып табылады және баланың осы мінез-құлық үлгілерін конформды ретінде қабылдауға қолайлы жағдай жасайды, яғни олар қоғамдағы зорлық-зомбылықтың көбеюіне ықпал етеді.

Сонымен, отбасы ішіндегі қатынастарда зорлық-зомбылық компонентінің пайда болуына ықпал ететін детерминанттар жүйесін талдау қазіргі кезеңде отбасы бір жағынан мәдени, экономикалық мәселелермен байланысты барлық мәселелермен бетпе-бет келуі мүмкін деген қорытынды жасайды. Әлеуметтік хронотоптың психологиялық, құқықтық, коммуникативті мәселелері, екінші жағынан, әр отбасына тән ерекше проблемалар.

Балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өршуі ақпараттық ғасырдың қиындықтарынан туындаған жаңа құндылық модельдерінің әсерінен айтарлықтай өзгеріске ұшыраған бірқатар детерминанттарға байланысты. Балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты анықтаушылар жүйесі өркениеттік, діни, құндылықтардан тұратын әлеуметтік-мәдени детерминанттар сияқты элементтер жиынтығынан тұрады

Әрине, материалдық әл-ауқаттылық бірінші орында тұрған қоғамда, рухани, идеологиялық мәдениет зардап шегеді. Газет, телебағдарлама материалдарының көпшілігі сынға назар аударады, қылмыстық оқиғаларды пессимистікпен немесе ерекше ынтымамен суреттейді. Иmandылық пен әдептіліктің шектерін бұзу үрдісі қалыптасып жатыр.

Әлеуметтік шиеленіс отбасында күнделікті жанжалдардың себебі болды. Әлеуметтік-психологиялық мазмұндағы елеулі криминогендік факторларға мыналар жатады: халықтың көп бөлігінің жалпы мойындаған адами идеалдарды жоғалтуы, халықтың қылмыстық заңнамамен ынтымақтасуының төмен деңгейі, төмен құқықтық мәдениет, құқықтық сана-сезімнің жеткіліксіз деңгейі, құқық қорғау органдарына сенімнің төмен деңгейі, криминалдық қосалқы мәдениеттің таралуы. Бүкіл қоғамның имандылық пен рухани-идеологиялық мәдениетінің төмендеуі микротоптарда, оның ішінде отбасы ішінде де көрсетіледі, онда қарым-қатынастар түрлі сипаттамаларға – өзара құрметтемеу, қаталдық, сенімсіздік, шыдамсыздық, арсыздыққа ие болады.

Демек, отбасы біздің қоғамымыздың маңызды буыны ретінде барлық ауыртпалықтар мен проблемаларды, оның барлық материалдық және рухани қиыншылықтарын өз басынан кешіреді. Отбасы жаһандық экономикалық дағдарыс пен үрейлі үміттердің салдарының қазіргі көріністерін түсінеді. Тұлғаның рухани деформациясы қылмысты жасағанға дейінгі қоғамға қарсы мінез-құлықта туындайды. Тежейтін рухани және моральдық ұстанымдардың жоқтығы тұлғаның қоғамға, отбасына және тұрмыстық қатынастарға қойылатын талаптарға қарсы тұра алмайтынын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ағыбаев А. «Жасөспірімдер қылмысына не себеп?». Заң, №5, 2004.
2. Малкина-Пых И.Г. Кризисы подросткового возраста (Справочник практического психолога). – М., 2004. - 41 с.
3. Степанов В.Г. Психология трудных школьников: Учеб. Пособие для учителей и родителей. – М.: ИЦ «Академия», 1997. – 320 с.
4. Колесникова Г.И., Котова А.Б., Петрулевич А.И. Девиантное поведение. – Ростов-на Дону, 2007. - 163 с.
5. Никитина В.А. Социальная педагогика /Под ред.. –М., 2000. - 15 с.

ҰЛЫ ҰСТАЗ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Елеусов Баубек Аймаханұлы

Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В данной статье рассматривается взгляды Ибрая Алтынсарина на религия, и ее влияние и роль в обществе

Ключевые слова: Ислам, религия, духовенство, воспитание, нравственность

Abstract In this article the religious views of Ibray Altynsarin is watched, and its influence and role in society.

Key words: Islam, religion, clergy, upbringing, moral.

Биыл Қазақ елі ХІХ ғасырда қазақ даласына ағартушылық ілімдерімен танымал болған, қазақ балаларын оқытып, білім дәнін еккен ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығын тойлау кең қарқынмен жүруде. Арада екі ғасырға жуық уақыт өтсе де Ыбырай ілімдері өзінің өзектілігін қазіргі таңда да жойған емес. Қайта Ыбырай ілімдері қазіргі өтпелі дәуірде жас жеткіншектерді оқытып-білім беруде таптырмас оқу құралдарының бірі екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Бүкіл ғұмырын қазақ даласында мектеп ашып, бала оқытуға арнаған Ыбырайдың өмірі біз ойлағандай оңай болмаған сияқты. Қазақ даласына ентелей кірген Ресей империясының ықпалы күн санап өсіп, ол өз кезегінде қазақ халқының саяси, мәдени, әлеуметтік өміріне барынша ықпал ете түсті. Екі жақты талауда болған қазақ халқының күн көруі қиындай түсті. Міне осындай қиын кезеңде қазақ балаларына білім нәрімен сусындатқан ұстаз ол Ыбырай болатын. Ол тек білім беріп қана қоймай, олардың тәрбиесіне де ерекше назар аударды.

Алға қойған мақсатына жетпей тынбайтын, Ыбырай Торғайда 1864жылы жатып оқитын мектеп ашып, онда 14 бала оқитын болды. Ол туралы Н.И.Ильминскиге жазған хатында былай дейді: «Осы жылы қаңтардың 8-күні менің көптен күткен арманым орындалып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар...Қазақтар мектепке балаларын беруге ынталы екенін көрсетіп отыр. Оларға ең алдымен мемлекеттің заңын үйрет деп өтініш жасап жүр. Сондағы ойлары кейін олардан законшіктер, демек өсекші- шенеуніктер шықсын дегені ғой. Олардың көздегені осы. Мен әзірге оларға бұл жөнінде ешнәрсе айтқан жоқпын... мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын...» Әрине, халқына адал ұстаз өзі оқытқан шәкірттерінің парақор, қу құлқыны үшін қызмет жасайтын жандардың болуын қаламады. Бар күшін жас балалардың бойында адалдық, тазалық, адамгершілікті қалыптастыруға арнады[1, 35.]. Ұлы ұстаздың шығармашылығы Ресей империясының қазақ халқын барынша діннен

бездіру саясаты өршіген тұспен қатар келді. Ол тек қана білім емес, рухани тұрғыда діннің де халыққа өте керек екенін түсіне білген ағартушылардың бірі. Ұлы ұстаз дінді бүлдіру, елді бүлдіруге алып келетін апат екенін ертерек ұғынған болатын. Ресей империясы бірлігі мықты, татулығы қалқан болып тұрған қазақ халқын өз боданына айналдырудың ең төте жолы ғасырлар ұстанған дінінен қалайда жерітіп, христиан дініне кіргізу, шоқындыру. Бұл саясат кешенді түрде жүргізілді. Нешеме миссионерлер қазақ даласына қаптап кеткені белгілі. Қазақ халқын тілінен, дінінен айыру озбыр саясаттың құралы болатын. Миссионерлер дін атын жамылып, орыс алфавитін қазақ мектептеріне енгізіп, өз мақсаттарына жетуде қара халықты өз қолымен көсеу арқылы да өз мүдделеріне мысық табандап жақындап отырды.

Дегенмен, өз мүддесінен гөрі ел мүддесін жоғары қойған Ыбырай, оның мектебін бітірген шәкірттері миссионерлердің айдауымен жүрмей, өз халқының болашағы үшін ерен еңбек еткен болатын. Ол түгілі тіпті, Кеңес дәуірінде Ыбырай ұстазды өз қазағына жау етіп, оны ислам дініне қарсы қойып, барып тұрған атеист етіп көрсетуге еңбектер жазылған болатын.

Ұлы ұстаздың қазақ жазба әдебиетінің тамаша туындысы «Қазақ хрестоматиясы» алғаш 1879жылы орынбор қаласында жарық көрген болатын. Патша үкіметінің түрлі тексеріс, цензурасынан толықтай өтіп, сол дәуір үшін ең көп тираж – 2000 данамен, орыс алфавиті негізінде басылып шықты. Белгілі ыбырайтанушы Әсет Ламашев бұл оқиға туралы: «Ыбырай Алтынсарин жазып шығарған оқулық тек Бөкей ордасы Орал және Торғай облыстары мектептері үшін ғана емес, Түркістан өлкесі мен Батыс Сібір қазақтарына арналған. Олар да оқу-білімге талпынып отыр ғой» деп жазды.

Алайда мектеп ашып, бала оқыту сол кезеңдегі үстем тап өкілдеріне, мұсылман дінінің имам, молдаларына ұнай қоймады. Молда, ишандар Ыбырайды Алтынсаринді «шоқынған, құранға қырсы шыққан кәпір», деп айыптады. Бірақта, ағартушының тәрбиесін көрген жас қауым, қазақ оқығандары ұлы ұстазды қашанда қорғап, оның ілім-білімге деген көзқарастарына өз сүйіспеншілігі мен қолдауын білдіріп, көрсетіп отырды.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» жазудағы мақсаты «татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін жаздым деп мәлімдейді. Мұныңда өзіндік себебі бар болатын. Жалпы отаршылдық жүйе қазақ даласын ислам дінін арқылы бағынышта ұстауды көздеген болатын. Бұл жерде қазақ даласында татар молдалары мен татар тілінде жазылған діни кітаптар елеулі рол атқарған болатын. Ыбырайдың татар тілінде жазылған кітаптарға сынмен оны құртудың өзегі, татар тілінде жазылған діни кітаптарды қоғамдық ортадан шығарып тастау, сол арқылы өзіміздің қазақ ұлттық тіліміздің беделін көтеруді көздегені мәлім. Аталмыш хрестоматия бастапқыда екі кітап болып, шығарылуға жобаланған болатын. Алайда екінші кітап толық аяқталмай, кейбір тараулары ұлы ағартушы көзі кеткен соң, қолжазба жоғалып кеткен еді.

Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегі Қазан қаласында 1884жылы араб әрпімен басылып шығып, кейін қайта басылған емес. Ыбырай ұстаздың бұл еңбегі мұрағаттың қоймасында

сақталып келді. Ол еңбекпен Кеңес дәуірі кезінде айналысқан ешкім болмады. Жетпіс жылдан аса атеизммен уланған кеңестік дәуірдің ықпалында болған қазақ мектептері діни білімге теріс қарап келсе, Ыбырай ұстаз өз еңбегінде білім беру ісін дінтанудан, мұсылмандық тәрбиеден бөлген жоқ. Қайта Ыбырай мектеп те дін сабағының дұрыс та, сауатты жүргізілуіне ыждақаттылықпен қарап, оны бақылап отырды.

Сондай-ақ «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітабын дін оқытушыларына әдістемелік құрал ретінде ұсынған болатын. Ыбырай Алтынсарин бұл кітапты шығаруда орыс миссионерлері тарапынан түрлі кедергілерге ұшырап отырғаны мәлім. Бұл кітапты жарыққа шығаруда Ыбырай орыс миссионерлер тарапынан талай тосқауылға тап болды. Ресей империясы мектептерінде оқытылатын дін сабақтарына оқулық себінде жазылған бұл еңбекті де Ильминский «Қазақ хрестоматиясы» тәрізді оры әріпімен бастырып шығару керек дейді. Алайда оған Ыбырай ұстаз батыл қарсы келіп, орыс жазуымен мүмкін емес өйткені бұл дін кітабы, іші шарифат тұрғыларына сай құрастырылғанымен, сыртқы жағынан мұсылманша болмауы қалың қазақ арасында сенімсіздік тудыратынын атап өтеді. 1991 жылы тура бір ғасырдан кейін Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегі Қазақстан баспасынан басылып шықты. Бұл кітапта Ыбырай Алтынсарин кезінде өзінің жазған түсініктемесінде кітаптың негізгі мақсаты мыналарды көрсетеді:

«Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден қазақ жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін соңғы соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап...осы оқу құралын құрастыруға кірістім». Осы жерде ұлы ұстаз өз елінің жағдайын, халқының тұрымысын бағамдай отырып, діннің қоғамда алатын орнына ерекше мән беріп, жастардың теріс бағытқа түсуіне барынша қарсылық білдіреді.

Жалпы, Орта Азия халықтарының мәдениетіне ислам мәдениетінің ықпалы жоғары болғанын атап өту керек. Ислам мәдениетінің төркіні мұсылмандық наным-сенімнен бастау алса, Орта Азия халықтары үшін оның мазмұны Матуриди ақидасы болған. XIX ғасырдың ұлы ағартушылары Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбайұлының көптеген шығармаларында иманды жан, толық адам, адамгершілік, мораль, ар-ұждан мен мақтаулы адам...» сияқты қағида-тұжырымдары құндылықтар әлемінің, жалпы руханияттың шам-шырағы іспетті келтіріледі. Келтірілген бұл терминдердің негізі «Аллаға сенім», «Иман» мәселесіне келіп тоғысады, Ислам діні қазақ даласына кең тарап, орныққаннан бері халқымыз құқықтық салады Әбу Ханифа мәзһабын, имам Матуриди ақидасын толық ұстанып келеді. Одан халқымыз ұтпаса ұтылған жоқ.

Иман – дін құндылықтарының ішіндегі ең маңыздысы десек, қателеспейміз. Бұларсыз екі дүниенің бақытына жету әсте мүмкін емес. Сондықтан Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлының еңбектерінен «Иман» ұғымы жайында мынандай ұстанымда болғанын байқау қиын емес.

Атақты ағартушы ғалым жалпы «Иманның екі мағынасы бар: бірі – тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ. Мысалы, мұсылманшылығымызға бас куәлік – сөзіміз немесе араб тілінде

шәһәда (тун) – имнымыз ашһаду анна лә иләһа иллә Алла уа ашһаду анна Мухаммадан аб – дуһу уа расулуһу болса керек. Яғни, «куәлік беремін:жоқты бір Құдайдан бөтен Құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы һәм елшісі екендігіне деп, шариғат мағынасы расталғанда о лиманды көңілмен растамақ»[2, 189б.], деп – «Иман терминінің түп мәнікөңілмен растаған сенімді тілмен жария ету деп түсіндіреді.

Мұсылмандар арасында әйгілі ғалым Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, «Иман жүрекпен мақұлдап, растау. Ал тілмен «кәлима шәһәданы» айту иманның шарты. Сондай – ақ дүние істеріне үкім беруде «кәлима шәһәда» сөзін тілмен айту арқылы мұсылман өзге дін өкілінен ажыратылады»[3, 135б.] деп, тағаттың басы иман келтіруде екендігін айтса, имам Матуриди бұл пікірді одан әрі қуаттап, үзірі жоқ адамның өмірінде бір реет болса да тілімен куәліксөзін айтуы керектігін тағаты қабыл болатын мұсылман қатарына қосады, адамның зәрулік жағдайында шынайы сезімін көңіліне жасырып, күпірлік сөзін айтуға дінде жеңілдік барын жекізеді[4, 473б.].

Осы тұста айта кетер нәрсе, Ы.Алтынсарин «Иман» терминінің түп мәні көңілмен растау деуі, А.Құнанбайұлының «істің басы» - яғни, мұсылмандықты иманмен өлшеуі имандылық ілімін «Иманшарт» еңбегінен алғанын сөз етуінің бәрі дәстүрлі Ислам ақида ғұламаларының пікірімен үндес, сәйкес келіп отырғандығы. Демек барлығы, мұсылманшылықтың басы, құлшылықтың қабыл болуының шарты иманды болмақ керек дегенді қуаттап, қолдайды.

Ал кәміл мұсылмандық мәселесінде Ы.Алтынсарин , «Бұл растамақ (иман ету) дегеніміз, жалғыз Құдай тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар деп айту ғана емес, пайғамбарды хақ деп болып һәм ол пайғамбарымыз алейһи – с – саламның Алла тағала жанбуан (жанынан) алп келгенше қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза рәуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып һәм шын көңілмен растығына сенбек. Парық құлшылықтардың парыздығына күмәнмен қарау адамның сеніміне селкеу түсірмек. Парыз құлшылықтарды толық мойындап, алайда орындауға келгенде енжарлық таныту адамды иманынан ажыратпағанымен, пасық мұсылмандық дәрежеге түсіреді.

Қорыта айтар болсақ, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің «Иман төңірегіндегі білімі мен таным түсінігі» имам Әбу Ханифа мен имам Матуриди ақидасымен өте тығыз байланысты екенінін көреміз. Яғни дін туралы тек естігенін білу емес, ол жайында дін саласының білгірлерінің біліміне сай дүниетаным мен көзқарасты ұстану. Содан да болар ұлы ұстаз Ыбырай атамыз нағыз мұсылман дінін ұстанып, ол дінді насихаттай білген екендігін, баса айту керек. Рас ол дүмшелікке, дінбұзарлыққа қарсы болды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Қазақ тәлім-тәрбиесі», Алматы, «Санат», 1995.
2. Ыбырай Алтынсарин, Өмірі мен шығармалары/ құраст. Ардақ Мұқашева. – Алматы: «Рауан» баспасы, 2013. – 384 бет.189б.
3. Әли Абдулфаттах әл-Мағриби, Имами әһлис сүнна уәл жәмаға Әбу Мансур әл – Матуриди уә әраһүл кәләмия, «Мәктаба уаһба»баспасы. – Қаһира: 2009, – 455 бет. 135 б.
4. Әбу Мансур әл - Матуриди, Китәбут таухид. «Дәру садыр» баспасы, - Бейрут: 2007, - 538 бет. 473б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ершатов Қайрат Битибаевич,
Абилхаиров Оразхан Есенбаевич

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: Цифровая социализация-это мера восприятия обществом технологических новшеств, отношения к инновациям, проблемы цифрового гражданства и цифрового неравенства. Интерактивный подход подразумевает организацию учебного процесса, при котором все учащиеся участвуют в процессе познания. Интерактивный ("Интер" – взаимный, "акт" - действенный) подразумевает взаимодействие, диалог в режиме интервью, с кем-то. Креативность педагога-это способность и навыки, реализуемые в процессе обучения и позволяющие педагогу из имеющихся ресурсов содержания образования проявлять инициативу в жизни, способствуя поиску учеником нового, формировать со школьной скамьи принципы открытости к инновациям, востребованным у людей в XXI веке, и совершенствовать их в дальнейшем.

Annotation: Digital socialization is a measure of society's perception of technological innovations, attitude to innovation, problems of digital citizenship and digital inequality. The interactive approach implies the organization of the educational process, in which all students participate in the process of cognition. Interactive ("Inter" – mutual, "act" - effective) implies interaction, dialogue in the interview mode, with someone. The creativity of a teacher is the ability and skills realized in the learning process and allowing the teacher to take the initiative in life from the available resources of the educational content, contributing to the student's search for new things, to form from the school bench the principles of openness to innovations demanded by people in the XXI century, and to improve them in the future

Қазіргі заман техника мен технологияның қарыштап дамыған кезеңі, жаңартылған білім беру мазмұнының басымдылықтары мен білім беру құндылықтары. Ғылымдағы жаңа жетістіктер өмірдің бір қалыпта тұрмайтындығын, үнемі алға қарай даму үшін адамдардың бәсекелестікке қабілеті болуының маңызды екендігін айшықтай түсті.

Әлемді жайлаған пандемия жағдайы елімізде барлық уақытта да сұранысқа ие болатын, әрі адамзат үшін орны ерекше мамандықтарды нақтылай түсті десек те қателеспейміз. Себебі, қазіргі орын алған жағдайда, еліміз үшін, халқымыз үшін ғалымдар, дәрігерлер, педагогтер аса қажет екендігін көрсетті. Әрине, педагог мамандығы қай уақытта болса да еліміздің жарқын болашағы үшін аса құнды, ерекше құрметке лайық мамандық екені сөзсіз. Себебі еліміздің ұрпағының сауаттылығы, бәсекеге қабілеттілігі ұстаздар қауымына тәуелді. Халық даналығында да «ұстазы мықтының, ұстамы мықты», - деп бекер айтылмаса керек.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагогтердің мәртебесін көтеру мен педагогикалық білімді жаңғырту мақсатында біршама жаңа міндеттер жүктелді. Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдірудің маңыздылығы нақты көрсетілді. Бұл педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру өзекті мәселелердің бірі екендігінің дәлелі [1].

Мемлекеттік бағдарламада педагогтердің кәсіби беделін арттыру мен ынталандыру мәселесіне де аса мән берілген. Демек, педагогтердің креативтілігін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға болары сөзсіз.

Джон Дьюи: «егер біз бүгін балаларды дәл бүгінгідей оқытатын болсақ, онда біз олардың ертеңін ұрлаған боламыз», - деген екен. Шынымен де, осындай қарқынды өзгерістер педагогтің күнделікті ізденісін, инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу процесіне енгізудегі белсенділігін қажет етеді. Педагог креативті болғанда оқу процесіне инновация табысты енеді.

Қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық және өндірістік салаларындағы жаһандық өзгерістері мен жетістіктері қоғамға бастамашыл, сыни ойлай алатын және шығармашыл адамдарға деген қажеттіліктің артатындығы сөзсіз. Қазіргі еңбек нарығына назар аударсақ, жаңа мамандықтар, кейбір жаңа мамандықтардың атауына қарап оның немен айналысатынын болжауда қиын болатын сәттер кездеседі. Бұл дегеніміз, біз қазіргі кезеңде технологияның қарқынды дамумен қатар жүретін жаңашылдықтың үздіксіз жаңарып отыратын кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Демек, бұл болашағы белгісіз, дәл болжауы қиындау заман ағымында әр бала өз орнын табуы маңызды. Сол, үшін ХХІ ғасырда сұранысқа жауап бере алатын, тұлғаны тәрбиелеу оқытуды мектеп қабырғасынан немесе университет қабырғасынан емес, балабақшадан бастауымыз қажет. Осы тұрғыдан мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту өзекті мәселелердің бірі.

Boston Consulting Group зерттеулерінде ХХІ ғасырда адам табысты болуы үшін меңгеруі тиіс дағдылар тізбесін әзірледі. Бұл тізбеге сәйкес балаға күнделікті өмірде міндеттерді шешуге көмектесетін дағдыларды меңгертумен қатар, күрделі міндеттерді шешуге ықпал ететін құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет. Бұл құзыреттіліктерге, сыни ойлау, креативті ойлау, коммуникативтік дағдылар мен командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін айтаған [2].

Ч.Фадель, М.Бялик, Б.Триллинг жариялаған «Білім берудің төрт қыры» («Четырехмерное образование») атты басылымында еңбек нарығына қажет дағдылар тізбесін де креативтілік мәселесіне назар аударылған.

Жапония елінің ғалымы И.Амагидің «Әрбір ел өзінің мектепте оқыту жүйесіне педагогикалық әдістер тұрғысынан да, мазмұны мен басқару тұрғысынан да реформа жүргізіп отыруы керек», - деген тұжырымына назар аударсақ әр кезеңде заман ағымына сай өзгерістердің болуы заңды екендігін және ол даму үшін маңызды екендігін меңзейді.

Қазіргі кезде «реформа» термині біздің өмірімізге толыққанды еніп, барлық салаларда кеңінен қолданыла бастады. Бұл сөздің этимологиялық төркіні латын тіліндегі *reformare* – өзгеріс енгізу деген сөзден тарайды, белгілі бір саланы өзгерту, қайта құру, жаңғырту деген мағынада қолданылады.

Педагогикалық сөздікте: «Білім беру саласындағы реформалар – білім беру ұйымдарының және оларды басқару жүйесінің қызмет атқаруын, дамуы мен өзін-өзі дамытуын түбегейлі өзгертуге және жетілдіруге бағытталған жаңашыл өзгерістер енгізу жүйесі», - деп анықталған.

В.А. Капранова білім берудегі реформа – білім беру сапасын жақсарту және өзгеріс енгізу мақсатында білім беру жүйесін (ішкі жүйелерін, деңгейлерін), оның мақсаттары мен мазмұнын, құрылымы мен жұмыс тетіктерін өзгертуге бағытталған іс-шаралар (заңнамалық, құқықтық, басқарушылық-қаржылық, кадрлық, ұйымдастырушылық-педагогикалық) кешені ретінде қарастырады.

Білім беруді жаңғырту – білім беру қызметтерін жаңарту, олардың қолжетімділігі мен сапасын жақсарту, білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыру, білім беру саласын басқаруды жетілдіру мақсатында білім беру жүйесін (құрылымын, ұйымдастыру және басқару принциптерін, институционалдық ортаны) жетілдіруге бағытталған ұзақ мерзімді, орта мерзімді және жедел шаралардың кешенді жүйесі.

Қазақстандағы білім беру реформаларының негізгі мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Жалпы алғанда, елдегі білім беруді дамыту бағдарламалық негізде жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде елімізде 2016 жылдан бері жалпы білім беретін мектептердегі білім беру мазмұн кезең- кезеңмен жаңарту жүзеге асырылды. Қазіргі таңда еліміздегі жалпы білім беретін білім беру толығымен жаңартылған білім беру мазмұны бойында оқытылады.

Д. Дэвид өз зерттеулерінде табысты оқыту үдерісінің дәлелдемесі ретінде стандарттарда қарастырылған және қол жеткізілген нәтижелерден гөрі әрбір баланың ойлау, сезіну, жасау, бейнелеу және өзінің эмоцияларын білдіру қабілеттерінің дамуы әлдеқайда маңыздырақ болып табылатындығына ерекше назар аударды. Білім беру үдерісінің аса маңызды сапасы оның мақсатқа бағытталуы және алдын ала болжау мүмкін бола бермеуі, жасампаздығы мен креативтілігі, білім берудегі мұндай тәсілдеменің нәтижесі баланың оқуға деген құштарлығы болып табылады. Оқытуды тар мақсатта қарастыруға болмайды, себебі оқыту үдерісі үздіксіз және кең ауқымды танымдық дамуға ынталандырушы болып табылады [3].

Гриффин және басқа авторлар жаңартылған білім беру стандарттары оқу бағдарламалары жаңартылған кезде ғана айқын байқалады деп санайды. Англия, Германия, Норвегия, Сингапур және Австралия сияқты елдерде оқу бағдарламалары бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастыру арқылы педагогтер мен балаларға арналған нақты белгіленген күтілетін нәтижелер бар. Бұл тәсілдеме Қазақстандағы барлық мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектептер үшін күтілетін нәтижелерді анықтауда қолданылған. Балалардың қандай білім мен біліктерді меңгеруі тиіс екендігін анықтауда

нақтылықтың болуы бүкіл ел деңгейінде тұрақты жоғары күтілетін нәтижелерді қамтамасыз етуге, сонымен қатар педагогтерге оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру және білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін сақтауға көмектеседі.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған осындай бағыттағы жылдам өзгерістер ХХІ ғасырдағы маңызды бірқатар өзгерістердің орын алғандығын көрсетеді: өзара қарым-қатынастың арттыру арқылы коммуникативтілік дағдыларды дамыту; әлеуметтік өзгерістер негізінде адамдардың басқаларды қабылдауы мен өзгерістерге тез бейімделуі, мектеп оқушылары қазіргі заманда және болашақта табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда біршама көп дағдыларды меңгеруі маңызды әрі қажеттігін көрсетеді.

Осы тұрғыда көптеген ғалымдар, оның ішінде Те Вельде (Willem te Velde) жаһандану дәуіріндегі сапалы білім берудің маңызды екендігін атайды. Демек, көптеген авторлар өмір ағымына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту бұл елімізде беріліп жатқан білімнің сапасын арттыруға ықпал ететіндігін туралы ой түйіндеуге болады. Сонымен қатар қазіргі кезеңде біздің азаматтарымыздың әл-ауқатын әрі қарай дамытып жетілдіру үшін және экономикалық өсім болу үшін білім ерекше маңызды рөлі бар екендігін бар әлем мойындауды. Осы тұрғыда бізде еліміздің болашағы үшін, басқа елдермен тереземіз теңесіп, басқа өзіміз сынды адамдармен қатар бәсекелестік ортада орнымызды алу үшін мектеп қабырғасынан, тіпті балабақшада берілетін білімнің маңыздылығы артатындығы сөзсіз [4].

Пайдаланылған әдібиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысы <https://clck.ru/U7BVb>.
2. WEF New Vision for Education / World Economic Forum in partnership with Boston Consulting Group. Білім беруге жаңаша көзқарас. Boston Consulting Group серіктестігіндегі Дүниежүзілік экономикалық форум, 2015
3. Дэвид, Д., Топпо, К. Дж. И Саини, К. A study to assess the knowledge of mothers regarding developmental milestones of infants International Journal of Current Research, 7524-7528, 2014
4. Mourshed, M. et al How the worlds most improved school systems keep getting better. <http://mckinseysociety.com/how-the-worlds-most-improved-school-systems-keep-getting-better/> , 2010

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЖӘНЕ ПЕЙЗАЖ ЖАНРЫНЫҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Жамитова Асия Абдигазиевна

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: Умение понять влияние эмоционального отношения к искусству-сложный процесс для школьников

Annotation: The ability to understand the impact of emotional attitudes towards a lawsuit is a difficult process for schoolchildren.

Мектеп қабырғасында бейнелеу өнері пәнін оқыту негізі оқу мен тәрбие үрдісінің органикалық бірлігі тұтастығында болып табылады: эстетикалық тәрбиелеу және көркемдік білім беру көркемдік іс-әрекеттердегі ілім, ілік, дағдыларды жүйелі баяндауға негізделген болуы керек. Дағдыларды меңгеру өзіндік мақсат болып табылмайды, сонымен қатар, шынайы болмысты көркемдік жағынан тану мен көрсете білудің, шынайы болмысқа деген эстетикалық қатынас қалыптастыру, оқушыларда белсенді өмірлік ұстанымдарды бекіту құралы болып табылады.

«Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны сәндік қолданбалы өнер материалы негізінде бейнелеу өнерін графикалық суретпен, сәулет өнерімен, сәндік-қолданбалы өнермен және еңбекке баулу пәндерімен байланыстыра отырып байытылған оқу мазмұнын жасауды қарастырады.

Оқу мазмұнын жүйелеу әдісінің негізіне көркемдік әрекеттердің бейнелеу, безендіру, құрастыру сияқты үш түрін дамыта оқыту ұстанымын қолдану идеясы басшылыққа алынды.

Бейнелеу өнері оқу пәнінің сабағы өзге пәндер сияқты лабораториялық-практикалық сипатқа ие. «Бейнелеу өнері» оқу пәнін өзге де мазмұндас пәндермен байланыста оқыту бүгінде мектеп практикасында іске асырылып жатыр. Үйретудің көрнекілік әдіс-тәсілдері ішінен суретші шығармасын пайдалануда төменгі сынып оқушысы жас ерекшелігіне байланысты картинаны көре отырып, жердің, аспанның орналасуы бір сызықтың бойында емес, үлкен белдеуде бейнеленетін заттар алыстаған сайын жоғары, жақындаған сайын төмен, қағаз бетінің шетіне таман орналасатынын өзі көреді.

Бірінші сыныпта бейнелеу өнері сабағы балалардың көркемдікке және бейнелеу жұмысына деген қабілеттілігін дамытуға бірден-бір себебін тигізетін байқампаздық пен көргендерін зердеде сақтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Оқушыларды айналадағы, табиғаттағы, қоғамдағы болмысты және бейнелеу өнерінің шығармаларын эстетикалық негізде қабылдай білуге баулу. Оларды өмір шындығына суретші көзімен қарауға үйрету, сонымен бірге өнер шығармалары арқылы туған халқының жарасымды әдет-ғұрыптарымен, мерекелерімен, кәсіби шаруашылық түрлерімен, халық өнерінің туындыларымен таныстыру. Әрбір сабақ бейнелеу өнеріне тән терминдерді, түсініктемелерді, туған халқының көрнекті суретшілерінің атын, кейбір

шығармаларын меңгере білу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы қажет. Атаулар мен терминдердің ана тіліндегі бағдарламаларын меңгеру балалардың тіл дамытуына ықпалын тигізеді.

Айналадағы өмір шындығын және өнерді эстетикалық тұрғыдан қабылдау бағдарламада жеке бөлім ретінде берілгеніне қарамастан, әрбір практикалық сабақтар барысында да жүзеге асырылып отырылады. Практикадағы жұмыстары барысында оқушыларды көркемдік бейнелеу құралдарымен таныстыра отырып, біртіндеп, ол құралдарды бейнелеу жұмыстарында пайдалана білудің алғашқы дағдыларын меңгеруді жүзеге асыру – I сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі мақсаты.

Екінші сыныпта, оқушылардың алғашқы сыныптағы жинақтаған көркемдік туралы түсініктерін және бейнелеу дағдыларының қалыптасу деңгейін ескере отырып, бейнелеу өнері сабағы, балалардың эстетикалық, көркемдік сезімдерін, бейнелеу дағдылары мен машықтарын одан әрі қалыптастыруға дамытуға бағытталған білім мен тәрбие мәселелерін жүзеге асыруды талап етеді. Мысалға,

біріншіден, көре білуге (қабылдау), байқампаздыққа баулу және бояу түстерінің бейнелілік ерекшеліктерін, түстер арқылы бейнелей білу дағдыларын меңгерту арқылы оқушылардың көркемдікке қызығушылық, эстетикалық әсерленушілік сезімдерін дамытуға тікелей қатыстыру;

екіншіден, оқушылардың шығармашылық ой-сезімін дамытуға, өз жұмыстарында көркемдік бейне жасауға талпынуын қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдерін меңгертуге бағытталған практикалық бейнелеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;

үшіншіден, бояу түстері және түстердің сезімдік (эмоциялық) мазмұны туралы балалардың танымын дамыта отырып, практикалық жұмыстар барысында табиғат көріністерінің күй-жайын бейнелі түрде көрсете білуге дағдыландыру;

төртіншіден, ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің түрлерімен, көркемдік бейнелеу және жасалу ерекшеліктерімен (дәстүрлі материалдарымен, пішін, бояу түстері, оюмен әшекейлеу) таныстыруды, сонымен бірге көркемдеу, әшекейлеу дағдыларына машықтандыра отырып, сәндік ою-өрнек композициясының жарасымдылығы мен тепе-теңдік (симметрия, ырғақ) үйлесімдігі туралы ұғымды жетілдіру;

бесіншіден, қоршаған өмір шындығымен таныстыру, заттар пішінін, құрылысын, ерекшеліктерін талдай білуге дағдыландыру, заттардың кеңістіктегі ортасы және өнердегі тепе-теңдік ұғымын меңгерту;

алтыншыдан, әрбір практикалық және арнайы қабылдау сабақтары барысында өнер түрлерімен, олардың бейнелегіш құралдарымен (салыстырмалы түрде), суретші жұмыстарының үлгілерімен таныстыру; өнерге тән терминдердің, атаулардың, түсініктемелердің ана тіліндегі бағдарламаларын игерте отырып, I сыныпта жинақтаған білім өрісін кеңейту және балалардың тіл дамытуына ықпал жасау.

Үшінші сынып. Қоршаған өмір шындығын, өнер шығармаларын қабылдау барысында оқушыларды туған халқының мәдени ескерткіштерінің, ұлттық өнері дәстүрлерінің және суретші шығармаларының мазмұнын талдау

барысында қазақ халқының өнегелі, тәрбиелік мәні бар дәстүр салтымен, әдет-ғұрыптарымен жарасымды мереке, ойын түрлерімен, халық ауыз әдебиеті (жыр, өлең, мақал-мәтел, ертегі) үлгілерімен, музыкамен оқушылардың сезіну, түйсіну шамасын ескере отырып таныстыруды жалғастыру, бұл пәннің **3-сыныптағы** оқыту үрдісінің бірден-бір мақсаты болып саналады. Бейнелеу өнері саласындағы оқушылардың практикалық икемділігі мен дағдысын, өнер туралы (түрлері, бір-бірінен айырмашылығы, бейнелегіш кеңістіктік т.б.) мағлұматын, сонымен бірге көркемдік тәрбие өрісін дамыту үшін 3 сыныптағы бейнелеу өнері сабағы мынандай оқу мәселелерін қарастырады;

1. Табиғаттағы кеңістіктік орта (заттар пішіні мен бояу түстерінің әр түрлілігі және үйлесімділігі, табиғаттағы көңіл-күйлік өзгерістер) туралы түсінікті дамыту;

2. Табиғаттағы және сәндік өнердегі пішін мен бояу түстері, реальды пішінді сәндік өрнекке айналдырудағы көркемдік әдістер мен талғам, сәндік композициядағы өрнектер мен түстер үйлесімі (ырғақ);

3. Сәндік-қолданбалы өнер мен графикалық дизайн өнеріндегі өрнектер мен символикалық белгілердің бейнелілігі;

4. Жазықтықта (қағаз бетінде), көлемді жұмыста (мүсіндеу, сәндік бұйымдар) және кеңістіктік (көркемдік конструкциялау немесе дизайн үлгілерін жасау) композиция құрастырудағы бейнеленетін объектілер элементтерінің өзара мәндік, мазмұндық байланысы туралы ұғымды қалыптастыру (заттар пішіні, бояу түстерінің нақтылығы, үйлесімділігі және заттардың кеңістікте мәнді орналасуы);

Бейнелеу өнерін оқытудың бірінші сатысы – оқушылардың өнер және көркемдік туралы алғашқы түсініктері мен икемділіктерін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие жұмысы 4 сыныппен аяқталады.

Оқу бағдарламасының мазмұны оқушылардың жас шамаларына физиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес, олардың алдыңғы сыныптарда (I-III) жинақтаған өнер туралы түсініктерін, білімдерін, практикалық бейнелілік икемдіктері мен дағдыларын одан әрі тереңдете түсуге, қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, оқушылардың оқып-үйрену машықтары мен шығармашылық ізденістерін ұштастыру арқылы оларды бейнелеу өнеріне баулудың негіздерін игерту жұмыстарына біртіндеп дайындау міндетін, көздейді. [18,38 б]

Төртінші сыныптағы Көркем еңбек пәннің оқу бағдарламасының негізгі мақсаты, мынадай оқу-тәрбие мәселелерін жүзеге асыруды талап етеді:

1. Сезім әсерлерін көркем бейнелей білуге баулу:
 - қоршаған өмір шындығы мен өнер шығармаларындағы көркемдіктің жасалу жолдарының әр түрлілігі туралы түсінікті қалыптастыру;
 - өз бетінше көркем бейне жасау құралдарын тандай білу, суреттегі ойдың мән-мазмұнын түстері арқылы айқындай білу икемділіктерін қалыптастыру;
 - бейнеленетін заттың пішінін, көлемін бояу түстерімен, сызықтарымен, түс дақтарымен жарасымды айқындау тәсілдеріне

меңгерту; жазықтық бетінде зат пішінін құрылысына үйлесімдік ерекшеліктеріне және көру нүктесіне байланысты кеңістікте орналасуына қарай композициялық үйлесімде бейнелей білу икемділіктерін дамыту.

2. Кеңістіктегі заттар мен денелердің өзара мағыналық, іс-әрекеттік байланысын композициялық жұмыста айқын көрсете білуге жаттықтыру.

3. Бейнелеу өнерінің түрлеріндегі көркемдік бейнелердің өзіне тән жасалау жолдарымен таныстыру:

- өнер шығармаларындағы көркемдік бейне туралы оқушы түсінігін бекіту;
- шығарманың сезімдік жай-күйін айқындаудағы түстердің мәні;
- суретшінің белгілі оқиғаны, ойды шығармада бейнелеу ерекшеліктерімен (портретте, натюрмортта, тарихи-әлеуметтік тұрмыс жанрларында) жүйелі таныстыру.

4. Туған жер табиғатының, адамдар өмірінің сұлулығымен таныстыру:

- республикасының әр аймағының табиғат ерекшеліктері – жер, су, жануарлар байлығы;
- пейзаж жанрындағы табиғат көріністерінің сұлулығын, шындық болмысымен салыстара білуге, сезінуге баулу;
- адамдар тұрмысы, күнделікті өмірі, еңбек процестері, мереке-тойлары;
- республика облыстарындағы экологиялық құбылыстары, адамдардың экологиялық зардаптармен күресі (Арал тағдыры, Семей полигоны, табиғат зілзалалардың адамдар өміріне әсері, ұқыпсыздық пен жауапсыздықтың зардаптары, т.б. туралы мағлұмат).

5. Халықтың көркемдік шығармашылығының өзіндік ерекшеліктері мен мәнерлілігі:

- халық қолөнерінің көркемдік құнын бағалай білуге баулу;
- туған халқының өнері, тарихи көркемдік мұраларын, халық шеберлерінің қолынан шыққан сәндік бұйымдарын бағалай білуге, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу;
- қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері мен басқа өнер түрлерінің арасындағы ұлттық, дәстүрлі үйлесімділікті сезіне білуге баулу;
- әр түрлі сәндік бұйымдар үлгілерін, қағаздан, қатырма қағаздан, ағаштан, матадан, т.б. табиғи заттардан жасау білу икемділіктерін, машықтарын қалыптастыру.

Бастауыш сыныптардағы мазмұнында – өнер түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін, кейбір жанрларының бейнелеу құралдарын эстетикалық тұрғыдан талдай және бағалай білуге үйрете отырып, өнердің адам өміріндегі, қоғамдағы мәні туралы алғашқы түсініктерін жеке және тұтас сыныппен жұмыс жүргізу түрлерінің үлгісі берілген.

Бастауыш сыныптарда оқушылар, бейнелеу өнері пәнінің мазмұнына сәйкес, көркемдік білім негіздерін: өнердің түрлері, жанрлары, өнердің қоғамдағы, адамдар өміріндегі орны, өнер түрлерінің өзіне тән негізгі бейнелілік құралдары туралы алғашқы мағлұматтармен қарулана отырып, бейнелеу жұмыстары барысында өнердегі көркемдік бейненің жасалу жолдарын, бейнелеу дағдыларын меңгеруі, машықтарын қалыптастыруы

тиіс. Бастауыш сыныптардағы көркемдік білім жүйесі – оқушылардың, өнердің мәні және көркемдік туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруға, өнер туындыларын қабылдай білуге баулудың негізгі сатысын құрайды.

Бұл жас кезеңінде оқушылардың бейнелеу өнерімен белсенді айналасуына мүмкіндік тұғызатын психологиялық, физиологиялық дамуы пісіп жетіле бастайды. Түрлі іс-әрекеттерді, белгілі сапалы деңгейге жеткізетін – көздің қызметі, қолдың икемделуі, орта құбылыстарынан жақсы мен келеңсізді ажырата білу сапасы, бояулар мен түстердің қасиетін, кеңістікті, зат пішіндерін, басқа да материалдық дүние объектілері мен құбылыстардың өз деңгейінде қабылдай білу дағдылары, ересек адамның қабілетіне біртіндеп жақындай түседі [16, 156].

Бастауыш мектеп оқушыларының көркемдік түсініктері нақтылы, санасына әсер етіп, көңілінде бекіп қалған фактілердің болмысымен байланысты. Қоршаған орта сұлулығын қабылдау арқылы балалардың танымдық түсінігін қалыптастыру, арнайы ұйымдастырылған сабақ арқылы жүзеге асыруды талап етеді.

Бастауыш сыныптарда, бұл мәселеге арналған сабақтар түрі – сыныптағы арнайы тақырыптағы, көрнекі құралдармен жабдықталаған сабақ, саябаққа, зообаққа, өндіріс орындарына, қырманға, ауыл маңындағы табиғат аясына, тарихи ескерткіштерге т.б. саяхат түрінде жоспарлануы, жүзеге асырылуы аса қажетті педагогикалық іс, талап саналады. Әрбір қабылдау сабақтары мазмұнында оқушылардың игерген білімдері, олардың, өз бетінше орындайтын практикалық бейнелеу жұмыстарында: бояулар мен түстер сұлулығы, заттар пішіні, жануарлар, жәндіктер, өсімдіктер әлемі бойынша суреттер салу т.б. жұмыстары арқылы бекітілуін көздейді.

Бастауыш сыныптарда оқушыларды бейнелеу өнері туындыларымен таныстыру, арнайы тақырыптағы қабылдау сабақтарында, практикалық бейнелеу сабақтарының мазмұнымен тікелей байланыста өткізілуі тиіс.

Педагогикалық тәжірибелерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушылары өнердің бейнелі тілін қабылдауға, өз жас ерекшеліктері деңгейінде қабілетті, бірақта бұл саладағы белсенділігін арттыра, дамыта түсу үшін олардың қиялдау, елестету, бақылай білу қабілеттіліктерін, оларды әсерлендіре түсетін өнер туындыларын тиымды пайдалану арқылы көркемдік қабылдау деңгейінде дамыту қажеттігі туындайды.

Бастауыштағы көркемдік деңгейдегі қабылдау мынадай үш негізгі тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда талап етеді:

1. Балалардың өнерге деген **ықыластылығын** дамыту;
2. Өнер туындыларына деген **эмоционалық қатынасынан** туындаған әсерлі ойы мен түсінігін жеткізе **пайымдай білу** қабілетін қалыптастыру;
3. Өнер туралы, жанрларының туындылары туралы, түсініктері мен білім аясын және өнерге тән атаулардың, анықтамалардың, терминдердің мәнімен танысу аясын біртіндеп кеңейте түсу.

Балалардың өнерге ықыластылығы, олардың, өнер - өмірді танып білудің негізгі құралы екенін, суретшінің бейнелейтін объектілерді тек көшіріп суреттемейтінін, сол объектіге көңіл бөлуден басталатынын танып

білу сапасы. Оқушылар, өнердің түрлері сан-алуан екенін, әр өнер түрінің жанрлары және олардың өзіне тән көркем бейнелілік құралы, әдістері бар екенін танып біледі. Шығарманың мазмұнын суретші сол өнердің түрі қажет ететін бейнелеу құралдарымен (бояулар, қарындаш, мүсіндеу құралдары, т.б.) айқындайтынынан мағлұмат алады.

Мұғалімнің басшылығымен, оқушылар, бейнелеу өнеріне қандай бейнелеу құралдары қажет екенін, сол құралдар шығарманы жасауда қалай пайдаланатыны туралы сабақтан-сабаққа, сыныптан-сыныпқа өткен сайын бірізділікпен игереді. Өнер туындыларын қабылдау сабағының мазмұнын, тек шығарма сюжетін айқындаумен, әңгімелеп берумен шектелмеуі тиіс. Ондай мәндегі сабақ оқушылардың өнер тілінің ерекшелігін, мәнін түсінуін, олардың жалпы көркемдік дамуын тежейді.

Пайдаланылған әдібиеттер тізімі:

- 1 Мұқашев М., Сейтімов А., Хамзин Н. Бейнелеу өнерінің оқыту әдістемесі. Фолиант баспасы, Астана, 2008.
- 2 Ералин Қ., Турикпенова С. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Арқалық, 2008.
- 3 Уәлиев Б., Иманбекова Қ. Сурет. Фолиант баспасы. Астана, 2010.
- 4 Щипанов А.С. «Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге». Алматы, «Мектеп», 1989ж.
- 5 Әлемдік өнертану. Үш томдық 2- Бейнелеу өнері – Алматы: өлке, 2008.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ КҮЙ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ

Жунусов Саят Саруарович

Музыка пәні мұғалімі

*Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі КММ,
Арқалық қаласы*

Аннотация. В статье рассказывается о занятиях музыкой, о видах работ, проводимых для приобщения учащихся к искусству кюя и понимания красоты природы музыки, а также озвучиваются задачи работы с учащимися

Ключевые слова. Природа музыки, работа с учащимися, одаренный ученик, кюй төкпе, шертпе кюй.

Annotation. The article tells about music lessons, about the types of work carried out to introduce students to the art of kuy and understanding the beauty of the nature of music also the tasks of working with students are voiced.

Key words. Nature of music, work with a teacher, diffed student, tokpe kuy, click kuy.

Музыка табиғат сұлулығын, адамның жан тебіренісін сыртқы сұлулық пен ішкі жарасымдылықты асқан сезіммен суреттеп бере алатын құдіреті бар күрделі өнер. Ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды дәріптеуге үйрету арқылы қазіргі жас бүлдіршіндерге халықтық асыл қасиеттерді сіңіру – кезек күттірмейтін іс. Шәкірт бойына халқымыздың сан ғасырлар бойы жасалып

келген сарқылмас асыл мұрасын ұғындыруды әр сабақ сайын, сыныптан тыс шаралар кезінде де үздіксіз жүзеге асыру керек.

Бұл орайда балалар мен жасөспірімдер арасындағы музыкалық-эстетикалық тәрбие жұмысын жетілдіру шараларын қолдану мәселесіне аса зор көңіл бөлінуде.

Мектеп қабырғасында сабақтан тыс жүргізілетін әр түрлі көркем өнер үйірмелері арқылы оқушылар заман талабына сай музыкалық-эстетикалық тәрбиенің негізгі мақсаты дарынды оқушыларды қалыптастыру, олардың өнерге деген сезімін ояту, қазақтың күйшілік өнерін тыңдай білуге дағдыландырып үйрету негізінен музыка сабығында мектептегі үйірме жұмыстарында іске асырылады. Оқушының музыкалық білімі мен ой-өрісін жан-жақты кеңейте түсу үшін оларды телехабардағы концерттерді көруге, радиодан берілетін ұнтаспалардан жазылып алынған туындыларды тыңдауға және сол шығармаларды өз беттерінше талдап үйренуге қызықтырып отырған жөн.

Мұғалімнің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудегі тәрбиелік және білім берушілік міндеттері:

- халқымыздың музыкалық және поэтикалық шығармашылығына балалардың сүйіспеншілігін оятып, оны құрметтеуге тәрбиелеу және өз халқының әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрлері жөнінде түсініктерін қалыптастыру.

- балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген сезімін дамыту, оларды халқымыздың музыкалық-поэтикалық және аспаптық шығармашылығынан эстетикалық ләззат, әсер алуға тәрбиелеу.

- музыканың өмірмен байланыстылығын түсіндіре отырып, халық шығармашылығының көне заман мен осы заманғы сабақтастық дәстүріне балалардың назарын аудару.

- оқушының музыкалық қабілетінің дамуына себепші болу, ырғақты сезіну, есті білу және есте сақтау қасиетін тәрбиелеу, музыканы тыңдау және ән айту барысында музыкалық сауаттылық элементтерінен білім беру.

- оқушы бойындағы суырыпсалмалық қабілеті халықтың поэтикалық өнерінің үлгісінде одан әрі дамыту.

- оқушыларды қазақтың ақындық, жыршылық, айтыстық және аспаптық өнеріне тарту, олардың мазмұнды да көлемді шығармаларға қызығушылығын арттыру [1,216].

Тікелей орындау немесе ұнтаспаға жазылған шығармаларды тыңдау арқылы әңгіме өткізу балаларға үлкен әсер қалдырады. Оқушылардың әңгімеге белсене араласуы әр баланың өзіндік ой-түйіндеріне, музыкалық шығарманы түсініп қабылдай білуге баулып оның эстетикалық талғамын айқындай түседі.

Мұғалім күй туралы әңгіме өткізе отырып, оқушылардың жауаптарына, ойларына қарай түрлі сұрақтар қою арқылы пікірталас тудырып отыру қажет. Мұғалім тек белгілі бір күй туралы айтып қоймай, соған байланысты ақын-жазушылардың кітаптарынан күй туралы жазылған көркем әдебиеттерден үзінділер оқып көрсетуі қажет.

Сабақ барысында ән-күйді үйретіп, тыңдатып қана қоймай, оларды әсемдікке, сұлулыққа, құштарлыққа, адамгершілікке, патриоттық сезімге тәрбиелейді. Оқушыларға күйді үйретер кезінде күй халықтың тұрмысын, сезімін жырлайтын аспаптық шығарма деп қана қоймай, оның шығу тарихына байланысты белгілі аңыз-әңгімені әсерлі түрде айтып беру оқушылардың эмоциялық сезіміне ерекше әсер етеді. Күйді талдау, сұрау кезінде балаларға қойылатын сұрақтар оның қысқа, түсінікті санаға қонымды жан-жақты бала сезіміне әсер ететіндей болу қажет. Мысалы:

1. Сипаты қандай?
2. Қандай күйге жатады? (төкпе не шерпе)
3. Осы күй арқылы бізге композитор қандай ойды білдіреді?
4. Қандай әсер алдыңдар?

Осындай сұрақтар қою арқылы баланы ойлануға, толық жауап беруге, тыңдай білуге үйретері сөзсіз. Оқушылардың алған білімдері тиянақты болуы үшін және олардың музыка сабағына деген қызығушылығын арттыру үшін көрнекі құралдардың, суреттер мен ұнтаспалар, ребустар мен кроссвордтар жазылған кестелер, дыбысты аспаптардың маңызы зор. Оқушыларға Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдатқанда Сарыарқа тек күй формасының шегінде қалып қоймайтын шығарма. Ол жай кең жазық даланың суреті емес. Сарыарқа еркіндік іздеген қазақ халқының жан-дүниесі тұлғасы сол халықтың аузынан шыққан жеңіс жыры. Сарыарқаның алай-дүлей ат шабысы жорықты суреттейтін ырғағы мен екпіні шын мәнісінде жалпы халықтың ат қойған жорығы еркіндік үшін аттанысы. Балалар күйден алған әсерлерін ортаға салады. Бірінші рет домбырада орындаудың әдістері жөнінде түсінік алады.

Құрманғазы –төкпе әдіспен орындаудың шебер күйшісі. Мұғалім төкпе тартыста күй - қолдардың буынымен ойналатынын түсіндіреді. Перне басатын екінші қол пернені басады. Сондықтан домбыра дауысы төгіліп шығады. Мұғалім ұнтаспадан күй тыңдатып оған қоса домбыра аспабында өзі көрсете білсе балаларға түсінікті де айқын болады. Оқушылар күйдің неге төкпе деп аталатынын өздері түсінеді. Осы жолмен балалар күйді орындаудың келесі бір әдісі шертпе күйлермен танысады. Шертпе әдіспен орындайтын күй мектебінің негізін қалаған қазақтың ұлы күйшісі – Тәттімбет болып табылады. Мұғалім шертпе әдісті өзі көрсетіп берсе оқушылардың екі күй әдісін олардың айырмашылығын білуіне жағдай жасайды [2,54 б.]. Екі түрлі әдістің өзара ерекшеліктерін байқайды. Шертпе күйлер көбінесе асықпай баяу, баппен орындауды домбыраның қос ішегін алма-кезек даралап шертуді пернедегі вибрациялық толқынды қажет етеді. Тек осы айтылған тәсілде ғана ұғымға жеңіл, жүрекке жылы, көңілге қонымды болып шығады. Мұғалімнің оқушыларға күйді тыңдату жұмысы салыстырмалы әдіс бойынша жүргізілуі керек. Оқушылар тыңдаған күйдің айырмашылығын, ұқсастығын, орындау ерекшеліктерін айыра білу қажет.

Тағы да күйлердің орындау әдісіне келер болсақ, төкпе күй өзінің құрылымдық ерекшелігіне байланысты бас, негізгі, орта буындармен, кіші және үлкен саға деп аталатын бірнеше бөлімдерден тұрады. Осыған орай

домбыра мойны да сондай бөліктерге бөлінеді. Бас буында күйдің кіріспесі мен ырғақтың жобасы, ал негізгі буында тақырып пен ырғақтың негіздері беріліп, орта буында одан әрі жалғасады. Кіші сағада аз даму сатысының шарықтау биігіне көтеріледі. Бұл дәстүрде қағыс негізінен сұқ саусақпен бармақ арқылы орындаушылығымен, күйдің бітім-болмысына, оның әр түрлі орындаушылық мектептеріне байланысты қолдың басқа саусақтарын пайдаланады. Қағыс кезінде қолдың білек буыны бүгіліп, немесе жазылып қағыс шеңбері де өзгеріп тұрады. Күй орындалу барысында дыбыс бояуы мен күшін өзгерту үшін оң қолымен ішекті домбыра бетінің әр тұсынан қағу тәсілі де кезігеді. Оң қол шынтағын тиектің артқы тұсынан қақпаққа тіреу немесе көтеру әдістері дыбыс күшін азайту немесе көбейту үшін қолданылады. Бұл дәстүрдегі перне басу кезіндегі негізгі заңдылықтарды әрдайым есте ұстаған жөн. Күйдің дәстүрлі мектептеріне, орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты оң қолдың сұқ саусағымен қатар саусақтар басын біріктіріп қағу, немесе осы саусақтарды бірінен кейін бірін тізбектеп шерте қағу әдістері жиі кездеседі. Жоғарғы қағыс арақидік бас бармақпен де қағылады. Шертпе күйде сол қол саусақтарын пайдалану әдістері, көбінесе төкпе дәстүрдегідей болғанымен оның айтарлықтай өзгешеліктері де бар. Олар негізінен мыналар:

а) бұл дәстүрде 1-2-3 – саусақтар жиі қолданылады.

ә) 3-4 – саусақтармен ішектегі бір мезгілде қатар басу көп кездеседі.

б) бас бармақпен сирек пайдаланылады. Күйлердің орындаушылық ерекшеліктерін олардың екі үлкен мектепке бөлініп, шертпе күйлер, төкпе күйлер болып дараланылатынын сөз еткенде екі мектептің басында тұрған ұлы күйшілерді атамай болмайды. Олар XIX ғасырда өмір сүріп артына өшпес мұра қалдырып кеткен халық композиторлары Құрманғазы мен Тәттімбет. Бірі төкпе күйдің, бірі шертпе күйдің алғашқы негізін қалап қалыптастырып кеткен тұлғалар [3,42 б.].

Тәттімбет күйлері – шертпе күй үйренудің өз алдына бөлек мектебі болып табылады. Оның күйлері өз нақышында шертіп тыңдаушысын баули алған домбырашы қазақтың шертпе күйлерінің қандай да болсын түр-нұсқаларын орындай алатын шеберлікке қол жеткізеді. Шертпе күйлер домбыраның екі ішегін әр түрлі қағыстырмен қуа тартуды көтермейді. Тәттімбет күйлері көбінесе жеке ішекте шерту тәсілімен орындалады. Оның күйлері домбырада оң бұрауда да теріс бұрауда да кездесіп отырады. Мысалы, «Саржайлау», «Сылқылдақ», «Көкейкесті», «Қосбасар» күйлері оң бұрауда шертілсе, «Азамат», «Алшағыр», «Бестөре» күйлері теріс бұрауда орындалады. Бұл екі бұрау да шерту тәсілін қолданбаса күйдің мән-мазмұны ашылмайды. [4,28 б.].

Оқу-тәрбие негіздерінің бірі - ғасырлар бойына ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халқымыздың рухани мұрасының бірі – аспаптық музыка күй өнері. Қазақтың қанымен бірге пайда болып, өмірінің ажырамас бөлігіне айналған күй өнері бүгінгі бала тәрбиесінде негізгі құрал болып отыр. Күйді тілсіз әңгіме деп бекер айтпаған. Балалар күйді тыңдай отырып екі ішекті домбыраның адам тілімен сөйлесе алатынына көздері жетеді. Күй тек

композитор ойын ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар оны бейнелі түрде жеткізе де біледі. Мысалы, күйде ат тұяғының шабысы, жорғаның сұлу аяқ алысы, желісі, үстіндегі ер тоқым мен шашбауларының сылдыр-сыңғыры, кісінеген дауысы әуенмен шебер бейнеленеді. Осының бәрі оқушылардың ой-қиялын ұштап, ынтасын оятады. Олардың алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыра түсуіне қолайлы жағдай жасайды. Күй тыңдау барысында балаларға түрлі қимылдар жасатып, түрлі ойын элементтерін енгізуге де болады. Сонымен қатар күйдің тақырыбына сәйкес сөз буындарын ойластырып, оны дауыстап айтқызу, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының шығарманы толық және әсерлі қабылдауына көп септігін тигізеді. Әдетте халық күйлері ұзақ орындалады. Сондықтан да оның әрбір көрінісіне балалармен бірге ойласа отырып кішкене шағын тақырыпшалар ойлап табу, күйлердің балалар жадында ұзақ сақталуына, ұмытылмауына өте ыңғайлы болады.

Бүгінде қазақ мектептерінде қанатын кең жайып, жаңа бағдарламамен, оның әдебиеттерімен, көрнекі құралдарымен толықтырыла бастаған музыка сабағы осындай қасиеттердің қалыптасуына әсерін тигізеді. Қазақтың күй өнері оркестрмен де эстрадалық ансамбльдермен де қосылып орындалып, дүние жүзіне танылуда қазақтың дәстүрлі күй өнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мәңгі жасай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құлманова Ш., Оразалиева М., Сүлейменова Б. Музыка оқыту әдістемесі Алматы 1998.
2. Жайымов А., Бүркітов С, Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. Алматы 1992.
3. Құрманғазы. Жинақ. Алматы 1998.
4. Сейдімбеков А. «Қазақтың күй өнері» Астана 2002.

ARDUINO ПЛАТФОРМАСЫН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ

Илубаев Медет Асхатович

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В статье рассматриваются особенности Arduino. Дана краткая характеристика робототехнической платформы Arduino. Предложена модель использования данной платформы в элективных курсах с обучающимися в основной школе.

Ключевые слова: ардуино, робототехника, робототехника в образовании.

Annotation: The article discusses the features of Arduino. A brief description of the Arduino robotics platform is given. A model of using this platform in elective courses with students in primary school is proposed.

Keywords: arduino, robotics, robotics in education.

Қазіргі әлемде адам қызметінің әртүрлі салаларында роботтарды (микроконтроллер негізіндегі құрылғылар) қолдану аясы өте кең. Роботтар қазіргі қоғамда өз орнын тапты. Бейімделгіш технологиялар мен өндірісті автоматтандыруды жаппай ендірумен бейнелетін қазіргі заманғы өнеркәсіптік революция болды. Көптеген кәсіпорындар автоматтандырылып, өндіріс орындарының көптеген жұмыстарын роботтар арқылы ұйымдастырады.

Жаңа білім беру стандарттарының енгізілуімен информатика мектептегі білім берудің пәнаралық буынына айналуға. 80 жылдардың ортасында шыққан бағдарламаланатын калькуляторлардан бастап информатика курсы студенттерді ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындаудың заманауи бағдарламасына өзгерді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа техникалық жетілдірілген құрылғылардың пайда болуымен ғана емес, робототехниканың дамуымен де байланысты. Робототехника негіздері оқу бағдарламасының әлі де міндетті құрамдас бөлігі болып табылмайды, сондықтан бұл курсқа факультатив (элективті курстар) шеңберінде оқытуда оқыту мүмкін болады.

Arduino – стандартты дербес компьютерлерге қарағанда қоршаған физикалық ортамен тығыз қарым-қатынас жасайтын, электронды құрылғыларды жобалау құралы. Бұл платформа «physical computing» ашық бағдарламалық жасақтамаға арналған, қазіргі заманғы бағдарламалау ортасы бар қарапайым платаға негізделген. Arduino температура, қысым, ылғалдылық, жарық датчиктерінен, қашықтықты өлшеу, компас, GPS және ГЛОНАС навигаторларынан сигналдарды қабылдау мүмкіндігі бар электронды құрылғыларды жасау үшін қолданылады, сонымен қатар платформаға қосылуға болатын сымсыз желілердің барлық түрлері, сондай-ақ сұйық кристалды дисплейді, серво-электр қозғалтқыштарын, қадамдық қозғалтқыштарды басқаруға болады [1].

Білім беру мекемелері үшін осы платформаны қолдану тәжірибеде бағдарламалау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ схемотехника негіздерін игеруге мүмкіндік береді. Робототехниканы зерттеу коммуникативті дағдыларды, шығармашылық ойлауды, стандартты емес шешімдер қабылдауды дамытады, өйткені роботтарды құрастырып, жинау топтық жұмыс.

Робототехниканың мүмкіндіктерін оқу пәні ретінде талдай отырып, басқа пәндер аясында дамыту қиын болатын кейбір құзыреттерді атап өтеміз:

Әр түрлі ғылыми, өндірістік және технологиялық мәселелерді шешуге бейімделу қабілеті.

Бағдарламалық-аппараттық кешендер мен жүйелерді жобалау кезінде заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мүмкіндігі.

Математика, информатика және физика ғылымдарының (қиылысында) жігінде ойлау қабілеті.

Arduino бағдарламалық-аппараттық платформасы келесі дидактикалық мүмкіндіктері ие:

Макеттік тақтада әр түрлі сұлбалар құрау.

Түрлі механизмдер құрастырып оны бағдарламалау.

Arduino микроконтроллерлерін байланыстыру арқылы автоматтандыру жүйелерін құрау.

Arduino IDE ортасы немесе C++ бағдарламалау тілін қолдана отырып бағдарламалау.

Arduino-ның платформасының артықшылықтары:

Ашықтық және басқа платформалармен үйлесімділік;

Қолданудың жан-жақтылығы (жарықдиодты басқару жобаларынан бастап интернет көмегімен механизмдер мен датчиктерді басқаруға дейін)

Төмен баға.

Платформаның кемшіліктері:

Жоғары сынғыштық (қате қосылыстардан қорғанысы төмен ашық плата);

Параллельді процестерге қолданылмайды [2].

Оқыту процесінде бұл платформаны микроконтроллер бағдарламалау туралы көбірек білуге пайдалануға болады. Бұл платформаның мүмкіндіктері микроконтроллердің әр түрлі порттары арқылы басқару негіздерін білуге, жарық диодтарын басқаруға, қозғалтқышты басқаруды бағдарламалауға, әртүрлі датчиктерден деректерді өңдеуге мүмкіндік береді.

Робототехниканы оқыту саласында құзыреттілігі бар информатика мұғалімдері оқушыларды қызықтыруы, болашақта мамандық таңдауға әсер етуі мүмкін [3].

Бағдарламаланатын микроконтроллерлердің мүмкіндіктерін зерттей отырып, Lego - ны мектептерде және жоғары оқу орнының 1-2 курстарында робототехника негіздері пәні бойынша, ал Arduino платформасын жоғары оқу орындарында студенттер компьютерлік архитектураны (процессордың жұмыс принциптерін түсіну нәтижесінде) бағдарламалау тілдерін терең білетін кезде қолданған жөн деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Что такое Arduino. [Электронный ресурс]. <http://advocat-volodarsky.kiev.ua/chto-takoe-arduino.html> / (дата обращения 20.11.14)
2. 1. Бусова, С.Ю. Особенности внедрения образовательной робототехники в образовательном учреждении (из опыта работы МОУ СОШ № 54 г. Волгограда) / С.Ю. Бусова // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы IV междунар. науч. конф., Уфа, 20-23 ноября 2013 г. – Уфа: Молодой ученый, 2013. – С. 218–220.
3. 2. Вагнер, К.А. Внедрение основ робототехники в современной школе / К.А. Вагнер // Вестник Новгородского государственного университета им. Ярослава Мудрого. – 2013. – № 74-2. – С. 17–19.

ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Кауметова Динара Романовна

Абдрахманова Роза Султангалиевна

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: Вопрос патриотизма требует актуального и дальнейшего изучения. Сегодняшние радикальные изменения в стране, новые парадигмы требуют противоречий в поисках инноваций, а также способы преодоления роли воспитания молодого поколения. Широкая казахская степь очень богата народным наследием песни, которая порождает у студентов мировоззрение, чувство патриотизма, воспитывает нравственность, братство, дружбу и приобщает к подвигу.

Ключевые слова: Родина, патриотизм, музыка.

Annotation:: The issue of patriotism requires topical and further study. Today's radical changes in the country, new paradigms require contradictions in the search for innovation, as well as ways to overcome the role of educating the younger generation. The wide Kazakh steppe is very rich in the folk heritage of the song, which gives rise to a worldview among students, a sense of patriotism, educates morality, brotherhood, friendship and introduces to the feat.

Keywords: Homeland, patriotism, music.

Бүгінгі жаһандану заманында Қазақстан жастарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеу Елбасымыздың жолдауындағы дамыған отыз елдің қатарына кіру туралы мақсат-арманнан және еліміздің елдігін сақтап қалу қажеттілігінен туындап отыр. Қазіргі таңда біз өмір сүріп жатқан қоғамда адамгершілік бастамасының рөлі күннен-күнге артып жатыр, әрбір адамның адамгершілік бейнесіне, мінез-құлқына қойылатын талап та күшейе түсуде.

Еліміздегі бүгінгі түбегейлі өзгерістер, жаңа парадигмалар мектептер мен жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерістерін қайта қарауда инновациялық жолды іздестірудегі туындайтын қайшылықтарды, сондай-ақ оны жеңу жолдарын табу жас ұрпақты тәрбиелеудегі тәрбиенің рөлін көтеруді талап етеді.

Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге құрмет тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игіліктердің бірі болып табылады. Ол адамның Отан игілігі үшін қызмет етуінен көрінетіні күмән тудырмайды.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу, отансүйгіштік мәселелері қай уақытта болмасын өз мәнін жойған емес. Мемлекет ісіне берілгендік, Отанға деген сүйіспеншілік, ел игілігі үшін адал еңбек ету, студент жастардың адамгершілік тұрғыда даму үдерісінің негізгі бір саласы – отансүйгіштік тәрбиенің жүзеге асырылуының басты бағытын айқындауға ықпал етеді. Адамгершілік тәрбиесі барлық тәрбие үдерісінің негізі болып саналады. Ол халықтың сана-сезімінде және олар жасаған істерде көрініс алады. Жалпы адамдарды белсенді еңбек пен қоғамдық іс-шараларға баулитын адамгершілік сезімдерінің маңыздысы отансүйгіштік сезімі екені анық.

Қазақ совет энциклопедиясында «патриотизм – дегеніміз (грек сөзі patriotis – отандас, patrio-отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту секілді патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды» - деп анықтама берілген[1].

Этикалық сөздікте «патриотизм – адамдардың өзінің еліне көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принципі, белгілі бір әрекеттерде және қоғамдық сезімдердің күрделі жинағында, әдетте Отанға деген сүйіспеншіліктен байқалады» [2], - деп түсіндіріледі. Бұл жерде патриотизмнің қоғамдық-адамгершілік саласының жетекші рөлі, оның әлеуметтік мәні көрсетілгенін байқаймыз. Принцип адамдардың қоғамдағы мінез-құлық ережесі секілді. Себебі оны осы қоғам мүшелерінің білуін және орындауын болжайды, сол себепті де анықтамада принцип адамдардың өзінің еліне деген көзқарасымен сипатталатыны мәлім. Анықтамадан байқағанымыздай, көзқарас адамдардың іс-әрекеттері мен сезімдерінің жиынтығы арқылы, соның ішінде, Отанға деген сүйіспеншілік арқылы байқалады.

Отан! Отан деген не? Отан деген жай дерексіз дүние емес. Оның мағынасы өте тереңде жатыр, ол ешқандай дүниеге алмастырғысыз, сол үшін жаныңды қиятын, өзіңнің кіндік қаның тамған, туып-өскен жерің. Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Адамдардың бақытты өмір сүруі Отанға деген сүйіспеншіліктен, әрбір тасы үшін мойныға алған жауапкершіліктен басталады.

Қазақ Совет энциклопедиясында «Отан дегеніміз – туып-өскен жері, атамекені, ел жұрты, табиғи байлықтары, халқы, қоғамдық және мемлекеттік құрылысы, тіл, мәдениет, тұрмыс-салт және әдеп-ғұрып ерекшеліктері бар белгілі бір халықтың тарихи тұрағына айналған территориясы» [3], - деп берілген.

Академик М.Қозыбаев: «Отан – қазақта отбасынан шығады. Ол сенің үйің, ордаң, туған жерің, елің, халқың. Шын мәнінде Отан ананың құрсағында, нәрестені салған бесігінен басталса керек» [4], - деп атап өтті.

Қазіргі кезеңде отансүйгіштік ұғымы көпмағыналылық пен көпұғымдылықпен түсіндіріледі. Бұл ұғымның мазмұны Е.Е.Кравцова еңбегінде ақылға қонымды, тілге жеңіл етіп түсіндірілген. «Отансүйгіштік – өз Отанын, туған елін, ана тілін, мәдениеті мен ата-дәстүрін сүю, өз елінің жеткен жетістігіне қуану, халқы мен мемлекетінің ілгерілеп дамуын мақтанышпен қабылдау. Отансүйгіштік – өз Отанына шексіз шынайы берілгендік және оның тәуелсіздігін әрқашанда қорғауға дайын болу» [5].

Отаншылдық дегеніміз – өз Отанын, халқын, жерін шексіз сүю, бар күш-жігерін Отан мүддесі үшін арнайтын терең махаббат сезімі. Отансүйгіш азамат – өз елінің мүдделері мен тарихи тағдырына қамқор, ол үшін құрбан болуға әзір, өз елінің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, тілін-дінін құрметтейтін, өзінің туған жерін бар ықыласымен жақсы көретін адам.

Отансүйгіштік сезімнің объектісі – Отан десек, оның мазмұны, әрине, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, туған өлкедегі тамаша киелі орындар, тарихи ескерткіштер болып табылады. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де

ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отансүйгіштікке тәрбиелеудің арқауы екенін әсте естен шығармаған абзал. Қасиетті сезім ана сүтімен бірге келмейтіні анық, ол баланың бойында біртіндеп, ұзақ уақыт бойы қалыптасатын құдіретті сезім. Отансүйгіштік сезім тәрбие арқылы өсіп жетіліп, отансүйгіштік сана түрінде қалыптасады.

«Отансүйгіштік» сөзін жоғарыда келтірілген ұғымдардан кеңірек ұғым деп есептеп, мынадай анықтама беруге тырыстық: «Отансүйгіштік» сезімі дегеніміз – ең алдымен, адамның өз отбасына, ата-анасына, бауырларына, дос-жарандарына, табиғатқа, тіл мен дініне, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілік, соларды қорғауда, қолдауда үлкен жауапкершілік таныту.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс» [6], - дейді, яғни әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, салтын сақтап, сол рухта тәрбиелеуге баса назар аудару қажеттігін атап өткен. Сондықтан да біз жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде халқымыздың салт-дәстүрін, ерлік үлгілерімен сабақтастыра отырып, қазақтың ән өнері арқылы жүргізуді орынды деп есептейміз. Бұдан шығатын қорытынды, қазақтың ән өнері үлгілерінің кез келген жанрын студенттердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану студенттердің дүниетанымын қалыптастырудың, оларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы болып табылады.

Отансүйгіштік әр адамның өзінен басталады, яғни Отанға деген махаббат –оның отбасына, қоршаған ортаға, өзінің қызметіне, елі мен жеріне, табиғатына деген махаббат.

Қ.Ә.Сыздықов өзінің «Мақал-мәтелдер арқылы бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары» атты диссертациялық еңбегінде қазақстандық отансүйгіштік туралы ойларын былайша түйіндейді:

- қазақ ұлтын, ана тілін, туған жерін жанындай сүйу;
- еліміздің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосу;
- ұлтаралық ынтымақтастықты сақтау, бауырмалдылығы жоғары болу;
- отандық өнімдерді, ұлттық тағамдарды әрқашан тұтыну;
- халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын берік ұстану;
- тарихи жәдігерлерді қастерлеу және насихаттау;
- отансүйгіштікке бағытталған әндерді үнемі тыңдау;
- мемлекеттік рәміздерді қастерлеу және қорғау;
- отаншылдық ой-санасы жетілген, ар-намысы жоғары болу;
- халық даналықтарынан тағлым алу, батырларымыздың қаһармандық ерліктерін өнеге тұту[7].

Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаздың қолында екені даусыз. Демек, ұстаздың ұлы мақсаты – ақыл-ойы жетілген, сана-сезімі жоғары, толыққанды азамат тәрбиелеу. Толыққанды азамат қалыптастыру үшін ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, отансүйгіштік тәрбиесі берілуі тиіс. «Ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайды» - деген қағиданы өн бойымызға берік сіндіріп, бүгінгі өмірге орнықтыруды қазақтың халық әндері арқылы жүзеге асыруымыз қажет. Себебі Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерінің қайнар

көздері қазақтың халық әндерінде жатыр. Студентті отансүйгіштікке тәрбиелеуде адамдық және ұлттық құндылықтарды кеңінен пайдалану бүгінгі заман талабына сай келуі тиіс. Сол үшін әрбір студентті өз Отанын, яғни атамекенін, табиғатын, халқын, мәдениетін, салт-дәстүрін сүйіп, қастерлейтін етіп тәрбиелеуіміз керек.

Жас ұрпақты отаншыл, ұлтжанды азамат етіп қалыптастыру бағытында аса көрнекті ақын, қазақ әдебиетінің жарқын өкілі М.Жұмабаев: «...әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [8], - деп ұлттық тәрбиеге аса мән берген.

Ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбиенің негізгі қасиеттеріне отансүйгіштік, гуманизм, адалдық, еңбек сүйгіштік, қарапайымдылық, әділеттілікті жатқызды. «Патриотизм және гуманизм – адамгершілігі мол адамның маңызды белгілері» [9], - деп атап өткен. Сонымен қатар ол әділетсіздікке, заңсыздыққа қарсы болып, халықтың сауатын ашып, өркениетті елдер деңгейінде көруді армандады. Жастардың Отанға, елге, жерге, әдет-ғұрыпқа деген сүйіспеншілігін, отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға талпынды.

Жоғарыда көрсетілген қазақ зиялыларының ілімдеріне сай отансүйгіштік сезім дегеніміз – Отанын, өз елін сүю, Отан үшін күресу, еңбек ету.

Отансүйгіштік тәрбие мәселесі өзекті және әрі қарай зерттеуді талап етеді, себебі қазіргі таңда жас ұрпақтың, оның ішінде студенттердің нағыз отансүйгіштік қасиеттері мен сезімдерін дамыту міндеті өте маңызды рөлге ие болып отыр десек қателеспейміз.

Бүгінгі аса жылдамдықтағы даму мен өркендеу заманында студенттерге рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесін қоғамның сезіне білуі және өз бетінше өмір сүруге дайындауды ұғынуы тәрбиені ұйымдастырудың жаңа жолдарын табуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бүгінгі жаһандану кезеңіндегі тәрбие мәселесі бәсекеге қабілетті, рухани дамыған жеке тұлға тәрбиелеуде қоғамның талаптарын қанағаттандыру мәселесі құбылмалы жағдайда тез шешім қабылдай білетін, өз білімін, біліктілігін дұрыс жүзеге асыра алатын, кез-келген жағдайда іс-әрекетке дайын шығармашыл тұлғаны дамытуға бағытталған.

Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, өмірге деген көзқарасын және оған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыру. Соның ішінде отансүйгіштік тәрбиенің тірегі отаншылдық болып табылады. Отансүйгіштік тәрбие деген кең мағыналы, қасиетті ұғым. Халқымыз «Отан от басынан басталады», - деп айтады. Әрбір адамның отбасы, туған жері, өскен ортасы, ауылы, елі - оның Отаны.

Өмірге келген адамдардың бәрінде рефлексі түрде отансүйгіштік сезімі туа қалмайды. Патриотизм, отаншылдық сезімі ананың құрсағында жатқанда балаға берілетін биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс.

Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір-қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындық меһнаттарын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезіне білгенде, елдің басын біріктірген, жат жұрттықтардан жерін, суын, даласын, тауын, қанын төгіп қайсарлықпен қорғап қалған ерліктерін сезіп білгенде ғана соған деген мақтаныш сезімі оянады. Адам бүгінгі өзі басып жүрген топырағының, суының қадір-қасиетін жете сезініп, өз еліне деген мақтаныш сезімі күшейе бастайды.

Отанымыздың бүтіндігін сақтау, елдігімізді сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы күрес, мемлекетімізге қауіп төндіретін әр алуан сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі студенттерді отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Осыған орай, отансүйгіштік тәрбие мәселесі адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, студенттердің бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін дамытуда халқымыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен ғибратқа толы халықтық әндердің алатын орны ерекше. Біз бүгінгі өскелең ұрпаққа өз ата-бабаларымыздан қалған мол мұраны танытуымыз қажет.

Студенттерді отансүйгіштік сезімде тәрбиелеудің жолдары өте көп. Солардың негізгілерінің бірі – қазақтың халық ән өнері. Кең қазақ даласы студенттердің дүниеге көзқарасын, ой-өрісін, отансүйгіштік сезімін оятып қалыптастыратын, адамгершілікке, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиелейтін және ерлікке баулитын халық ән мұрасына өте бай десек қате айтқандық емес.

Туған жерге деген ыстық сезім, Отанға деген ерекше құрмет пен қадір-қасиетті дала ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашғари және т.б. айтып өткен.

Баяғы заманнан бізге мұра болып жеткен «Қорқыт ата кітабында» тағылымдық мәні зор қанатты сөздер көп кездеседі. Мысалы, «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қолына ұстаған болат қылыштың мұқалмасын. Жауға атқан садағың өткір болсын. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырмалып тұмағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді» [10], - деп Қорқыт ата жас ұрпақтың жаны мен қоса тәнінің шынығуына, елі мен жерін жан тәнімен сүйіп, қасықтай қаны қалғанша жаудан қорғайтын жаужүрек батыр болғанын аңсаған.

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ, гуманист А.Құнанбаев еңбектерін зерделеп қарасақ, жастарды ерлікке, отансүйгіштікке баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятатын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген сөзі барша қауымды жауласу, кектесу секілді жаман қасиеттерді білмей, тату-тәтті өмір сүруге шақырады. А.Құнанбаев өз қызметін Отан мен халық алдындағы қасиетті борышым деп білді. Оның шығармалары ел тағдырына деген, оның

халқының болашағына деген қамқорлықтан туындаған. Оның отансүйгіштігі туған жерге, табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінездің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапқаны анық.

Қорыта келе, қарастырған «патриотизм», «Отан», «отансүйгіштік», «тәрбие», «қазақстандық отансүйгіштік» тәрбиелері қазіргі студенттердің отансүйгіштік тәрбиесінің маңыздылығын анықтауға зор мүмкіндік беретін қосынды болып табылады.

Отансүйгіштік тәрбие барысында студенттердің бойында Отанға деген сүйіспеншілік, азат өмір сүріп жатқан елдерге бауырмалдық, халық тағдыры үшін жауапкершілік, экономикалық дамуға үлес қосуға ниеттестік, туған жерін қорғау мақсатындағы әскери әзірлік, Отанын саяси, идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, арам ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік секілді мінез-құлық қалыптасады және дамиды. Сонда дамыған елдер қатарына кіруіміздің басты тірегі – отансүйгіштік тәрбие деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдібиеттер тізімі:

1. Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1973.
2. Словарь по этике / под. Ред. И.С.Кона.Москва, 1983.
3. Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1972.
4. Қозыбаев М. Тәуелсіздік даңғылы // Ақиқат.2001.
5. Кравцова Е.Е. Педагогика и психология: учеб. пособие для студентов несихол. фак., отд-ний и вузов / Е.Е. Кравцова. – Москва,2009.
6. Ушинский К.Д. Педагогические сочинение в 6-ти т.Москва,1988.
7. Сыздықов Қ.Ә. Мақал-мәтелдер арқылы бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары.Атырау, 2010
8. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1998.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1995.
10. Қорқыт ата кітабы. Түрік тілінен аударған Б.Ысқақов. Алматы, 1994.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЕҢБЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Қожахмет Манат Сейдалықызы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В статье приведены методы использования трудов И. Алтынсарина на уроках физики. Показано значение трудов поэта в воспитании подрастающего поколения. В произведении Ы. Алтынсарина рассмотрены стихотворения, иллюстрирующие явления природы.

Ключевые слова: природа, явление, закон, творчество

Annotation: The article presents methods of applying the works of I. Altynsarin in physics lessons. The importance of the poet's works in the education of the younger generation is shown. In the works of I. Altynsarin, poems describing natural phenomena are considered.

Key words: nature, phenomenon, law, creativity.

Физика сабағында көркем әдебиеттен үзінділер келтіріп, оны сабақ барысында қолдану шығармашылық ойлауды физикалық ойлаумен ұштастырады. Оқушыларды физика пәніне қызықтырады, білім алуға ынталандырады, оқылған материалдан ой қорытуға итермелейді, ойлауға мәжбүр етеді, зерттелетін мәселелерді тез түсінуге, білімді мұқият игеруге ықпал етеді. Сондай-ақ әдеби шығармадан жақсы тандалған үзінді зерттелетін материалды меңгеруге себін тигізеді, тақырыпты жақсы түсінуге, физикалық құбылыстың маңызы мен мәнін көруге мүмкіндік береді. Физика - табиғаттағы құбылыстар мен процестерді зерттейтін және түсіндіретін нақты ғылым. Физика мен әдебиет табиғатпен, қоршаған әлеммен байланысты.

Сабақты тартымды, қызықты етіп өткізу – мұғалімнің шеберлігі, білімділігі, таланты. Егер, мұғалім сабақта бір тақырыпты оқытуда оқушыларды ойландыруға, ізденуге, тәжірибе жасап, істеген жұмысын қорытындылай білуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға, ғылыми тілде сөйлей білуге назар аудартса, келесі сабақта берілген ұғым, түсініктердің тұрмыста қолданылуына көңіл бөлгізсе, оқушы сол арқылы танымдық мақсат қоя біледі. Осы орайда физика сабақтарында Ұлы ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын қолданып, пәнаралық байланысты жүзеге асырудың маңызы зор. Сонымен қатар Ы.Алтынсариннің бала тәрбиесіне баса назар аударғандығын және мектеп ашып, бала оқытып, халықтың сауатын ашу үшін орасан зор еңбек жасағандығын атап айту керек, себебі жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу өзекті мәселе екені анық. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға білім беруде шыдамды болу қажеттігіне баса назар аударғандығын өзінің екі кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында анық байқауға болады: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді. Оқушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек» [1].

Ы.Алтынсарин мектептерде ана тілінде таза оқытылуына көңіл қойды және ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Мысалы, 7-сыныптың «Қозғалыстың салыстырмалылығы, Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу» тақырыптарын, «Жер және Ғарыш» тарауын [2]; 8-сыныптың «Жылу құбылыстары» тарауындағы «Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы» тақырыптарын [3], 11-сыныптың «Жарықтың интерференциясы, дифракциясы, дисперсиясы және полярлануы» тақырыптарын өткенде «Өнер білім бар жұрттар» деген өлең шумақтарындағы кездесетін физикалық құбылыстарды түсіндірген дұрыс. Енді өлең шумақтарына тоқталайық.

Өнер білім бар жұрттар,
Тастан сарай сағызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзді ашып – жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.

Бұл жерде ақын өмірде болып жатқан өзгерістерді, олардың тұрмыстағы қолданылуына тоқталған. Ал осы кезде физика мен техниканың арасындағы байланысты қарапайым тілмен баяндап, қарапайым механизмдердің жұмыс жасау принципін түсіндірсе, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артары сөзсіз. Сонымен қатар жылдамдық, орташа жылдамдық ұғымдарын түсіндірген кезде де осы шумақтардан мысал келтіруге болады және сабақты тақырыпқа байланысты есептер шығарып қорытындыласа маңызы арта түседі, сондай-ақ алған білімдерін келешекте пайдалауға болатындығына көздері жетеді.

Есеп. Ат арба жолдың бірінші жартысын 20с уақытта 6 м/с жылдамдықпен жүрсе, ал екінші бөлігінде екі есе тездетіп жүрсе, арбаның орташа жылдамдығы неге тең?

Шешуі:

$$x_1 = 6 \text{ м/с} \cdot 20 \text{ с}$$

$$x_2 = x_1$$

$$t_1 = 20 \text{ с}$$

$$t_2 = 20 / 2 \text{ с}$$

$$g_{opt} = \frac{\sum x}{\sum t} = \frac{x_1 + x_2}{t_1 + t_2}$$

$$g_{opt} = \frac{2(20 \text{ с} \cdot 6 \text{ м/с})}{20 + 20 / 2} = 8 \text{ м/с}$$

Өлең шумақтарын әрі қарай жалғастырайық.

Аяғы жоқ арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды,
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді,
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді [4].

Өлең шумақтарын физикалық тұрғыда түсіндіру кезінде ақынның кең көлемде ойлай білгенін, алдағыны болжай алған ұшқыр ойын анық байқататынын айту парыз. Бұл өлең шумақтарында ғарыш жылдамдығы, энергияның берілуі мен басқа түрге түрленуін маңызын ашып көрсеткен дұрыс. Қазіргі кезде жаңартылған білім бағдарламасында оқушылардың ой-өрісін даңу, білім сапасын арттыру үшін оқушыларды пәнге қызықтыра білу мағалім алдындағы жауапкершілік.

Орта мектептің 7-сыныбындағы «Физика – табиғат туралы ғылым», «Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері» тақырыптарын және 8-сыныптағы «Тірі ағзалардың тіршілігінде жылу құбылыстарының атқаратын ролі» тақырыптарына «Жаз» тақырыбындағы табиғаттың сұлулығы мен сан алуан құбылысты ұштастыруға мүмкіндік мол.

Өлең шумағынан үзінді келтіре отырып, бұл жерде айтылатын физикалық құбылыстар мен заңдылықтарға тоқталайық.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Ұшпақтан бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы [4].

Бұл шумақтарда табиғат құбылыстары сипатталады. Көктем мезгілінде қардың еруі, жауын-шашынның болуы, сондай-ақ күн сәулесінің табиғаттағы тірі ағзаларға тигізетін әсерін әсем сипаттаған.

Қорыта айтқанда Ыбырай Алтынсариннің қай өлең шумағын алсақ та ақының табиғат құбылыстарын терең түсініп, қарапайым тілмен, жатық баяндағанын көреміз. Өз елінің мақтанышы, ғұлама ағартушы, қазақ даласына мектеп ашып, тұңғыш қоңырау үнін әкелген Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін қазіргі ұрпақтың бойына сіңу үшін физика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып білім берудің тиімділігі мол.

Пайдаланылған әдібиеттер тізімі:

1. Аймағамбетұлы Р. Алтынсарин еңбектерінің рухани құндылықтарды жаңғыртудағы ролі // Алтынсарин оқулары
2. Башарұлы Р., Қазақбаева Д., Токбергенова У. Физика және астрономия: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018
3. Башарұлы Р., Шүйіншина Ш., Сейфоллина К. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018.
4. <https://bilim-all.kz/olen/301-ZHaz>

ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

Мұхтар А.Қ., Таңатова А.Б.

Математика тобының 2-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, магистр Узакова Б.З.

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В этой статье рассматривается геометрический смысл уравнений и неравенств

Ключевые слова: аффинные, декартовы координаты, уравнения, неравенства, полярные оси, луч, радиус

Annotation: This article discusses the geometric meaning of equations and inequalities

Key words: affine, cartesian coordinates, equations, inequalities, polar axes, ray, radius

№1-мысал. Аффиндік координаталар жүйесінде мына теңдеумен $\frac{x}{|x|} + \frac{y}{|y|} = 2$ нүктелердің қандай жиыны берілгенін анықтайық.

Шешуі: Берілген теңдеуді x пен y –тің кез келген оң мәндері қанағаттандырады, өйткені мұндай мәндерде $|x| = x$, $|y| = y$, $x = 0$ немесе, $y = 0$ болғанда теңдеудің мағынасы болмайды.

Егер $x > 0$ және $y > 0$ болса, онда $\frac{x}{|x|} + \frac{y}{|y|} = 2$ яғни бұл мәндері де теңдеуді қанағаттандырмайды.

Егер $x < 0$ және $y < 0$ болса, онда $\frac{x}{|x|} + \frac{y}{|y|} = -2$ яғни x пен y –тің бұл мәндері де теңдеуді қанағаттандырмайды.

Сонымен, берілген теңдеу екі координатасы да оң барлық нүктелердің жиынын, яғни бірінші ширекте жататын барлық нүктелердің жиынын анықтайды.

№2-мысал. Тік бұрышты координаталарда O кесіндісін анықтайтын теңдеуді құрайық, мұнда $O(0;0)$, $P(1;0)$.

Шешуі: Берілген кесіндіні O және P нүктелерінің ара қашықтықтарының қосындысы бірге тең нүктелердің жиыны деп қарастыруға болады, яғни осы кесіндінің кез келген $M(x, y)$ нүктесіне және тек осы кесіндінің нүктелеріне сәйкес $|OM| + |MP| = 1$ қатынас дұрыс. Координаталарға көше отырып мынаны табамыз: $\sqrt{x^2 + y^2} + \sqrt{(1-x)^2 + y^2} = 1$

№3-мысал. Центрі тік бұрышты декарттық координаталар жүйесінің басында жататын, радиусы 1-ге тең дөңгелекті анықтайтын теңдеуді жазайық.

Шешуі: Дөңгелектің нүктелеріне сәйкес $x^2 + y^2 - 1 \leq 0$ теңсіздік орындалады. Бұл теңсіздік орындалғанда: $|x^2 + y^2 - 1| = -(x^2 + y^2 - 1)$ қатынасы дұрыс. Соңғы қатынастан, $x^2 + y^2 - 1 \leq 0$ екендігі шығады.

Сөйтіп, $x^2 + y^2 - 1 \leq 0$ теңсіздігі $|x^2 + y^2 - 1| + x^2 + y^2 - 1 = 0$ теңдеуіне пара-пар, бұл ізделінді теңдеу болып табылады.


№4-мысал. Мына теңсіздіктер жүйесінен: $\begin{cases} x^2 + y^2 \leq 1 \\ y \geq 0,5 \end{cases}$ анықталатын

фигураны (тік бұрышты декарттық координаталар жүйесінде) салайық.

Шешуі: 3-ші мысалда көрсетілгендей, бұл теңсіздіктердің біріншісі, центрі координаталар басында жататын, радиусы 1-ге тең дөңгелекті анықтайды.

Екінші теңсіздік төменгі жағынан $y = 0,5$ түзуімен шектелген жартылай жазықтықты анықтайды.

Берілген теңсіздіктердің жүйесі осы фигуралардың қиылысуын, яғни 1-суретте кескінделген дөңгелек сегментті (өзінің шекарасымен бірге) анықтайды.



1-сурет. Берілген фигуралардың қиылысуы

№5-мысал. Шекарасы $x = 0$ мен $x = 1$ түзулерді қамтитын жолақтың теңдеуін құрайық (координаталар жүйесі – тік бұрышты декарттық).

Шешуі: Жолақ мына теңсіздіктер жүйесімен анықталады: $\begin{cases} x \geq 0 \\ x - 1 \geq 0 \end{cases}$

$x \geq 0$ теңсіздік $x - |x|$ теңдеуіне немесе $|x| - x = 0$ теңдеуіне пара-пар, ал $x - 1 \leq 0$ теңсіздігі $x - 1 = |x - 1|$ теңдеуіне немесе $|x - 1| + x - 1 = 0$ теңдеуіне пара-пар. Олай болса, жолақты анықтайтын теңсіздіктер жүйесін мына түрде жазуға болады: $\begin{cases} |x| - x = 0 \\ |x - 1| + x - 1 = 0 \end{cases}$

Осы жүйенің теңдеулерін мүшелеп қосып, берілген жолақтың ізделінді $|x| + |x - 1| - 1 = 0$ теңдеуін табамыз.

№6-мысал. Жалпыланған поляр координаталар жүйесінде $\rho = a \cos 2\varphi$ функциясының графигін салайық.


Шешуі: $\varphi = 0$ болғанда: $\rho = a$ табамыз. φ бұрышы 0 – ден $\frac{\pi}{4}$ – ке дейін өсіргенде, ρ поляр радиусы a – дан 0 – ге дейін кемиді. Оның ішінде, $\varphi = \frac{\pi}{6}$ болғанда $\rho = \frac{a}{2}$. Табылған мәліметтер $\varphi = \frac{\pi}{4}$ түзуімен поляр осінің арасындағы бұрыштың ішінде жататын графиктің бөлігін салуға мүмкіндік береді.

$\frac{\pi}{4} < \varphi \leq \frac{\pi}{2}$, яғни $\frac{\pi}{2} < 2\varphi \leq \pi$ болғанда поляр радиусы теріс, сондықтан ол сәйкес сәулелердің созындыларында салынады. Мұнда, ол $\varphi = \frac{\pi}{3}$ болғанда $-\frac{a}{2}$ мәнін қабылдап, абсолют шамасы жағынан 0 – ден a – ға дейін өседі. Бұл мәліметтер бойынша графиктің одан әрі бағытын белгілейміз.

График $\left[\frac{\pi}{2}, \frac{\pi}{4}\right]$ т.с.с. интервалдарда да осылай салынады.

№7-мысал. 2-суретте көрсетілгендей, поляр осіне параллель және одан қашықтықта жататын түзудің теңдеуін поляр координаталарына жазайық.

Шешуі: $M(\rho; \varphi)$ түзудің ақпа нүктесі болсын. Бұдан поляр оське (немесе оның созындысына) перпендикуляр түсірейік. Сонда табылатын тік бұрышты үшбұрыштың ұзындығы a – ға тең катетінің қарсысында шамасы φ – ге (немесе $180^\circ - \varphi$) тең бұрыш жатады. Олай болса, $a = \rho \sin \varphi$ (немесе $a = \rho \sin(180^\circ - \varphi)$), яғни $a = \rho \sin \varphi$, бұдан $\rho = \frac{a}{\sin \varphi}$.



2-сурет. Поляр осіне параллель және одан қашықтықта жататын түзу

Кері ұйғарымның да дұрыстығына, яғни координаталары $(\rho; \varphi)$ нүктелердің жиыны $\rho = \frac{a}{\sin \varphi}$ теңдеуін қанағаттандыратынына, поляр оське параллель түзуде жататынына көз жеткізу қиын емес. Сонымен, $\rho = \frac{a}{\sin \varphi}$ – ізделінді теңдеу.

№8-мысал. $P(a; b)$ нүктесінен өтетін және OX осін $Q(c; 0)$ нүктесінде қиятын түзудің теңдеуін құрайық.

Шешуі: 1) Егер $a \neq c$ және $b \neq 0$ болса, онда P мен әртүрлі нүктелер, және де PQ түзуі координаталар өсіне параллель емес. Бұл жағдайда $\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$ теңдеуді пайдалануға болады.

Мұнда, $x_1 = a$, $y_1 = b$, $x_2 = c$, $y_2 = 0$ деп ұйғарып: $\frac{x-a}{c-a} = \frac{y-b}{0-b}$ табамыз.

Белгілі ықшамдаудан кейін теңдеу мына түрге келеді: $bx + (c-a)y - bc = 0$.

2) Егер $a = c$ және $b \neq 0$ болса, онда P мен Q әртүрлі нүктелер, және де PQ түзуі OY осіне параллель болса, онда түзудің барлық нүктелерінің бірдей a абсциссалары бар және оның теңдеуінің түрі мынадай болады: $x = a$.

3) Егер $a \neq c$ және $b = 0$ болса, онда P мен Q нүктелері әртүрлі және екеуіде OX осінде жатады. Ізделінді түзу OX осімен беттеседі және мына теңдеумен жазылады: $y = 0$.

4) Егер $a = c$ және $b = 0$ болса, онда P нүктесі $Q(c, 0)$ нүктесімен беттеседі. Бұл нүкте арқылы түзулердің шексіз жиынын жүргізуге болады. Олардың, $x = a$ түзуінен басқасы, $y = k(x - a)$ түріндегі теңдеумен анықталады, мұнда k бұрыштың коэффициенті кез келген мәнді қабылдай алады.

№9-мысал. Түзудің $ax + by + c = 0$ теңдеуін параметрлік түрде жазайық, мұнда $a \neq 0$.

Шешуі: 1) $b \neq 0$ болсын. $x = mt + x_0$ деп белгілейік, мұнда m мен x_0 — ді қалауымызша алуға болады, t — параметр y — ті x арқылы өрнектейік:

$$y = -\frac{a}{b}x - \frac{c}{b}.$$

Енді x — тің орнына өзінің параметрлік өрнегін қойып, $y = -\frac{am}{b}t - \frac{ax_0 + c}{b}$

табамыз. Сөйтіп, $\begin{cases} x = mt + x_0 \\ y = -\frac{am}{b}t - \frac{ax_0 + c}{b} \end{cases}$ берілген түзудің параметрлік теңдеуі.

2) $b = 0$ болсын. Бұл жағдайда түзу теңдеуінің түрі мынадай болады: $ax + c = 0$ немесе $x = -\frac{c}{a}$. Сондай-ақ $b = 0$ болғанда, таңдап алынған y мәніне қарамастан $by = 0$ болатынын ескеріп, $y = t$ дейміз. Сөйтіп, теңдеулердің мына

жүйесін табамыз: $\begin{cases} x = -\frac{c}{a} \\ y = t. \end{cases}$

№10-мысал. Тік бұрышты декарттық координаталар жүйесінде түзудің $x \cos \frac{\pi}{6} - y \sin \frac{\pi}{6} + 2 = 0$ теңдеуі берілген. Бұл теңдеуді нормаль түрде жазайық және берілген түзуді салайық.

Шешуі: $-x \cos \frac{\pi}{6} + y \sin \frac{\pi}{6} - 2 = 0$ табайық. Бұл теңдеуді $x \cos \alpha + y \sin \alpha - P = 0$ теңдеуімен салыстырып, теңдеулердің мына жүйесін табамыз:

$$\begin{cases} \cos \alpha = -\cos \frac{\pi}{6}, \\ \sin \alpha = \sin \frac{\pi}{6}, \\ P = 2. \end{cases}$$

Бұл жүйені шешіп, $\alpha = \frac{5\pi}{6}$ табамыз. Демек, берілген теңдеуді былай жазуға болады: $x \cos \frac{5\pi}{6} - y \sin \frac{5\pi}{6} - 2 = 0$.

Түзуді салу үшін координаталар басы арқылы OX осіне $\alpha = \frac{5\pi}{6}$ бұрышпен сәуле (нормаль) жүргізіп, одан ұзындығы 2 тең кесінді кесіп салып және осы кесіндінің ұшы арқылы нормальға перпендикуляр түзу жүргізу жеткілікті.

№11-мысал. $ABCD$ параллелограммның AB және AD қабырғаларынан (немесе олардың созындыларынан) A, B, D нүктелерінен өзгеше, сәйкес S және P нүктелері алынған. Осы нүктелер арқылы $RP \parallel AB$ және $SQ \parallel AD$ мұнда $R \in BC$, $Q \in CD$ түзулері жүргізілген. $BPSD$ және CN түзулері бір нүктеде қиылысатынын, яғни параллель екенін дәлелдейік, мұнда $N = (PR) \cap (SQ)$.

Шешуі: AB және AD қабырғаларын аффиндік координаталар жүйесінің OX және OY осьтері ретінде, ал $\overrightarrow{AB}$ және $\overrightarrow{AD}$ векторларын базистің векторлары ретінде.

S нүктесінің абсциссасы a -ға тең, ал P нүктесінің ординатасы b -ға тең болсын, сонда A, B, C, D, S, N, P нүктелерінің координаталары мынадай болады: $A(0;0)$, $B(1;0)$, $C(1;1)$, $D(0;1)$, $S(a;0)$, $N(a;b)$, $P(0;b)$

Енді $K = (BP) \cap (SD)$ нүктесінің координаталарын табайық. BP түзуінің: $\frac{x}{1} + \frac{y}{b} = 1$ немесе $bx + y = b$ теңдеуін табамыз. Бұдан әрі CD түзуінің: $x + ay = a$

теңдеуін табамыз. Егер $ab - 1$ болса, теңдеулердің $\begin{cases} bx + y = b \\ x + ay = a \end{cases}$ жүйесін шешіп K

нүктесінің: $y = \frac{ab-b}{ab-1}$, $x = \frac{ab-a}{ab-1}$ координаталарын табамыз. Ауыстырулар

арқылы бұл координаталар CN түзуінің теңдеуін, яғни $\frac{x-a}{1-x} = \frac{y-b}{1-b}$ теңдеуін

қанағаттандыратынына көз жеткіземіз. Бұл BP, SD және CN түзулерінің ортақ K нүктесі бар деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аргунов Б.И., Демидова И.Н., Литвененко В.Н. Задачник-практикум по геометрии. Часть 1. М: Наука, 2013
2. Нечаев В.И. Числовые системы. Пособие для студентов. Алматы, 2011
3. Столл Р.С. Аксиоматические теории. М.: Наука, 2010

ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІН МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сәлімжанов Нұрсұлтан Өмірханұлы

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, PhD Д.Т. Алиаскаров
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аннотация: Урбанизация – это проблема, напрямую связанный с экономикой и модернизацией страны. Скорость и темпы развития урбанизации со временем привлекают внимание всего мира. Урбанизация, основной фактор влияющий на развития городов. Для рассмотрения проблем развития городов была составлена программа элективного курса «География городов». В статье рассмотрена методология обучения проблем развития городов в школе на основе вариативного курса «География городов».

Ключевые слова: инновация, экономическое развитие, устойчивое развитие, городская инфраструктура, «Умный город».

Abstract: Urbanization is a problem directly related to the country's economy and modernization. The speed and pace of development of urbanization over time attracts the attention of the whole world. Urbanization, the main factor influencing the development of cities. To consider the problems of urban development, the program of the elective course "Geography of Cities" was drawn up. The article discusses the methodology of teaching development problems at school on the basis of the variable course "Geography of cities".

Keywords: innovations, economic development, sustainable development, urban infrastructure, smart city.

2020 жылдың ақпанында Абу-Дабиде (БАӘ) БҰҰ-ның 10-шы Дүниежүзілік қалалық форум өтті, ол өзінің рөлін қалалардың тұрақты дамуы мен қала құрылысы мәселелерін талқылауға арналған басты жаһандық алаң ретінде бекітті.

2020 жылы Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан 9 елдің 87 қаласын біріктіретін ТМД елдерінің астаналары мен ірі қалаларының Халықаралық ассамблеясының (ХАА) төрағасы болып сайланды, ал 2021 жыл ТМД-да сәулет және қала құрылысы жылы болып жарияланды.

XXI ғасыр - қалалар дәуірінің алтын ғасыры. Бұл жаһандану дәуірінде қалалардың негізгі қозғаушы күшке айналатынын көрсетсе керек. Яғни, қалалар постиндустриялық қоғамның тұрақты дамуының негізгі құралына айналады. Жоғары технологиялық өнімдерге, ақпараттық технологиялар мен инновациялық шешімдерге негізгі сұраныс қалаларда қалыптасады.

Бүкіл әлем бойынша қала халқының өсуі жалғасуда. Экономистер мен урбанистер бүгінде жаһандық бәсекелестікке елдер емес, қалалар қатысады деп мәлімдейді: мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі мегаполистер мен аз елді мекендердің мүмкіндіктерімен анықталады. Швед экономисі Кьелл Нордстром урбанизация модернизм мен индустрияландырудан гөрі қоғамды

өзгертеді дейді. 2050 жылы халықтың шамамен 70% - ы қалаларда тұратын болады. XX ғасырда урбанизация процесінің маңызды белгілерінің бірі ірі қалалардың тез өсуі болды. БҰҰ болжамдары бойынша XXI ғасырда агломерациялар неғұрлым белсенді түрде «миллионер» қалалар (халқы 1-5 млн адам) және «миллионерге» кандидат қалалар (500 мыңнан 1 млн адамға дейін) негізінде қалыптасатын болады. Осыған байланысты, ірі қалалардың функционалды бағдары өзгеріп, олар тауарлар мен қызметтерді тұтынудың шоғырлану орталықтарына айналады, білім беруді, қаржы саласын, мәдениетті, кәсіпкерлікті, туризмді және т.б. дамытуға мамандана бастайды. Урбандалу бүгінде адамзат дамуының негізгі трендтерінің тізбесіне айналды [1, 187-188 б.].

Бұл ретте қалалардың жергілікті және аймақтар дамуындағы рөлі арта түседі. Сол себепті, еліміздегі қалалардың даму трендтерін талдау, урбандалу процесінің жағдайын саралау және негізгі ұстанымдарды білім беру мазмұнына енгізу географиялық білім берудің өзекті мәселелері қатарында саналады.

Мұны біз вариативтік пәндер арқылы жүзеге асыру қажет деп таптық. Вариативтік пәндер оқушылардың іс-әрекеттері ғылыми ізденіс біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне тарту арқылы олардың қоршаған ортасын танып білудегі шығармашылық танымдылығын жүзеге асады. Ғылыми-зерттеу біліктерін дамыту үшін оқу үдерісін оқушылардың өз бетінше ғылыми ізденіс жасауына, жобалық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыруға негіздеу қажет. Сонда мұғалім мен оқушының байланысы сабақтастықта дамитын болады. Осы ретте, қалалардың инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың бағдарламалық үлгісі (тақырыптық-күнтізбелік жоспары) жасалды.

Бағдарламалық үлгі вариативтік сабақтар түрінде орындалады. Бұл үлгіні тек Алматы қалалары жағдайында ғана емес, еліміздің басқа қалалары мен өңірлерін оқытуда да пайдалануға болады.

Вариативтік сабақтың негізгі мақсаты: оқушылардың ғылыми-теориялық білімін, танымдық ынтасын, шығармашылық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту.

«Қалалар географиясы» вариативтік сабағының мазмұны, Қазақстан қалаларын кешенді оқып үйрену мәселелеріне арналған. Атап айтқанда, елді-мекендердің тарихы, табиғаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы (халқы, демографиясы, шаруашылық салалары, мәдени өмірі), инфрақұрылымының инновациялық салалары, қоршаған орта жағдайы секілді кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Бұл құрылған мазмұнды еліміздің басқа да қалаларын немесе өңірлерін оқып үйренуге үлгі ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдай, орындалған вариативтік сабақтың негізгі мақсаты - оқушыларға сабақтан тыс уақыттарда өзінің туған жері туралы мағлұматтар беріп, тұлға ретінде дамуына жағдай жасауды көздейді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Прагматизм», «Туған жер» ұғымдарының мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді [2, 60-64 б.].

Қалалар географиясын оқыту - дүние жүзінің әлеуметтік және экономикалық географиясы, Қазақстанның экономикалық географиясы секілді пәндермен тығыз байланысты.

Орта білім беру жүйесінде орындалған «Қалалар географиясы» вариативтік сабағы аймақтық компонент ретінде қарастырылып, жаңартылған мазмұндағы «География» пәнінің типтік оқу бағдарламасының негізгі мақсат-міндеттеріне сәйкестендірілген.

2021 жылдың «03» маусымындағы оқу-әдістемелік кеңестің №3 хаттамасының негізінде, жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердегі география пәнінен 9-сынып оқушыларына арналған «Қалалар географиясы (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы авторлық бағдарлама оқу үрдісіне енгізілді. (сурет-1)

Қазіргі таңда көптеген мектептер элективті курс бағдарламасын өз сабақтарына қолдануда.



Сурет 1 - «Қалалар географиясы»
авторлық бағдарлама куәлігі. Актив
1/10/2021 1

БАҒДАРЛАМА

ҚАЛАЛАР ГЕОГРАФИЯСЫ (Алматы қаласының мысалында)

9-сынып оқушыларына арналған
(аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат)

Түсініктеме хат

Курстың өзектілігі:

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Орта білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықты мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген. Осы

тұрғыдан келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын мәдениетті тұлға етіп қалыптастырудағы атқарар рөлі үлкен екені даусыз

Қазіргі заманғы әлемде білім беру тұрақты болашаққа негізделген динамикалық әлеуметтік ортада өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін ойын дамытуға ықпал ететін, білім алушылардан терең теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты да талап етеді. Ол әлеуметтік-экономикалық қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістерді түбегейлі қамтиды және мектептің алдына білім берудің «білімге бағдарланған» тәсілінен «тұлғаға бағдарланған» тәсілге көшу мәселелерін қояды. Осыған байланысты, қазіргі заманғы мектепте білім берудің негізгі міндеттерінің бірі, жаңаша ойлау ғылыми-зерттеу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқу үдерісінде көбірек шығармашылық элементтерін қолдану қажет. Яғни, шығармашылық таным үрдісінде өз бетінше ғылыми-зерттеу ізденістерінің түрлері қамтылуы тиіс.

Шығармашылықты зерттеу ізденістері кез-келген мамандықтың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Осыған байланысты оқушыны ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне баулу, оларды зерттеушілік білік пен дағдыға үйрету заманауи білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Міндетті пәндер шеңберінде және сабақтан тыс уақытта оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін педагогикалық алғышарт жасау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Еліміздің кез-келген қаласын оқып үйрену елді - мекеннің тарихы, табиғаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы (халқы, демографиясы, шаруашылық салалары, мәдени өмірі), қоршаған орта жағдайы секілді кең ауқымды мәселелерін қамтиды. Туған өлкені жан-жақты оқып үйрену төменде көрсетілген кестеде жүйеленген кешенді мазмұндық блоктардан тұрады:

ҚАЛАНЫҢ ТАРИХЫ			
қаланың зерттелу тарихы	елді-мекеннің тарихи қалыптасу кезеңдері	шаруашылық салаларының қалыптасуы	Қала құрылысының дамуы
ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРЫ			
қаланың географиялық орны мен жер бедері	климаты	гидрографиясы	ландшафттары
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨМІРІ			
Әкімшілік аумақтық бөлінуі	Адам капиталының дамуы	Мәдени және рухани дамуы	
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ			
әкімшілік аумақтық бөлінуі	өнеркәсіп салалары және негізгі экономикалық көрсеткіштер	туризм саласының жағдайы және туристік әлеуеті	
ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЫ			
Қоршаған орта жағдайы	Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсері	Қоршаған ортаға зиянды заттардың таралуы	

Курстың мақсаты: оқушыларға өзінің туған жері туралы мағлұматтар беріп, тұлға ретінде дамуына жағдай жасауды көздейді.

Курстың міндеті:

- Қазақстан қалаларын кешенді оқып үйрету;
- елді-мекендердің тарихы, табиғаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы (халқы, демографиясы, шаруашылық салалары, мәдени өмірі), инфрақұрылымының инновациялық салалары, қоршаған орта жағдайы секілді кең ауқымды мәселелерді қамту;
- аумақтық шаруашылық құрылымындағы және кеңістіктік қоныстанудағы қалалар рөлін көрсету;
- қалалар географиясы туралы білімді күнделікті өмірде, өз істәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Сыныбы: 9 **Пәні: Қалалар географиясы (Алматы қаласы мысалында)**
Аптасына 1 сағат, **барлығы** 34 сағат.

Р/С	Бөлім Бөлімше Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Білім өнімі	Мерзімі		Ескерту
			Барлығы	Лекция	Тәжірибе		9 А	9 Г	
I бөлім. Қаланың тарихы Барлығы 4 сағат: теория 2, тәжірибе 2.									
1.1	Кіріспе. Қаланың зерттелу тарихы. Тарихи қалыптасу кезеңдері.	Тарихи құжаттардағы және ғылыми әдебиеттердегі қаланың зерттелуіне қатысты деректер. Ғалымдар еңбектері. Тарихи қалыптасу және даму кезеңдері.	2	2		Кіріспе сабақ (баяндау және түсіндіру)			
1.2	Шаруашылық салаларының қалыптасуы: тарихи аспектілер. Қала құрылысының дамуы	Шаруашылық салалары-ның тарихи спектілері: дәстүрлі салалар, жаңа салалар, жоғары технологиялар салалары. Шаруашылық салаларының динамикасы. Жұмыс күшінің көші-қоны. Қала құрылысының дамуы.	2		2	Семинар сабақ (оқушының білімін тереңдету)			
II бөлім. Табиғат жағдайы және ресурстары Барлығы 10 сағат: теория 6, тәжірибе 4.									
2.1	Географиялық орны. Жер бедері.	Қаланың географиялық орны: ерекшеліктерімен танысу (артықшылықтары мен кемшіліктері). Қала орналасқан аумақтың жер бедері. Жер бедерінің тұрғындарға әсері. Бедер қалыптастырушы эндогендік және экзогендік факторлар-дың әсері.	2	2		Экскурсиялық саяхат (баяндау, қоршаған ортамен таныстыру, далалық зерттеу)			

2.2	Геологиялық және тектоникалық құрылымы.	Геологиялық және тектоникалық құрылымы. Таужыныстары. Пайдалы қазбалары: шаруашылық дамуындағы рөлі. Тектоникалық құрылымы.	2	1	1	Семинар сабақ (оқушының білімін тереңдету)			
2.3	Климаты. Гидрографиясы.	Климат құрушы факторлар. Атмосфералық ауа температурасы. Жауын – шашын. Қар жамылғысы. Желдің қайталану бағыттары мен жел өрнегі. Күн сәулесінің мөлшері. Гидрографиясы: өзен-көлдері, жер асты сулары. Климаттық жағдайдың және су ресурстарын экономиканы дамытуда тиімді пайдалану мәселелері.	4	2	2	Экскурсиялық саяхат (баяндау, қоршаған ортамен таныстыру, далалық зерттеу)			
2.4	Топырақ-өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі.	Топырақ түрлері. Географиялық таралуы. Құрамы мен қасиеттері: генезисі және даму тарихы. Өсімдік жамылғысы: мәдени және табиғи түрлері. Ерекшеліктері. Сирек кездесетін өсімдіктер. Жануарлар дүниесі. Топырақ өсімдік жамылғысының экологиялық жағдайлары.	2		2	Аралас сабақ (оқушының білімін тереңдету, далалық зерттеу және танымдық жұмыстар)			
III бөлім. Әлеуметтік мәдени өмірі Барлығы 8 сағат: теория 4, тәжірибе 4.									
3.1	Қала халқы және демографиясы. Көші-қон мәселесі. Діни және ұлттық құрамы.	Халық саны, діни және ұлттық құрамы, қоныстану тығыздығы. Халықтың туу көрсеткіштері: өлім-жітімі және табиғи өсімі. Халықтың жынысы және жасына қарай бөлінуі. Некелер мен ажырасулар және некелесу мен ажырасудың жалпы коэффициенттері. Еңбек нарығы. Халықаралық және өңіраралық көші-қон. Құқық бұзушылық.	4	2	2	Семинар сабақ (оқушының білімін тереңдету, статистикалық деректермен жұмыс: талдау және болжам жасау)			
3.2	Адам капиталының дамуы.	Әлеуметтік капитал. Білім беру жүйесінің жағдайы. Орта білім беру ұйымдары. Жоғары білім беру ұйымдары. Кәсіптік білім беру. Ғылыми зерттеу ұйымдары. Ғылыми кластер. Технопарктер. Денсаулық сақтау ұйымдарының жағдайы.	2		2	Семинар сабақ (оқушының білімін тереңдету, адам капиталының қоғам дамуындағы рөліне талдау жасау)			

3.3	Қаланың мәдени және рухани өмірі.	Қаланың мәдениет саласы. Мәдени-рухани орындар: театрлар, мұражайлар, кітапханалар, діни ғибадатханалар. Мәдениет географиясы. Қоғам жаңғыруындағы рөлі.	2	2		Экскурсиялық саяхат (қаладағы мәдени және рухани нысандарға саяхат)			
IV бөлім. Экономикалық жағдайы Барлығы 8 сағат: теория 4, тәжірибе 4.									
4.1	Қала экономикасы. Өнеркәсіп салалары. Қала дамуының болашақ көрінісі	Жалпы өңірлік өнім. Көпбейінді және монобейінді қалалар. Қала экономикасының мамандануы. Өнеркәсіп салалары. Инженерлік инфрақұрылымы. Функционалдық зоналар. Инвестициялық тартымдылығы. Қаржы жүйесі. Көлік қызметі. Кәсіпкерліктің дамуы. Экономикалық жаңғырту. Индустриялық-инновациялық дамуы. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі. Постиндустриялық қалалар.	4	2	2	Аралас сабақ (оқушының білімін тереңдету, қаладағы ірі өнеркәсіп орындарына саяхат)			
4.2	Туристік әлеуеті.	Мұражайлар (тарихи, өлкетану, ашық аспан асты, мемориалдық мұражай-үйі және т.б.). Архитектуралық нысандар. Мәдени-ағарту және спорттық нысандар. Рекреациялық сауықтыру мақсатындағы нысандар (саябақтар, арасандар, шипажайлар). Тарихи-рухани орындар. Ерекше қорғалатын табиғи-географиялық нысандар. Табиғат ескерткіштері.	4	2	2	Экскурсиялық саяхат (қаладағы және маңындағы тарихи географиялық маңызы бар туристік нысандарға саяхат)			
V бөлім. Қоршаған орта жағдайы Барлығы 4 сағат: теория 2, тәжірибе 2.									
5.1	Қала экологиясы. Қоршаған ортаны сауықтыру.	Қала халқының өсуіне байланысты мәселелер. Ірі өнеркәсіптер, зауыттар мен комбинаттар. Автокөліктердің көбеюі. Қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуы: а) тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы; б) өндірістік орындардың қалдықтарымен ластануы. Қоршаған ортаны ластайтын ірі өнеркәсіп орындарының жұмысымен танысу. Оқушылардың табиғатқа көзқарасы. Қоршаған ортаны сауықтырудың алғышарттары.	4	2	2	Экскурсиялық саяхат, ғылыми жобалау жұмыстары			

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Папенков К.В., Никоноров С.М., Ситкина К.С. Устойчивое развитие городов. Москва, 2019.
2. Алиаскаров Д.Т. Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері. Алматы, 2018.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ПРОГРАММАЛАУ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сундетбаева Айнур Жаукеевна

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация. В современном мире высоких технологий программирование является неотъемлемой частью. Компьютеры давно стали неотъемлемой частью нашей жизни, и любое общество в сфере образования, науки или студента должно хоть какое-то время посидеть за компьютером.

Ключевые слова: синтаксис, семантика, программирование, ИКТ.

Annotation. In the modern world of high technologies, programming is an integral part. Computers have long been an integral part of our life, and any society in the field of education, science or a student should sit at the computer for at least some time.

Key words: syntax, semantics, programming, ICT.

Программалау тілі - бұл компьютерлік бағдарламаларды жазуға арналған формальді белгілер жүйесі.

Қазіргі уақытта екі жарым мыңнан астам бағдарламалау тілі бар. Бұл жылма жылға артып келеді. Бағдарлама әзірлеушілері өздерінің қажеттіліктері үшін әзірлеген бағдарламалау тілдері бар, ал солардың кейбіреулері миллиондаған адамдарға белгілі болады. Қарапайым сөйлеу тілі негізгі төрт элементтен тұрады: символдар, сөздер, сөз тіркестері және сөйлемдер. Бағдарламалау тілінде ұқсас элементтер бар, тек сөздерді қарапайым құрастырулар, сөз тіркестері - өрнектер, сөйлемдерді - операторлар деп атайды.

Кез-келген бағдарламалау тілі белгілі бір ережелер жиынтығынан тұрады. Олар - синтаксистік, лексикалық және семантикалық болып бөлінеді.

✓ Алфавит - бағдарламаны жазу кезінде қолдануға болатын осы тілге арналған символдар жиынтығы (әріптер, сандар, арнайы таңбалар және т.б.).

✓ Синтаксис - алгоритм құрайтын алфавит таңбаларынан арнайы құрылымдарды құру жүйесі.

✓ Семантика - тілдің құрылымдарын түсіндіру ережелерінің жүйесі.

Компьютерге арналған кез-келген бағдарлама алфавит белгілері арқылы синтаксистік және семантикалық ережелерді қолдана отырып құрастырылады.

Алғашқы бағдарламалау тілдері өте қарапайым болды, ал бағдарлама коды нөлдер мен бірліктердің тізбегіне қатты ұқсады. Бағдарламалаушыларға бағдарламаларды жазу оңай болған жоқ, өйткені олар машинаның барлық нұсқауларының сандық кодтарын білуі керек. Бағдарламадағы және мәліметтердегі нұсқаулар үшін жадыны өз бетінше бөлуі қажет. Кейінірек адам мен компьютер арасындағы байланысты жеңілдету үшін *Assembler* бағдарламалау тілі құрылды. Деректерден тұратын жад ұяшықтарына сілтемелердің ауызша белгілері пайда болды, мнемикалық белгілер еске сақтауға оңай болатын амалдардың сандық кодтарын ауыстырды.

Информатика бойынша мемлекеттік стандартта информатика мен АКТ-ны базалық деңгейді зерттеу нәтижесінде бағдарламалау саласындағы студент мына төменде көсетілген нәтижелер арқылы білім алып шығады:

1) Алгоритм қасиеттерін, алгоритмдік конструкция түрлерін біледі: сызықтық, тармақтақтық, циклдік;

2) Алгоритмде құрылған конструкцияларды практика жүзінде қолдана отырып, қарапайым алгоритмдерді орындап, құрып, таңбалар тізбегі, сандар, тізімдер, графтармен жүргізілетін негізгі операцияларды орындай біледі;

3) Алған білімдері мен дағдыларын оқу орнын тәмамдаған жағдайда ары қарай тәжірибелік қызметте және күнделікті өмір жағдайында сонымен қатар, әртүрлі жобалармен жұмыс жасап оларды жүзеге асыру барысында, оқу іс – әрекетінде, өзінің мамандығы бойынша саласын ары қарай дамытуға пайдалана алады.

Оқытуды бастамас бұрын мұғалім білім алушылардың қызығушылықтарын, олардың назарын және мектептегі оқу процесінің құрылымын ескере отырып, бағдарламалау тілін таңдауы керек. Әрине, жаттығудың басында алгоритмдік ойлауды қалыптастыруға, алгоритмдік конструкцияларды түсінуге және дұрыс құруға негіз болатын алгоритмдік тілді оқып үйрену қажет. Бірақ жақында оқытудың алгоритмдік тілдерден объектіге бағытталған бағдарламалау тілдеріне ауысу тенденциясы байқалады, бұл мектепте бағдарламалауды оқытудың жалпы тәсілінің өзгергендігін көрсетеді. «Информатика және ақпараттық технологиялар» (10-11 сыныптар үшін) және «Информатика және АКТ. Базалық курс» (9-сынып үшін) *Visual Basic* бағдарламалау объектісіне бағытталған» Алгоритмдеу және бағдарламалау» тақырыбын оқиды.

Біздің ойымызша, үйренуге ең ыңғайлы, әрі қарапайым алгоритмдік тіл - *Turbo Pascal*, содан кейін *Delphi* объектілік-бағдарланған бағдарламалау тілінің ортасын үйрену оңайырақ болады. Тереңірек зерттеу үшін *PascalABC* жүйесін қолдануға болады, ол Паскаль диалектісін жүзеге асырады, бұл модульдер мен объектілер сияқты әртүрлі құралдарды қолдану арқылы күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жүйе есептер шығарудағы практикалық сабақтарда қолданылатын арнайы әзірленген электронды есеп кітапшасымен келеді. Информатика пәні бойынша әр мектептің оқулығында АКТ және информатиканы оқытуға әр түрлі бөлімдер берілген. Яғни, «Алгоритмдеу және бағдарламалау» бөлімінде тақырыпты ашатындай толық әрі нақты мәліметтер жеткіліксіз, сол себепті бұл бөлімнің

тақырыпшаларын әр бөлімге бөлінген тақырыпшалардан оқып үйренбесе, студенттерге ғылыми жоба құру барысында мәлімет жинақтау қиынға түсетіні анық. Сондықтан мектептегі мұғалімнің міндеті қазіргі заман талабына сай техникалық кеңістіктегі көптеген адамдар үшін өте маңызды бағдарламалау тілдерін дамытуды барынша жеңілдететін әдістемелік құрал жасаған жөн. Ол үшін мұғалім білім алушы тандап алған бағдарламалау тілін үйренгісе келсе бұрын соңды жинақталған материалдар мен тәжірибені және оқулықтарды да қолданса болады.

Сабақ барысында «Алгоритмдеу және бағдарламалау» бөлімі бойынша берілген тақырыптарды оқуды ұсынамыз, сонда дайындықтың бастапқы кезеңінде студенттер әртүрлі бағдарламалау тілдерімен таныс болады, алгоритмдік бағдарламалау тілін үйрену қажеттілігін түсінеді. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында студенттер негізгі алгоритмдік құрылымдармен, тілдік командалармен, бағдарламалау тілінің объектілерін сипаттау ережелерімен, бағдарлама құрылымымен және жазу ережелерімен танысуы керек. Студенттер алдымен алгоритмдік құрылымдар мен бағдарламалау тілінің негізгі объектілерін қолдана отырып, қарапайым бағдарламаларды жазу дағдыларын дамытып, содан кейін қарапайым және одан әрі күрделі бағдарламалау әдістерін үйренуге көшуі керек. Бүгінгі таңда осы саладағы тағы бір проблема - «Алгоритмдеу және бағдарламалау» тақырыбының информатика бойынша бірыңғай мемлекеттік емтиханның емтихан жұмысы мен мемлекеттік жалпы білім беру стандартының компоненті арасындағы сәйкессіздігі. 2009 жылғы бірыңғай мемлекеттік сараптама жоспары тексерілетін білім беру мазмұнының келесі элементтерін қамтиды:

- 1) бағдарлама фрагментін бағдарламалау тілінде оқып, қателерін түзету мүмкіндігі;
- 2) массивті бағдарламалау тілінде өңдеуге арналған қысқа (10-15 жол) қарапайым бағдарлама жазу немесе табиғи тілде алгоритм құру мүмкіндігі;
- 3) ойын ағашын берілген алгоритм бойынша құру және жеңіске жету стратегиясын негіздеу мүмкіндігі;
- 4) орташа күрделілік мәселелерін шешуге арналған өзіңіздің бағдарламаларыңызды жасау мүмкіндігі (30-50 жол). Бұл элементтердің барлығы емтиханға арналған бақылау-сараптау материалының ең қиын бөлігі болып саналатын C блогына енгізілген. Бұл дағдылар мектепті бітіретін 11-сынып оқушыларынан, «Алгоритмдеу және бағдарламалау» тақырыбын терең білуді, бағдарламалау тілдерінің ең болмағанда біреуін: BASIC, Pascal, C және басқаларын жақсы меңгеруді талап етеді.

«Алгоритмдеу және бағдарламалау» тақырыбын оқудың әр түрлі тәсілдерін жүзеге асырудың ауқымды мүмкіндіктері оған осы тақырыпты оқып-үйренуге арналған көптеген сағаттар, бұл информатика сабағында әр түрлі бағдарламалау тілдерін арнайы деңгейде оқуға мүмкіндік береді. Информатика мұғалімдері оқу материалын құрылымдаудың өзіндік тәсілдерін ұсына алады, оларға оқу процесін бір немесе екі құрылымдық алгоритмдік тілдерді оқығаннан кейін студенттер кез-келген объектіге бағытталған бағдарламалау тілін үйренуге мүмкіндік береді. Информатика

мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бейіндік деңгейде оқу нәтижесінде білім алушы:

- 1) бағдарламалау тілінің конструкцияларын, алгоритм қасиеті мен құрылымын біледі;
- 2) компьютер көмегімен деректерді статистикалық өңдеп жүзеге асыра алады;
- 3) нақты процестерді модельдеу барысында алынған нәтижелерге талдау жасап түсінік беру;
- 4) алған білім мен дағдыларын тәжірибеде және күнделікті өмірде,

сонымен қатар жеке танымдық қызығушылығымен, кәсіптік бағдарға сәйкес ақпаратты іздеу және оны талдап, таңдау үшін пайдалана алады. Мектеп қабырғасында информатика және АКТ пәнін оқып үйренген әрбір білім алушы пәнді аяқтаған соң жоғары оқу орынына түсу барысында кем дегенде бір бағдарламалау тілін жеткілікті толық меңгеріп шығуы тиіс, себебі ол ЖОО-нына түскен жағдайда жеткілікті деңгейде бағдарламалар жаза алуына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда мектеп қабырғасы болсын, ЖОО-ны болсын әртүрлі білім саласының деңгейінде пән бойынша олимпиада қозғалысы өзекті мәселелердің бірі болып есептелініп келеді. Олимпиаданың рөлі қазіргі таңда үлкен рөлге өсті десекте болады. Информатика мұғалімдері білім алушыларды информатика пәнінен олимпиадаға қатысуға бағыттау үшін бағдарламаларды үйретуі қажет. Сонымен қатар студенттер «Алгоритмдеу және бағдарламалау» тақырыбын оқып үйрену студенттерге осы саланы ары қарай дамытуға, мамандықты толық игеруге мүмкіндік береді. Осы мәселе төнірегінде зерттеудің нәтижесінде мынадай қорытындыға келе отырып, жалпы білім беру саласында бір бағдарламалау тілін оқып үйрену керек, оның көмегімен студенттер бағдарламалау негіздерімен танысады, ал бейіндік деңгейде студенттер одан да жоғары объектіге бағытталған бағдарламалу тілдерін үйренеді.

Бірінші деңгейлі бағдарламалау тілі Fortran (Formula Translation) 50-ші жылдардың ортасында құрылды. Қарапайымдылығына және осы тілде бағдарламалардың үлкен кітапханалары жинақталғандығына байланысты Fortran инженерлік және ғылыми есептеулер үшін, дамыған математикалық аппараты бар физика және басқа ғылымдар мәселелерін шешу үшін қолданылады. Экономикалық мәселелерді шешу үшін программалау тілі - Cobol құрылды. Компьютерлік қолдану салаларының кеңеюі Snobol, Lisp сияқты қолданудың белгілі бір салаларына бағытталған жаңа тілдерді құруға алып келеді. Жасанды интеллект құру туралы зерттеулерде Lisp-ді қолдану ыңғайлы. 1968 жылы студенттерді оқытуға арналған ең жақсы бағдарламалау тіліне конкурс жарияланды. Жеңімпаз - Algol-68 тілі, бірақ ол кеңінен қолданыста болмады. Осы байқауға Никлаус Вирт қуатты деректерді құрылымдау құралдарымен Паскаль тіліне өте ыңғайлы және қарапайым тіл жасады. Төменгі буын оқушыларына сабақ беру үшін Сэмюэл Пиперт Logo деп аталатын қарапайым тіл ойлап тапты. Негізгі тіл мектептерде кең тарала бастады. Ойлап тапқаннан кейін көптеген жылдар өткен соң, Basic әлі күнге дейін ондаған бағдарламалау тілдерін үйренуде ең қарапайым болып табылады.

70-жылдардың басында ірі, күрделі және жүйелік бағдарламаларды жасау қажеттілігі арнайы бағдарламалау тілін құруды қажет етті. Си тілі дамыған, әмбебап бағдарламалау тілдерінің бірі. Паскаль тілінен айырмашылығы, ол жады мен машинаның нұсқауларын көбірек басқарады. С-да бүкіл операциялық жүйелер, аудармашылар, мәліметтер базасы, жүйелік және қолданбалы бағдарламалар жасалады. С тілінде жазылған бағдарламалар жылдамдығы бойынша Assemblerде жазылған бағдарламалармен салыстырылады, ал бағдарлама кодын түсіну оңайырақ. Функционалды бағдарламалаудың пайда болуы табиғи тілдерді талдау және түсіну міндеттеріне арналған Prolog тілін құруға әкелді.

80-жылдары Ada тілі құрылды. Сол кездегі тілдердің классикалық ерекшеліктерінен басқа, Ада нақты уақыттағы шешім болды және параллелизмді жүзеге асыратын құралдарға ие болды.

Бағдарламалау тілдерін төменгі, жоғары және жоғары деңгейге бөлу - ең көп таралған жіктеу.

✓ Төмен деңгей - Автокод және Ассемблер тілдері. Олар машинаға бағытталған тілдер, өйткені нұсқаулар процессорда тікелей орындалатын кодтарға сәйкескеледі.

✓ Жоғары деңгей - Fortran, Algol, Snobol, Pascal, Basic, C, Prolog және т.б. Бұл тілдер машинадан тәуелсіз, өйткені компилятор мен аудармашы кодты машиналық нұсқаулыққа аударуға жауапты. Бұл төменгі деңгейдегі тілдермен салыстырғанда жылдамдықтың аздап баяулауын нұсқайды.

✓ Супер жоғары деңгей - Algol-68 және APL. Бұл тілдердің операторлары жоғары деңгейдегі тілдерге қарағанда әлдеқайда көп әрекеттерді сипаттайды.

Бағдарламалау тілдері сонымен қатар есептеуіш (Fortran, Pascal, Algol, Basic, C және символдық өңдеу тілдері (Lisp, Prolog, Snobol) болып бөлінеді. Программалау тілдері дамуының екі негізгі бағыты бар: процедуралық және процедуралық емес. (декларативті). Процедуралық бағдарламалау есептеудің басында пайда болды және кең таралды. Процедуралық тілдерде бағдарлама орындалуы қажет әрекеттерді нақты сипаттайды, ал нәтиже тек белгілі бір іс-әрекеттер тізбегі болып табылатын кейбір процедураларды қолдану арқылы алынуымен қойылады.

Процедуралық тілдердің ішінде құрылымдық және операциялық тілдер ажыратылады. Құрылымдық тілдерде бір оператор бүкіл алгоритмдік құрылымдарды жазады: тармақтар, циклдар және т.б.

Функционалды тілдерде бағдарлама кейбір функцияларды есептеуді сипаттайды. Әдетте бұл функция басқа қарапайымдардың құрамы ретінде анықталады, олар өз кезегінде тіпті қарапайымдарға ыдырайды және т.б. Функционалды тілдердегі негізгі элементтердің бірі - рекурсия, яғни функция мәнін басқа элементтерден сол функция мәні арқылы есептеу. Классикалық функционалды тілдерде тапсырмалар мен циклдар жоқ. Логикалық тілдерде бағдарлама іс-әрекеттерді мүлдем сипаттамайды. Бұл мәліметтер мен олардың арасындағы қатынастарды анықтайды. Осыдан кейін жүйеге сұрақтар қоюға болады. Машина бағдарламада белгілі және берілген

мәліметтер арқылы өтіп, сұрақтың жауабын табады. Іздеу реті бағдарламада сипатталмаған, бірақ оны тілдің өзі анықтайды. Пролог классикалық логикалық бағдарламалау тілі болып саналады. Логикалық бағдарламаны құру алгоритмдік ойлауды мүлде қажет етпейді, бағдарлама объектілердің статикалық қатынастарын сипаттайды, ал динамика санау механизмінде болады және бағдарламалаушыдан жасырылады.

Бағдарламалау тілдерінің тағы бір класын бөлуге болады - объектіге бағытталған жоғары деңгейлі тілдер. Мұндай тілдерде процедуралық бағдарламалау элементтері болғанымен, мәселені шешуге арналған әрекеттердің егжей-тегжейлі реттілігі сипатталмайды. Объектіге бағытталған тілдер өзінің бай қолданушы интерфейсінің арқасында адамға проблеманы өзіне ыңғайлы түрде шешуді ұсынады. Мұндай тілдің мысалы ретінде Pascal, C ++, Java визуалды коммуникация бағдарламалау тілі болып табылады. Perl, Python, Rexx, Tcl және UNIX қабықшалы тілдері сияқты сценарий тілдері жүйелік деңгейдегі тілдерден мүлдем өзгеше бағдарламалау стилін қабылдайды. Олар қосымшаны нөлден жазуға емес, оның жиынтығы басқа тілдерді қолдана отырып жасалынатын компоненттерді біріктіруге арналған. Интернеттің дамуы мен өркендеуі сценарий тілдерінің көбеюіне де ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Босова Л. Л. Информатика. 11 класс. Базовый уровень [Текст]: учебник для 11 класса / Л. Л. Босова, А. Ю. Босова. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2017. – 256 с.: ил.
- 2 Лутц М. Изучаем Python, 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: СимволПлюс, 2011. – 1280 с., ил.
- 3 Поляков К.Ю. Язык Python глазами учителя // Информатика. 2014. № 9. С. 4-16.
- 4 Семакин И. Г. Информатика. 10-11 классы. Базовый уровень [Текст]: методическое пособие / И. Г. Семакин. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2016. – 64 с.
- 5 Языки и методы программирования .: учебник / И.Г. Головин, И.А. Волкова.- М.: Академия, 2016.

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН АУРУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНА ҚАЙТА ҚАТЫСУ МЕРЗІМДЕРІ

Толегенов Талант

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Белгілі ауыруды арқалаған немесе ұзақ уақыт бойы ауырып жүрген оқушыларға, әлсіз ағзаға әсер ететін қозғалыс белсенділігі қажет. Дәрігерлік көрсеткіш бойынша арнайы дәрігерлік топқа (АДТ) жататын балалар олардың денсаулық жағыдайына қарай арнайы әдістермен бағдарлама бойынша жаттығулары қажет. Мамандардың дәл осы мәселеге қызығушылықтары күннен күнге өсіп келеді.

Дене тәрбиесі жұмыстарының тәжірибелері көрсеткендей осы деңгейдегі ғылыми әдістемелік жұмыс теориялық және практикалық қайта құруға мүдделі болып отыр. Осы патологиялық үрдіс мәнін игермеген, арнайы деңгейде білімі жоқ мұғалімдер жұмысы өте баяулық танытып, арнайы дәрігерлік топтағы балаларға қажет деңгейде назар салмай отыр. Мұндай кемшіліктер денсаулығы әлсіз оқушы денсаулығына жағымсыз әсер етеді [25].

Дене жаттығуларымен айналысуды толық тоқтату тек уақытша сипатқа ие. Жұқпалы аурулар мен жарақаттардан кейін спортпен шұғылдану және дене шынықтыру сабақтарына қатысуды жалғастыру мерзімдерін дәрігер әрбір оқушыға жеке түрде, барлық клиникалық деректерді (аурудың немесе жарақаттың ауырлығы мен сипаты, ауру немесе жарақат салдарынан пайда болған функционалдық бұзылудың деңгейі) ескере отырып анықтайды. Сонымен қатар оқушының жынысы, жасы, ағзаның бейімделу қабілеттіліктері және басқа да жеке ерекшеліктері назарға алынады. Әдетте көп кездесетін жұқпалы аурулардан кейін дене жаттығулары сабақтарына қатысу мерзімдері қысқаша төмендегідей болады [26].

Ангина (Баспа). Сауығу белгілері: ауыз қуысы қабынуының (қызару, ісу, т.б.) және жұтыну кезінде ауыру сезімінің; 2 күннен аса қалыпты температура; жалпы жағдайының жақсаруы. Мектепте дене шынықтыру сабақтарына 6-7 күннен кейін, жаттығуға 12-14 күннен кейін, жарыстарға 20-22 күннен кейін қатысуға болады. Дененің бірден тоңу қаупіне байланысты қысқы спорт түрлерімен (шаңғы, коньки) және суға шомылумен шұғылдану кезінде аса абай болу керек.

Флегмоноздық ангина. Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну, ауыз қуысында және мойынның лимфатикалық буындарында ауырсыну белгілерінің болмауы; 7 күннен аса қалыпты температура; қалыпты дене салмағының толықтай қалпына келуі. Дене шынықтыру сабағына 14-15 күннен кейін, жаттығуға 20-21 күннен кейін, жарыстарға 30-35 күннен кейін қатысу. Жарысқа қатысуға рұқсат беру кезінде жүрек-қан тамыр жүйесінің жағдайына баса назар аудару керек. Функционалды сынақ жүргізу міндетті.

Аппендицит (соқыр ішек):

а) өткір. **Сауығу белгілері:**өзін жақсы сезіну; 10 күннен аса қалыпты температура т.б. Дене шынықтыру сабағына 7-10 күннен кейін, жаттығуға 14-18 күннен кейін, жарыстарға 25-30 күннен кейін қатысу. Ұстаманың қайталанбауына кепілдік болмағандықтан, операция жасау ұсынылады;

ә) операциядан кейін. **Сауығу белгілері:**операциядан кейін жақсы (ауырмайтын, қозғалысқа бейімді) тыртық; Дене шынықтыру сабағына 10-15 күннен кейін, жаттығуға 20-25 күннен кейін, жарыстарға 30-40 күннен кейін қатысу. Секіруді, ауырлықты көтеруді және гимнастикалық құралдармен жаттығулар жасауды шектеу керек

Өткір бронхит, жұқпалы. Сауығу белгілері:жалпы денсаулық жағдайының жақсаруы; қалыпты температура; жөтелдің болмауы; өкпеде сырылдың болмауы. Дене шынықтыру сабағына 6-8 күннен кейін, жаттығуға 10-12 күннен кейін, жарыстарға 14-16 күннен кейін қатысуға болады. Дене жаттығуларын орындау кезінде тыныс алу жолдарын бірден, әсіресе кенет суық тиюден қорғау.

Желшешек. Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; 7 күннен аса қалыпты температура; буындар мен теріде, тыныс алу жолдары аймақтарында ауырсыну белгілерінің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 7-8 күннен кейін, жаттығуға 10-12 күннен кейін, жарыстарға 16-18 күннен кейін қатысу.

Мұрынның өткір қабынулары мен жарақаттанулары (фронтит, гайморит). Сауығу белгілері:14 күннен аса қалыпты температура; бүлінген аймақтарда ауырсыну белгілері мен жағымсыз сезімдердің толық жойылуы. Дене шынықтыру сабағына 8-9 күннен кейін, жаттығуға 16-18 күннен кейін, жарыстарға 20-25 күннен кейін қатысу. Қысқы спорт түрлерімен шұғылдану кезінде аса абай болу және шынығу жүктемесін біртіндеп көтеру керек.

Өкпенің қабынуы (катаральды және крупозды). Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; 14 күннен аса қалыпты температура; жөтелдің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 12-14 күннен кейін, жаттығуға 18-20 күннен кейін, жарыстарға 25-30 күннен кейін қатысу. Ауыр түрдегі крупозды қабынуларда тек 2-3 аптадан кейін, қабыну әбден қайтқаннан кейін барып сабаққа қатысқан жөн.

Гастроэнтериты және басқада өткір асқазан-ішек жолдарының қабынулары. Сауығу белгілері:барлық ауру белгілерінің жоғалуы (ауырсыну, жүрек айну, іш өту және т.б.). Дене шынықтыру сабағына 2-3 күннен кейін, жаттығуға 5-6 күннен кейін, жарыстарға 10-12 күннен кейін қатысу. Тамақтану режимін қатаң сақтауға ерекше көңіл бөлу керек.

Тұмау: а) жеңіл және орташа ауыр формалары, 4 күндей жоғары температура, бірден көрінетін тұмау белгілерінің болмауы.

Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; 5 күннен аса қалыпты температура; тыныс алу, жүрек, асқазан-ішек тұстарында және басқа органдарда ауру белгілерінің толық болмауы; жүрек-қан тамырлары жүйесінің қызметін сынақ нәтижелері оң болу.

Дене шынықтыру сабағына 4-5 күннен кейін, жаттығуға 6-8 күннен кейін, жарыстарға 10-12 күннен кейін қатысу; б) біршама ауыр формалары, 5 күннен аса жоғары температура, жекелеген мүшелер қызметінің бұзылуы, сонымен қатар жалпы интоксикация белгілерінің күрт білінуі.

Сауығу белгілері: өзін жақсы сезіну; 7 күннен аса қалыпты температура; басқа белгілер – тұмаудың жеңіл түрлері кезіндегі сияқты; жүрек-қан тамырлары жүйесінің қызметін сынау нәтижелері оң болу. Дене шынықтыру сабағына 10-12 күннен кейін, жаттығуға 18-20 күннен кейін, жарыстарға 30-40 күннен кейін қатысу. Жарыстарға қатысуға рұқсат беру кезінде жүрек-қан тамырлары жүйесін тексеріп, қызметтік сынау жүргізу керек.

Бүйректің қабынуы (өткір түрдегі нефрит). Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; ісінудің болмауы; 5 күн сайын қайталап 3 рет зерттеу жасағанда зәрде ақуыздың және формалы элементтердің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 30-35 күннен кейін, жаттығуға 40-50 күннен кейін, жарыстарға 60-90 күннен кейін қатысу. Дәрігердің бақылауында жүйелі түрде болу керек. Екі-үш ай ішінде 2-3 жаттығу жұмыстарынан кейін несеп анализін қайталап тапсыру керек.

Өткір түрдегі және жай түрдегі тері мен шырышты қабықтың аурулары (жұқпалы және жұқпалы емес) **кенет ауру сезімдері немесе қозғалысқа шектеу болмайтын түрлері** (қышыма, теміреткі және т.б.). Толықтай сауығу уақытын емдеуші дәрігер маман бекітеді және 8-15 күн ішінде ауру белгілері мен рецидивінің мүлдем болмауымен сипатталады. Дене шынықтыру сабағына 5-6 күннен кейін, жаттығуға 7-10 күннен кейін, жарыстарға 15-20 күннен кейін қатысу.

Асқынған жүрек аурулары (спорттың немесе басқа қозғалыс салдарынан). **Сауығу белгілері: өзін жақсы сезіну**, қозғалыс кезінде демігудің болмауы; жүректің қалыпты көлемге келуі, таза және анық соғуы; жүрек-қан тамырлары жүйесінің қызметін сынақ нәтижелері оң болу.

Дене шынықтыру сабағына 30-45 күннен кейін, жаттығуға 60-75 күннен кейін, жарыстарға 90-120 күннен кейін қатысу. Дәрігер және мұғалім тарапынан тұрақты түрде бақылау жасалынуы керек (дәрігер кабинетінде және дене шынықтыру сабақтарында).

Отит (өткір). Сауығу белгілері: 5 күннен аса қалыпты температура; ауырсыну белгілерінің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 14-16 күннен кейін, жаттығуға 20-25 күннен кейін, жарыстарға 30-40 күннен кейін қатысу. Суда жүзу сабақтарында аса абай болу қажет.

Плеврит:

а) құрғақ. **Сауығу белгілері: 20 күннен аса қалыпты температура;** өзін жақсы сезіну; өкпе және кеуде тұсында ауру сезімдерінің болмауы, дене салмағының қалыпқа келуі.

Дене шынықтыру сабағына 14-16 күннен кейін, жаттығуға 20-24 күннен кейін, жарыстарға 30-35 күннен кейін қатысу. Шынығу жаттығуларын жасау ұсынылады. Суық тидірмеу.

б) экссудативті. Дене шынықтыру сабағына 40-50 күннен кейін, жаттығуға 60-80 күннен кейін, жарыстарға 90-105 күннен кейін қатысу. Шынығу жаттығуларын жасау ұсынылады. Суық тидірмеу.

Өткір түрдегі ревматизм. Сауығу белгілері: өзін жақсы сезіну; 30 күннен аса қалыпты температура; қозғалыс кезінде деформацияның және буын ауырсынуының болмауы; жүрек тұсында ауырсыну белгілерінің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 6-8 айдан кейін, жаттығуға 1-1,5 жылдан кейін, жарыстарға 2-2,5 жылдан кейін қатысу. 3-4 айдан кейін арнайы топта емдік гимнастикамен айналысуға болады. Жаттығуды біртіндеп және аса абай болып жасау. Егер ауруға қыс мезгілінде шалдықса, жаттығуды жазға дейін бастамау لازم.

Мидың шайқалуы. Сауығу белгілері: өзін жақсы сезіну; бас ауруының және бас айналуының қозғалыссыз және қозғалыс кезінде (15 күннен аса) болмауы; қалыпты рефлексдер. Дене шынықтыру сабағына 20-25 күннен кейін, жаттығуға 30-40 күннен кейін, жарыстарға 60-90 күннен кейін қатысу. Жарты жыл бойы дененің бірден шайқалуымен байланысты (шаңғымен секіру, футбол және т.б.) жаттығулармен, сонымен қатар бокспен айналысуға болмайды.

Скарлатина. Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; 20 күннен аса қалыпты температура; тері қабыршақтануының мүлдем болмауы; несепте патологиялық өзгерістердің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 30-40 күннен кейін, жаттығуға 50-60 күннен кейін, жарыстарға 75-80 күннен кейін қатысу. Дене шынықтыру сабағында аса жаттығуларды біртіндеп, аса абай болып жасау керек. Жаттығу басталудың алдында және алғашқы жаттығудан кейін міндетті несеп анализін тапсыру.

Дизентерия. Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; 15 тәуліктен аса қалыпты нәжіс; тәбеті жақсы болу; негізгі салмаққа жақын; жүрек-қан тамырлары жүйесінің қызметін сынау нәтижелері оң болу. Дене шынықтыру сабағына 14-16 күннен кейін, жаттығуға 20-25 күннен кейін, жарыстарға 30-35 күннен кейін қатысу. Жүрек-қантамыр жүйесі мен асқазан-ішек жолдары қызыметтерін жүйелі түрде бақылап отыру керек.

Дифтерия. Сауығу белгілері:15 күннен аса қалыпты температура; өзін жақсы сезіну; несепте патологиялық өзгерістердің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 30-35 күннен кейін, жаттығуға 40-50 күннен кейін, жарыстарға 60-75 күннен кейін қатысу. 2-3 ай бойы дәрігер бақылауында болады.

Жүрек қызметі жүйелі түрде бақылауда болады. Дене шынықтыру сабақтарында біртіндеп күш түсіріп және аса абай болу керек. Бақылау несеп анализін тапсыру міндетті.

Қызылша. Сауығу белгілері:7 күннен аса қалыпты температура; ішектің қалыпты қызметі; теріде бөрткеннің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 14-16 күннен кейін, жаттығуға 20-21 күннен кейін, жарыстарға 25-30 күннен кейін қатысу.

Малярия. Сауығу белгілері:өзін жақсы сезіну; 10 күннен аса қалыпты температура; көкбауыр үлкеюінің болмауы. Дене шынықтыру сабағына 6-7 күннен кейін, жаттығуға 9-10 күннен кейін, жарыстарға 14-16 күннен кейін қатысу. Су спорты түрлерімен шұғылданғанда және күн ваннасын қабылдау кезінде ерекше абай болу. Алғашқы 2-3 жаттығулардан кейін міндетті қайталама несеп анализін тапсыру.

Жүйке аурулары. Жүйке жүйесі ауруы кезінде көптеген органдар мен жүйелер қызметі толық жұмыс істей алмайды. Бірінші кезекте жүрек-қан тамырлары жүйесі.

Жүйке жүйесінің көптеген бұзылуларының пайда болу негізін ескеру қажет. Олар абсолютті дене жүктемелері кезінде жеткілікті оттегі мөлшерімен қамтамасыз етуін талап ететін мидың түрлі бөлімдеріне қатысты оттегі жетіспеушілігін тудырады. Сондықтан аурудың көпшілігінде көп мөлшерде дене жүктемесін түсіруге болмайды.

Омыртқаның иілуіне әкелетін қатты шайқалумен байланысты жаттығулар жасау қауіпті (қысым, акробатикалық жаттығулар кезіндегі иілу, баспен тұру, ауыр көтеру және т.б.). Тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі және құлау қаупі бар жаттығуларды орындау кезінде абай болу керек.

Дене қасиеттері негізінен өте жай дамиды немесе мүлдем дамымайды. Қозғалыс дағдыларын меңгеруде қиындық туады. Мұндай жағдайларда компенсаторлы орнын басушы жаттығуларды қалыптастыруға өте болады. Дайындық тобына ауысу жүйке жүйесінің жалпы бұзылу белгілерінің толықтай болмауы, қозғалыс қызметінің елеусіз жергілікті бұзылуының сақталуы кезінде мүмкін. Негізгі топқа ауысу көрсетілмеген.

Эндокринді аурулар. Дене дайындығын ұйымдастыру кезінде ағза жағдайының келесі ерекшеліктерін ескеру қажет:

1) Алмасулардың барлық түрлерінің бұзылуы (оның ішінде, сулы, минералды және дәруменді), олардың бірінің басымырақ бұзылуы;

2) Бұлшық еттердің күші мен тонусының әлсіреуі;

3) барлық органдар мен жүйелер қызметінің әлсіздігі. Бірінші кезекте жүрек зардап шегеді. Онда ауысудың кез келген бұзылуында дистрофикалық өзгерістер байқалады. Семіздік кезінде тыныс алу қызметі диафрагманың жоғарғы жағдайынан зардап шегеді;

4) Ас қорыту органдарының қызметі қиындайды, тірек-қимыл аппаратының өзгерісі байқалады (омыртқаның қалыпты майысуларының артуынан тік жүрудің бұзылуы, майтабандылық, тізе буындарындағы ауырсыну);

5) Ағзаның қорғаныш күштерінің, төзімділігінің төмендеуі, бұл жеке суық тию ауруларынан, созылмалы қабыну процесстерінен көрінеді;

6) Қанның толық қорытылмаған тағаммен қанығуы, бүйрек арқылы және өкпе арқылы газ түрінде бөлініп, өкпені зақымдайды және терең вентиляция талап етіледі. Қанда мұндай тағамдардың жиналуы қуаттылығы жоғары жұмысты орындау қабілетіне белгілі бір шектеу келтіреді; көмірсутек ауысуының жеткіліксіздігі қалыпты қарқынды жұмысты орындауға кедергі келтіреді;

7) Диабет және семіздік кезінде ауысу процесінің жағдайы тағам құрамына тәуелді.

Ауыспалы ауру кезінде денсаулық жағдайының ауытқушылығын дене дайындығы әдістемесі анықтайды. Алайда ауысудың бұзылуы кезінде дене шынықтыру-сауықтырудың басты шарттарының бірі – ұтымды тамақтану, жеке бас тазалығына жоғары талаптар қою (дене, киім тазалығын сақтау) және сабақтық гигиеналық шарттары.

Суға шомылу, ауа және күн шынықтыру процедураларын қабылдау кезінде аса абай болу керек. Дене жаттығулары ішінде жүрек қан тамырлары әлсіздігі, негізінен жүрек ауруының себебінен жоғары қарқында жаттығулар жасау қауіпті. Сонымен қатар дене жаттығуларының барлық түрі жүктемені біртіндеп көбейткен сайын оң әсерін тигізеді.

Өзгермелі бұзылушылық кезінде дайындық тобына ауыстыру мүмкін, егер өзгерістер елеусіз болса, дене шынықтыру жаттығулары әсерінен жалпы денсаулық жағдайы және жұмысқа білеттілігі біршама жақсарады. Негізгі топқа ауысу мүмкін емес.

Әр ауру кезінде ағза жағдайының ерекшелігін ескере отырып (8-кесте), сабақтардың жеке формаларын тиімді пайдалануға және арнайы әдістемелерді қолдануға болады.

Негізгі топ пен арнайы дәрігерлік топ оқушыларының сабағы жалпы сипатқа ие. Сондықтан дене шынықтыру пәнінің мұғалімі әлсіз және ауруға шалдыққан ағзаның жалпы қасиеттерін басшылыққа алу керек.

Пайдаланылған әдебиттер:

1. Дуаметұлы Б. Жалпы физика курсының негіздері. – А.: Мектеп, 2012.
2. Көшеров Ә. Дифракция мен интерференцияны бақылау жолдары//Математика және физика журналы.-2003.-№5. –Б. 29-30

ДИФРАКЦИЯ МЕН ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДА БАҚЫЛАУ

Тулегенова Анар Кабдығалиевна

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: Определение явлений дифракции и интерференции, которые мы рассмотрим в этой статье. Знать явления, характеризующие волновые свойства яркости в лабораторных работах. Одним из наиболее впечатляющих и интересных из них является наблюдение за проявлениями дифракции и интерференции.

Ключевые слова: Дифракция, интерференция, радужные кольца, демонстрационная работа, излучение.

Annotation: Definition of the phenomena of diffraction and interference, which we will consider in this article. To know the phenomena characterizing the wave properties of brightness in laboratory work. One of the most impressive and interesting of them is the observation of the manifestations of diffraction and interference.

Keywords: Diffraction, interference, rainbow rings, demonstration work, radiation.

Бұрынғы уақытта жарықтың мінез-құлқын бақылап, екі жарық сәулесі қиылысып, өз жолымен жүре береді деп ойлады. Мұндай бақылаулар жарықтың бөлінбейтіндігіне, материалдық еместігіне деген сенімді нығайтты. Бірақ бәрі шынымен солай бола ма?

Ньютон бірінші болып өзара әрекеттесуді немесе оптика жарық сәулелерінің өзара әрекеттесуін бақылау тәжірибесін ұсынды. Ол жұқа линзаны (дөңес беті төмен) жалпақ шыны табаққа салу арқылы сына тәрізді ауа саңылауын жасады. Содан кейін ғалым алшақтықты алдымен ақ жарықпен, содан кейін кезекпен және басқа да негізгі түсті сәулелермен жарықтандырды. Ньютон ауа сынағының әйнек шекараларынан көрінетін сәулелер бір-бірімен айқын әрекеттесетінін атап өтті. Ақ жарықпен жарықтандырылған кезде саңылауда ауыспалы түсті және кемпірқосақ сақиналары пайда болды.

Бір қызығы, Ньютон кедергі мәселесімен айналысқан және ол жарық ең кішкентай бөлшектерден (корпускулалардан) тұрады деген пікірде болғандықтан, жұқа пластиналардың бояуын түсіндіру үшін бұл бөлшектерге жеңіл және ауыр шағылыстың таңқаларлық «шабуылдарын» жатқызуға тура келді.

Бірақ Юнг кедергі негізінде бұл құбылысты оңай түсіндірді, тіпті жарықтың толқын ұзындығын алғаш рет өлшеді және өте жақсы дәлдікпен. Интерференциялық суреттің ерекше түрі түзу және шағылысқан толқындар қосылған кезде пайда болады [1].

Бұл жағдайда тұрақты толқындар пайда болады.

Қарапайым жағдайда жазық қабырғадан жазық толқын шағылысқан кезде сурет пайда болады деген.




1-сурет. Жарық интерференциясын бақылау

Толқындардың тағы бір **механикалық кедергісі**. Жалпы, ортаның әр нүктесінде екі толқыннан туындаған тербелістер қосылады. Алынған кез-келген орта бөлшегінің ығысуы-бұл бір толқын екіншісінде болмаған кезде таралған кезде пайда болатын ығысулардың алгебралық қосындысы.

Кез келген толқындық қозғалысқа тән құбылыс интерференция және дифракция. Қосу толқындар. Көбінесе ортада бір уақытта бірнеше түрлі толқындар таралады. Бұл жағдайда не болады? Әр толқын екіншісінен өтіп, басқа толқын болмағандай әрекет етеді. Егер екі толқын бір жерде жоталарымен кездессе, онда бұл жерде толқын күшейеді.

Егер бір толқынның жотасы екінші толқынды шұңқырмен түйісетін болса, онда беті бұзылмайды.



2-сурет. Интерференция және дифракцияны бақылау

Интерференция-уақыт өте келе орта бөлшектерінің пайда болатын тербелістерінің амплитудасының тұрақты таралуы пайда болатын толқындардың кеңістіктегі қосылуы. Бір уақытта біз екі дөңгелек толқындарды көреміз. Кез-келген нүктесінде екі толқыннан туындаған тербелістер қосылады. Тербелістердің амплитудасы әр түрлі болады, өйткені толқындар әртүрлі жолдармен өтеді. Бірақ егер көздер арасындағы қашықтық жолдардан аз болса, онда амплитудаларды бірдей деп санауға болады. Қосу нәтижесі фазалық айырмашылыққа байланысты. Егер қозғалыс айырмашылығы толқын ұзындығына тең болса, онда екінші толқын бір кезеңге кешіктіріледі, яғни бұл жағдайда жоталар сәйкес келеді.

Жарықтық толқындық қасиетін сипаттайтын құбылыстардың ішіндегі ең бір әсерлі де қызықтысы дифракция мен интерференция көріністерін бақылау. Бірақ та бұл құбылыстарды сабақ барысында тәжірбиелік жолмен көрсетуге арналған құрылғылар мектептің физика кабинетінде табыла бермейді.

Сондай-ақ осы аттас тақырыптарға арналған зертханалық жұмыстар мектептің физика бағдарламасында болғандықтан оқушыларға көрсету керек.


Осы қиыншылықтан шығуға мүмкіндік беретін және де аталған құбылыстарды бағдарламаға сай оқып үйренуге бағыттайтын бірнеше тәжірбиелік тәсілдерді тоқталайық.

Қарастырып отырған тәсілдерді орындату үшін қажетті құралдар мен материалдар табу немесе қолдан жасау онша қиындық туғызбайды.

1. Демонстрациялық жұмыс: саңылау арқылы алмас жүздері арасындағы дифракцияны бақылау [2].

Ортасынан қақ бөлінген кәдімгі алмасты жүздерін қатарластыра қойып кәдімгі шыны бетіне 3-суреттегідей орналастырып бекіту керек. Сонда алмасты шыныға техникалық вазелин немесе қою маймен жабыстыруға болады. Енді, алмас жүздері арасындағы АВ саңылауды реттеу арқылы жарық көзіне қарай отырып дифракциялық кескінді бақылаймыз.


Жасалған тәжірибеде құрылғы арқылы әрбір оқушы жұмысты жеке дара орындау мүмкіндігі бар. Жұмыс барысында мынадай қосымша тапсырмалар орындатуға болады спектр енінің саңылау еніне қандай тәуелділігі бар? Саңылау өлшемі қандай болғанда дифракциялық кескін қандай болады? Тағы сол сияқты сұрақтар туғызуға болады.



3-сурет. Саңылау арқылы алмас жүздері арасындағы дифракцияны бақылау

2. Демонстрациялық жұмыс: әйнек пластиналардың көмегімен кедергі суретін бақылау.



Біз екі әйнек пластинаны аламыз, бұған дейін оларды мұқият сүртеміз, содан кейін мықтап қысамыз. Пластиналарда көретін кедергі суретін салу керек. 4-суретке сәйкес көрсетілген әйнектің сығылу дәрежесінен өзгеруін көру үшін қысқыш құрылғыны алып, бұрандаларды пайдаланып пластиналарды қысу керек. Нәтижесінде кедергі көрінісі өзгереді.



4-сурет. Әйнек пластиналардың көмегімен кедергі суретін бақылау

3. Демонстрациялық жұмыс: интерференция бақылау жұқа пленка арқылы.


Тәжірибені 5-суретте көрсетілген байқау үшін сабынды су мен сым жақтауын алыңыз, содан кейін жұқа пленка қалай пайда болатынын көріңіз. Егер рамка сабынды суға батырылса, онда көтерілгеннен кейін пайда болған сабын пленкасы көрінеді. Осы пленка артындағы шағылысқан жарықта сіз кедергі жолақтарын көре аласыз.



5-сурет. Интерференция бақылау жұқа пленка арқылы.

4. Демонстрациялық жұмыс: Дифракцияны бақылау капрон жолағы арқылы.

4×6 см өлшемі шамасындағы капрон жолағын екі шыны арасына 6-суреттегідей орналастыру керек. Екі шыныны бір-бірімен ПВА желіммен немесе жабысқақ ұстатқыш пен бекітуге болады. Дифракциялық спектрдің түрлерін, капрон жолағын белгілі бір сағатта созу арқылы өзгеріп отыруға болады. Ал, физикалық практикум сабақтарында оқушыларға капрон «торының» тұрақты дифракциялық спектрі ретінде тапсырма беруге болады.



6-сурет. Дифракцияны бақылау капрон жолағы арқылы

5. Тығыз мөлдір матаның бір бөлігіндегі жарықтың дифракциясы (капрон).



7-сурет. Жанып тұрған шамның жіптерін нейлон матасы арқылы бақылау

6. Демонстрациялық жұмыс: таспасын алыңыз және оны көзден қысқа қашықтықта орналастырып, таспаны жарқын жарық көзіне қараңыз. Біз дифракцияны және интерференцияны байқаймыз. Дифракция спектрінің сызықтарынан тұратын түрлі-түсті жолақтар мен жарқын крестті көреміз 8-суретке сәйкес.



8-сурет. Дифракциялық және интерференцияны бақылау

7. Демонстрациялық жұмыс: штангенциркуль немесе микрометр саңылаулары арқылы дифракцияны бақылау.

Кәдімгі штангенциркульдің қозғалмалы белгі арасындағы саңылауды кішірейте отырып жарық көзіне қарау керек, сонда саңылаудың белгілі бір аралығындағы дифракциялық спектр көріне бастайды. Сол сияқты 9-суретте көрсетілген микрометрдің саңылауы арқылы да осындай дифракциялық кескіндерді бақылауға болады.

Еңбек сабақтарында пайдаланатын миллиметрлік бөліктері бар металл сызғышар арқылы дифракциялық кескіндер алынады. Сызғыш бөліктеріне жарық сәулелер көлбеу түрде түсуі керек. Миллиметрлік сызықтар шағылтқыш дифракциялық тор көздерін аламыз.



9-суре. Штангенциркуль немесе микрометр саңылаулары арқылы дифракцияны бақылау

8. Демонстрациялық жұмыс: жұқа қабықшада интерференцияны бақылау.

Интерференция тақырыбына байланысты жаппай зертханалық жұмыста құбылысты зерделеудің бір жолы ол сұйық бетіндегі түрлі қабықшаларды пайдалану. Солардың бірі кезкелген дүкендерде сатылатын тырнаққа жағылатын косметикалық лак. Ыдысқа құйылған суға лактың бірнеше тамшысын тамызамыз. Су бетінде белгілі бір қалыңдықта жайылған лак жасалған сақина арқылы сүзіп алу керек. Енді қара айна үстіне қойылған осы қабықшаға шағылған жарықарқылы қарайтын болсақ, интерференция жолақтарын байқауға болады. Түсу бұрышының өзгеруіне қарайтүсті жолақтардың көрінісі құлпырып көрінеді.

9. Демонстрациялық жұмыс: Кәдімгі шыныда интерференцияны бақылау

Егер тазалап сүртілген кәдімгі шынының бетіне бармағымыздың ізін түсіріп (сол бармақты майлау керек) сол арқылы Күн сәулесіне немесе шам жарығына қарасақ, онда жарық толқындарының интерференциясын бақылауға болады.

Қорытындылай келе, жарық толқындарының дифракция (және кедергі) теориясы кез-келген физикалық сипаттағы толқындарға қолданылады.

Жарықтың толқындық табиғаты интерференция құбылысы арқылы түсіндіріледі.

Пайдаланылған әдібиеттер тізімі:

1. Дуаметұлы Б. Жалпы физика курсының негіздері. – А.: Мектеп, 2012.
2. Көшеров Ә. Дифракция мен интерференцияны бақылау жолдары//Математика және физика журналы.-2003.-№5. –Б. 29-30

ЖАЛПЫ АФФИНДІК ЖӘНЕ КООРДИНАТАЛАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН АФФИНДІК ТҮРЛЕНДІРУЛЕР

Узакова Боранкуль Зиядиновна

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В этой статье рассматриваются аффинные преобразования, выраженные в целом аффинными и координатами.

Ключевые слова: общее аффинное преобразование, координаты, плоскость, перспективно-аффинное преобразование, уравнения, изображение точки

Annotation: This article discusses affine transformations expressed in general by affine and coordinates.

Keywords: general affine transformation, coordinates, plane, perspective-affine transformation, equations, point image

№1-есеп. Жалпы аффиндік түрлендіру үш пар сәйкес нүктелер: A және A' , B және B' , C және C' арқылы берілген. M нүктесінің бейнесі M' нүктесін салайық.

Шешуі: Аффиндік түрлендірудің коллинеарлық және үш нүктенің жай қатынасын өзгертпейтіндігі белгілі. Оның осы қасиеттерін пайдаланып, M' нүктесін төмендегідей жолмен салуға болады.

AM және BC түзулері D нүктесінде қиылыссын (1-суретте көрсетілгендей). $B'C'$ түзуіндегі D нүктесінің бейнесі D' нүктесін $(B'C'D') = (BCD)$ қатынасын пайдаланып саламыз. Одан соң $A'D'$ түзуінен $(A'D'M') = (ADM)$ болатындай M' нүктесін табамыз.

$(AM) \parallel (BC)$ ал $(BM) \nparallel (BC)$ болуы мүмкін. D' нүктесі BM және AC түзулерінің қиылысу нүктесі, ал D_1' нүктесі $A'C'$ түзуіндегі $(A'C'D') = (ACD)$ болатындай нүкте болсын. Онда $B'D_1'$ түзуінде жататын $(B'D_1'M_1') = (BD_1M_1)$ болатындай M_1' нүктесі ізделген нүкте болады.

Егер $(AM) \parallel (BC)$ ал $(BM) \parallel (AC)$ (1 (б) – сурет бойынша) болса, онда $(CM) \nparallel (AB)$ болады (өйткені (CM) мен (AB) параллелограммның диагональдары).

Бұл жағдайда CM және AB түзулерінің қиылысу нүктесі D_2 нүктесін тауып, одан соң

A' және B' нүктелерін (AD_2B) қатынасын пайдаланып D_2' нүктесін саламыз. Ең соңында C' және D_2' нүктелерін және (CD_2M) жай қатынасын пайдаланып M' нүктесін саламыз [1].


№2-есеп. Бір түзудің бойында жатпайтын үш екі еселі нүктесі бар жазықтықтағы аффиндік түрлендіру теңбе-тең түрлендіру болатынын дәлелдеміз.

Шешуі: Аффиндік түрлендірудің бір түзудің бойында жатпайтын үш екі еселі нүктелері $x = x'$, $y = y'$, $z = z'$ болсын. (xyz) жазықтығынан кез келген M нүктесін аламыз. Онда XM түзуі бір XM' түзуіне ал $D = (XM) \cap (YZ)$ нүктесі бір D' нүктесіне сәйкестеніп (YZD) және (YZD') жай қатынастары тең болады. Сондықтан D нүктесі D' нүктесімен беттеседі. Онда XD және XD' түзулеріде беттеседі. Оған қоса (XDM) және (XDM') жай қатынастары тең болғандықтан M нүктесі M' нүктесімен беттеседі.

Егер $(XM) \parallel (YZ)$ болса, онда дәлелдеуді YM және XZ немесе ZM және XY түзулерін пайдаланып дәлелдейміз. Сонымен егер аффиндік түрлендірудің бір түзудің бойында жатпайтын үш екі еселі нүктелері болса, онда бұл түрлендірулер кезінде барлық нүктелер екі еселі нүктелер болады, яғни аффиндік түрлендіру теңбе-тең түрлендіру болады.

№3-есеп. Жалпы аффиндік түрлендіру ABC үшбұрышы және бейнесі $A'B'C'$ үшбұрыштары арқылы берілген. Бұл түрлендіруді перспективті-аффиндік түрлендірудің композициясын арқылы өрнектейміз.

Шешуі: Π_1 перспективті-аффиндік түрлендіруді S_1 осі және A оның бейнесі A' нүктелері арқылы анықталық. Π_1 түрлендіруі кезінде ABC үшбұрышы $A'B'C'$ үшбұрышына түрленсін (2-суретте көрсетілгендей), мұндағы B_1 нүктесі B' пен C_1 нүктесі C' нүктесімен беттеспейтін нүктелер.



Сурет 1. Аффиндік түрлендіру бойынша берілген үш пар сәйкес нүктелер

Π_2 перспективті-аффиндік түрлендірудің A' нүктесі екі еселі нүкте болатындай етіп, таңдап аламыз. Ол үшін Π_2 түрлендірудің S_2 осін A' нүктесінен өтетіндей, ал B' пен C' нүктелері S_2 де жатпайтындай. B_1 нүктесінің бейнесі B' болатындай етіп жүргіземіз.

Π_2 түрлендіруінде $A'B_1C_1$ үшбұрышы $A'B'C_2$ үшбұрышына түрленсін делік. Егер C_2 нүктесі C' нүктесімен беттесбесе, онда A' және B' нүктелері екі еселі нүкте болатындай. Яғни $A'B'$ түзуін S_3 осі ретінде қабылдап C' нүктесі C_2 нүктесінің бейнесі болатындай Π_3 перспективті-аффиндік түрлендіруін аламыз. Π_3 түрлендіруі $A'B'C_2$ үшбұрышын $A'B'C'$ үшбұрышын түрлендіреді.

Сонымен $\Pi_1(\triangle ABC) = \triangle A'B_1C_1$,
 $\Pi_2(\triangle A'B_1C_1) = \triangle A'B'C_2$, $\Pi_3(\triangle A'B'C_2) = \triangle A'B'C'$ яғни
 $\Pi_3 \cdot \Pi_2 \cdot \Pi_1(\triangle ABC) = \triangle A'B'C'$ болатындай үш перспективті-аффиндік түрлендірулер таңдап алдық.

Π_1, Π_2, Π_3 перспективті-аффиндік түрлендірудің композициясы $\Pi_3 \cdot \Pi_2 \cdot \Pi_1$ берілген аффиндік түрлендіруді анықтайды [2].

№4-есеп. Жазықтықтағы аффиндік түрлендірулер төмендегі формулалар арқылы берілген:

$$\begin{cases} x' = -x - y + 2 \\ y' = 2x + y - 2 \end{cases} \quad (1)$$


- а) $A(1,0)$ нүктесінің бейнесі A' нүктесінің координаталарын;
- б) $B'(-1,2)$ нүктесінің түп нұсқасы B нүктесінің координаталарын;
- в) берілген түрлендіруге кері түрлендірудің формулаларын;
- г) $2x - y + 3 = 0$ түзуі бейнелейтін түзудің теңдеуін табалық.

Шешуі: а) $A(x, y)$ нүктесі $A'(x', y')$ нүктесінің түп нұсқасы болғандықтан және $x=1, y=0$ мәндері берілгендіктен, сол мәндерді (1) формулаларға қойсақ: $x'=1, y'=0$ (бұл жағдайда $x'=x, y'=y$ теңдігі орындалғандықтан, A нүктесі берілген аффиндік түрлендірудің екі еселі нүктесі болады).

б) Берілген (1) формулаға $B'(-1,2)$ нүктесінің координаталарын ($x'=-1, y'=2$) қойсақ, онда $\begin{cases} -x - y + 2 = -1 \\ 2x + y - 2 = 2 \end{cases}$ теңдеулер жүйесін аламыз.

Бұл теңдеулер жүйесін шешу арқылы B нүктесінің координаталарын $x=1, y=2$ табамыз.

в) (1) формулалар нүктенің координаталарын сол нүктенің түп нұсқасының координаталары арқылы өрнектеген (1) теңдеулер жүйесін x және y бойынша шешсек, онда



Сурет 2. Перспективті-аффиндік түрлендірудің композициясы

$$\begin{cases} x = x' + y' \\ y = -2x' - y' + 2 \end{cases} \quad (2)$$

Теңдеулер жүйесін аламыз. Бұл түрлендіру $M'(x', y')$ нүктесін $M(x, y)$ нүктесіне түрлендіреді, яғни x оу координаталар жүйесінде (x, y) нүктесінің түп нұсқасы (x', y') болады, ал $M(x, y)$ нүктесі $M'(x', y')$ нүктесінің бейнесі болады.

Сондықтан (2) формулалар x – ті x' – қа, y – ті y' – қа түрлендіреді. Сонымен, (1) түрлендіруге кері түрлендірудің аналитикалық формулалары (2) түрде болады.

г) Берілген түзудің теңдеуіндегі x пен y – тің орнына (2) формулаларды x' пен y' арқылы өрнектелген мәндерін қоямыз, сонда $4x' + 3y' + 1 = 0$ теңдеуін аламыз. Бұл теңдеу $M(x, y)$ нүктесімен оның бейнесі $M'(x', y')$ нүктесінің координаталарының арасындағы байланысты анықтайды, яғни берілген түзудің бейнесінің теңдеуі болады.

Соңғы теңдеуді штрихсыз жазамыз (өйткені барлық координатлар x оу жүйесінде берілген) сонда есептің жауабы $4x + 3y + 1 = 0$ болады.

№5-есеп. Жазықтықтағы аффиндік түрлендіру $A(1,2)$, $B(0,3)$, $C(1,0)$ және $A'(2,3)$, $B'(0,5)$, $C'(2,-1)$ нүктелері арқылы берілген. Осы аффиндік түрлендірудің аналитикалық формулаларын табалық.

Шешуі: Жалпы аффиндік түрлендірудің
$$\begin{cases} x' = a_1x + b_1y + C_1 \\ y' = a_2x + b_2y + C_2 \end{cases}$$

формулаларына A нүктесінің координаталары $x=1$, $y=2$ және A' нүктесінің координаталары $x'=2$, $y'=3$ мәндерін қойсақ, төмендегі теңдеулер шығады:

$$\begin{cases} 2 = a_1 \cdot 1 + b_1 \cdot 2 + C_1, \\ 3 = a_2 \cdot 1 + b_2 \cdot 2 + C_2, \end{cases}$$

осы сияқты, B және B' нүктелерінің, одан соң C және C' нүктелерінің координаталарын жалпы формулаларға қойсақ, тағы төрт теңдеу аламыз.

$$0 = a_1 \cdot 0 + b_1 \cdot 3 + C_1,$$

$$2 = a_1 \cdot 1 + b_1 \cdot 0 + C_1,$$

$$5 = a_2 \cdot 0 + b_2 \cdot 3 + C_2,$$

$$-1 = a_2 \cdot 1 + b_2 \cdot 0 + C_2.$$

Сонымен, $a_1, b_1, C_1, a_2, b_2, C_2$ алты белгісіз коэффициенттерді табуға болатын алты теңдеу жүйесін алдық:

$$\begin{cases} a_1 + 2b_1 + C_1 = 2, \\ a_2 + 2b_2 + C_2 = 3, \\ 3b_1 + C_1 = 0, \\ 3b_2 + C_2 = 5, \\ a_1 + C_1 = 2, \\ a_2 + C_2 = -1. \end{cases}$$

Бұл жүйені шешу арқылы: $a_1 = 2$, $a_2 = 0$, $b_1 = 0$, $b_2 = 2$, $C_1 = 0$, $C_2 = -1$ мәндерін табамыз [3].

Сонымен, түрлендіру формулалары төмендегі түрде болады:

$$\begin{aligned}x' &= 2x \\ y' &= 2y - 1\end{aligned}$$

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Базылов В.Т., Дуничев К.И. Геометрия. М.: Просвещение, 2014г
2. Саранцев Г.И. Сборник задач на геометрические преобразования. Пособие для учителей. М.: Просвещение, 2012
3. Аргунов Б.И. Преобразования плоскости. М.: Просвещение, 2010

КСИОМАТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРДЫҢ ӘР ТҮРЛІ ЭКВИВАЛЕНТТІЛІГІ ЖӘНЕ САҚИНА

Узакова Боранкуль Зиядиновна

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация: В этой статье речь идет об эквивалентности различных определений аксиоматических теорий.

Ключевые слова: аксиоматика, группы, кольца, поля, эквивалент, множество, бинарные отношения, аксиомы.

Annotation: This article deals with the equivalence of different definitions of axiomatic theories.

Keywords: axiomatics, groups, rings, fields, equivalent, set, binary relations, axioms.

Алға қойған мақсатқа қолайлы болу жағдайы көзделіп аксиоматикалық теориялар әр түрлі әдебиеттерде ол теориялардың әр түрлі эквивалент анықтамалары арқылы беріліп жатады. Мысалы, группалар, сақиналар, өрістер т.с.с. жүйелердің әр түрлі анықтамаларын әдебиеттерде кездестіріңіздер. Оқушыларға түсінікті болу мақсаты көзделіп, мектеп курсына Евклид геометриясын әдетте артық аксиомалар қабылдау арқылы береді.

Бізге қажетті сандар жүйелерінің аксиоматикалық анықтамалары да әр түрлі әдебиеттерде әр түрлі форма да кездеседі. Сондықтан бұл тақырыпта бір теорияның әр түрлі эквивалент анықтамаларын ажыратуға қажетті ұғымдарды бере кетейік.

Теорияның әр түрлі аксиоматикалық анықтамаларында қабылданатын алғашқы ұғымдардың саны да, мазмұны да, аксиомалары да әр түрлі болып кездесуі мүмкін. Мысалы, теорияның бір анықтамасындағы аксиома оның екінші бір анықтамасында дәлелдеуі қажет ететін теорема теорияның екінші бір анықтамасында аксиома ретінде қабылдануы мүмкін. Осы сияқты жағдайларды теорияның алғашқы ұғымдары тұрғыда айтуға болады. Теорияның әр түрлі анықтамаларының эквиваленттілігі ұғымын жалпы жағдайда бере кетейік.

Анықтама 1. Төмендегідей төрт түрлі жиындардан:

1. Бос емес A жиынынан

2. A да анықталған операциялар жиыны Ω_F тен $\Omega_F = \{F^{n_i} \mid F^{n_i} : A^{n_i} \rightarrow A, n_i \in N \setminus \{0\}, i \in N\}$

3. A жиынының белгіленген элементтер жиыны деп аталатын ішкі жиыны Ω_0 ден $\Omega_0 = \{a_k \mid k \in K\}, \Omega_0 \subseteq A$.

4. A да берілген қатынастар жиыны Ω_p ден $\Omega_p = \{P^{m_j} \mid P^{m_j} : A^{m_j} \rightarrow \{a, ж\}, m_j \in N, j \in J\}$ тұратын $\langle A, \Omega_F, \Omega_0, \Omega_p \rangle$ объектісін алгебралық жүйе деп атайды. A жиыны осы жүйенің негізгі жиыны дейді [1].

Түсініктірек болуы үшін жоғарыдағы 1-анықтамадағы кездескен символдар туралы айта кетейік. $A^n(A^{m_j})$ - арқылы A жиынының $n_i(m_j)$ - декарттық дәрежесі белгіленіп тұр. « a » - арқылы предикаттың «ақиқат» мәні, ал «ж» арқылы «жалған» мәні белгіленген, ал I, J, K жиынының элементтері сәйкес түрде, A жиынында анықталған операциялардың, A жиынының белгіленген элементтерінің, A жиынында берілген қатынастардың индекстерін белгілеуге пайдаланылып тұр. Кей жағдайда $\Omega_F \cup \Omega_0$ жиынын біріктірілген күйі A жиынындағы операциялар жиыны ретінде қарастырады, өйткені A жиынының тұрақталынған элементін 0-аралық операция деп есептеуге болады. Бұл операцияларды A жиынындағы негізгі операциялар деп, ал Ω_p - дегі предикаттарды A жиынындағы негізгі предикаттар деп атайды.

Егер Ω_p бос жиын болса, онда $\langle A, \Omega_F, \Omega_0 \rangle$ алгебралық жүйесін әдетте алгебра деп атайды. Көбінесе $\Omega_F, \Omega_0, \Omega_p$ - шекті жиындар болып келген алгебралық жүйелер жиі қарастырылады. Мұндай жағдайда $\Omega_F, \Omega_0, \Omega_p$ жиындарының элементтерінің индекстерін белгілеуге натурал сандарды пайдалану жеткілікті.

Егер $\Omega_F = \{F_1^{n_1}, F_2^{n_2}, \dots, F_s^{n_s}\}$, $\Omega_0 = \{a_1, a_2, \dots, a_k\}$, $\Omega_p = \{P_1^{m_1}, P_2^{m_2}, \dots, P_t^{m_t}\}$ болса, онда $\langle A, \Omega_F, \Omega_0, \Omega_p \rangle$ жүйесін $\langle n_1, n_2, \dots, n_s, a_1, a_2, \dots, a_k, m_1, m_2, \dots, m_t \rangle$ шекті типті (сигнатуралы) алгебралық жүйе деп атайды. Тақырыптың басында аталған алгебралық жүйелердің барлығы да шекті типті алгебралық жүйелер болып табылады. Кейде шексіз типті (сигнатуралы) алгебралық жүйелерде қарастырылады.

Анықтама 2. Егер теорияның әр түрлі аксиоматикалық анықтамалары мынадай шарттарды қанағаттандырса:

1. Теорияның бір аксиоматикалық анықтамасындағы кез-келген негізгі ұғымды екінші аксиоматикалық анықтамадағы негізгі ұғымдар арқылы анықтау мүмкін болса және керісінше;

2. Теорияның бір аксиоматикалық анықтамасындағы кез-келген аксиоманы екінші аксиоматикалық анықтамасындағы аксиомалар арқылы дәлелдеу мүмкін болса және керісінше.

Онда мұндай аксиоматикалық анықтамалар бір теорияның эквивалент анықтамалары деп аталады.

Математикадағы жиі кездесетін және жиі қолданылатын аксиоматикалық теорияның бірі группалар теориясы болып табылады. Біз бұл тақырыпта группалар теориясының әр түрлі эквивалент аксиоматикалық анықтамаларын келтіру арқылы түсіндіре кетейік.

Анықтама 3. Егер G жиынында анықталған $\langle \cdot \rangle$ («көбейту») бинарлық операциясы мына төмендегі шарттарды (аксиомаларды) қанағаттандырса:

$\Gamma 1^0$. $\forall a, b, c \in G (a \cdot (b \cdot c) = (a \cdot b) \cdot c)$ яғни $\langle \cdot \rangle$ («көбейту») операциясының ассоциативтік қасиеті бар болса;

$\Gamma 2^0$. $\forall a, b, c \in G \exists! x, y \in G (b \cdot x = a \wedge y \cdot b = a)$ яғни («көбейту») операциясына кері операция бөлу орындалса, онда $\langle 2 \rangle$ типті $\langle G, \cdot \rangle$ алгебрасын группа деп атайды [2].

Анықтама 4. Егер G жиынында анықталған $\langle \cdot \rangle$ («көбейту») бинарлық операциясы, «-1» унарлық операциясы, G – нің тұрақталынған e элементі мына төмендегі шарттарды (аксиомаларды) қанағаттандырса:

$\Gamma 1^0$. $\forall a, b, c \in G (a \cdot (b \cdot c) = (a \cdot b) \cdot c)$

$\Gamma 2^0$. $\forall a, b, c \in G (a \cdot e = a)$

$\Gamma 3^0$. $\forall a, b, c \in G (a \cdot a^{-1} = e)$, онда $\langle 2, 1, 0 \rangle$ типті $\langle G, \cdot, ^{-1}, e \rangle$ алгебрасын группа деп атайды.

Анықтама 5. Егер G жиынында анықталған $\langle \cdot \rangle$ («көбейту») бинарлық операциясы, G – нің тұрақталынған e элементі мына төмендегі шарттарды (аксиомаларды) қанағаттандырса:

$\Gamma 1^0$. $\forall a, b, c \in G (a \cdot (b \cdot c) = (a \cdot b) \cdot c)$

$\Gamma 2^0$. $\forall a, b, c \in G (a \cdot e = a)$

$\Gamma 3^0$. $\forall a \in G \exists a^{-1} \in G (a \cdot a^{-1} = e)$, онда $\langle 2, 0 \rangle$ типті $\langle G, \cdot, e \rangle$ алгебрасын группа деп атайды.

Шын мәнінде группаның әр түрлі анықтамаларының тізімін әрі қарай соза беруге болады. Бірақ біз осы келтірілген анықтамалармен шектеле тұрайық. Біз енді реттелген жиындар теориясының екі түрлі анықтамасын келтіре кетейік.

Анықтама 6. Егер A жиынындағы анықталған $\langle \leq \rangle$ бинарлық қатынасы мына төмендегі шарттарды (аксиомаларды) қанағаттандырса:

A1. $(\leq)$ – қатынасының рефлексивтік қасиеті бар болса, яғни $\forall a \in G (a \leq a)$.

A2. $(\leq)$ – қатынасының антисимметриялық қасиеті бар болса, яғни $\forall a, b \in G (a \leq b \wedge b \leq a \rightarrow a = b)$.

A3. $(\leq)$ – қатынасының транзитивтік қасиеті бар болса, яғни $\forall a, b, c \in G (a \leq b \wedge b \leq c \rightarrow a \leq c)$ онда $\langle 2 \rangle$ типті $\langle A, \leq \rangle$ алгебралық жүйесін реттелген жиын деп атайды.

Ал A1, A2, A3 шарттарын қанағаттандыратын $\langle \leq \rangle$ бинарлық қатынасының өзін A жиынындағы қатаң емес рет қатынасы деп атайды. A жиынындағы қатаң емес рет қатынасы әдеттегі сандар жиынындағы $\langle \leq \rangle$ (кіші немесе тең) бинарлық қатынасының жалпыламасы екендігін байқау оңай.

Сондықтан, егер $a, b \in A$ үшін $a \leq b$ болса, онда оны әдеттегідей « a, b ден кіші немесе тең» оқуға келісеміз.

Анықтама 7. Егер A жиынындағы анықталған $(\prec)$ бинарлық қатынасы мына төмендегі шарттарды қанағаттандырса:

A1. $(\prec)$ – қатынасының антирефлексивтік қасиеті бар болса, яғни $\forall a \in G(a \prec a)$.

A2. $(\prec)$ – қатынасының транзитивтік қасиеті бар болса, яғни $\forall a, b, c \in G(a \prec b \wedge b \prec c \rightarrow a \prec c)$ онда $\langle 2 \rangle$ типті $\langle A, \prec \rangle$ алгебралық жүйесін реттелген жиын деп атайды.

Ал A1, A2 шарттарын қанағаттандыратын $\langle \prec \rangle$ бинарлық қатынасының өзін A жиынындағы қатаң рет қатынасы деп атайды. Егер $a, b \in A$ үшін $a \prec b$ болса, онда оны әдеттегідей « a, b ден кіші» деп оқуға келісеміз.

Жаттығулар:

№1. Жоғарыда келтірілген группалар теориясының анықтамаларының кез келген екеуінің эквивалент анықтамалар екендігін дәлелдеңіздер.

№2. Группалар теориясының басқа қандай анықтамаларын білесіздер. Ол анықтаманың жоғарыда келтірілген анықтамаларға эквивалент анықтама екендігін дәлелдеңіздер.

№3. Реттелген жиындар теориясының 6 және 7 анықтамаларының эквивалент анықтамалар екендігін дәлелдеңіздер.

№4. 6-7 анықтамаларына сәйкес сызықтық реттелген жиынның анықтамаларын беріңіздер және ол анықтамалардың эквиваленттілігін дәлелдеңіздер.

№5. (a) $Z[i]$, (б) $Z[i\sqrt{3}]$ жиындарының комплекс сандар сақинасының ішкі сақинасы болатынын дәлелдеу керек.

Шешуі. $K = \langle K, +, -, \cdot, 1 \rangle$ алгебрасы сақина болуы үшін:

1) $K = \langle K, +, -, \cdot, 1 \rangle$ алгебрасы абельдік группа;

2) $\langle K, \cdot, 1 \rangle$ алгебрасы моноид және

3) $\forall a, b, c \in K : a(b + c) = ab + ac, (b + c)a = ba + ca$ шарттары орындалуы тиіс.

Бұл анықтама бірі (1_k) бар сақинаны көрсетеді. Ал жалпы алғанда 2-ші шартты былай « $K = \langle K, \cdot \rangle$ алгебрасы жарты группа болады» деп те алады. Егер көбейту операциясы коммутативті болса, сақинаны да коммутативті деп атайды [23].

Ал K – ның ішкі жиыны сақина болу үшін, яғни группа K сақинасының ішкі сақинасы болу үшін оның K – дағы операцияның қасиеттері оның ішкі жиынында да орындалады. Сондықтан сақина аксиомаларының орындалуын тексеру міндетті емес.

а) $Z[i] = \{a + bi \mid a, b \in Z\}$; мұндағы Z – бүтін сандар жиыны. $i^2 = -1$.
 $\forall a, b, c, d \in Z : (a + bi) + (c + di) = (a + c) + (b + d)i \in Z[i], \quad -(a + bi) = (-a) + (-b)i \in Z[i],$
 $(a + bi) \cdot (c + di) = (ac - bd) + (ad + bc)i \in Z[i]$. Бұдан $Z[i]$ жиыны $+, -,$ операцияларына байланысты тұйық болғанын көреміз.

Ендеше $Z[i]$ жиыны сақина болады, ол комплекс сандар сақинасының ішкі сақинасы болады. $Z[i] \subset C$. $Z[i]$ сақинасын Гаусстың бүтін сандар сақинасы деп атайды (C -комплекс сандар сақинасы). Бұл сақина да бірі (1_k) бар сақина болады, себебі $1=1+0 \cdot i$, яғни $1_k = 1 \in Z[i]$, мұндағы $K = Z[i]$.

$$б) Z[i\sqrt{3}] = \{a + bi\sqrt{3} \mid a, b \in Z\}$$

Сақинаның негізгі операцияларына байланысты $Z[i\sqrt{3}]$ жиынының тұйық болатынын тексерміз:

$$\forall a, b, c, d \in Z : (a + bi\sqrt{3}) + (c + di\sqrt{3}) = (a + c) + (b + d)i\sqrt{3} \in Z[i\sqrt{3}]$$

$$-(a + bi\sqrt{3}) = (-a) + (-b)i\sqrt{3} \in Z[i\sqrt{3}]$$


$$(a + bi\sqrt{3}) \cdot (c + di\sqrt{3}) = (ac - 3bd) + (ad + bc)i\sqrt{3} \in Z[i\sqrt{3}], 1 = 1 + 0 \cdot i\sqrt{3} \in Z[i\sqrt{3}]$$

№6. а) Z сақинасының идеалдары болатын $2Z, 4Z, 5Z, 6Z, 8Z, 15Z, 20Z$ жиындарының арасындағы қамту (« $\subset$ ») қатынасы бойынша байланыстарын көрсету керек және қатынастың графын құру керек.

Шешуі. Сақина идеалы деп алу амалына байланысты тұйық (сондықтан қсуға байланысты да тұйық), және сақинаның кез келген элементіне көбейтуге байланысты тұйық болатын сақина ішкі жиынын айтатын. Егер сақина элементіне оң жақ және сол жақ идеалдары ұғымдары анықталатын. Ал сақинаның бір элементі бойынша жасалған (бір элементтің еселіктерінен тұратын) идеалды басидеал деп атайды. Егер бас идеал сақинаның a элементі бойынша жасалса, оны (a) таңбасымен белгілейді.

Z бүтін сандар сақинасының кез келген идеалы бас идеал болатыны белгілі. Жоғарыда берілген идеалдарды былай: $(2), (4), (5), (6), (8), (15), (20)$ жазуға да болады және коммутативті сақинада бөлінгіштік туралы мынадай теорема бар: $(a) \subset (b)$ қатынасы орындалу үшін $b \mid a$ қатынасының орындалуы қажетті және жеткілікті болады. Осы теоремаға сүйеніп, есептің жауабын жазамыз: $2 \mid 4, 2 \mid 6, 2 \mid 8, 2 \mid 20$, сондықтан $(4) \subset (2), (6) \subset (2), (8) \subset (2), (20) \subset (2)$ қатынастары орындалады [3].

Сол сияқты мына $4 \mid 8, 4 \mid 20, 5 \mid 15, 5 \mid 20$, қатынастардан сәйкес төмендегі қатынастар (1-суретте көрсетілгендей) шығады:



1-сурет. Берілген қатынастардың графы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрымбетов Ә.Ү. Алгебра сандар теориясы мен есептер жинағы. Оқулық. Алматы, 2014
2. Нечаев В.И. Числовые системы. Пособие для студентов. Алматы, 2011
3. Столл Р.С. Аксиоматические теории. М.: Наука, 2010

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН- АҒАРТУШЫ, ЭТНОГРАФ

Хамитова Қ. К. Арыстанова С.А.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Аннотация В статье рассматривается значение исследовательских очерков и этнографических работ по казахской этнографии педагога, этнографа Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: Этнограф, просветитель, очерк, патриарх.

Annotation The article discusses the importance of research essays and ethnographic works on Kazakh ethnography of the teacher, ethnographer Ibrai Altynsarin

Key words: Ethnographer, educator, feature article, patriarch.

Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген дана сөз бар. Тарихта аты мен хаты өлмей келе жатқандардың бірі, ХХІ ғ. ағартушы, этнограф-Ыбырай Алтынсарин. Ұлы ағартушыға ұстаздық - ағартушылық қызметке қоса басқа да жұмыстарды атқару жүктеледі. Орынбор генерал-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья (1868-1879) қызметін, торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі (1876-1879) қызметін атқарады.

Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. Әсіресе, елдің көшпелі салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа білім беру тәсілін ұсыныс етеді.

Нәтижесінде, 1888 жылы 10-сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдік мектебі ашылады, Ыбырай мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қол өнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп интернат аштыруының мән маңызы зор болады. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерінде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. [1]

Ыбырай атамыз, ағарту ісімен бірге сол уақыттағы қоғамдық саяси өмірге сергек араласып, ғылым білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты еңбектер жазады. Ыбырай шығармаларын оқыту-оқушыларға жақсылық, әділдік, азаматтық, сезім, ар-ұят, қамқорлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілікті қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Отан от басынан басталады, ата - ана мен баланың арасындағы өзара сыйластық, ыстық ықылас «Балқожаның оқудағы баласына жазған хаты» және «Ананың сүюі» өлеңдерінде ананың баласына деген шексіз сүю, патриоттық сезімге тәрбиелейді және бала тәрбиесіндегі ата - ананың рөлін де естен шығармайды. Ыбырай әңгімелері өсіп келе жатқан жастарды еңбек қор болуға, талапты, жігерлі, маңдай термен тапқан нанның дәмі тәтті екендігін үйретеді. «Атымтай Жомарт»

әңгімесінде халық арасындағы Атымтай Жомарт еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ ол ылғи еңбектеніп, жұмыс істейді. Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан тауып жесем, сол нәр болып бойыма тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше-дейді. «Әке мен бала» әңгімесінде еңбекке жастарды тәрбиелеу мәселесін ерекше атап көрсетеді. Ыбырай Алтынсариннің бұдан басқа да шығармалары кейінгі жастарға үлгі.

Туған елін жанындай жақсы көріп, оған қызмет етуді өмірінің ең қасиетті парызы санаған Ыбырай атамyz халқының сөз өнерін, ауыз әдебиетін таза бағалап, оны халық өмірінің шежіресі ретінде де өзгеше құрметтеп, одан халық өмірінің ақиқатын іздеп, тарих тереңінен өзімен бірге келе жатқан мұңы мен зарын, алдағы күндерге деген арман тілектерін көруге тырысады. Ағартушының асыл мұраты халық өмірі мен тілегін жеткілікті түсініп, қазақ фольклорын, этнографиясын жинау, зерттеу, жариялау саласындағы еңбектері сол өмірлік ізденісінің жарқын куәсі іспетті. [2]

Халықтың салт-дәстүрін насихаттауда Ыбырай Алтынсариннің алатын орны ерекше. Алғаш рет халықтың салт-дәстүрлерін өзінің шығармашылығына енгізу арқылы балаларды еңбекке, имандылыққа тәрбиелеумен қатар, атадан балаға жалғасып келе жатқан халық салт-дәстүрге аса мән берді.

Ыбырайдың қазақ этнографиясы жөніндегі зерттеу очерктері 1862 жылғы хатында халықтың әдет-ғұрпын зерттеп жүрмін деуі тегін емес еді. Осы ізденістердің нәтижесінде екі еңбек жазады. Олар: «Орынбор ведомствасы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі». [3]

Ы.Алтынсарин қыз ұзату, құдалық төңірегінде 1870 жылы этнографиялық очеркінде жазады. Адам өміріндегі ең бір қызық та қуаныш ұмтылыс белең-оның үйленіп жеке отау тігуі. Ұрпақтарының үлгілі отбасын құруы, сол жастардың ата-аналары мен ауыл адамдарының тілегі ғана емес, қоғамдық қажеттілік екенін көрсетеді. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақ жұртында отау тігудің бірден бір жолы құда түсіп, қалың мал төлеп үйлену арқылы жүргізіледі. Құда түсіп, қалың мал төлеу ұғымының мағынасы кең. Бұл жерде атастыру, қыз айттыру, көріп яғни жар тандап алу деген дәстүрлері бар.

Сұлулыққа жаны құмар халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі қандай болу керектігі жөніндегі дәстүрлі талғамы мен өлшемін қалыптастырған.

«Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу, ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлерінің очеркі» атты еңбектерін жазған. Онда қазақтың құда түсу, жеті атаға дейін қыз алыспау рәсімдерінің елді біріктірудегі прогрессивтік мәнін ашып көрсетеді. Сондай –ақ, өлген адамдарды жерлеу рәсімдеріне талдау жасап, жоқтаудың тәлімдік мәнін ашып, өлген адамның жетісін, қырқын, асын беру, бейт тұрғызу салттарын жан-жақты талдап баяндайды. [4]

Ыбырай атамyzдың этнографиялық еңбектерінің бағалылығы аталған мәселелер бойынша халықтың көне заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптарын бүге-шігесіне дейін қамтып, кейбір құбылыстардың шығу төркіні мен

